

N 1728-8657



Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казакский национальный педагогический университет имени Абая
Kazakh national pedagogical university named after Abai

Х А Б А Р Ш Ы В Е С Т Н И К B U L L E T I N

«Көркемөнерден білім беру: өнер – теориясы – әдістемесі» сериясы
Серия «Художественное образование: искусство – теория – методика»
Series of «Art education: art – theory – methods»
2 (59), 2019

Алматы

Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті

ХАБАРШЫ
«Көркемөнерден білім беру: өнер -
теориясы - әдістемесі» сериясы
№1(58), 2019

2001 ж. бастап шығады.
Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір

Бас редактор:
п.ғ.к., проф.
Т.Ж. Қожағұлов

Ғылыми редактор:
өнертану PhD докторы, қау. проф.
О.Т. Абишева

Редакция кеңес мүшелері:
Мармара Университетінің PhD докторы,
профессоры Мужде Аян (Түркия),
PhD докторы Мелем Муниввер
Зудовас (Түркия), Associate Professor
Reser Gulmes (Түркия),
п.ғ. проф. Iyu Jian Jou Hanshan (ҚХР), п.ғ.
проф. Shie Henshin (ҚХР),
PhD д., Колумбия унив-ң проф.
Rafis Abazov (АҚШ),
PhD д., Акдениз унив-ң доценті
Omer Zaimoglu (Түркия),
п.ғ.д., проф. К.Д.
Добаев (Қырғызстан), п.ғ.д., проф. О.В.
Шаляпин (Ресей),
ТХМК президенті Ахмет
Дагдуран (Түркия),
п.ғ.д., доценті Н.Б.Смирнова (Ресей),
п.ғ.к., доценті Л.Ш.Какимова
п.ғ.к., проф. қ.а. Момбек А.А.
п.ғ.к., проф. М.Ж. Тәңірберген
(Оңт. Қаз.), п.ғ.к., доктор, проф.
М.И. Джексембекова
п.ғ.к., доцент Н.А. Михайлова
п.ғ.к., проф. қ.а. А.С. Сманова,
п.ғ.к., доцент Ш.А. Акбаева,
әскер.ғ.к. В.В. Ващенко,
өнерк., проф. қ.а. М.Э. Султанова,
п.ғ.к., проф. қ.а. Ж.Н. Шайгозова
п.ғ.д., проф. Қ.З. Халықов
п.ғ.к., проф. Б.Е. Оспанов
п.ғ.д., проф. Қ.О. Жеделов

© Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті, 2019

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігінде
2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген
№10099-Ж
Басуға 20.03.2019. қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 21,5 е.б.т.
Таралымы 300 дана.
Тапсырыс 211.

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ
Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің
«Ұлағат» баспасы

МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENT

І БӨЛІМ. КӨРКЕМДІК БІЛІМ БЕРУ

РАЗДЕЛ I. ХУДОЖЕСТВЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ

- Қ.О. Жеделов, О.Т. Абишева** «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»
АЯСЫНДА КӨРКЕМСУРЕТ ФАКУЛЬТЕТІ ТҮЛЕКТЕРІНІҢ
ЖЕТИСТІКТЕРІМЕН ПАТРИОТТЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ
МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ
K.O.Zhedelov, O.T.Abisheva THE IMPORTANCE OF THE
PATRIOTIC EDUCATION AND THE ACHIEVEMENTS OF
GRADUATES OF THE ART DEPARTMENT IN THE
FRAMEWORK OF THE «MODERNIZATION OF PUBLIC
CONSCIOUSNESS».....3
- Е.Б. Қайшыбек** БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ШЫҒАРМАЛАРЫ
АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ САНА-
СЕЗІМІН ТӘРБИЕЛЕУ
E.B. Kaishybek EDUCATION OF NATIONAL
CONSCIOUSNESS OF FUTURE TEACHERS THROUGH
WORKS OF FINE ART.....12
- М.Қ. Байсеңгіров** 12 ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА
САРАЛАП ЖӘНЕ ДЕНГЕЙЛЕП ОҚЫТУДЫ ҚОЛДАНУ
АРҚЫЛЫ БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУ АМАЛДАРЫ
Baisengirov M.K. RECEPTIONS THE IMPROVEMENT OF THE
QUALITY OF KNOWLEDGE WHEN USING 12-YEARS OF
LEVEL AND SELECTIVE TRAINING IN THE TEACHING.....17
- Е.Б. Қайшыбек** КӨРКЕМ ҚАБЫЛДАУДЫ БОЛАШАҚ
ПЕДАГОГ-СУРЕТШІЛЕР КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІНІҢ НЕГІЗІ
РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ
Kaishybek E.B. THE FORMATION OF PICTORIAL
PERCEPTION FUTURE ARTISTS-TEACHERS AS A BASIS
THEIR PROFESSIONAL SKILLS.....22
- Б.Ә. Манасов** ҰЛТТЫҚ КӨРКЕМДІК МӘДЕНИЕТТІҢ
ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІГІ МЕН ТӘРБИЕЛІК МҮМКІНДІКТЕРІ
Manasov B.A. EDUCATIONAL OPPORTUNITIES AND
IDENTICAL FEATURES OF NATIONAL ARTISTS.....27
- Е.Б. Ауелбеков, М.Н. Шаханбаев, А.С. Сахова** БЕЙНЕЛЕУ
ӨНЕРІ НЕГІЗІНДЕ ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕРДІ
ҚАЛЫПТАСТЫРУ
E.B. Auelbekov, M.N. Shahanbaev, A.S. Sahova THE
FORMATION OF COGNITIVE ACTIVITY ON THE BASIS OF
FINE ART.....33
- А.Г. Ильин, К.К. Бегалинова** НАУЧНОЕ И ВНЕНАУЧНОЕ
ЗНАНИЯ: РАЗВИТИЕ ДИАЛОГА
G. Ilin, K.K. Begalinov SCIENTIFIC AND EXTERNAL
SCIENTIFIC KNOWLEDGE: DEVELOPMENT OF
DIALOGUE.....38
- Абишева О.Т., Құрманбек Ә.Е.** ЖАҢАРТЫЛҒАН
МЕКТЕПТЕГІ ТӘРБИЕЛІК ІС – ШАРАЛАРДЫҢ РӨЛІ
Abisheva O.T., Kurmanbek A.E. THE ROLE OF
EDUCATIONAL ACTIVITIES IN THE RENOVATED
SCHOOL.....45
- Р.Ж. Нарибай, А.Д. Жахангер** СТУДЕНТТЕРДІҢ
САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ – ЖАСТАР
ЖЫЛЫНДАҒЫ ИГІЛІКТІ ІСТЕРДІҢ БАСТАМАСЫ
R.Z. Naribay, A.D. Jahanger FORMATION OF HEALTHY
LIFESTYLE OF STUDENTS – THE BEGINNING OF GOOD

Казахский национальный
педагогический университет имени
Абая

ВЕСТНИК

Серия «Художественное
образование:
искусство - теория - методика»
№1(58), 2019

Выходит с 2001 года.
Периодичность – 4 номера в год

Главный редактор:
к.п.н., проф.

Т.Ж.Кожажулов

Научный редактор:
Phd.иск., ассоц. проф.

О.Т. Абишева

Редакционная коллегия:

PhD д., проф. унив-та Мармара

Мужде Аян (Турция),

PhD д., Мелем Мунивер Зудовас

(Турция), ассоц. проф.

Gulmes Reser (Турция),

п.н.проф. **IyuJianJou**

Hanshan (КНР), п.н.проф. **Shie**

Henshin (КНР), д.п.н., проф. **К.Д. Добаев**,

(Кыргызстан)

д. PhD **R.Abazov** (США),

д. PhD доцент **Omer Zaimoglu** (Турция),

д.п.н., проф. **Шалаян О.В.** (Россия)

д.п.н., доцент

Н.Б Смирнова, (Россия),

президент ФКТН **Ахмет Дагдуран**

(Турция)

к.п.н., доцент **Л.Ш.Какимова**

к.п.н., асс.проф. **Момбек А.А.**

к.п.н.проф. **М.Ж. Тәңірберген** к.п.н.

д., проф. **Джексембекова М.И**

к.п.н. доцент **Михайлова**

Н.А.к.п.н.асс.проф. А.С. Сманова,

к.п.н., доцент **Ш.А. Акбаева**,

к.воен.н. **В.В. Ващенко**,

к.иск.н., асс.проф. **М.Э. Султанова**,

к.п.н.асс.проф. **Ж.Н. Шайгозова**

д.п.н., проф. **Халықов Қ.З.**

к.п.н. проф. **Оспанов Б.Е.**,

д.п.н. проф. **Жеделов Қ.О.**

© **Казахский национальный
педагогический университет имени
Абая, 2019**

Зарегистрировано

Министерстве культуры и информации
Республики Казахстан

8 мая 2009 г. №10099-Ж

Подписано в печать 20.03.2019.

Формат 60x84^{1/8}.

Объем 21,5 уч.-изд.л.

Тираж 300 экз. Заказ 211.

050010, г. Алматы,

пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»

Казахского национального

педагогического

университета имени Абая

WORKS YEARS YOUTH.....50

Мухаметжан К.Е., Уксикбаева К.М. АКТИВИЗАЦИЯ
ХУДОЖЕСТВЕННОГО ВОСПРИЯТИЯ НА УРОКАХ
ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОГО ИСКУССТВА

Mukhametzhан K. E., Oksikbaev K.M. INTENSIFICATION OF
ART PERCEPTION AT FINE ART LESSONS.....55

Ғ.Мұратбаева, Д. Әлімбекова, С.Қ. Бейсенбаев ЖАСТАР
СТИЛІНДЕГІ СЫРТ КИІМ ҮЛГІЛЕРІН ЖАҢҒЫРТУ ЖӘНЕ
ТӘРБИЕЛІК ҰҒЫМДАРЫ

G. Muratbayeva, D. Alimbekova, S.K.Beisenbayev OUTERWEAR
DESIGN MODELS AND EDUCATIONAL CONCEPTS.....59

Kicimicov E. T. БОЛАШАҚ ДИЗАЙНЕРЛЕРДІ
ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҮРДСІНДЕГІ АКВАРЕЛЬДІК
КЕСКІНДЕМЕНІҢ ЭСТЕТИКАСЫ

Kissimissov E. T. AESTHETICS OF WATERCOLOR PAINTING
IN THE PROCESS OF FORMATION OF FUTURE
DESIGNERS.....66

Л.Ж.Кожсбаева СТИЛИЗАЦИЯ ПРИРОДНЫХ ФОРМ НА
ПРИМЕРЕ ДЕКОРАТИВНОГО НАТЮРМОРТА

Kozhabaeva L.Zh. THE STYLIZATION OF NATURAL FORMS
ON THE EXAMPLE DECORATIVE STILL LIFE.....69

**II БӨЛІМ. МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ
РАЗДЕЛ II. МУЗЫКАЛЬНОЕ
ОБРАЗОВАНИЕ**

Ж.Р.Жармаганбетова ОҚУШЫЛАРДЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ
ТАЛҒАМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Zh.R.Zharmaganbetova PEDAGOGICAL FEATURES OF
FORMING OF MUSICAL TASTE OF SCHOOLCHILDREN....74

Нарикбаева Л.М., Кайса Ж. ПСИХОЛОГО-
ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ МУЗЫКАЛЬНО-
ОДАРЕННЫХ ДЕТЕЙ

Narikbayeva L.M., Kaisa J. PSYCHOLOGICAL AND
PEDAGOGICAL FEATURES OF MUSIC-GIFTED
CHILDREN.....79

Л.Ш.Какимова, Ш.Нурмуганбет ТВОРЧЕСКИЕ ЗАДАНИЯ
ИСПОЛЬЗУЕМЫЕ НА УРОКАХ МУЗЫКИ В ШКОЛЕ КАК
КОМПЕТЕНТНОСТНЫЙ ПОДХОД К ОБУЧЕНИЮ

Kakimova L.Sh., Nurmuganbet Sh. THE CREATIVE TASKS
USED AT MUSIC LESSONS AT SCHOOL AS COMPETENCE-
BASED APPROACH TO LEARNING.....83

**III БӨЛІМ. СӘНДІК ҚОЛӨНЕР
РАЗДЕЛ III. ДЕКОРАТИВНО-ПРИКЛАДНОЕ
ИСКУССТВО**

Д.С.Болысбаев, Д.М. Оспанов, Т.М. Оспанов, Қ.Д.

**Әбдіхадырұлы ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТИ ҚЫРЫ ЗЕРГЕРЛІК
ӨНЕРДЕ**

D.S.Bolysbaev, D.M. Ospanov, T.M. Ospanov, K.D. Abdyhadiruly
**SEVEN GRANDS OF GREAT STEPPE IN JEWELRY
ART**.....92

Е.Б.Ауелбеков, Е.Б.Мамбетаев, М.Н.Абилдаев СӘНДІК-
ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР - ОҚУШЫЛАРДЫҢ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІН АРТТЫРУ ҚҰРАЛЫ

E.B. Auelbekov, E.B. Mambetaev, M.N. Abildaev
**DECORATIVE ARTS – A MEANS OF INCREASING
CREATIVE ACTIVITY OF STUDENTS**.....98

**Kazakh National Pedagogical
University named after Abai
BULLETIN**
A series of
«Art education: art - theory - methods»
№1(58), 2019

Periodicity – 4 issues per year.
Published since 2001

The chief editor:
doktor of pedagogical sciences, professor
T.Zh.Kozhagulov

Deputy Chief Editor:
*Doctor PhD art history,
professor***Abisheva O.T.**

Editorial Board:
D.,PhD Prof.univ-ta Marmara
Muzhde Ayan (Turkey),
D.,Ph.D Melem M.Z. (Turkey),
Assoc. prof. Gulmes Reser (Turkey),
D.,Ph.D. Iyu Jian Jou Hanshan (KNR),
D.,Ph.D. Shie Henshin (KNR),
D.,Ph.D prof. K.D. Adding, (Kyrgyzstan)
D.,Ph.D. R. Abazov (USA),
*PhD associate professor***Omer Zaimoglu**
(Turkey),

*Ph.D., prof.***Shalyapin O.V.** (Russia)
Ph.D., Associate Professor

N.B. Smirnova. (Russia),
*President of FKTNA***Ahmet Dagduran**
(Turkey)

*candidate of pedagogical sciences,
associate professor***Kakimova L.Sh.**

*candidate of pedagogical sciences,
associate professor***Mombek A.A.**

*Ph.D. prof.***M.Zh. Tanirbergenova**
*Ph.D. etc., prof.***M.I. Dzhexembekova**

*Ph.D. Associate Professor***Mikhailova**
N.A. *Ph.D. Ass. prof.* **A.S. Smanova,**

Ph.D., Associate Professor

Sh.A. Akbaeva,

Candidate of Military Sciences

V.V. Vashchenko,

*candidate of technical sciences, associate
professor.* **M.E.**

**Sultanova, Cand.sc. Ass. prof. Zh.N.
Shaygozova**

*D., Ph.D., prof.***K.3. Halykov**

D., Ph.D. prof. **B.E. Ospanov**

D., Ph.D. prof. **K.O. Jedelov**

© **Kazakh National Pedagogical
University named after Abai, 2019**

Registered in the Ministry of Culture and
Information of the RK, 8 May, 2009 №
10099-Ж.

Signed to print 20.03.2019.

Format 60x84 1/8. Book paper. 21,5

300 copies. Order 211.

050010, 13 Dostyk ave.

Almaty. KazNPU. Abai Publisher "Ulagat"
Kazakh National Pedagogical University
named after Abai

А.Б. Накбаева АКСЕССУАР ЖӘНЕ ЗЕРГЕРЛІК
БҰЙЫМДАРДЫҢ КИІМ ФОРМАСЫМЕН ҮЙЛЕСІМДІЛІГІ
Nakbaeva A.B. THE ACCESSORY AND COMPATIBILITY OF
JEWELRY WITH THE SHAPE OF THE GARMENT.....104

IV БӨЛІМ. ӨНЕРТАНУ

РАЗДЕЛ IV. ИСКУССТВОВЕДЕНИЕ

Д.Т. Тебеген, Е.Дәрменшеев КӨРКЕМӨНЕРДІҢ ДАМУ ЖОЛЫ
– ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ГРАФИКАЛЫҚ ТАРИХИ-КӨРКЕМДІК
НЕГІЗІ

Tebege D.T., Darmensheyev E. THE PATH OF ART
DEVELOPMENT – MODERN GRAPHIC ART-HISTORICAL
BASIS.....110

М.Жаксыгарина, А.Байганова, А.Мамбеталина МОДЕРН
СТИЛІНДЕГІ ҚАЙТА ӨРКЕНДЕУ ДӘУІРІНІҢ КЕЗЕҢІ
M.Zhaksygarina, A.Baiganova, A.Mambetalina PERIOD OF
THE EPOCH OF REVIVAL STYLE MODERN.....120

Абишева О.Т., Б.Б.Бейсенғали ИСТОРИЯ
ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОГО ИСКУССТВА КАЗАХСТАНА
Abisheva O.T., Beisengali V.B. THE HISTORY OF FINE ARTS
OF KAZAKHSTAN.....125

Е. Қайранов, А. Орынғалиқызы, М. Тохсанбаев ЖҰМАҚЫН
ҚАЙРАМБАЕВТЫҢ ҰЛТТЫҚ РОМАНТИЗМ
БАҒЫТЫНДАҒЫ КЕСКІНДЕМЕСІНІҢ ҚАЗАҚСТАН
БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕГІ ОРНЫ

Ye. Kairanov, A. Oryngalikyzy, M. Tohsanbayev THE PLACE
NATIONAL ROMANTICISM PAINTING OF ZHUMAKYN
KAIRAMBAYEV IN THE FINE ARTS KAZAKHSTAN.....129

**М.Ж.Тәңірбергенев, Л.М.Умралиева, Ж.Балкенов,
Г.Камалова** ТАСТАҒЫ БЕДЕРЛЕРДІҢ СТИЛЬДІК ДАМУ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

M.Zh.Tanirbergenov, L.M.Umralieva, Z.Balkenov, G.Kamalova
FEATURES OF THE DEVELOPMENT OF STYLE ENGRAVING
ON THE ROCKS.....136

I БӨЛІМ. КӨРКЕМДІК БІЛІМ БЕРУ

РАЗДЕЛ I. ХУДОЖЕСТВЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ

УДК 73/76 (091)
МРНТИ 18.31.09

Қ.О. Жеделов¹, О.Т.Абишева²

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Көркем білім беру кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы,
профессор (Алматы, Қазақстан)

²Абай атындағы ҚазҰПУ, Өнер, мәдениет және спорт институтының Өнертану докторы,
қ.а.м. профессор
(Алматы, Қазақстан)

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» АЯСЫНДА КӨРКЕМСУРЕТ ФАКУЛЬТЕТІ ТҮЛЕКТЕРІНІҢ ЖЕТІСТІКТЕРІМЕН ПАТРИОТТЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аңдатпа

Бұл, мақалада өнер саласындағы жастарға патриоттық тәрбие берудің басты құралдарының бірі – көркемдік өнер түрлерінен берілетін білім, ғылым саласынан ғылыми еңбек жазған ғалымдар, кәсіби суретшілердің жетістіктері қарастырылған.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының үкіметі бірқатар жастар тәрбиесіне қатысты құжаттарды қабылдауы: «Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі дамуының стратегиясы», «Білім туралы» заңы, «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры», сонымен қатар 2018 жыл 5 қазан айында Қазақстан халқына жолдауында «2019 жыл жастар жылы» болып жариялануы. Осы жарияланымдар негізінде ұлттық көркем мәдениеттің үлгілерін заман талаптарына сай жаңғыртып, жастарға қолдау жасау сонымен қатар жоғарғы оқу орындарына көркемдік өнерден педагог-суретші кадрларды дайындау жүйесіне инновациялық өзгерістер енгізу, ізденістер жасау қажеттілігін тудырғандығы айтылады.

«Рухани жаңғыру» аясында мәдениетіміздің негізі болып табылатын этнопедагогикалық білім беру мен тәрбие берудің басты құралдарының бірі – ұлттық көркемдік өнеріміз, ата-бабаларымыздан келе жатқан ұлттық санамызда, рухымызда, болмысымызда өзіндік қолтаңба ретінде қалыптасқан мәдениетіміз туралы жазған, патриоттыққа тәрбиелеген ғалым жазушылар берілген.

Бүгінгі күнге дейін білім, тәрбие, шығармашылықта жетіп отырған жетістіктер, көркемдік өнер түрлері ғасырдан-ғасырға ұрпақпен ұласып жеткен ақыл-ой шеберлігінен шыққан патриоттық сезім екендігі айтылады. Сонымен қатар, жастарды, студенттерді ата-бабамыздан мирас болып келе жатқан көркемдік өнерімізді, мәдениетімізді келесі ұрпаққа білім, ғылым, шығармашылық бағытында жеткізетін педагог-суретші, ғалым, өнертанушы және көркемдік өнер саласының патриоты болуға шақырады.

Түйін сөздер: «патриот», «рухани жаңғыру», «ұлы даланың жеті қыры», «интеллектуалды ұлт», «эстетикалық мәдениет», «эстетикалық қызығушылық», «дәстүр», «мәдени мұра», «мұра», «өнер», «өнертанушы» .

К.О. Жеделов¹, О.Т.Абишева²

*¹Казахский национальный педагогический университет,
Заведующий кафедры художественного образования, доктор педагогических наук,
профессор (Алматы, Қазақстан)*

*²КазНПУ имени Абая, доктор Искусствоведения, асс. профессор института искусства,
культуры и спорта (Алматы, Қазақстан)*

ЗНАЧИМОСТЬ ПАТРИОТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ И ДОСТИЖЕНИЙ ВЫПУСКНИКОВ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ФАКУЛЬТЕТА В РАМКАХ «МОДЕРНИЗАЦИЯ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ»

Аннотация

В данной статье рассмотрены основные средства патриотического воспитания молодежи в области искусства – образование по художественным видам искусства, достижения ученых, профессиональных художников, написавших научные труды в области науки.

Кроме того, Правительством Республики Казахстан принято ряд документов, касающихся воспитания молодежи: «стратегия развития Республики Казахстан до 2050 года», закон «Об образовании», «культурное наследие», «Рухани жаңғыру», «семь граней Великой степи», а также 5 октября 2018 года в Послании народу Казахстана «год молодежи 2019 года». На основе этих публикаций отмечается необходимость модернизации образцов национальной художественной культуры в соответствии с современными требованиями, поддержки молодежи, а также внедрения в высшие учебные заведения инновационных изменений в систему подготовки педагогических кадров-художников из художественного искусства, изысканий.

В рамках «Рухани жаңғыру» одним из главных инструментов этнопедагогического образования и воспитания, являющихся основой нашей культуры, являются национальные художественные искусства, писатели, которые воспитали патриотизм, писали о нашей культуре, сформировавшейся в народном сознании, духе, бытии.

На сегодняшний день в области образования, воспитания, творческих достижений, художественных видов искусства-это патриотическое чувство, происходящее из поколения в поколение. Кроме того, молодежь, студенты призывают молодежь быть патриотами в области художественного искусства, культуры, образования, науки, творчества, образования, науки и искусства.

Ключевые слова: эстетическая культура, эстетический интерес, традиция, наследство, наследство, искусство, искусствоведение, патриотизм, духовное возрождение, семь аспектов великой степи, интеллектуальная нация

К.О.Zhedelov¹, О.Т.Abisheva²

*¹Kazakh National Pedagogical University named after Abay,
Head of the Chair of Arts Education, Doctor of pedagogical sciences, professor (Almaty,
Kazakhstan)*

*²KazNPU named after Abay, Senior Lecturer
Doctor of Art (Almaty, Kazakhstan)*

THE IMPORTANCE OF THE PATRIOTIC EDUCATION AND THE ACHIEVEMENTS OF GRADUATES OF THE ART DEPARTMENT IN THE FRAMEWORK OF THE «MODERNIZATION OF PUBLIC CONSCIOUSNESS»

Abstract

This article describes the main means of Patriotic education of young people in the field of art – education in artistic arts, the achievements of scientists, professional artists who wrote scientific works in the field of science.

In addition, the Government of the Republic of Kazakhstan adopted a number of documents relating to the education of young people: "strategy of development of the Republic of Kazakhstan until 2050", the law "on education", "cultural heritage", "rukhani zhangyru", "seven faces of the great steppe", as well as October 5, 2018 in the Address to the people of Kazakhstan "year of youth 2019". On the basis of these publications, it is noted the need to modernize the samples of national art culture in accordance with modern requirements, support young people, as well as the introduction of innovative changes in the system of training of teachers-artists from art, research.

In the framework of the "Rouhani Jair" one of the main tools ethnopedagogical education, which is the basis of our culture, are the national of art, writers who brought up patriotism, wrote about our culture, formed in the popular mind, spirit, being.

Today, in the field of education, education, creative achievements, art forms-a Patriotic feeling that comes from generation to generation. In addition, young people, students urge young people to be patriots in the field of art, culture, education, science, creativity, education, science and art

Key words: aesthetic culture, aesthetic interest, tradition, heritage, heritage, art, art history, patriotism, spiritual rebirth, seven aspects of the great steppe, intellectual nation

Кіріспе. Көркемдік өнердің қоғамда алар орны көп. Қазақстан Республикасы жастардың санасын қалыптастыру бағытында өткізіп келе жатқан кешенді шаралар, «Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі дамуының стратегиясы», «Білім туралы» заңы, «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры», сонымен қатар 2018 жыл 5 қазан айында Қазақстан халқына жолдауында «2019 жыл жастар жылы» [1,2,3,4,5,6]. болып жарияланған мемлекеттік бағдарламаларды жалғастырудың бірден-бір нысанасы өнер, мәдениет және спорт институты болса, педагог-суретшілер оның субъектісі болмақ. Яғни көркемдік өнерді оқыту арқылы ұлтымыздың салт-дәстүрі мен мәдениетін білгізіп, сұлулығын санасымен түйсіндіріп, заманауи өнер түрлерімен салыстыра отырып, ертеңіне нық сеніммен қарайтын жастарды тәрбиелеу – педагог-суретшілердің негізгі міндеті.

Осы міндетке байланысты жастарды «Рухани жаңғыру» аясында мәдениетіміздің негізі болып табылатын этнопедагогикалық білім беру мен тәрбие берудің басты құралдарының бірі – патриоттыққа тәрбиелеу көкейкесті мәселенің бірі болып табылады.

Жастарға берілетін білім мен тәрбиені заманауи өнер түрлерімен салыстыра отырып көркемдік өнерімізді оқытудағы маңызды факторлардың бірі олардың рухани байлығы мен шығармашылық қабілетін дамытуға жағдай жасау. Оның өмірге деген көзқарасын, кәсіби шығармашылық қызметін жан-жақты дамыту үшін, жастарға алдыңғы буын түлектердің ғылыми және кәсіби шығармашылық еңбектерін дәріптеп олардың тәжірибелеріне барынша көп зер салуын қажеттендіру.

1928 жылы Алматы қаласында Алаш зияларының бас болуымен ресми түрде қазақ даласында тұңғыш рет жоғары оқу орны «Қазақ мемлекеттік университеті» болып құрылды. Соның негізінде осы ЖОО-нан ұлы дала елінде бірнеше университеттер бөлініп шықты, әрі осы оқу орны өз құрамын одан ары кеңейтіп, 1969 жылы «Көркемсурет» факультеті құрылды. Бұл факультет «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығы бойынша шығармашылық әрі ғылыми негізде педагог-суретші жоғары білімді мамандар тәрбиеледі.

Қазақстанда тұңғыш рет ашылған «Көркемсурет» факультетінің 50 жылдық тарихы, факультет тарихында болған кафедралар мен олардың педагог-суретші маман даярлаудағы орны мен рөлі, көркемдік өнерден дәріс берген және бүгінгі таңда да ғылым және шығармашылықпен еңбек етіп жүрген ұстаздар, өрісті кеңейткен талантты түлектер, деректі хикаяттар факультеттің ресми тарихынан мағұлыматтар беріп, бітірген түлектердің шығармашылық жетістіктерінен сыр шертіп патриоттық семін ояту.

Яғни, «Алдыңғы жақсы артқы жасқа тәлім айтпаса, ел болғаны қайсы» - деп М.Әуезовтың айтқанындай бұл мақала бір ғана ұжымның немесе білім ордасының өзімен-өзі тұйықталып, шаң басып қалған соқпағы емес, алдыңғы толқын ағаларды кейінгі толқын інілерді жалғайтын ұрпақтар жолын зеттеп жастарды тәрбиелеу керек десек болады.

Мақаланы «Рухани жаңғыру» аясында көркемсурет факультеті түлектерінің жетістіктерімен патриоттыққа тәрбиелеудің маңыздылығы деп алуымыздың себебі аға ұрпақтан алып қалған асыл мұра-білім отының тарихын өшірмей сақтап, бүгінгі жастар жүрегіне жалын жаға білген, еліміздің көркемдік өнерін ғылымда, кәсіби шығармашылықта көрсете білген лайықты орны бар, түлектер – Өнер, мәдениет және спорт институтының түп қазығы «Көркемсурет» факультетінің 50 жылдық жылнамасы – өрнектелген өнегелі тағлым, өсер ұрпақ, келер заманға дәстүрлі тәрбие болмақ.

Негізгі бөлім. Ұлтымыздың келешегін көркейту үшін 2018 жыл 5 қазан айында Қазақстан халқына жолдауында «2019 жастар жылы» [6] болып жариялануы негізінде ұлттық көркем мәдениеттің үлгілерін заман талаптарына сай жаңғыртып, жастарға қолдау жасау сонымен қатар жоғарғы оқу орындарында көркемдік өнерден педагог-суретші кадрларды дайындау жүйесіне инновациялық өзгерістер енгізу, ізденістер жасау қажеттілігін тудырды.

Бүгінгі таңда аталуы жоғары оқу орындарында заман талабы туындатқан жастардың рухани байлығы ғылым, білім және кәсіби шығармашылықтарын жетілдіретін саланың бірі – көркемдік өнер түрлерінен жастарға патриоттық тәрбие беру мақсатын алдыға қойып отыр.

Кеңестік дәуір кезінде Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті «Өнер, мәдениет және спорт» институтында көркемдік өнерден жоғары білімді маман дайындауға арналып ашылған тұңғыш «Көркемсурет» факультетіне биылғы жылы мерей той, жарты ғасыр. Бұл, жоғарғы оқу орны ғасырлар бойы жинақталған қазақ халқының асыл мұрасы – көркемдік өнерден жастарға «патриоттық тәрбие беру», бағдарламасы аясында Қазақстан Республикасының жалпы орта мектептеріне, училищелері мен техникумдарына, арнайы өнер мектептеріне, жоғарғы оқу орындарына көркемдік білім беретін педагог-суретші маман дайындаудың көкейкесті мәселелерін көтеріп отырған тұңғыш білім ордасы болды.

Кеңестік кезеңде қазақ халқының көркемдік өнері төңірегінде сөз қозғап, оның түрлері мен үлгілерін, көркемдік дәстүрлерін, өкілдері жайында ой өрістетіп, ғылыми құнды пікірлер жазып, жалпы көркемдік өнерін, сәндік қолөнерінің танымдық, әлеуметтік ерекшеліктерін зерттеген Ә.Марғұлан, С.Мұқанов, С.Қасиманов, Ә.Тәжімұратовтардың тағы басқа да [7,8,9,10] ғалым жазушылардың еңбектерінен жастарға дәріс беріп патриоттық сезімін оятты.

Қазақ халқының көркемдік және сәндік қолөнер табиғатын жан-жақты этнографиялық тұрғыда қарастыру жылдар өткен сайын жастарға ғылым үшін маңызы зор. Өйткені, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры»[5;13] атты мақаласын «Рухани жаңғыру» бағдарла-масының жалғасы екендігіне баса көңіл аударсақ қазақтың көркемдік өнерін және сәндік қолөнерін жалпы ұлы даланың жеті қырының ішіндегі негізгі салаларының бірі ретінде қарастыру керектігі өзалдына айтылып тұр. Сонымен қатар, Қазақ халқының ұлттық мәдениеті, оның ішінде көркемдік өнері ұлы даланың жеті қыры мақаласындағы бағалы мұраның бірі екендігін көптеген ғалымдар, жазушылар өз зерттеулерінде және ғылыми мақалаларында келтіреді.

Осы бір жарты ғасыр бойы көркемдік өнерден дәріс беріп, педагог-суретшілер дайындап келген тұңғыш білім ордасының елімізге сіңірген еңбегін, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры Такир Оспанұлы Балықбаев, «Өнер, мәдениет және спорт» институтының ұжымына, осы институттың ірге тасын қалаған 1969 жылы «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығы бойынша ашылған, тұңғыш жоғары оқу орны «Көркемсурет» факультетін бітіріп шыққан түлектердің ғылыми, кәсіби шығармашылық еңбектерін студенттерге халықаралық ғылыми-тәжірибелік шығармашылық деңгейде жоспарлы түрде мерекелік жиналыс, мерекелік концерттік бағдарламада өткізуді ұсынды.

Жарты ғасыр уақытта «Көркемсурет» факультетін бітірген түлектердің еңбектерін айтар болсақ, қазақ халқының ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған көркемдік өнерін ғылыми негізде зерттеуді «өнер, мәдениет және спорт институты» мамандары соның ішінде, кеңестік кезеңнен «Көркемсурет» факультетінің «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығын бітірген түлектер әлемдік жетістіктерге жеткізді.

Кеңес Одағы кезінде Абай атындағы Қазақ педагогикалық институты «Көркемсурет» факультетінде «Бейнелеу өнері және сызу» пәні мұғалімі мамандығын бітірген жастардың көркемдік өнер бағытында орындап жатқан ғылыми және кәсіби шығармашылық тұрғысындағы іс-әрекеттері Одақтас Республикаларды, Мәскеуді, соның ішінде Одақтың көптеген ЖОО-ын бей-жай қалтырмады [11;13].

Кеңес Одағына танымал РБА-ның академиктері, педагогика ғылым-дарын докторлары, профессорлары (Е.В.Шорохов, С.П.Ломов, В.С.Кузин, Г.В.Беда) «Көркемсурет» факультетінің «Бейнелеу өнері және сызу» пәні мұғалімі мамандығын бітірген жастардың отанға деген патриоттық сезімі мен ғылымға деген бағытын жоғары бағалады. Сонымен қатар, Қазақстанда бейнелеу өнері түрлерінің әдістемесін оқыту саласынан ғылыми зерттеу жұмыстарын қорғауға 80-ші жылдардың басында «Көркемсурет» факультетінің «Бейнелеу өнері және сызу» пәні мұғалімі мамандығын бітірген отандық ғалымдарымыз: Ә.Қамақов, Қ.Ералин, Ж.Балкенов, Л.Медведев, Қ.Әмірғазин, М.Джанаев, С.Аманжолов, Р.Мизанбаев, Н.Г.Назаровалар және тағы басқа да отандастар кандидаттық диссертацияларын қорғаса, 80-ші жылдың аяғы, 90-шы жылдары докторлық диссертацияларын Л.Г.Медведев, Қ.Ералин, Қ.Әмірғазин, Л.Смановтар, 2000-шы жылдары Д.Камешов, С.Аманжолов, Т.К. Мусалимов, Е. Асылханов тағы басқа да ғалымдарымыз өздерінің ғылыми-зерттеу тақырыптарын Ресей ЖОО-да [12;13] қорғап өздерін қазақ халқының көркемдік өнерін педагогика, әдістемесі саласында паш еткен алғашқы ғалымдары сонымен қатар еліміздің патриоты екендігін көрсете білді.

Бірқатар ғалымдарымыз Еліміз егемендігін алғанан кейін 90-шы жылдан бастап Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «философия», «педагогика» ғылымдарының дәрежесін беру жөніндегі диссертациялық кеңесте өздерінің кандидаттық, докторлық диссертация-ларын осы ғылым салаларымен кіріктіре қорғауды бастады. Педагогика ғылымының докторлары, профессор Б.А.Әлмұхамбетов, профессор Л.Б.Ивахнова, профессор Қ.О.Жеделов, профессор М.Ж.Танирбергенов, профессор Н.Исабек және тағы басқа көптеген ғалымдар өз ғылыми тақырыптарын педагогика ғылымы мен байланыстырса ал, философия ғылымының докторы, профессор Б.К.Байжігітов философия ғылымында көркемдік өнердің жетістіктерін көрсете білді. Сонымен қатар 2010 жылдардан бастап алыс-жақын шетелде, Түркия елінде PhD докторы, «өнертанушы» дәрежесін алған О.Т.Абишева, Т.Жүргенов атындағы Өнер Академиясының «PhD докторы», «өнертанушы» дәрежесін алған Е.Қ. Рысымбетовтар т.б., да жас ғалымдарымыз көркемдік өнерді ғылымда дамытуды жалғастырды.

«Көркемсурет» факультеті түлектері «Бейнелеу өнері және сызу» пәні мамандығының профессор-оқытушылар құрамы жазған ғылыми еңбектерді «педагогика», «философия», «өнертану» ғылымы саласына қосқан ғылыми мұра деп санауға болады.

Еліміз егемендік алғаннан бері «Көркемсурет» факультетінің «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығын бітірген түлектер алыс-жақын шетелдік ғылыми кеңестерде Ресей, Қырғыз, Түркия мемлекетінің Омск, Бишкек, Анкара қалаларындағы және Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті және Т.Жүргенов атындағы Өнер Академиясында «философия», «педагогика», «өнертану» ғылымдарының ғылыми кеңесінде «Бейнелеу өнері және сызу», «Өнертану» мамандығы бойынша «педагогика ғылымының кандидаты», «өнертану ғылымының кандидаты», «PhD доктор», «магистр» және кәсіби суретші шығармашылық саласынан [«Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығын»](#), [«Қазақ КСР-нің Еңбек сіңірген өнер қайраткері»](#), Платинды бас «Тарлан» тәуелсіз сыйлығының лауреаты, Кескіндеме саласы бойынша жетістіктері үшін «Сальвадор Дали» атындағы халықаралық альянс жүлдесі. (Мадрид-Прага), EUROUNION жоғарғы марапаттауы. Брюссель, Бельгия, [Қазақстанның мемлекеттік сыйлығы](#), Францияның «Әдебиет және өнер» орденінің кавалері, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Россия, Чехия, Қырғызстан Өнер академияларының академигі. Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген қызметкері, ҚР Мәдениет қайраткері «Дарын» сыйлығының лауреаты, ҚазССР жастар сыйлығының лауреаты, КСРО және Қазақстан Республикасы Суретшілер Одағының мүшесі, Қазақстан Республикасының Дизайнерлер одағының мүшесі, Қолөнершілер одағының мүшесі, сонымен қатар Республикалық «Үздік ұсаз» марапаты, «Алтынсарин» атындағы төс белгі иегерлері, т.б Республикалық және халықаралық марапаттаулар мен конкурс жаңімпаздары атақтарын алып көркемдік өнердің шығармашылық өресін кеңейтуде.

Білімгерлердің оқу нәтижелерін арттыру мақсатында барлық жағдайлар көзделген. Халықаралық және Республикалық білім алмастыру нәтижесінде шетелдегі ЖОО-ы мен тығыз байланыс орнатылып, алыс-жақын шетелдік ғылым, білім және кәсіби шығармашылық саласында жобалар орындалып жатыр.

Ғылым және шығармашылық саласында халымыздың дәстүрлі көркемдік өнерінің үзіліп кетпеуі, бізге жеткен көркемдік өнердегі үлгілердің тысқары қалмауы, елімізде қалыптасқан көркемдік өнерден берілетін білім түрлерінің тұтыныстан шықпауы, халқымыздың патриоттық сезімі мәдениетімізге тереңірек бойлау барысына ден қойып күресу «Мәңгілік ел болу» жолына ұмтылыс[13;7] деп толықтай айтуға болады.

Көркемдік білім берудің негізгі мақсаты - білімін, біліктілігін, дағдысын қалыптастыруға қол жеткізу ғана емес, ұлттық тәрбие негізінде ертеңгі қоғамның белсенді азаматы тұлғасын қалыптастыру.

Қазақ мәдениетінің негізі болып табылатын этнопедагогикалық білім беру мен ұлттық тәрбие берудің басты құралдарының бірі – ұлттық көркемдік өнер екендігі белгілі. Ұлттық көркемдік өнер – ата-бабаларымыздан келе жатқан, ұлттық санамызда, рухымызда, болмысымызда өзіндік қолтаңба ретінде қалыптасқан мәдениетіміз[14;7].

Қазақ халқының рухани, мәдени әлемі оның дәстүрлі көркемдік өнерінен көрінеді және тиісті өз орнын алады. Ұлттық көркемдік өнер, халқымыздың ең биік жетістіктерінің бірі. Бүгінгі күнге дейін өмірде пайдаланылып келген көркемдік өнер түрлері талай ұрпақтың ақыл-ойы мен шеберлігінің жемісі.

Педагог-суретші ғалымның мақсаты, ата-бабамыздан мирас болып келе жатқан ұлттық көркемдік өнерімізді ұмытпай, келесі ұрпаққа аманат етіп жеткізу арқылы жастардың «Рухани жаңғыруын» жетілдіру, ұлттық мәдениетіміздің өзіндік орнын көрсету және де мүмкіндігінше қазақ елінің жалпы адамзаттық мәдениеттер қатарынан көрсете білу делінген [15;46]. Осы мақсатқа жету үшін «Өнер, мәдениет және спорт» институтында құрылған «Көркемсурет» факультеті 50 жыл бойы қазақ халқының көркемдік өнерінің түрлері арқылы студенттердің эстетикалық талғамын қалыптастырудың ғылыми теориялық және шығармашылық тәжірибелік тұрғысынан дәріс беріп, өз үлесін қосуда.

«Көркемсурет» факультеті халық ағартуына 50 жылдық еңбегі сіңген, сан мыңдаған білімгерді баулып, қоғамның игілігі мен отанның өркениетіне үлес қосар мамандарды

даярлап шығарған оқу орынның тамыры, халқымыздың байрдан қазынаға толы рухани һәм дәстүрлі өнерімізбен ұштасып жатыр. Қазіргі таңда институтта бес кафедра «Көркем білім», «Дизайн», «Музыкалық білім және хореография», «Бастапқы әскери дайындық», «Дене шынықтыру және спорт» сынды және үш магистратура мамандықтары «Бейнелеу өнері және сызу», «Өнертану», «Дене тәрбиесі», бір «Бейнелеу өнері және сызу» «PhD» докторы дәрежесі бойынша мамандықтарға білім беріледі.

Білімгердердің оқу нәтижелерін арттыру мақсатында барлық жағдайлар көзделген. Халықаралық және Республикалық білім алмастыру нәтижесінде шетелдегі ЖОО мен тығыз байланыс орнатылып, жоспар орындалып жатыр.

Әр жоғарғы оқу орнының рухани әлемі, ең алдымен оның дәстүрлі өнерінен көрінетіні мәлім. Сол себепті Қазақстан Республикасының білім беру және тәрбиелеу саласының түбегейлі жаңаруы, бүгінгі ұрпақ тәрбиесінің негізіне – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіне қарасты өнер, мәдениет және спорт институтының түп қазығы «Көркемсурет» факультетін бітірген тұлғалардың жылдар бойы жинақтаған патриоттық сезімі, уақыт сынынан өтіп, сараланған ұлттық тәлім-тәрбиесінің, ұлттық көркемдік өнерінің бай қазынасы, мол тәжірибесі алынып отырғаны мәлім. Өйткені жастар ұлттық мәдениеті ұрпақтан – ұрпақта қалыптасқан дәстүрлердің негіздерін меңгергенде ғана жалпы адамзаттық мұраларды игеріп дүниеге дұрыс көзқарасы, озық ойлау жүйесі қалыптасатыны анық дейді [16;16].

«Көркемсурет» факультеті кең – байтақ республика жеріндегі ертеден қалыптасқан көне мәдениеттің тікелей мұрагері және сол дәстүрді дамытушы, жаңғыртып байытушы. Бұл процес әр кезеңде Қазақстан жерінде жан – жақтан келген көшпелі тайпалар мен халықтардың, сондай – ақ, Оңтүстік – Сібір, Орта Азия мен орыс халқының да мәдениеті әсер етті. Сайып келгенде, жергілікті көне мәдениет сырттан келген мәдениет элементтерінің сән толқынын бойына сіңіріп, үнемі жақсарту, жаңғырту үстінде болды. Осындай толассыз дамудың нәтижесінде «Көркемсурет» факультетінің көркемдік өнері өз дамуында айтарлықтай жоғары деңгейге көтерілді. Революцияға дейінгі көркемдік өнердің дамуына қазақ қауымының әлеуметтік – экономикалық жағдайы, көшпелі өмір, біртіндеп отырықшылыққа көшу процесі, бұрын үстем болып келген тұйық шаруашылықтың ыдырай бастауы, көрші елдермен, әсіресе Ресеймен, сауда қатынасының шаруашылық және мәдени байланыстың арта түсуі, тағы да басқа көптеген ішкі – сыртқы факторлардың әсері айтарлықтай ықпал жасалды [17;122].

«Көркемсурет» факультетінің педагог-суретші ПОҚ-ы жастарға, ұлтқа тән өзіндік патриоттық сезімді, дәстүрді, көзқарасты, мәдениетті түстердің аздаған қосындысынан орындалған шығармашылық заттардың жиынтығы арқылы көркемдік өнерден патриоттық көзқарас қалыптастырды [18;21].

XIX ғасырдың аяғындағы сәндік қолданбалы тоқыма қолөнеріне қанықтырыла берілген негізгі ою-өрнегі қызыл түсті, көк түсті, ақ, жасыл, сары және басқа да түстердің көрністері график-суретші, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері С.Ә.Айтбаевтың кескіндемелік шығармаларында ұлттық салт-дәстүр, сәндік қолөнерінің рухымен іштей үйлесім тапқанын «Бақыт» т.б., да шығармасынан көруге болады.

Сонымен қатар, Абай атындағы Қазақ педагогикалық институты «Көркемсурет» факультетін бітірген педагог-суретші «Дарын» сыйлығының лауреаты, доцент Н.А. Килибаевтың кескіндемелік шығармаларында тоқыма өнеріндегі бір және басқа да түстердің қосындысы (төрттен тоғызға дейін) байқалады, шамасы осы түстердің нышандық мәні, өмірді мәңгіліктендіру мен байланысты болса керек. Өнер, мәдениет және спорт институтының өнертанушылар көзқарасымен қызыл түстің басымды болуы күнді, өмірді, қуанышты бейнелейді; көк-судың түсі тұрақтылық пен сенімділікті білдіреді; сары-алтынмен

бірлікті, байлықты; қызыл қоңыр түс-күннің шығуын көрсетеді; жасыл – жер ананың құнарлылығы мен байланыстырылады; ақ- қасиетті деп есептеледі.

Мысалы, негізгі бояудың түрлі-түсін іріктеу әркімнің өзіне байланысты және тоқымашылар мен кескіндемешілердің колористикалық үйлестірудегі түсінігіне тәуелді болатындығын айтады.

Екінші жағынан педагог-суретші доцент Н.А. Қилыбаев өз елінің патриоты, шығармашылық жұмыстары мен шетелде қазақ халқының дәстүрі мен мәдениетін, көркемдік өнерін дәріптеп отырған бірден-бір тұлға. Нұрланның жазған шығармашылық жұмыстарына деген анықтаманы мына бір ғалым-зерттеушінің сөзі айқындап тұрғандай.

Қазақ халқының көркемдік өнеріне тәнiттi болған зерттеушi В. Чепелевтің: «Қазақ халқы тек ою-өрнек әлемінде өмір сүретін секілді», - деп айтқан ой-пікірі еріксіз тілге оралады. Расында да әрбір бұйымын бояу түстерімен әшекейлеген сәндік қолөнерінің элементері расында кескіндеме өнеріндегі шығармашылық жұмыстары қазақтың мәдениеті мен дәстүріндегі бояу ғұрпын айқындайды[19;98].

Көркемдік өнерді ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып келе жатқан қазақ халқының мәдени мұрасының ажырамас бір бөлігі білім ордасы «Өнер, мәдениет және спорт» институтының түлектері педагог-суретшілер. Халқымызда жазу болмағанда көркемдік өнері болды. Сол көркемдік өнер арқылы халқымыз өз тыныс-тіршілігін, мәдениетін, өнерін, мәдени құндылықтарын, жоғары деңгейде дамыған тұрмыстық қажеттіліктерді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, дамытып отырды.

Қазіргі заманауи уақытта халқымыздың өркендеп өскен мәдениетіне лайықты кейбір шығармашылық жұмыстарда композициялық шешім өздерінің бастапқы мәнін жойып, жаңа мағынада өмірге қайта оралып отыр.

«Қазақстанның жері мен адамдары, даласы мен қаласы, өткені мен қазіргісі, адамға деген сүйіспеншілік пен туған жері үшін жауапкершілік – суретші жұмыстарының басты тақырыптары болып табылады. Ерболат Төлепбайдың өзіне ғана тән жұмбақ әлемі, бұл – еуропалық мәдениет пен азиялық құпия жан әлемінің кездесуі, еуропалық психологиялық талдаудың нәзіктігі мен көшпенділер ұрпақтарының әлемді сезінудің әлеуетті космозмінің таңғажайып қосындысының сипаты» деп дәріптейді[20, 135].

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті өнер, мәдениет және спорт институтының профессор-оқытушылар құрамының мақсаты осы киелі өнерді, еуропа мәдениетімен біріктіре әрі қарай дамыта отырып, көркемдік өнерімізден ұрпаққа патриоттық тәрбие беру.

Қорытынды. Қорта келе, жастар өздерін қоршаған ортаны, оның әлеуметтік және мәдени қатынасын дәріптеуді, оны мақсатына пайдалана білуді және қоғамға, ұрпаққа мұра етіп көркемдік өнерді қалдырса, ол мұра белгілі жағдайда үнемі дамуда болады. Мәдениеттің тұрақты жағы – мәдени дәстүр, соның арқасында тарихтағы адамзаттық тәжірибеге сүйеніп, оны кемелдендіреді, дамытады.

Қазіргі қоғамның өркениетке ұмтылуы қоршаған ортаны, эстетикалық сұлулықты сақтап қалу, халықтар ынтымағын күшейту, ұлттық мәдениетті өркендету басты мәселе болып табылады. Осы мақсаттарға нәтижелі қол жеткізу жеткіншектердің рухани-адамгершілік, эстетикалық тұрғыдан жеткілікті деңгейде дамуына, өздеріне ұлттық мұра мен құндылықтарды, халық дәстүрлерін көркемдік өнер арқылы жағымды қарым-қатынастарын қалыптастыруға мүмкіндік туады. Қазақ даласындағы көркемдік өнердің қасиетін, білім қазынасын жырлап кеткен ұлы ақын, философ, ағартушы Абай Құнанбаев ұлттық сәндік қолөнердің адам баласына тікелей тәлім - тәрбие беретінін өлең жолдармен де, қарасөзбен де жырлап, көркемдік өнер арқылы патриоттыққа тәрбиелеудің маңыздылығын былай деген: «қазақ ұлтының сәндік – қолданбалы өнері – халықтың дарынды да, білімді де, дана шеберлігін және өнерпаз, талғампаз ісмерлігін, ұсталығын танытқан» деген нақыл сөзінде көркемдік өнер шығармаларының өресінің биіктігін ғұлама бекер айтпаса керек[21;99].

Қазіргі таңда техника мен ғылым дамыған заманда Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті «Өнер, мәдениет және спорт» институтының профессор-оқытушылар құрамының күшімен жастарға ғылым, білім және кәсіби шығармашылық саласында ерекшеліктерімізді маңызды құнды жәдігерлерімізді жоғарғы дәрежеде көрсету арқылы патриоттыққа тәрбиелей білуіміз керек. «Өнер, мәдениет және спорт» институтының педагог-суретшілері халқымыздың атадан балаға өтетін мұрасының көркемдік өнерден берілетін білім түрлерінің тұтынысынан шықпауы, жастарымыздың патриоттық сезіміне, мәдениетімізді тереңірек бойлату барысына ден қойып күресу «Мәңгілік ел болу» жолына ұмтылыс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. 2012 жылы 14 желтоқсанда «Қазақстан -2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан халқына тарихи Жолдауын арнады.
2. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы (2018.04.07. берілген өзгерістер мен толықтырулар) WWW <http://online.zakon.kz>
3. Қазақстанның «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы: оның жүзеге асыру кезеңдері мен мағынасы 01 Қазан 2013ж. <https://e-history.kz/kz/contents/view/1568>
4. Елбасы мақаласы: Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру 2017 жылғы 12 сәуір. https://www.inform.kz/kz/elbasy-makalasy-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru_a3016293
5. Назарбаев Н.Ә. Ұлы даланың жеті қыры. [egemen.kz>article/178090-nursultan...uly...zheti-qyry](http://egemen.kz/article/178090-nursultan...uly...zheti-qyry).
6. Назарбаев Н.Ә. 5 қазан 2018 жылы халыққа жолдауында «2019 жастар жылы» болып жариялануы [aikyn.kz>Айқын газеті>10/13/70313.html](http://aikyn.kz/Айқын газеті/10/13/70313.html).
7. Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. АлмаАта: Өнер, 1986. Т.1, 256с.
8. Муканов .С. Казахская юрта.- Алматы, 1981, 223с.
9. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері.- Алматы, 1969, 243 б.
10. Тәжімұратов Ә. Шебердің қолы ортақ.- Алматы, 1977, 79б.
11. Назарбаев Н.Ә. «Ұлы даланың жеті қыры» Айқын газеті. Қараша 21, 2018ж.
12. Аманжолов С. Қазақстан бейнелеу өнері және сызу маманын дайындаудың қазіргі жағдайы және перспективасы // Кәсіби білім беру жүйесіндегі мәдени- интеллектуальдық мүмкіндіктері атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті. Алматы.– 2013 – 12 – 17 бб.
13. Zhedelov K.O. The history of establishment and modern evolution of specialty "fine arts and drawing".Абай ат. Қаз ҰПУ «ХАБАРШЫ» «Көркемөнерден білім беру: өнер - теориясы - әдістемесі» сериясы №1(54), 2018
14. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауы 17.01.2014 жыл. [abai.kz>post/38381](http://abai.kz/post/38381)
15. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның болашағы идеялық бірлігінде. –Алматы, 1993,32б.
16. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері.- Алматы, 1969, 243 б.
17. Байжігітов Б.Қ. Қазақтың қолөнері тарихы: Сәнді қолданбалы өнер және халықтық кәсіпшілік. Алматы, Экономика, 2012, 265 б.
18. Байжігітов Б.К. Бейнелеу өнерінің философиялық мәселелері: Кеңістік пен уақыт ырағындағы тұрақты сурет үлгілері.- Алматы, 1998, 192 б.
19. Жарықбаев Қ. Әдеп және жантану, Алматы, 1996, 224 б.
20. Нұрпейісова Ә. Қазақ халқының ою-өрнегі. Алматы, Өнер, 2002, 135б.
21. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005 ISBN 9965-26-095-8

Жеделов Құрманғазы Оразұлы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, «Көркем білім беру» кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы. zhedelov61@mail.ru

Жеделов Құрманғазы Оразович – Казахский национальный педагогический университет имени Абая, заведующий кафедрой «Художественного образования», доктор педагогических наук, профессор. zhedelov61@mail.ru

Zhedelov Kurmangazy Orazovich – Abai Kazakh National Pedagogical University Head of the Chair of Arts Education, doctor of pedagogical sciences, professor. zhedelov61@mail.ru

Абишева Оңал Токқұлқызы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Өнертану докторы, каум. профессор. artbura@gmail.com

Абишева Оңал Токқуловна – Казахский национальный педагогический университет имени Абая, доктор Искусствоведения, асс. профессор.

Abisheva Onal Tokkulovna - Abai Kazakh National Pedagogical University, Doctor of Arts, associate professor. artbura@gmail.com

УДК 378.016
МРНТИ 14.35.09

Е.Б. Қайшыбек

*Абай атындағы ҚазҰПУ «Өнер, мәдениет және спорт» институты
«Шығармашылық мамандықтар» кафедрасының аға оқытушысы,
Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, Алматы қ., Қазақстан*

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ САНА-СЕЗІМІН ТӘРБИЕЛЕУ

Аңдатпа

Жас ұрпақтың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға бейнелеу өнері шығармаларының тигізетін ықпалы шексіз. Кез келген халық өз шығармашылығында елеулі оқиғаларды, айтулы батырларын көркем бейне арқылы жинақтап, өзінің көзқарасын білдіреді. Халқымыздың тарихында жас ұрпаққа үлгі-өнеге болатын тұлғалардың бірі – қазақтың ұлы палуаны Қажымұқан Мұңайтпасұлы. Даңқты палуанның бейнесін паш етуге мен де өз үлесімді қосуым кездейсоқтық емес. Өйткені бала кезден грек-рим күресімен айналысқандықтан, палуандық өнер маған жат емес еді. Бүгінгі таңда шығармаларымның бір бөлігі Қажымұқан атамның бейнесін сомдап, өнегелі өмірін насихаттауға арналды.

***Түйін сөздер:** рухани жаңғыру, ұлттық сана-сезім, ұлттық-рухани тамыр, Қажымұқан, бейнелеу өнері, түстік реңдер, портрет*

Е.Б. Кайшыбек

*старший преподаватель кафедры «Творческих специальностей»
института «Искусства, культуры и спорта» КазНПУ имени Абая,
член Союза художников Казахстана, г.Алматы, Казахстан*

ВОСПИТАНИЕ НАЦИОНАЛЬНОГО САМОСОЗНАНИЯ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ ЧЕРЕЗ ПРОИЗВЕДЕНИЯ ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОГО ИСКУССТВА

Аннотация

Произведения изобразительного искусства оказывают неограниченное влияние на формирование у молодого поколения национального самосознания. Любой народ в своем творчестве обобщает знаменательные события, именитых героев через художественный образ, выражая свои взгляды. В истории нашего народа один из героев, который может служить примером для молодого поколения, – это великий борец Кажымукан Мунайтпасулы. Не случайно, что я захотел внести свою лепту в изображение образа прославленного борца. Поскольку сам с детства занимался греко-римской борьбой, мне не чуждо искусство борьбы. Сегодня часть моих произведений посвящена образу Кажымукана, популяризации его жизни.

Ключевые слова: *духовная модернизация, национальное самосознание, национально-духовные корни, Кажымукан, изобразительное искусство, цветовые оттенки, портрет*

E.B. Kaishybek

the senior teacher of the department of "Creative specialties" of the institute of "Art, culture and sport" of Kazakh National Pedagogical University named after Abai,, member of Union of artists of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan

EDUCATION OF NATIONAL CONSCIOUSNESS OF FUTURE TEACHERS THROUGH WORKS OF FINE ART

Abstract

Works of fine art have an unlimited influence on the formation of the national self-consciousness in the younger generation. Any nation in their work generalizes significant events, famous heroes through the artistic image, expressing their views. In the history of our nation, one of the heroes that can be an example to follow for younger generation is the great fighter Kazhimukan Munaytpasuly. It is not by chance that I want to contribute in representation of the image of the famous wrestler. As I was engaged in Greco-Roman wrestling since childhood, the art of fighting is not unfamiliarly to me. Today, part of my works is devoted to the image of Kazhimukan, the popularization of his life.

Keywords: *spiritual modernisation, national consciousness, nationally-spiritual roots, Кажымукан, fine art, colour tints, portrait*

«Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді», - дейді Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында [1]. Еліміз жаңа тарихи кезеңге қадам басып отырған қазіргі кезде жоғары оқу орындарында мамандық негіздерімен қатар, тәрбие беру мәселесіне жаңаша көзқарас тұрғысынан қарап, студенттердің ұлттық сана-сезімін, мінез-құлқын қалыптастыруды көздейтін ұлттық тәрбиенің нысандары мен әдістерін жетілдіру талап етіледі. Қазақ ағартушысы М.Жұмабаев: «...Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті», - деген. Демек, қоғамдағы қол жеткен тәрбиелік жақсы дәстүр атаулыны пайдаланып, биік адамгершілік қасиеттерге баулу – педагогтың басты міндеті. Ендеше педагогикалық жоғары оқу орындарында тіл маманы болсын, математик болсын, суретші болсын – ең алдымен педагог дайындалатынын, болашақта еліміздегі кез-келген жаңарулардың, небір ұлы істердің көш басында солар тұратынын еш естен шығармауымыз керек. Н.Ә.Назарбаев: «Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды», - дейді [1]. Осы орайда студенттерге қазақ халқының этностық ерекшеліктерін, тарихы мен мәдениетін, сондай-ақ халықтың даңқты ұл-қыздарының өр бейнелерін дәріптеудің маңызы арта түседі. Жалпы Қазақстанда тұратын халықтардың қазақ

халқының ұлттық тарихына деген қызығушылығын дамытып, сүйіспеншілігін арттыру олардың патриоттық сезімін тәрбиелеуде басты бағдар болатыны хақ.

Жас ұрпақты тәрбиелеуге, олардың жігерін жанып, асыл сезімдерін ұштауға, ұлттық сана-сезімін оятуға бейнелеу өнері шығармаларының тигізетін ықпалы шексіз. Қай халық болмасын, өз шығармашылығында елеулі оқиғаларды, айтулы батырларын көркем бейне арқылы жинақтап, өзінше бағалайды, өзінің көзқарасын білдіреді. Сол бейне – халықтың алып қуатының, қажымас қайратының көрінісі. Бұл бүгінде табандылық, батылдық, қайсарлық туралы біліммен бірге, тағлымды тәрбие беріп, ұлағатты өнеге көрсету қажет болып отырған уақытта аса маңызды.

Рухани жаңғыру жолында ұлттық сана-сезімді оятып, берік бекітетін адамның өз ұлты үшін мақтаныш сезімі, ұлттық өнегесі, ғибраты. Халқымыздың тарихында жас ұрпаққа үлгі-өнеге болатын тұлғалардың бірі – Қажымұқан Мұңайтпасұлы. Ол қазақ тарихындағы тұңғыш кәсіпқой палуан, күрестің бірнеше түрінен әлем чемпионы атанған тұңғыш қазақ алыбы! Тұтас ғұмырын күрес өнеріне арнап, ұланғайыр жері мен өршіл халқын бірінші болып өзге жұртқа паш еткен, өзінен бұрынғы қандастары баспаған топырақты басып, көрмеген елді көріп, өзге қазақ тақпаған алтын, күміс медальдарды мойнына тұңғыш ілген. Теңдессіз өнерімен жер шарын аралаған, 28 мемлекетте күреске түсіп, 56 медаль олжалаған Қажымұқандай мықты ХХ ғасырдың басында түркі халықтарының ішінде қазақта ғана болды.

Қажымұқан Мұңайтпасұлы 1883 ж. (бұрынғы деректерде 1871 ж.) Ақмола облысының Қараөткел ауылында өмірге келген. Оның палуандық жолы 1901 ж. басталады. Омбы қ. циркте орыс палуаны Иван Злобинмен белдеседі. Қазақ баласының ерен күшін көрген ол Мұқанға Петербургтегі күрес мектебіне түсуге кеңес береді. Сөйтіп, Мұқан Иван Лебедевтің күрес мектебінде екі жыл оқиды. Ол алғашқы ірі табысқа 1908 ж. жетті. Германияның Кельн қаласында өткен жарыста немістің атақты палуаны Генрих Веберді жеңіп, бірінші рет әлем чемпионы болды. 1909 ж. Рига қаласында дүние жүзінің атақты палуандары қатысқан үлкен жарыста бас бәйгені жеңіп алды. Ал 1910 ж. Варшавада өткен халықаралық жарыста кіші алтын медальға ие болды. Аргентинаның астанасы Буэнос-Айрес қаласында еркін күрестен өткен жарыста үлкен алтын медаль алып қайтты. 1911 ж. Мекке-Мединеге барып, Джидда қаласында өткен жарыста 25 палуанды жыққаны үшін «қажы» атағы беріліп, Қажымұқан атанды. Қажымұқанның жеңісті жолдары жалғасып, Тегеран мен Кабулда, Мекке мен Мединеде өткен жарыстарда бірқатар жеңістерге жетті. 1913 ж. Троицк қаласында, 1914 ж. Парижде әлем чемпионы атағын жеңіп алды. Ол тумысынан алып күш иесі еді: бойы 195 см, салмағы 130 кг болған. Қажымұқан 1948 ж. 12 тамызда Оңтүстік Қазақстан облысындағы Темірлан ауылында дүние салды. Астана және Шымкент қалаларындағы орталық стадионға ұлы палуанның есімі берілген. Алматы, Астана, Семей, Шымкент қалаларында Қажымұқан атындағы көшелер бар.

1927 ж. Қажымұқан Мұңайтпасовқа «Қазақ даласының батыры» атағы берілді. Атамыздың өмірінен айта кететін тағы бір дерек: палуан Ұлы Отан соғысы жылдарында жасының егде тартқанына қарамай ел аралап, күш өнерін көрсетіп, жиналған жүз мың сом қаржыға ұшақ жасатып, оған Амангелді Имановтың есімін бергізіп, майданға жіберді. Қазақ ұшқышы Қажытай Шалабаев осы ұшақпен 120-дан аса жауынгерлік тапсырма орындады. Неткен өнеге – нағыз отансүйгіштіктің жарқын үлгісі!

Осындай даңқы жер жарған, халқымыздың мақтанышы, әйгілі тұлғаның бейнесін паш етуге мен де өз үлесімді қосқым келді. Өйткені спорт, оның ішінде палуандық өнер маған жат емес еді. Өзім бала кезден грек-рим күресімен (бұрын французша, кеңес кезінде классикалық күрес деп аталып келді) айналыстым. Оның үстіне, Алматыдағы Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы Республикалық спорт мектеп-интернатындағы қазақ бөлімінің алғашқы түлегімін. КСРО спорт шеберімін. Сондықтан болар, Қажымұқан атамыздың

тұлғасы маған өте жақын, ерекше тартып тұрады. Бүгінгі таңда шығармашылығымның біраз бөлігі атамыздың бейнесін сомдап, өнегелі өмірін паш етуге арналған.

«Кез келген суретші өзіне ұнаған модельдерді таңдап, оған әлдебір әсер қалдырмаса, оның портретін жазбаған болар еді. ...көпшілік портреттер суретшінің ішкі сезімінен, сол адамға деген қызығушылығынан... туындайды», - дейді әріптесім Р.Б.Мизанбаев [5]. Маған ерекше әсер еткені палуанның Харбинде өткен Халықаралық турнирде көрсеткен өнері еді. Мұнда ол бірінші орынға ие болып, үлкен алтын медальды өңіріне қадады. Харбин сапары Қажымұқанның даңқын аспанға көтерді. Басты оқиға – атамыздың өзіне таныс емес «джиу-джитсу күресі» бойынша белдесуі. Сол турнирде күрестің джиу-джитсу түрімен әлемге әйгілі болған жапон палуаны Саракики Жиндофумен шығады. Бұл жекпе-жектің 1911 ж. (кейбір мәліметтер бойынша, 1905 ж.) болғаны айтылады. Француз күресінен ресми чемпионат аяқталған кезде, Саракики кілемге шығып, джиу-джитсу күресімен кез-келген палуанды жеңе аламын деп жариялайды. Бұл үндеуді тек Қажымұқан ғана қабылдайды. Жекпе-жек кезінде Саракики Қажымұқанның құлағы мен астыңғы ернін жарақаттайды, қаны қызған Қажымұқан Саракикиді кілемге атып жығады. Осы жекпе-жектен кейін Саракики қайтыс болған.

Менің Қажымұқан жайындағы алғашқы картинам осы жеңісінің лебімен жазылған болатын. «Қажымұқанның Саракикимен жекпе-жегі» деп аталады (1-сурет). Әсерлі айқасты кенеп бетіне бейнелеу үшін палуан атамыздың өмірбаяны мен спорттағы жетістіктерін мұқият зерттеу керек болды. Ақ-қара фотоларды түрлі-түсті бояуларға айналдыру үшін сол заманның тұрмыс-тіршілігімен мүмкіндігінше толықтай танысу керек. Күрестің әдіс-тәсілдерінен де хабардар болу қажет. Сонымен қатар Саракикидің образын бейнелеу үшін деректі құжаттарға сүйену керек. Осындай мағлұматтардан кейін ғана композицияны ойластыруға болады. Мұнда қос палуанның арасындағы айқастың бір қасқағым сәті бейнеленген. Бұл жерде екі алыптың да күш атасы екенін көрсету, қайтпас қайсарлықтарын байқату, нартәуекелге бел буып, жанпидалыққа бару ерекшеліктерін, Қажымұқанның басымдығын, түбінде жеңетінін көрерменге жеткізу қажет болды. Сонымен қатар реалистік живописьтің заңдылықтарын сақтай отырып, оқиғаны мүмкіндігінше шынайы бейнелеуге тырыстым. Бұл жерде түстік реңдердің контрастылығы, бояулардың үйлесімділігі, бояудың жағылу техникасы да аласапыран айқасқа ерекше динамика беріп тұр. Аталған картина 2017 жылы Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайында республикалық көрмеде болып қайтты.



Келесі картина – Қажымұқанның портреті (2-сурет). Екі қолын кеудесіне айқастырып, бұлшық еттері ойнап, кеудесі жалаң, өз күшіне өзі сенімді, көрерменге қарап тұрған бейнесі батылдықты, ержүректілікті айғақтап тұрғандай. Белінде қайыстан жасалып, күміспен әшекейленген жалпақ белбеу, басында ұлттық тақия. Осының бәрі палуанның қазақ ұлтынан екенін паш етіп тұр. Бұл жердегі мақсат Қажымұқанның таза бейнесін ашу еді. Палуан XX ғасырдың басында цирк аренасында өнер көрсеткен. Сондықтан фонында сол заманға сәйкес көрерменге лық толы цирк аренасы салынған. Аренаның ортасында күресіп жүрген екі палуан бейнеленген. Картинада бояудың байлығы, суық түс пен жылы түстердің өзара үйлесімділігі, негізгі фигура мен арғы фонның арасындағы кеңістік, ауа – осының барлығы көрерменге ерекше әсер етеді деп білемін. Портрет 2015 ж. желтоқсанда Қазақ хандығының 500 жылдығына арналған республикалық көрмеде бой көрсетіп, өзіндік оң бағасын алды. Бүгінгі таңда атамыздың осы портреті заманымыздың атақты палуаны, атамыздың ізбасары, қазақтың біртуар ұлы Дәулет Тұрлыхановтың жеке коллекциясында сақтаулы.

Палуанның өмірбаянын зерттеп жүріп, 1933 ж. Петропавловск қаласында түскен фотосын тауып алдым. Сапасы нашар ескі фото болса да, атамыздың отырған болмысы ерекше әсер етті. Сондықтан болар, егде жастағы палуанның осы бейнесін суреттегім келді (3-сурет). Көпті көрген, боз кілемде талай тер төгіп, жеңістің дәмін татқан, жауырыны жерге тимеген, қызығы мен шышығы мол алағайым заманды артқа тастап, асқар таудай болып отырған ерекше тұлғасын кенеп бетіне бейнелеу мен үшін аса толқыныс болды. Қарт та болса, палуандық пішіні сақталған Қажымұқанды сол заманына сай бейнелеу, спорттағы жетістіктерін көрерменге паш ету, жалпы күш атасының образын ашу ерекше ізденіс пен еңбекті талап етеді. Осы портретте атамыздың ерекше қасиеттерімен қатар, оның қазақ даласының тұлғасы екенін күнге күйген, желге қақталған бет әлпетінен, артындағы көрінер-көрінбес ою-өрнектерден байқауға болады. Екі тізесінің үстінде жатқан алпамсадай қолдары алып күш иесі екенін, керіліп, тік ұстап отырған кеудесі өрлігі мен ержүректігін айғақтайды. Артқы фондағы ескі плакаттың ертеден сақталып келгендігін көреміз. Ондағы орысша жазудан палуанның бір кезде жарысқа қатысқан афишасы екенін байқаймыз. Афишада аты-жөні мен әлем чемпионы болған жылдары көрсетілген. Осы арқылы көрерменге қарт палуан жайында мөлтек мәлімет жеткізілгендей. Бұл картина бүгінгі күні Ә.Қастеев атындағы МӨМ орталық көрме залында «Суретші уақыт ағымында» атты республикалық көрмеде тұр.



3-сурет



4-сурет

Қажымұқанның келесі бейнесі салтанатты портрет арқылы көрсетілген (4-сурет). Салтанатты портреттің басқа портреттерден ерекшелігі – мұнда бейненің сыртқы пішініне көп мән беріледі. Сондықтан палуанның сыртқы бейнесі мен портреттік ұқсастығына ерекше көңіл бөлінді. Мұнда Қажымұқанның екі қолын артқа ұстап, тік тұрған бейнесі суреттелген. Кеудесінде оң иығынан қиғаш асылған көгілдір жалпақ лента бар, онда бүкіл лента толған медальдар мен ордендер. Сонымен қатар мойнына таққан алқалары да бар. Негізі атамыздың әлемді аралап, жеткен жеңістерінің нәтижесі елуден астам медальдар мен ордендер екен. Оның ішінде бүгінгі күнге дейін сақталып қалған тек үш наградасы ғана бар. Оның өзі Оңтүстік Қазақстан облысында Қажымұқан атындағы спорт мұражайында сақтаулы. Экспонаттың ішінде 1910 жылы парсы елінің чемпионы Маршрутқа қарсы соңғы айқаста жеңіске жеткені үшін Парсы елінің ханзадасы Қажымұқанға берген «Алтын Арыстан мен Күн Ордені» бар. Манчжурияның «Береке» ордені Қажымұқанға Жапония чемпионы Саракики Джиндофуды жеңгені үшін берілген. Және үшіншісі – 1913 жылы Литва еліндегі халықаралық турнирде жеңіске жеткені үшін берілген медаль. Қалған төсбелгілері ескі фотоларда көрсетілген. Әрине, ақ-қара фотолардан бұл наградаларының таза көрінісін тану өте қиын, сондықтан әрбір медальдары мен ордендерін тарихи деректерге сүйене отырып ізденіп, зерттеудің арқасында шамалап келтіруге тура келді. Сонымен бірге, белінде «Король Сегизмунд белдігі» бейнеленген. Ол осы белдіктің екі дүркін иегері болған екен. Бұл белдік те сол мұражайда сақтаулы тұр. Портреттің төменгі жағында көне рим палуандарының статуясы бейнеленген. Бұл Қажымұқанның палуан екенін көрсету үшін салынған. Сондай-ақ қараторы, шымыр жігіттің басындағы тақия фотосуреттен алынған, ол Азиядан шыққандығын, дәлірек айтқанда, қазақ даласының тумасы екенін анықтап тұрғандай.

«Ұлт мақтанышы біздің бұрынғы өткен батыр бабаларымыз, данагөй билеріміз бен жырауларымыз ғана болмауға тиіс. Мен бүгінгі замандастарымыздың жетістіктерінің тарихына да назар аударуды ұсынамын», - дейді Н.Назарбаев [1]. Тарихи тұрғыдан алғанда бір ғасырға толар-толмас уақыт бұрын өмір сүрген, оның көзін көрген адамдар әлі де ортамызда жүрген тұлғаны замандасымыз деп айтуға толық негізіміз бар. Мақсатым портреттері арқылы Қ.Мұңайтпасов жөнінде толық мағлұмат бере отырып, ол туралы жазылған портреттер мен картиналардың мазмұнымен таныстыру, ондағы негізгі идеяны

ұғындыру. Студенттердің ғана емес, жалпы көрерменнің тарихи танымын дамытып, оларды шыдамдылыққа, салауатты өмір салтын ұстануға, ел намысын қорғауға тәрбиелеу. Олар Қажымұқанның қазақ халқының мақтанышы, күш атасы, Отанын сүйген қаһарман батыр екенін таниды. Оның өмірі, спорт пен цирктегі өнері туралы білім алады. Қажымұқан атамыздың барша өмірі – нағыз отансүйгіштіктің, шынайы ұлтжандылықтың айғағы. Ал ұлтжандылық – ұлттық жаңғырудың берік негізі.

Қорыта келе айтарымыз, ұлттық жаңғыру дегеніміз ұлттық санамен тығыз байланысты. Оның түпкі мақсаты – ұлттық бірегейлікті сақтап, ел ішінде бейбітшілік пен келісімді үйлестіре отырып, рухани байлық пен ұлттық береке-бірлік салтанат құрған, бәсекеге қабілетті, табысты ел болу. Ал рухани байлық ең алдымен әр халықтың ұлттық әдет-ғұрпында, мәдениетінде, өнері мен шыққан түп тамырында жататыны белгілі. «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай», - деп ескертеді жоғарыда аталған мақаласында Елбасымыз Н.Назарбаев [1]. Сол ұлттық құндылықтарды бүкіл адамзаттың өз ұрпағын тәрбиелеудегі, білім берудегі озық ұстанымдарымен байланыстыра отырып, әр баланың қабілетін, талантын ашып, өзіне-өзінің сенімін нығайтып, өзіне жол ашуына түрткі жасауымыз қажет. Осы орайда баршаның міндеті – ұлттық құндылықтарымызды, салт-дәстүрімізді жандандырып, сана-сезімі жоғары ұрпақты тәрбиелеу, сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айрылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». [Электрон.ресурс]. – 2016. – URL:<https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>, 2017
- 2 Тәнекеев М. «Қажымұқан кітабы». – Алматы, «Білім», 2001
- 3 Әбдіқадыров Қ. «Қажымұқан». – Алматы, «Жалын», 1981
- 4 Бүркітбаев Ә. «Қажымұқан». – Алматы, 2013
- 5 Мизанбаев Р.Б. «Портрет жазудың әдістеме жолдары». – Алматы, «Хабаршы», 2017, № 1(50)

УДК 765.757
МРНТИ 21.37.65

М.Қ.Байсеңгіров

*Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының
аға оқытушысы, Арқалық қ., Қазақстан*

12 ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА САРАЛАП ЖӘНЕ ДЕНГЕЙЛЕП ОҚЫТУДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУ АМАЛДАРЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада қазіргі заманауи білім беруге байланысты 12 жылдық білім берудің жай-жапсары талданып, оқыту технологиялары мен педагогикалық жүйеге сипаттама жасалған. Сондай-ақ оқушыларды деңгейлеп және саралап оқытудың мәселелері мен тиімділігі

қарастырылған. Өсіп келе жатқан ұрпақтың білім алуын жаңа бағытқа салу үшін оқытудың дәстүрлі емес сабақ түрлері мен жаңа әдіс-тәсілдерін қолдану, екіншіден, жалпы білім беретін мектептегі оқу жүйесінің мазмұнына өзгерістер енгізу, үшіншіден, оқушылардың ойлау қабілеті мен жаңалықтарды тез қабылдауын қалыптастыру жолдары мен алған білімдерін өмірде қолдана білу дағдысы жайында сөз болады. Оқытудың тиімді технологиялары негізінде оқушы мен ұстазға бірдей қолайлы жағдай тудырып, оқу үрдісін ұйымдастыруды жетілдіру, бірлескен педагогикалық іс-әрекетті жобалаудың жан-жақты ойластырылған үлгісі, педагогикалық жүйенің белгілі бір қабілеті бар дара тұлғаны қалыптастыруға бағытталған педагогикалық әдістер мен тәсілдердің өзара байланысқан бірлігі жан-жақты талданып, қазіргі дидактикалық білімдер жүйесінде педагогикалық технология және оқыту технологиясы деген ұғымдардан педагогикалық оқыту технологиясы ұғымы кең, ауқымдырақ екендігі баяндалған. Деңгейлеп, саралап оқыту технологиясын пайдаланудың оқушы белсенділігін арттырып, білімін саралап қана қоймай, қол жетімді нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндігі мол екені толық ашып көрсетілген.

Түйін сөздер: 12-жылдық білім беру, педагогикалық технологиялар, деңгейлеп, саралап оқыту сатылары.

М.Қ. Байсенгиров

*Старший преподаватель Аркалыкского государственного педагогического института им. И.Алтынсарина
г. Аркалык, Казахстан*

ПРИЕМЫ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ЗНАНИИ В УСЛОВИЯХ 12-ЛЕТНЕГО ОБУЧЕНИЯ ПРИ ПРИМЕНЕНИИ ИНДИВИДУАЛЬНОГО И ДИФФЕРЕНЦИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ

Аннотация

В этой статье рассматриваются некоторые нюансы 12 летнего образования, а также технология и педагогическая система, связанные с современным образованием. Также рассмотрены проблемы и эффективность индивидуального и дифференцированного обучения. Здесь, во-первых, рассказывается применение методов и приемов нетрадиционных форм уроков в школе для того, чтобы направить подрастающее поколение в новое русло, во-вторых, внести изменения в содержание учебной системы средней образовательной школы, в третьих, формировать у нынешнего поколения быстро воспринимать новшества и развивать мышление и умения применять новшества в жизни. Рассуждается в этой статье о том, что технология образец проектирования для учителя и ученика, для того чтобы создать условие комплексной педагогической деятельности, направленной на формирование личности, как средство организации педагогического действия. Анализируется понятие технология и технология обучения, разъясняется, что эти понятия не обширнее, чем педагогическая технология обучения. Дается понятие о том, что применение технологии индивидуального и дифференцированного обучения не только повышает активность ученика, но и ведет к доступным результатам в учебной деятельности учащихся.

Ключевые слова: 12-летнее образование, педагогические технологии, поэтапность обучения, индивидуальное обучение, дифференцированное обучение.

Baisengirov M.K.

RECEPTIONS THE IMPROVEMENT OF THE QUALITY OF KNOWLEDGE WHEN USING 12-YEARS OF LEVEL AND SELECTIVE TRAINING IN THE TEACHING

Abstract

This article describes the transfer of knowledge of technology and pedagogical systems related to 12-year education in modern times. It also provides for the effectiveness of training level and selectively. Here, firstly, the application of methods and techniques of non-traditional types of lesson in school is given so that the younger generations are directed to the right direction, secondly, to change the content of the educational system of the secondary education school, thirdly to form the perception of the current generation to quickly perceive innovations and thinking, to that the correct use of innovation in life. This article argues that the technology sampled designing for the teacher, as well as for the student, in order to create a condition for complex pedagogical activity aimed at shaping the personality, as a means of organizing pedagogical action, the current didactic educational system is described; The concept is given that the technology of learning by levels and selectively not only adds student activity, but also leads to accessible results in students' learning activities.

Key words: 12-year education, pedagogical technologies, gradual learning, by levels and selective №

Еліміздегі жаңа білім беру реформасы 12 жылдық білім беруге көшу арқылы шығармашылықпен дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған жаңа ұлттық үлгіні жасауды және әлемдік білім беру кеңістігіне енуді қамтамасыз етуді көздейді. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында 2020 жылға қарай еліміздің білім беру жүйесі толықтай 12 жылдық білім беруге көшеді деп жоспарланған. Аталған мәселені жүзеге асыру үшін тұтас педагогикалық үдеріс пен білім мазмұнын жетілдіріп, технологияландыру қажеттілігі туындап отыр. Барлық педагогикалық жүйе құрамы мен бөлімдерінде «инновациялық», «технологиялық» үрдіс іске асуы үшін төмендегідей жұмыстар жүргізілуі қажет.

Біріншіден, өсіп келе жатқан ұрпақтың білім алуын жаңа бағытқа салу үшін оқытудың дәстүрлі емес сабақ түрлері мен жаңа әдіс-тәсілерін қолдану. Екіншіден, жалпы білім беретін мектептегі оқу жүйесінің мазмұнына өзгерістер енгізу. Үшіншіден, оқушылардың ойлау қабілетімен жаңалықтарды тез қабылдауын қалыптастыру және ол жаңалықтарды өмірде қолдана білуге үйрету [1, 22 б.].

Технология – грек. шеберлік деген ұғымды білдіреді. Бұл сөздің мағынасы – педагогика саласында қолданғанда шеберлікпен өнім алу, нақты нәтижеге жету. Технология – оқушы мен ұстазға бірдей қолайлы жағдай тудырушы оқу үрдісін ұйымдастыру және жүргізу, бірлескен педагогикалық іс-әрекетті жобалаудың жан-жақты ойластырылған үлгісі. Ал педагогикалық жүйе дегеніміз – белгілі бір қабілеті бар дара тұлғаны қалыптастыруға бағытталған педагогикалық әсерді ұйымдастыруға қажет құралдар, әдістер мен тәсілдердің өзара байланысқан бірлігі. Қазіргі дидактикалық білімдер жүйесінде педагогикалық технология және оқыту технологиясы деген ұғымдар туындауда. Педагогикалық технология ғылымының мәні оқыту технологиясы ұғымынан кең, ауқымдырақ. Педагогикалық технология оқу-тәрбие үдерісінің шығармашылықпен терең ойластырылған көптеген факторларының үйлесімділігі, оқыту мен тәрбиелеудің тиімділігін қамтамасыз ететін жаңа

құрамдас бөлігі. Ресей педагогы Лихачев Б.Т. – «педагогикалық технология – оқытудың, тәрбие құралдарының арнайы жиынын, әдіс-тәсілін анықтайтын психологиялық-педагогикалық нұсқаулар бірлестігі, педагогикалық ықпал етудің ғылыми-педагогикалық сипаты», – деп анықтайды [2, 52 б.].

12 жылдық білім жағдайында білім сапасын арттыруға және нәтижеге бағытталған оқыту технологияларының бірі – деңгейлеп, саралап оқыту технологиясы. Деңгейлеп, саралап оқыту технологиясын пайдалану оқушы белсенділігін арттырып, білімін саралап қана қоймай, қол жетімді нәтижеге жеткізуді көздейді. Деңгейлеп, саралап оқыту технологиясы оқыту педагогикалық технологиясында алынған нәтижеге сәйкесті білімді меңгеру деңгейлері түрінде анықталады.

Бұл жағдай: а) оқушының оқу материалын жеңілден күрделіге қарай жүйелі меңгеруі;

ә) алынған нәтижені өлшеуге болатындығы;

б) оқу үрдісінің жарыс түрінде ұйымдастырылуы;

в) бағалаудың жетелеушілік қасиеті;

г) дамыта оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдануға ыңғайлы жағдайлар жасалуы, т.б. себептерге байланысты оқушының оқу материалын қажетті минимум деңгейінде меңгеруіне жағдай жасайды. Меңгерудің әр кезекті деңгейіне өтіп отырған сайын ынта, белсенділік, білік пен дағды да өсіп отырады. Ендеше оқыту технологиясын оқу үрдісіне енгізу – білім сапасын қажетті деңгейде қамтамасыз етуге оны көтеруге, тіпті басқаруды қамтамасыз етеді.

Деңгейлік саралау негізіндегі педагогикалық технология мазмұнының ерекшелігі:

- жеке құрылымдарға бағдар беру;

- білім мазмұнының сипаты мен көлемі, оқу жоспарының, материалының, баяндау түрлерінің дидактикалық құрылымы [3, 14 б.].

Оқушылар бір сыныпта, бір бағдарлама және бір оқулық бойынша оқи отырып, материалды әр түрлі деңгейде игере алуы деңгейлік саралау деп аталады. Сондықтан міндетті дайындық деңгейі анықтаушы шарт болып табылады. Міндетті дайындық деңгейіне жету оқушының игеруге қойылатын қажетті талаптарды орындағанын сипаттайды. Осының негізінде материалды игерудің жоғарырақ деңгейлері қалыптасады. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясында жұмыс міндетті үш деңгейлік, қосымша шығармашылық деңгей талаптарынан тұрады. Оның басты мақсаты – білім алушыларды «қабілетті», «қабілетсіз» деген жіктерге бөлуді болдырмау, оқытудың тиімділігін арттыра отырып, сапалы білімге қол жеткізу. Сабақта қандай оқушы болмасын, жақсы оқитынына қарамастан жұмысты І деңгейден орындайды. І деңгей тапсырмаларын орындау мемлекеттік білім стандарты талаптарының орындалуына кепілдік береді.

І деңгейді орындаған оқушы «3» деген бағамен бағаланады. Әрбір оқушы І деңгейді орындауға міндетті және одан жоғарғы деңгейдегі тапсырмаларды орындауға құқылы. Осы тұрғыдан алғанда үлгерімі төмен, баяу оқушы жақсы оқитын оқушыға ілесе алмай жатса не істеуге болады? – деген сұрақ туады. І деңгейден аса алмай жатқан жағдайда қалған тапсырмаларды үйде орындауға беру керек. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының екінші бір жағы – оқушыларды дүниежүзілік білім жүйесінде қолдананылаты рейтинг-ұпай жинау әдісіне баулу.

Бұл деңгейлердің тапсырмаларына төмендегідей талаптар қойылады:

I - деңгейдегі тапсырмаларға:

1) жаттап алуға лайықталған болуы керек;

2) алдыңғы сабақта жаңадан меңгерілген білімнің өңін өзгертпей қайталап, пысықтауына мүмкіндік беруі тиіс;

3) тапсырмалар жаңа тақырып үшін типті және өмірмен байланысты болуы керек;

II - деңгейдегі тапсырмаларға:

1) өтіп кеткен материалдарды реттеуге және жүйелеуге берілген тапсырмалар. Бұлар өзгертілген жағдайлардағы тапсырмалар, яғни бұрынғы тапсырмаларға ұқсас, бірақ оларды орындау үшін алғашқы алған білімдерін түрлендіріп пайдалану қажет.

2) оқушының ойлау қабілетін жетілдіруге берілетін тапсырмалар. Оларда біздің ұлттық ерекшеліктеріміз ескеріліп, танымдық және үйретімділік маңызы болуы қажет болады.

III - деңгейдегі тапсырмаларға:

1) танымдық – іздену (эвристикалық) түрдегі тапсырмаларды орындау барысында оқушылар жаңа тақырып бойынша меңгерген алғашқы қарапайым білімдерін жетілдіріп, тереңдетумен қатар, ол тағы да жаңа білімді меңгеріп, өзі үшін жаңалық ашуы тиіс;

2) әртүрлі әдіс, тәсілдермен орындалатын тапсырмалар;

3) оқушылардың жинаған өмірлік тәжірибесі мен қалыптастырған ұғым, түсініктерінің, қиялы мен белсенді ой еңбегінің нәтижесінде жаңаша, бұған дейін болмаған, белгілі бір дәрежеде олардың жеке басының икемділігін байқататын дүние жасап шығуына негізделген, өздігімен құрастыру және оны өздігімен шығаруға бағытталған, ой қорытуға арналған, дағды қалыптастыратын тапсырмалар.

Демек, бұл тапсырмалар – оқушылардың біліктілігі мен дағдысын қалыптастыру және оны бағалау деңгейі болады. Ал тиімді бағалау – сапалы білім мен нәтижеге кол жеткізудің басты шарты. Болашақ мамандарды даярлау барысында кәсіптік пәндерді оқытуда деңгейлеп, саралап оқытудың тиімділігі мен мүмкіндіктері мол. Онда оқушыларға 3 деңгейлі тапсырма негізінде құрылған білімді бекіту мен тәжірибеде қолдануға бағытталған жұмыс дәптері ұсынылды: Ұсынылып отырған жұмыс дәптері – сенің біліміңнің көрсеткіші. Әр сұраққа жауап беру арқылы сенің білім деңгейіңді анықтап аламыз!

I деңгей – міндетті (алгоритмдік) деңгей онда 5 тапсырма берілген, әрқайсысына бір балдық ұпаймен бағалау жүргізіледі.

1.«Менеджмент» – ағылшынның «manage» сөзінен шыққан қазақша баламасы деп түсіндіреді.

2. Педагогикалық менеджмент оның ғылыми негізін қарастыратын педагогиканың саласы деп аталады.

3. Білім беру үрдісін басқарудың кешенді принципімен технологиялық тәсілдерінің жиынтығы.

Оқу-тәрбие үрдісіндегі психологиялық ұйымдастырушылық және әдістемелік сипаттағы күрделі үрдістер мен қатынастарды реттеу ұйымды басқару мен ұйымдастыруға байланысты адамдар қызметінің түрі:

а) менеджмент

ә) басқару

б) бақылау

в) ереже

г) ұстаным

II деңгей күрделілігі жағынан орташа деңгейдегі тапсырмалар беріледі. Тапсырманы орындаудағы ұпай саны – 10 балл.

Берілген тұжырымдамалардың ішінен дұрыс жауапты таңдап, өз пікіріңізді дәлелді сөйлеммен баяндаңыз:

- педагог менеджер өз қарамағындағылармен кикілжіңсіз әрі тиімді жұмыс істей алуы үшін қажетті білім қоры болуы керек.

- педагог менеджер кәсіби жоғары білікті болуы қажет.

- педагог менеджер қызметіне жақсы басшы болса, жеткілікті.

III деңгей – күрделі немесе эвристикалық (шығармашылық) деңгейдегі тапсырма. Бағалау 15 балдық ұпаймен жүргізіледі [4, 32 б.].

Осындай жүйеде жұмыс жүргізу үшін ЖОО студенттерінің оқитын пәндеріне жоғарғы оқу орындарында алатын білімдерінің жағымды, нық екендігін анықтайтын мотивация

болып есептелетін нәрсе: оқу материалының мазмұны; оқу әрекетін ұйымдастыру; оқу әрекетінің ұжымдық түрі; оқу әрекетін бағалау; педагогикалық іс-әрекет стилі [5, 156 б.].

Ақпараттық-коммуникативтік іс-әрекетте: көркем туындыны сәйкесінше қабылдау және оның мазмұнын беру қабілеттілігі; өнер туындыларымен және оқушылар бір-бірімен өнер бойынша қарым-қатынас жасай алу, пікір алмаса алу; тілдің сәйкес көркем құралдары мен таңбалық жүйелерін таңдау және пайдалану білігі; әртүрлі ақпарат көздерін пайдалана алу дағдылары қалыптасады [6, 38 б.].

12 жылдық мектептің басты ерекшелігі – баланың жан-жақты дамуына, өз пікірі мен ойын ашық жеткізуіне, әр адамға табиғатынан берілген шығармашылық әлеуетін толық іске асыруына ықпал ететін, өзін-өзі танып, келешегін айқындауға саналы түрде дайын болуға, қоғамның мәдени, саяси және экономикалық өміріне белсенді араласуға жағдай тудырады.

Оқыту технологиясы – оқытудың тиімді жолдарын зерттейді, ғылымда оқыту үрдісіне қолданылатын әдістер, тәсілдер мен қағидалар жиынтығы. Ол оқыту үрдісінде нақты жүйе қызметін атқарады.

12 жылдық білім – нәтижеге бағытталған, әлемдік білім беру жүйесі негізінде сапалы білім алуға негізделген жүйе болса, білім сапасы – білім беру мекемелеріндегі оқыту мен тәрбиелеу қызметтерінің түрлі жоғары көрсеткіштерінің жиынтығы. Білім сапасы білім беру мазмұны, оқыту түрлері мен әдістері, технологиялары негізінде анықталады.

Тиімді де орынды пайдаланылған оқыту технологиясы сапалы білім негізі бола алады. Мұндай сабақтарда оқушылардың тапсырылған жұмыстарға іскерлігі, болашақ маманның кәсіби шеберлігі қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Абылкасымова А.Е. 12-летка - это не просто 10+2, а обновление структуры и содержания школьного образования / Материалы республиканского семинара-совещания. – Алматы, Білім, 2015. -22 б.*
2. *ҚР білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.– 2011. – 52 б.*
3. *Омарова В.К., Нұрғалиева А.Қ. Жалпы білім беретін мектептің 12 жылдық оқытуға ауысуының мәселелері/ Омарова В.К., Нұрғалиева А.Қ. – Алматы, 2015.– 14 б.*
4. *Сейдина Б.З. 12 жылдық білім беру жайындағы менеджмент (әдістемелік құрал)/ Сейдина Б.З. – Арқалық, 2013.– 32 б.*
5. *Какимова Л.Ш. Актуальные проблемы педагогики музыкального образования в системной модернизации вузовского педагогического образования в Казахстане // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Көркемөнерден білім беру: өнер – теориясы – әдістемесі» сериясы, № 2(47) 2016ж. –156 б.*
6. *Қожағұлов Т.М., Әлдібаева С.Ә. Көркем мәдениет бейнелеу өнерін оқыту нәтижесі ретінде // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Көркемөнерден білім беру: өнер – теориясы – әдістемесі» сериясы, № 4(37) 2013ж. – 38б.*

УДК 338.82

Е.Б. Қайшыбек

КӨРКЕМ ҚАБЫЛДАУДЫ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-СУРЕТШІЛЕР КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІНІҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Мақалада студенттердің – болашақ суретші-педагогтардың біртұтас живопистік қабылдау қабілетін қалыптастыру арқылы олардың кәсіби біліктілігін дамыту мәселелері қаралады, живописьтің заңдылықтарын кезең-кезеңмен игеру жолдары сипатталады.

Кілтті сөздер: живопистік қабылдау, жарық-көлеңке градациясы, жергілікті түс, түстер градациясы, түстік рефлекс.

Кайшыбек Е.Б.

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы

ФОРМИРОВАНИЕ ЖИВОПИСНОГО ВОСПРИЯТИЯ У БУДУЩИХ ХУДОЖНИКОВ-ПЕДАГОГОВ КАК ОСНОВА ИХ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО МАСТЕРСТВА

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы развития профессиональной компетентности студентов – будущих художников-педагогов через формирование у них целостного живописного восприятия, расписывается поэтапность освоения закономерностей живописи.

Ключевые слова: живописное восприятие, градация светотени, локальный цвет, цветовые градации, цветовой рефлекс.

Kaishybek E.B.

Kazakh National Pedagogical University named after Abay

THE FORMATION OF PICTORIAL PERCEPTION FUTURE ARTISTS-TEACHERS AS A BASIS THEIR PROFESSIONAL SKILLS

Abstract

In the article the questions of development of professional competence of students – future artists-teachers through the creation of coherent pictorial perception, signs step-by-step development of the laws of painting.

Key words: scenic perception, gradation of light and shade, local color, color gradation, color reflex.

Основная цель современного художественного образования – подготовка эстетически, культурно, разносторонне развитой и свободно художественно-творчески мыслящей личности, а гарантом достижения поставленных целей является художник-педагог, поскольку профессиональный художник-педагог большую часть своего времени отводит на обучение и воспитание подрастающего поколения.

Как и в других отраслях, профессионализм специалиста, связанного с профессией изобразительного искусства, описывается через понятие профессиональной компетентности. Профессиональную компетентность учителя мы определяем как совокупность обобщенных

знаний, умений и способностей, обеспечивающих результаты в обучении и воспитании учащихся.

В современном цивилизованном обществе художник-педагог является фигурой, которая требует особого внимания. Таким образом, становится актуальным освоение и развитие профессиональной компетентности студентов – будущих художников-педагогов через формирование у них живописного восприятия.

Живопись является одним из средств формирования эстетического вкуса и творческого развития студентов. В Институте искусства, культуры и спорта КазНПУ им. Абая, также в других педагогических вузах с художественным образованием большое внимание уделяется формированию живописного восприятия как основе профессионального мастерства будущего учителя изобразительного искусства.

Вопросами формирования целостного живописного восприятия занимались многие педагоги-исследователи. В современной методике преподавания существуют разные методы и приемы по решению данной проблемы. Например, А.А.Унковский считает, что «оно (целостное зрительное восприятие) вырабатывается путем систематических упражнений, когда решаются вопросы постижения свойств живописи» [10, с. 6].

Систематические упражнения должны быть планомерными, последовательными и выполнимыми каждым начинающим студентом. Однако на начальных этапах обучения возникают сложности в связи с тем, что перед студентом ставятся сразу несколько достаточно сложных задач. Студентом, еще не успевшим адаптироваться в среде изобразительного искусства, данные задачи воспринимаются сумбурно, что является причиной стихийного выполнения задач. Одновременное качественное решение этих задач под силу лишь подготовленному студенту. В практике преподавания на первом курсе мы сталкиваемся, как правило, со студентами, не владеющими знаниями и навыками в области живописи. Чаще всего такими студентами являются те, которые не проходили определенной подготовки по изобразительному искусству и не владеют элементарными понятиями закономерностей живописи. К сожалению, это происходит от того, что в целях набора определенного количества студентов многие художественно-графические факультеты вузов вынуждены осуществить прием абитуриентов на основе экзаменов с минимальным требованием, и это приводит к приему далеко не грамотных абитуриентов. Поэтому преподавателю живописи в целях подготовки полноценного художника-педагога, грамотного специалиста требуется обратить самое серьезное внимание на подготовку настоящих профессионалов, способных эффективно и творчески работать в своей сфере, в том числе в области живописи. В этом процессе многое зависит от постепенного освоения канонов живописи, для этого необходимо ставить перед обучающимся ограниченные задачи с последующим усложнением. Усложнение задач дает возможность студентам осознанно освоить закономерности реалистической живописи. На данный момент первокурсник, не владеющий знаниями и навыками живописи, видит лишь локальные цвета предметов и не воспринимает цветовые нюансы, обусловленные формой предметов, освещения, рефlekсами, пространственными характеристиками цвета и тому подобное.

Перед преподавателем стоит сложная задача внедрения студента в основы знаний для формирования целостного живописного восприятия. Для решения данной задачи нужно начинать с постановки несложных натюрмортов с простыми предметами и, соответственно, ставить простые задачи. В программе по живописи только первая постановка дозирует сумму знаний, умений, которые должен выполнить студент, - это «гризайль». В данной постановке студенты получают знания, которые дают им возможность понять основу изобразительного искусства, знакомятся с техникой акварельной живописи, постигают значения светотеневых отношений, научатся выявлять объем и форму предмета, тем самым закладывается основа для овладения закономерностями живописи.

Но уже во второй постановке от студента требуется одновременно передать локальный цвет предмета, объем с учетом освещения, цветовые градации, пространственность, воздушность в постановке, даже целостность в изображении. Педагог требует полноценного освоения всех этих понятий в этюде. Наблюдения в процессе преподавания живописи подсказывают необходимость поэтапного освоения закономерностей живописи и поэтапного формирования живописного восприятия. Ограниченная сумма задач, поставленных перед студентом, и расширение их от этюда к этюду дает возможность целенаправленно обучать живописи. Например, Д.Н.Кардовский в методике преподавания живописи, подчеркивая значение постепенного усложнения задачи, приводит такой пример: «Первая постановка комбинируется из немногих одноцветных предметов на одноцветном фоне. Потом процесс усложняется: вводится постановка с живописными задачами на оттенке однородного цвета. Дальнейшим усложнением является усложнение введения контрастных цветов» [7, с. 9]. Таким образом, мы предлагаем следующую последовательность учебных задач: прежде всего, необходимо ставить простую постановку из бытовых предметов и, не меняя постановку, обновлять только формат, от занятий к занятиям постепенно усложнять только задачи. Например, в некоторых школах большое внимание уделялось на конструктивное построение форм, гризаиля, тонового рисунка, и после овладения учеником объемной формы они приступали к живописи. Данную задачу мы предлагаем выполнить в первой постановке, т.е. этюд натюрморта из двух предметов (например: кувшин и яблоко на цветной драпировке), в технике гризаиль. Задачи: а) выбрать формат; б) закомпоновать; в) выполнить конструктивное построение; г) одним цветом передать объем предмета с учетом освещения; д) освоить начальные навыки работы в акварельной технике. В процессе выполнения поставленной задачи студент учится выбирать формат в зависимости от выбора точки зрения и размещать предметы на плоскости, определять размеры, пропорции в изображении. Также, пользуясь одним цветом (умбра натуральная или жженая, марс коричневый или черный), от светлого тона до темного студент учится передавать градацию светотени (блик, тень, полутень, рефлекс, свет), т.е. находить тональные соотношения, передавать объем предметов в пространстве.

Следующая задача включает в себя выполнение той же постановки, но уже в цвете. В период выполнения данной задачи студент по ходу повторяет и закрепляет пройденный урок. Исправляет и анализирует допущенные ошибки, и данный процесс будет повторяться от занятий к занятиям. В этой работе студент знакомится с понятием «локальный цвет». Следует отметить, что многие студенты, поступившие в университет без предварительной художественной подготовки, обычно видят в натуре только локальный цвет изображения. Например, в коричневом кувшине они видят только коричневый цвет и подбирают коричневую краску. Тем самым, пишут его лишь затемнив в теневой части и высветлив в светлой части предмета. Так же пишут и яблоко, пользуясь красным, желтым или зеленым цветами. Обычно в таких случаях преподаватели реагируют быстро и пытаются объяснить студенту, что коричневый цвет состоит не только из коричневых оттенков, но и из других многочисленных цветов. Но начинающему художнику будет сложно понять о цветовой градации в живописи. Поэтому нельзя препятствовать данному процессу, а нужно дать возможность реализовать данное видение предмета. Д.Н.Кардовский говорил, что «тон в цвете гораздо труднее постигается, нежели в свете» [7, с. 21]. Постановка задач ни в коей мере не мешает освоению последующих закономерностей живописи, наоборот, облегчает этот процесс. Н.Н.Волков, говоря о локальных цветах, подметил, что «Леонардо да Винчи, понимавший всю сложность вопроса, не отрицал «природного» цвета предмета. Напротив, он искал практические условия для ясного восприятия предметного цвета» [2, с. 32]. Таким образом, выполняя данный этюд, студент имеет возможность передать как можно вернее собственный цвет предмета. У него развивается цветовая чувствительность, но уже с учетом объемности формы. Продолжается освоение техники владения кистью.

В следующей постановке нужно выполнить этюд с передачей цветовых рефлексов в предмете. В этюде студент, наряду с предыдущими задачами, осваивает понятие «цветовой рефлекс». Возникают трудности, когда студент от видения локальных цветов переходит к многоцветному восприятию природы. Сложность заключается тогда, когда студент сталкивается с характерной особенностью многостороннего использования цвета, соотношения холодных и теплых цветов. «Цвет, - говорил С.Алексеев, - приобретает определенную художественную выразительность лишь тогда, когда вступает в содружество с остальными цветами, т.е. в систему цветов» [1, с.15]. Поэтому необходимо устанавливать связь между всеми цветами, руководствуясь методом одновременного сравнения. В итоге студент учится воспринимать оттенки цвета, взаимосвязь между цветами, учится наблюдать цветовые рефлекс в природе и передавать их в своей работе. В данной работе студент опять же закрепляет предыдущие знания, также исправляет ошибки и анализирует выполненные задачи.

Он не теряет времени на поиски компоновки предметов, на конструктивные построения и, наконец, на поиски точки зрения, так как он одну и ту же постановку пишет третий раз. За это время он успел изучить данный натюрморт.

Следующая задача заключается в выполнении этюда с учетом освещения. Освещение должно быть естественным, натуральным и, желательно, пользоваться боковым светом. Предварительно студентам наглядно демонстрируются особенности изменения цвета предмета в постановке при изменении оттенков освещения. Например, дневное освещение, вечернее освещение, свет от электрической лампочки и т.д. Также можно использовать разноцветные, прозрачные материалы для изменения падающего света с окна, т.е. окно, находящееся вблизи к постановке, можно закрыть тканью с теплым или холодным оттенком. В этом случае весь натюрморт приобретает соответственный оттенок. Данная постановка учит студентов не только устанавливать связь между всеми цветами, руководствуясь методом одновременного сравнения, но и подчинить их к цвету освещения. Если драпировка в постановке будет голубым или синим, и при падении на него света с теплым оттенком, то смешение двух оттенков меняет цвет драпировки, он становится фиолетовым. Так же меняются цвета других предметов. С.Алексеев говорил, что «цвет в живописи воспринимается не в колористических характеристиках, а в зависимости от окружающих цветов и освещения, причем он всегда подчинен общей тональности» [1, с. 8]. При выполнении упражнений у студента формируются умения строить цветовые отношения с учетом общего тонового и цветового состояния природы. Прежде он учится цельно видеть постановку, обобщать предметы. Непрерывные занятия дают ему возможность подчинить предметы с различными цветами в один цельный оттенок. Таким образом, у начинающего художника формируется осмысленное восприятие объекта изображения, умение целостного видения предметов. Одновременно студент осваивает художественно выразительные средства живописи.

Немаловажную роль в живописи играет пространственность, воздушная перспектива. В процессе просмотра экзаменационных работ у студентов не только младших, но и старших курсов замечается отсутствие или недоведенность до нужной кондиции пространственности в работах по живописи. В результате изображения на плоскости выглядят неполноценными, сыроватыми, предметы передних и вторых планов как будто прижаты друг к другу или к фону. Во избежание данных ошибок можно использовать некоторые методы, которые дают студенту возможность более глубоко освоить, изучить и применить грамотно в практике данные закономерности живописи.

Для того, чтобы выполнить этюд с акцентировкой внимания на передачу пространственной характеристики цвета предметов, прежде всего, нужно увеличить расстояние между предметами в постановке и использовать искусственное освещение вроде «софита». В данном случае увеличивается контрастность в предметах и более отчетливо

видны очертания предметов, также хорошо видны падающие тени предметов на плоскости. Свет, падающий на горизонтальную плоскость между предметами, более выразительно показывает пространственность в постановке, а также фон, который за счет освещения стала намного светлее собственного тона, как бы отдалается от основных предметов, тем самым создается атмосфера пространственности и плановости в постановке. Поэтому, воспринимая натуру, студент осознает, что под воздействием воздушной среды отдельные предметы теряют четкость. Таким образом, они осваивают законы воздушной перспективы, которые встречаются не только в пейзаже, интерьере, но и в натюрморте. «Чтобы изобразить предметы в пространстве, - говорил Ю.А.Волков, - необходимо знать и применять линейную и воздушную перспективу» [3, с. 8]. Передача перспективы имеет огромное значение как в рисунке, так и в живописи. Студенты также познают значения «холодных» и «теплых» цветов: теплые цвета приближают изображение к зрителю, а холодные – отдалают. Руководствуясь прежде освоенными навыками и умениями, студенту предстоит, наряду с другими законами живописи, передать в своей работе пространственность, воздушность и перспективу. Пространство в живописи определяет не только воздух, но и цвет, т.е., она передается в натюрморте не только деформацией очертаний предметов, но и различием светотеневых переходов и цветовых соотношений в зависимости от удаленности предмета, их расположения на предметной плоскости относительно друг друга. Учет воздушной перспективы, а также спектральных изменений цвета делают этюд более живописной, расширяется объем представлений студента о живописи.

Особенность данной методики заключается в том, что мы на одной и той же постановке выполняем различные задания на различных занятиях с постепенным усложнением задач. После овладения начальными знаниями закономерностей живописи, можно ставить разнообразные натюрморты с постепенным укреплением знаний и навыков. Все это позволяет формировать у художника-педагога целостного живописного восприятия, тем самым способствуя повышению его профессиональной компетентности.

Литература:

1. Алексеев С. *О колорите*. М., 1974. — 176 с.
2. Волков Н.Н. *Цвет в живописи*. М., 1984. — 246 с.
3. Волков Ю.А. *Работа над живописными этюдами*. М., 1974
4. Дехтяренко Л.П. *Формирование профессионально-педагогических интересов у студентов художественно-графических факультетов. Автореферат дисс. к. п. н., Алма-Ата, 1978. — 25 с.*
5. Елманова В.К. *Формирование гностических умений будущих педагогов. Автореферат дисс. к. п. н., — Л., 1973. — 20 с.*
6. Иттен И. *Искусство цвета*. М., 2001. — 96 с.
7. Кардовский Д.Н. *Пособие по рисованию*. М., 1938. — 161 с.
8. Комаровская Л.В. *Особенности формирования конструктивных умений у будущих учителей. На материале подготовки студентов-филологов университета. Автореферат дисс. к. п. н., — Л., 1976. — 24 с.*
9. Кудайкулов М.А. *Дидактические проблемы формирования основ профессионально-методических умений у будущего учителя. Дисс. д. п. н., — Алма-Ата, 1975. — 435 с.*
10. Унковский А.А. *Цвет в живописи*. М., 1983. — 84 с.

Б.Ә. Манасов

Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Өнер, мәдениет және спорт институтының «Көркем білім беру» кафедрасының аға оқытушысы. Алматы қ, Қазақстан

ҰЛТТЫҚ КӨРКЕМДІК МӘДЕНИЕТТІҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІГІ МЕН ТӘРБИЕЛІК МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада автор қазіргі Қазақстан бейнелеу өнерінің әлемдік мәдениет пен өркениет көрмесіндегі жаңа келбетін, Қазақстанның қазіргі бейнелеу өнерінің дамуын, мәні мен маңызын ашып, халықтың дәстүрлі өнері тудырған табиғи көркемдік заңдылықтарды да, әлемдік мәдениет мұраларын зерделеудегі қазіргі заманның жаңаша да өзгеше міндеттері мен талаптарын терең талдау жасап сипаттап көрсетті. Сонымен қатар автор қазіргі кездердегі танымал Қазақстан кәсіби суретшілерінің туындыларындағы айшық белгілер, ешкімге ұқсамайтын өзіндік төл мәдениетіміз бен өнеріміздің дамуы мемлекеттің бір тұтқасы ретінде мәселені қарастырады.

Аннотация

Манасов Б.А.¹

¹ Старший преподаватель кафедры художественного образования института искусства, культуры и спорта казахского национального педагогического университета имени Абая. г. Алматы, Казахстан

ВОСПИТАТЕЛЬНЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ И ИДЕНТИЧНЫЕ ОССОБЕНОСТИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ХУДОЖЕСТВЕННОЙ КУЛЬТУРЫ

В статье автор рассматривает вопросы развитие национальной художественной культуры Казахстана и его роль и сущность в сегодняшнем новом облике Казахстана. А так же автор глубоко анализирует труды ученых в области национальной художественной культуры и искусства, известных художественные произведения профессиональных художников Казахстана и пытается раскрыть своеобразный и индивидуальный стиль и почерк, семантику национальной художественной культуры в традиционном искусстве Казахстана.

Abstract

EDUCATIONAL OPPORTUNITIES AND IDENTICAL FEATURES OF NATIONAL ARTISTS

Manasov B.A.¹

¹ Senior Lecturer in art education Institute of art, culture and sports of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai. Almaty c., Kazakhstan

In the article, the author examines the development of a national artistic culture of Kazakhstan and its role and essence of today's new guise of Kazakhstan. As well as the author's deeply analyzes the works of scientists of national artistic culture and art, famous art work of professional

artists of Kazakhstan and tries to uncover peculiar and individual style and handwriting the semantics of the national artistic culture in the traditional art of Kazakhstan.

Жаңа мыңжылдықтың басында «Мәдениетті қолдау жылы» - деп жарияланды. Бұл оқиғаны қазақ халқы үшін, жалпы республикамыздың болашақ тағдыры үшін тарихи бір елеулі бір кезең ретінде және ұлттық мәдениетіміздің әлеуметтік салмағы мен бағыт-бағдарын пайымдайтын, қазіргі тіршілігімізге лайық, ұлттық мәдени рухымыздың беріктігі мен биіктігін зерделейтін, мәселеге қоғам болып та, тәуелсіз мемлекет болып та үңілетін мезгіл туды деп қарау керек.[1, 386]

Жалпы, ұлттық мәдениет бұрын да, бұдан кейін де бола бермек. Өйткені қазіргі өркениеттің көкжиегінен бірде - бір халықты, қоғамды, мемлекетті ұлттық мәдениеттен тыс көзге елестету өте қиын. Адамзат баласының мыңдаған жылдық рухани сабақтастығының ең басты көрсеткіші-оның өзіндік ұлттық мәдениеті. Бірақ аталған мәдениеттің қазіргі техника мен өркениеттің даму сатысымен өрлеу қандай дәрежеде, ұлттық рух пен қоғамның дамуында қаншалықты орын бар? - сынды сұрақтар туындайды.

Жиырма бірінші ғасыр табалдырығын аттаған бізге, қазақ ұлтына тән өзіндік халықтық мәдени дамудың нәтижесін, сатысын, оның кешегісі мен бүгінгісін тұтасымен бағамдау, пайымдау мен талдау, оған жеке бір адамның, болмаса белгілі бір мекеменің, ұйымының ісі деп қарамай, баршамыздың кісілігіміз бен адами қасиетіміздің өлшемі деп қарау ауадай қажеттіліктен туып отыр.

Жалпы мәдениетті қолдаудың да, қорғаудың да қажеттігін бүкіл адамзат баласының тарихи жүріп өткен жолы, рухани дамудың нәтижесі екендігін бүгінде ойып, айшықтап көрсетті. Себебі, ұлттық тәрбие мен ұлттық мәдениет жоқ жерде мәдениетсіздік, көргенсіздік пен қасиетсіздік белең алатынын дәлелдеп жатудың қажеті жоқ шығар. Бұл орайда алдымен нені қолдау, нені қорғайтынымызды пайымдап алуымыз қажет деп білеміз. Мәдениет дегенде ауқымы, тым кең, мағынасы терең, керек десеңіз, оған рухани түсініктер ғана емес, адамзат жаратқан заттай айғақтар кіреді. Осыдан болар, мәдениетті материалдық (кұрал-жабдық, үй-жай, киім-кешек, көлік, т.б.) және рухани (таным-түсінік, әдет-ғұрып, тәрбие, өнеге, ғылым- білім, оқу ағарту, саясат, этика, эстетика, әдебиет, өнер, дін, философия құқық, т.б.) деп жіктеу орын алып келеді.

Асылы ұлттық мәдениеттің болмыс-бітімі ұлттық рухпен біте қайнасып жатқан құбылыс. Рухы күшті ұлттың мәдениеттің де орны мен маңызы өзгеше. Мәдениеттің өзегі, оның өзіндік даму дәрежесінің көрсеткіші болып табылатын дәстүр мен жаңашылдықта жатыр, ал сыр мен сипаты, әсерге берілгіштігі де рухы күшті ұлттардың мәдениетінде өзінің орнын, маңызын үйлесімін тапқан.

Әрине мәдениеттің ауысуына, өзге халықтарға ықпал етуіне себептер көп. Мұнда халықтың саны, мемлекеттің қуаттылығы, экономиканың дамуы, ғылым мен техниканың өркендеуі сияқты жағдайлар бар.

Бірақ мұндай әсердің сипаты мен бағытын мемлекет өзі реттеп отыруына болады. Тіпті бұл қазіргі заманның қажеттілігі. Әлемдік мәдениеттің мұхитында ескексіз қайықтай мақсатсыз жүзе беруіудің аяғы мәдениеттілікке емес тексіздікке әкеліп соқтыруы даусыз.

Мәдениеттің жаратушысы да, тұтынушысы да адам болғандықтан оның озығымен тозығын пайымдап, елеп –екшеп отыру басты қажеттілік. Бұл әрбір қоғамның интеллектуалдық қабілетіне байланысты.

Қазіргі таңда еліміздің мәдениетіне тірек болатын оның даму жолында идеясының негізгі көзі болатын мәдени құндылықтарымызды сақтауда мемлекет тұрғысынан көптеген іс шаралар жүргізілуде. [2,436].

Қазақстан жерінде 25 мыңнан астам тарихи, археологиялық және өрелі өнер туындылары сақталған. Еліміздің бірегей болып табылатын тарихи мәдени ескерткіштері – Түркістан қаласындағы Қожа Ахмед Йассауи кесенесі 2003 жылғы маусым айында

ЮНЕСКО-ның Әлемдік мәдени мұралар тізіміне енді. Қазақстанда «Мәдени мұра» бағдарламасымен бірге «Тарихи - мәдени мұраларды сақтау және пайдалану туралы», «Мәдениет туралы», «Ұлтық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» Қазақстан Республикасының заңдары қабылданып іске асырылды.[4,36]

Ұлан-байтақ Қазақстан жері. Төсін керіп еркін тыныстап жатқан сайын дала. Кермет жусан исі, ұшқан құс, бұлдыраған сағым, ақырын соққан самал жел, күмбездей төңкерілген көк аспан, мүлгіген тыныштық. Бұл – менің отаным, туған жерім! Ол шығысында - Алтай тауларынан басталып, Каспий теңізіне дейінгі, солтүстігінде - Батыс Сібір жазығы мен Орал тауларынан Тянь-Шаньның солтүстік беткейі аралығындағы алып территорияны алып жатыр. Әлі есімде, ең алғаш рет география сабағында бес бірдей Франция сыйып кететін Қазақстанның картасын көріп, оған Австрия, Германия, Италияның бірнешеуін ойша сыйдыруға тырысқаным. Ал кейін найзаның ұшымен, қылыштың жүзімен қорғалған жер тек табиғи ресурстар мен физикалық-географиялық артықшылық иесі ғана емес, сонау көне дәуірлерден тамыр жайған көшпелі тайпалар мәдениетінің алтын бесігі екенін ұғындым. Оның айнымас дәлелі Қазақстан жерінен табылып жатқан көне сақ, үйсін, түркі, қыпшақ мәдениеттерінің ескерткіштері, өнер мен қолөнер туындылары. Бұлар біздің ұлттық мәдениетіміздің тарихын баяндайтын игіліктер.

Тарих - адамзаттың тамыры. Өз тарихына үнілу, өткен жолын қорытындылау, жете түсінуге ұмтылу, оны бағалай білу - елін сүйетін, өзін танығысы келетін әрбір адам үшін маңызды. Адамзат үшін тарих өз алдына құндылық, ендеше сол тарихты баяндайтын материалдық игіліктер де құнды болмақ. «Ерте тас дәуіріндегі Сақ мәдениеті, қола дәуіріндегі Ботай, Андронов, Беғазы-Дәндібай мәдениеті, темір дәуіріндегі сақ, үйсін мәдениеті негізінде қаланған көшпелі түркілердің мәдениеті қазақ халқының ұлттық мәдениетінің бастау бұлағы» [4,106].- деп айтулары ұлтық өнер мен мәдениеттің түп тамыры екендігін білдіреді.

Жалпы мәдениет дегеніміз не? Философия мен мәдениеттану ғылымы оған көп анықтама береді.

Мәдениет - кеңінен қолданылып, күнделікті тұрмыста жиі айтылып жүрген сөз. Адамзаттың ертеден өмір сүріп келе жатқанындай мәдениет те ертеден келеді.

Мәдениет – деген сөз өзінің толық мағынасында адамның өз қолымен, ақыл-ойымен жасағандары және жасап жатқандарының бәрін түгел қамтиды. Жай ғана сауат ашудан және тазалық ережелерін сақтаудан бастап, өмірдің асқан үлгілі шығармаларын жасағанға дейінгі ұғымды қамтып жатқан – мәдениет саласының өрісі кең. «Мәдениет дегеніміз – тарихи құбылыс. Оның дәрежесі мен сипаты қоғамдық өмірдің жағдайларына байланысты өзгеріп отырады. Тарихи дәуірлердің алмасуы мәдениеттің мазмұны мен формаларына сөзсіз терең өзгерістер енгізеді» [4,126].

Адамның тарихи болмысы туралы айта келіп, оның қызметі қайсібір материалдық немесе рухани жағдайларда көрініп, «заттық» сипат алатындығын тағыда қайталап еске сала кеткен жөн. Көңіл-күй ауа мен сезімдер, әр алуан ойлау нысандары, материалдық қызметтің нәтижесі және тағы басқаларды адамзат мәдениеті деп аталатын феноменнің мәнін құрайды.

Біз атаған тарихи феноменнің мазмұнын біртіндеп кеңейте түсеміз, ал онда адамның барлық қызметінің нәтижелері жатыр деп түсінеміз. Осы тұрғыдан алғанда, мәдениет феномені қазіргі адамзаттың кеңістік - уақыт болмысының процесі ретінде қарастырылатын сол тарихтың өзіне бара- бар болды. Сол арқылы мәдениет (адамзаттың тіршілік етуінің биялогиялық аспектілерімен қатар) тарихи болмысының тікелей «пайда болуын» немесе «көрініс табуын» білдіреді [4,276].

Мәдениетті тарихи кеңістік - уақыттың айырықша феномені ретінде зеріттеуде біз адамдардың «алғашқы қауымдық жағдайының» дәрекі еңбек құралдарынан бастап, әдебиеттің, музыканың, сәулет пен сурет өнерінің ғажайып туындыларына дейінгі, ғылымның феномендеріне, өнегелілікке, махабатпен ізгілікке дейінгі мәдени қызметтің әр

алуан ұлы көріністерімен бетпе - бет келеміз. Сонымен қатар адамзат мәдениетіне қылыш, баллистикалық ракеталар және Освенцимнің газ камералары және адамзат ұлылығының адами көз қарасқа жат туындылары жатады.

Бірақ олардың барлығындағы ортақ ой – мәдениет сан мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан, уақыт сұрыптауынан өткен, халықтың тірнектеп жинаған даналық және адамгершілік нысандары. Ол халық мұрасы. Кез келген мемлекеттің негізі оның мәдениетінде, мәдени құндылықтар тұтас халықтың рухани байлығы, біздің ең үлкен рухани азығымыз.

Қазіргі, ХХІ ғасырдағы Қазақстан мәдениеті қай бағытта дамып жатыр, деңгейі, негізгі идеясы қандай? Біртұтас мемлекет ретінде, заман талабына сай қабырғасы қалана бастаған біздің Отанымыздың әлемдік мәдениет пен өркениет көрмесіндегі орны қандай, және мәдениеттің дамуына қазіргі заманда қандай үлес қоспақ?

Тарихи дамудың әр түрлі кезеңдерінде әрбір ұлт, әлеуметтік топ өзінің мәдениетін, өнерге әсемдікке өз көзқарасы мен ұғымдарын қалыптастырады.

Кез келген ұғым, көркем шығарма және ұлттың мәдениеті арқылы қалыптасады. Мәдени көзқарас түбірлері кейде ұмытылғанымен ұзақ сұрыптау барысында бұл көзқарас кейде ұлттық мәдени сананың бір элементіне айналады. Қ.Ш.Нұрланова былай деп жазды: “қазақтарда адамның Ғаламмен өзара байланысын сезіну нәресте кезден беріледі, сондықтан бұл дүниетанымдық мәдениет абстракциялық маңыздылық деңгейінде қалып қоймай, әлем мен жанның бірегейлігі сезіміне ауысады және бұл рухани ішкі сезім терең қанағатшылдыққа толы болады. Әлемге деген бұл қатынастың түбірі тереңде жатқандықтан болмыс құпиясына, өмір құпиясына жақындатады және сондықтан әрбір адам өмірінің мәнділігі өмірдің өз сыйы сияқты шексіз. Адам өмірінің өн бойын алып жатқан бұл қатынастар өмірдің барлық алуан түрлі қатынастарына қайталанбас рең бере отырып, әрбір адамның бай рухани өмірін түсінуге септігін тигізеді” – деген екен. (Человек и мир. Казахская национальная идея. А. 1994. 13-бет).

Қандай да болмасын қоғамның мәдениетінің ілгері дамуы, әлеуметтік прогрестің маңызды белгісі болып табылады. Мәдениеттің қақ ортасында өнер тұр. Өнер-адамзат өмір жолының ең ертедегі формаларының бірі болып келеді. Адамның әлемге көзқарасы өнер тұрғысынан алғанда, айналадағы, қоғамдағы құбылыстардың ортасында тұрады. Бейнелеу өнері болсын, өнердің қай бір түрі болсын өз шығармаларында қоғамдағы, өмірдегі болып жатқан құбылыстарды бейнелемей оны айналып өте алмайды. Сондықтан халқымыздың алыс заманалардан бері қалыптасқан, өзіндік мәдениетінен сыр шертетін бейнелеу өнер туындылары, сол ұлттық мәдениетіміздің ғұмыр жолының айнасы [5,86].

Еліміздің әлеуметтік және рухани өміріндегі жаңа бетбұрыстарға сәйкес, әрқашанда мәдени игіліктерді қайта қараудан басталады.

«Қазақстан жаңғырған Ренессанстық мемлекет. Ренессанс адамзат тарихында болған істің қайта жаңғыруы. Ренессанс өткенді ой елегінен өткізіп содан болашаққа тірек болатын құндылықтар тауып, оны жаңа заманға сай жаңарту, жаңғырту.»-деп Ғарифолла Есім «Қазақ ренессансы» еңбегінде мәдениетімізбен ұлттық өнеріміздің даму жолындағы ұлттық мәдени құндылықтарымыздың маңызын оны дамыту жолында мүмкіндіктердің шектелмегендігі айтылады.

Қазақстанның қазіргі бейнелеу өнерінің жағдайын толық түсініп, баға бере алу үшін біз халықтың дәстүрлі өнері тудырған табиғи көркемдік заңдылықтарды да, әлемдік мәдениет мұраларын да, қазіргі заманның өзгеше міндеттері мен талаптарын да назардан тыс қалдыра алмаймыз.

Ғасырымыздың соңғы он жылдығында бейнелеу өнерінің құндылық және көркемдік көрсеткіштерінің айқын, өзіндік ұлттық бағытта дамуының қарқыны күшейе түсті. Қазіргі суретшілердің бейнелеу әдістерінде рәміздендіру, таңба мен символикалық бейнеге сүйену кең өріс алды. Суретшілер әлемнің күрделілігі мен халықтың тарихи жолын сөз етуде себеп-

салдарлық байланыстарды айналып өтіп, ұлттық мәдениетпен байланысты қазақ дүниетанымы құндылықтары тұрғысында, символикалық және аллегориялық жинақтау дәрежесіне әкелді. Шығармаларында дүниені құпияланған көп таңбалар арқылы түсіндіруге ұмтылып, өмірдің қым-қуат қозғалысын көрсетуде түстерге еркіндік береді.

Әбдрашит Сыдыханов өз шығармашылығында идеяны берудің ерекше құралы ретінде қазақ халқының рулық рәмізін, таңба мен ою-өрнектің әр түрін алады. Солар арқылы дүниенің өз түсінігіндегі тәртібін көрерменге түсіндіреді. Ол қазақ ұлтының тарихи-көркем болмысын рулық таңбаының кескіндемелік пластикалық өзгеруі арқылы жасайды. Көшпелілер мәдениетін көркемдік зерттеуді тарихи-тұрмыстықтан философиялық-рухани және адамгершілік бейнеде, оған ұлттық ділде ғана өмір сүре алатын рәміздік мағынасын береді. Бұл ретте суретшінің ұтымды шығармасы деп «Түркі халықтарының рәміздері» (1997) атты туындысын атаса болады [5,266].

А.Ақанаевтің шығармашылығы дала аңыздарын еске түсіреді. Қазіргі заман суретшілері ежелгі көшпелі тайпалар мәдениетінің аңдық стиліне, анималистік тотемдік ағымына ұқсас бейнелеуді қалыптастырып жатыр. Оның 1999 жылы жазылған «Дала адамдары» шығармасы біздің көшпелі халық мәдениетімен терең байланысымызды көрсетеді. Жүк артылған түйе, киіз үйдің шаңырағы, кимешек киген қария - өткеннің өнегесі мен біздің байлығымыз. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын мұраның қарт ана сақтаушысы іспеттес.

Ақтотының 2003 жылы жазылған «Қазына» картинасы да біздің рухани, материалдық байлығымызға үңілтеді. Ақ тазы – тектілік пен адалдықтың белгісі болса, тұғырда отырған қыран құс ерік-жігердің, мығым сенімділіктің нышаны.

С.Тайковтың «Аңсау» атты туындысы да өткенмен байланысты, оны сағынуды паш етеді. Қолын алдына қойып, қырынан отырған жас ана жаратқаннан тыныштық пен амандық тілеп отырғандай. Атып келе жатқан күннің жұмсақ сәулесі келешекке деген сенім мен үміт белгісі болса, екі нар түйе төзім мен даналықты білдіреді.

90-шы жылдардың екінші жартысында ұлттық бейнелеу өнері мектебі өз кемеліне келіп, жаңа қарқынмен дамуға бет қойды. Бұл суретшілердің өздеріне ғана тән ерекше қолтаңбаларының дербестігінен көрінеді. А.Дүзелханов, Д.Қасымов кенептерінде нәзік сезімталдық пен төл мәдениетке деген ерекше құрмет таң қалдырады [5,416].

90-шы жылдардан кейін бейнелеу өнері әлеміне суретшілердің жаңа буыны, бейнелеу өнерінде жаңа ағымдар пайда болды. Ә.Сыдыханов, Ғ.Маданов, А.Иханова, Ж.Үмбетов, А.Меңілбаева, Осы суретшілердің бәрін біріктіретін шығармашылықтарындағы ортақ тақырып мәдениеттегі ұлттық тамырларға саналы түрде бет бұру. Ұлттық мәдени құндылықтар шығармашылық жұмыстардың арқауы болды.

Әбдрашит Сыдыханов рулық таңбалар мен космогониялық белгілердің сұлулығы мен тереңдігін бізге ашып көрсетті.

Олардың түсінігі бойынша, дәстүр ол ең алдымен бүкіл болмыстың бүтіндігі жөніндегі түпкілікті ұғымдарды білдіретін мәндік-мағыналық жүйе болып табылады. Айнала қоршаған дүниеде еркін бағыт ұстанған олар мәдениетті де көп қырлы болатын құрылым ретінде сезінеді. Ал сан қырлы мәдениет әлемінде бір мезгілде бірнеше мәдениеттің толысуымен қимыл-әрекеттері жағынан бір-біріне ұқсамайтын бірнеше дәстүр қатар өмір сүрді.

Қазақтың қолданбалы өнерінде дәстүрлі саналатын материалдарды шебер игеру халық өнерінің ең биік шыңы. Оларды өңдеудің ең жақсы тәсілдерімен бірге теріден, ағаштан, киізден жасалған дүниелердің жаңаша көркемдік қасиетінен де хабар береді. А.Иханова мен Ж.Үмбетов тамаша көркемдік қасиеттерін сараланатын қолөнердің шын мәніндегі жаңа түрін жасап шықты, ал Ә.Меңілбаева киізге қазіргі заманға сай өткен мән, әуен бере отырып, ең дәстүрлі деп көпке танымал кәсіптің көкжиегін біраз кеңейткен [5,626].

М.Әуезовтың «Мәдениет һәм ұлт» атты мақаласында: «сымбатты өнер болмаған елде мағыналы тіршілік жоқ» - деген екен. Қандай қауым, қандай тапты алсақ та қаны мен жанының суретін өнер айнасына түсірмей отыра алмайды. Өнер қуат алмаса тіршілік шуағы

өшеді» - деген сөзі қазіргі таңда суретшілердің ұлтық мәдени құндылықтарымызға бет бұруы оның мына жаңа әлемде өзінің келбетін ұлт өнерінен іздеуі заңдылық.

Бейнелеу өнері қазіргі кезеңде әлемдік мәдениет тудырған әмбебапты категориялармен бірге ұлтық сипаттағы дәстүрлі мәдениет те, өз әсерін тигізді.

Сайып келгенде халықтың мәдени құндылықтары мен синтезде жасалған өнер туындылары ерекше құндылықтар қатарына жатады.

«Аулада ХХІ ғасыр тұр. Мәдени, рухани экспансия ғасыры. Бұрын соғыс алаңына найзалар мен мылтықтар, танктер мен автоматтар шығатын болса, енді сол майданға әр қилы діни конфессиялар, ұлттық тілдер мен мәдениеттер шығатын болады» - дейді. Серік Аббасұлы «Парасат» журналына берген сұхбатында: «Қазақстан да сол майданда қолжаулық болмас үшін мығым экономика мен әр салада бәсекеге қабілетті білім қалыптастыруға мүдделі» - деген. Бірақ тек қана жалғыз экономикамен мемлекет құрылмайды. Тарихи-мәдени белгілер, біздің ешкімге ұқсамайтын төл мәдениетіміз мемлекеттің бір қырын танытатын айна. Әлемдік мәдениеттер көрмесінде біртұтас ел екенімізді көрсететін бет бейнеміз.

Әлемдегі бірде бір халықтың мәдениетіне де, өмір жағдайына да, оның географиялық, тарихи және психологиялық сипаттарының ерекшеліктеріне де оқшаулану тән емес. Бұл тереңнен тамыр жайған қазақ мәдениетіне де қатысты. ХХ ғасырда қалыптасқан кәсіби бейнелеу өнері дәуір дауылдарына төтеп беріп, өз дамуында өткенмен рухани үндестікті жалғастырып келді. Біз, ХХІ ғасыр табалдырығын аттаған Қазақстан жастары, төл мәдениетіміздің ерекшелігі, көшпенділердің дәстүрлі, тұрақты менталитетінің негізгі мен мән мағынасы сарқылмас қазынамыз екенін түсініп, тарихымызды ықыласпен пайымдауға тиіспіз. Біз өзге мәдениеттен эстетикалық, көркемдік талғаммен дәм татып, өз мәдениетімізді саф алтындай сақтай білуге міндеттіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. *«Мәдени мұр» Мемлекеттік бағдарламасының кітап сериясы. Қазақстанның қазіргі заманғы мәдениеттану парадигмалары. Құрастырушылар М.М. Әуезов, Е.И. Исмаилов, Қ.Қабдрахманов «Жазушы» 2006 360б.*
2. *Ғ. Есім Қазақ ренессансы. Алматы. «Қазақ университеті». 2006. 89б*
3. *А.Сейдімбеков Күңгір-күңгір күмбездер. Алматы: Жалын 1981-205б.*
4. *Б.Байжігітов. Қазақтың қол өнері тарихы: сәндік қолданбалы өнер және халықтық кәсіпшілік. «Экономика» баспасы. Алматы. 2012. 265б.*
5. *А.Сыдыханов, В.Васильев, Р.Көпбосынов, Каталог, Қазақстанның қазіргі суретшілер сериясы. А., “Сорос-Қазақстан қоры”, 1995ж. 125б.*

ӘОЖ 373 045
МРНТИ 18.31.07

Е.Б.Ауелбеков¹, М.Н.Шаханбаев², А.С.Сахова³

*¹п.ғ.к., доцент Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркістан қ., Қазақстан*

*²аға оқытушы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркістан қ., Қазақстан*

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ НЕГІЗІНДЕ ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Мақалада қазіргі таңдағы еліміздегі білім беру жүйесінің міндеттері қарастырылып, бейнелеу өнері негізінде білім алушылардың танымдық іс-әрекеттерін қалыптастырудың білімді арттырудың маңызды факторы ретіндегі мәні ашылып, талдаулар жасалады. Танымдық іс-әрекет, дүниетаным, шығармашылық белсенділік ұғымдары кең түрде қарастырылады. Ұстаздардың оқытушылық белсенділіктері мен энтузиазмының білім алушылардың танымдық іс-әрекеттеріне тигізер әсері дәлелденеді. Бейнелеу өнері негізінде көркемдік білім берудің танымдық, дүниетанымдық қызметтері жан-дақты айқындалады. Бейнелеу өнеріндегі танымдық іс-әрекет пен дүниетанымдық көзқарасты қалыптастырудың өзара байланысы анықталады. Оның психологиялық, тәрбиелік мәні мен мазмұндық ерекшеліктері көрсетіледі. Бейнелеу іс-әрекетіндегі танымдық белсенділіктің әсер етуші негізгі міндеттері талданады. Мектептегі бейнелеу өнерінің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, оның білім алушылардың танымдық іс-әрекеттерін, дүниетанымын қалыптастыруға оң әсері айқындалады.

Түйін сөздер: бейнелеу өнері, дүниетаным, танымдық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті, білім алушы, мұғалім белсенділігі мен энтузиазмы, эстетикалық тәрбие.

Е.Б.Ауелбеков¹, М.Н.Шаханбаев², А.С.Сахова³

*¹к.п.н., доцент Международного казахско-турецкого университета им. Х.А.Ясави
г. Туркестан, Казахстан*

*²ст. преподаватель Международного казахско-турецкого университета им. Х.А.Ясави
г. Туркестан, Казахстан*

*³ магистрант 2 курса специальности Живопись
г. Шымкент, Казахстан*

ФОРМИРОВАНИЕ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ НА ОСНОВЕ ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОГО ИСКУССТВА

Аннотация

В статье рассматриваются задачи системы образования страны на современном этапе, раскрываются и анализируются сущность формирования познавательной деятельности обучающихся на основе изобразительного искусства как важнейшего фактора повышения знаний. Широко рассматриваются понятия познавательной деятельности, мировоззрения, творческой активности. Доказывается влияние энтузиазма и преподавательской активности педагогов на познавательную деятельность обучающихся. Четко определяются познавательные, мировоззренческие функции художественного образования на основе изобразительного искусства. Определяется взаимосвязь формирования мировоззренческого взгляда и познавательной деятельности в изобразительном искусстве. Указываются его психологические, воспитательные сущность и содержательные особенности. Анализируются действующие основные задачи познавательной активности в изобразительной деятельности. С учетом специфических особенностей изобразительного искусства в школе определяется

его положительное влияние на формирование познавательной деятельности, мировоззрения обучающихся.

Ключевые слова: изобразительное искусство, мировоззрение, познавательная деятельность, изобразительная деятельность, обучающегося, активность и энтузиазм учителя, эстетическое воспитание.

E.B. Auelbekov¹, M.N. Shahanbaev², A.S. Sahova³

¹с. p.s., associate Professor International Kazakh-Turkish University named H.A.Yasavi
Turkestan, Kazakhstan

²senior lecturer of International Kazakh-Turkish University named H.A.Yasavi
Turkestan, Kazakhstan

³ master's degree student 2 courses of specialty Painting
Shymkent, Kazakhstan

THE FORMATION OF COGNITIVE ACTIVITY ON THE BASIS OF FINE ART

Abstract

The article deals with the problems of the country's education system at the present stage, reveals and analyzes the essence of the formation of cognitive activity of students on the basis of fine arts as the most important factor in improving knowledge. The concepts of cognitive activity, worldview, creative activity are widely considered. The influence of enthusiasm and teaching activity of teachers on the cognitive activity of students is proved. Clearly defined cognitive, ideological functions of art education on the basis of fine arts. Is determined by the relationship of the formation of worldviews and educational activities in the visual arts. Are his psychological, educational, nature and substantial features. The existing main tasks of cognitive activity in visual activity are analyzed. Taking into account the specific features of fine art in the school is determined by its positive impact on the formation of cognitive activity, worldview of students.

Keywords: fine arts, worldview, cognitive activity, visual activity, student, activity and enthusiasm of the teacher, aesthetic education.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласында келешек ұрпақтың өнерге деген көзқарасы терең бастаулардан алынған мәдениетіміз бен өнерімізге қарай бағытталуы қажеттілігі анықталды. «Біздің ата-бабаларымыз қоршаған ортамен етене өмір сүріп, өздерін табиғаттың ажырамас бөлшегі санаған. Бұл басты тұрмыс қағидаты Ұлы даланы мекендеген халықтардың дүниетанымы мен құндылықтарын қалыптастырды. Өз жазуы мен мифологиясы бар Қазақстанның ежелгі тұрғындарының озық мәдениеті болды», - деп Елбасы өз мақаласында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы ретіндегі мәдениетімізді, өнерімізді дамытудың жолдарын көрсетіп берді [1, 3].

Жас ұрпақтың танымдық іс-әрекеттерін, шығармашылық белсенділігін тәрбиелеу, ең алдымен, олардың қоршаған ортасын тану қажеттілігімен және алған білімін өз іс-әрекетінде пайдалана білуімен байланысты. Олардың танымдық іс-әрекеттері мен шығармашылығының дамуына бейнелеу өнерінің ықпал ету мүмкіндігі көп болатындығы анық. Яғни, оларда белсенділік, өзбеттілік, қиял, оймен жұмыс істеу сияқты шығармашылық іс-әрекеттер арқылы танымдық іс-әрекеттері, сонымен бірге, бейнелеу өнері негізінде эстетикалық таным, сезім, қабылдау сияқты күрделі үдерістері қалыптасады. бейнелеу өнері арқылы білім алушы эстетикалық тәрбие алса, бейнелеу іс-әрекеті барысында ақыл-ой амалдарын меңгеру арқылы қоршаған ортадағы заттардың байланыс-қатынастарын меңгеру, бір затты немесе құбылысты екіншісімен салыстырып, олардың айырмашылық, ұқсастықтарын айыра білу сияқты танымдық іс-әрекеттерге машықтанады. Өйткені, салыстыру танудың, танымдық іс-әрекеттің

дамуының қозғаушы күші іспеттес, өте күшті ықпал жасайды. Танымдық іс-әрекеттегі түсіну, ұғыну білім алушының себеппен қатар нәтиже болатындығына көзін жеткізетін танымдық әрекеттер болып табылады. Шәкіртті ойландыруға, әр нәрсені бір-бірімен салыстыра отырып, талдатуға, дәлелдеткізуге үйретсе, онда олардың танымдық іс-әрекеттері мазмұнды әрі пәрменді болады.

Танымдық іс-әрекет танымдық қажеттіліктен, мақсат, танымдық әрекетті орындаудың тәсіл-амалдарынан тұрады. Танымдық іс-әрекеттің негізінде білім алушыларда танымдық белсенділік, танымдық ізденімпаздығы мен білімі, дүниетанымы қалыптасады. Осы танымдық іс-әрекеттің бір бөлігін көркемдік білім беру мазмұнындағы бейнелеу өнері іс-әрекеттері құрайды.

Бейнелеу өнерінің жас ұрпақтың дүниетанымын қалыптастырудағы психологиялық жақтары Е.И.Игнатъев, Л.С.Выготский, В.С.Кузин т.б. ғылыми еңбектерінде ашылған. Бейнелеу өнері материалдары негізінде білім алушылардың дүниетанымын қалыптастырудың өзекті мәселелері Б.М.Неменский, С.А.Герасимов, И.П.Волков, И.А.Лошкарева, Н.Ф.Талызина т.б. еңбектерінде ғылыми-педагогикалық тұрғыда талданып, олардың көркемдік шығармашылық қабілеттері, эстетикалық сезім мен қиялдарын қалыптастыру қажеттілігі ерекше атап көрсетіледі. Мәселен, Н.Ф.Талызина білім алушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру жұмыстарына ерекше тоқтала келе, олардың танымдық белсенділігін төмендетпеу қажеттілігін жазады, олардағы табиғат пен өмірді танып, адамдар еңбегінің рухани мәнін түсінуге деген құштарлықты арттырып отыру керектігін белгілеп берді[2, 254].

Танымдық іс-әрекетті арттыру білім алушылардың білімдік ауқымын, дүниетанымын қалыптастыруға, оны арттыруға тікелей ықпал жасайтын, оқу іс-әрекеттерінің нәтижелі болуын қамтамасыз ететін маңызды педагогикалық шарт болып есептеледі. Соған сәйкес, бейнелеу өнеріне үйретуде танымдық белсенділік артып, тереңдейді, ақыл-ой қабілеті, әсіресе білімді өз бетімен меңгеру белсенділігі дамиды, заттың мәнін, ғылыми ұғымдарды терең түсінуге ұмтылып, қоршаған орта заттары мен құбылыстарының өзгеруі, орын ауыстыруы, түстік қатынастары сияқты күрделі сұрақтарға жауаптар табады. Бұл күрделі жұмыстар оқытуды түсініктілік принципі негізінде жүргізуге және білім алушылардың дайындық деңгейіне сай ұйымдастыруды талап етеді. Мәселен, түсініктілік принципіне сәйкес, ағаштың қарапайым күрделіге көшкен суретін салдыру үшін, білім алушыларға ағаштың діңі, бұтақтары, жапырақтары, тамыры, қабықтарымен біртіндеп таныстыра отырып оны қиындау қарай сатылап салғызу қажет.

Бейнелеу өнерінің сұлулық тәрбиесіне баулуға, көркемдік білімге үйретуге, жас ұрпақтың көркем және ғылыми дүниетанымын қалыптастыруға әсері өте мол. Жас ұрпақтың бейнелеу өнеріндегі дүниетанымдық көзқарастарының қалыптасу мәселелерін ашу барысында Леонардо да Винчи, Л.Альберти, А.Дюрер т.с.с. Қайта Өрлеу дәуірі өкілдерінің құнды ойларын қарастырмай кетуге болмайды. Сонымен қатар И.Г.Песталоцци, П.П.Чистяков, Н.Н.Ростовцев, К.Ф.Юон, В.С.Кузин, Б.П.Юсов, П.Я.Шпикалова, Қ.Ералин, М.Абдирасилов, К.Құдабаева т.б. еңбектерінде бейнелеу өнерінің білім алушылардың танымдық іс-әрекеттерін қалыптастыруға тигізер ықпалдары да кеңірек қамтылып қарастырылған. Осы орайда әсіресе Б.П.Юсовтың рухани тұрғыда тұлға қалыптастырудағы эстетикалық тәрбиенің маңызы туралы зерттеулерін атап өткен жөн. Б.П.Юсов адам өмірінің рухани дамуына бейнелеу өнерінің тікелей ықпалын нақтылай келе, білім мен техникада қолданылатын қиял мен фантазияның бейнелеу өнері негізінде жасалып, көркемдік даму бағдарламалары да бейнелеу өнерінің көмегімен құрастырылатындығын нақтылап жазды[3, 24].

Мектеп оқушыларының дүниетанымын қалыптастыруға әр түрлі факторлар әсер етеді. Олардың ішінде адамдардың өмір сүру ортасы, оқыту және тәрбиелеу, материалдық жағдайлары, көпшілік хабарларды тарату құралдары бар. Белгілі психолог

ғалым Қ.Жарықбаев жеке тұлғаның өмірлік, тәжірибелік бағытын көрсететіп тұратын бөліктеріне түрткілер мен қажеттерді, дүниетаным мен сенімді, бейімділік пен қызығуларды, мұрат пен талғамды жатқызып, дүниетанымды адамның табиғат, қоғам, өмір туралы білімдерінің біріккен жүйесі деп есептейді [4, 61].

Суретші-педагог Ш.Ә.Ақбаева ғылыми дүниетанымның ерекшеліктерін былай түсіндіреді: «Ғылыми дүниетанымның қалыптасуы тек шынайы дүние туралы білімдердің саналы игерілуінің нәтижесінде жүзеге асырылады. Яғни, оқушылардың игеріп жатқан құбылыстарының мәнін, олардың даму заңдылықтарын түсінген кезде, алынған білімді алдыдағы оқу және практикалық міндеттерді шешуге шығармашылықпен қолдануды білген кезде ғана мүмкін болады» [5, 141].

Олардың өнерге деген қызығушылықтарын арттыру – барлық өнер ұстаздарының басты міндеті болғандықтан, жастардың көркемдікті, сұлулықты танып-білуі негізгі эстетикалық түсініктерді танумен байланысты және эстетикалық сүйсінуді қалыптастырумен қатар жүзеге асырылатындығын ұмытпаған абзал. Осы маңызды байланысты бекітіп дұрыс жүйеге түсіргенде, олардың дүниені сезінуі мен дағдыларын жетілдіру қиынға соқпайды. Атап айтқанда, эстетикалық сүйсіну болашақ өнер сүйер жас ұрпақтың сезімін дамытып қана қоймай, осы сезімнен қалыптасатын көңіл-күйлерін толықтырып, реттеуге көмектеседі. Олардың айналадағы дүниені бақылау, көргенін бейнелеу арқылы сол құбылыстың құндылығын тануға талпыну деңгейі жоғарлайды[6, 12].

Өнертанушы, суретші-ғалым Б.С.Салауатов: «Өнер жеке тұлғаның жан-жақты дамып жетілуіне, оның эмоционалды күйіне, интеллектуалды өсуіне ықпал етіп, адамзаттың қордаланған сан ғасырлық мәдени тәжірибесінен, даналығынан сусындауға мүмкіндік береді. Өнер туындысы адам сезіміне қозғау салумен бірге, баяндалған оқиғаны басынан өткізгендей тебіреніске, кейіпкердің қуанышына сүйінген, қайғысына күйінген толғанысқа әкеледі, эстетикалық ләззәтқа бөлейді», - дей келе, «Өнер, жалпы алғанда, әлемді игерудің тарихи қалыптасқан көркем әдісі ретінде өзіне тән ерекшеліктер мен өзіндік сипатқа ие. Өнердің эстетикалық қызметі арқылы танымдық табиғаты мен тәрбиелік сипаты айқындалады», - деп өнердің танымдық, тәрбиелік мәнін ашып көрсетеді[7, 22].

Ұстаздардың белсенді оқыту іс-әрекеттері, олардың оқытуға деген құлшыныстары, энтузиазмы бейнелеу өнерінен білім алушылардың танымдық іс-әрекеттерін арттыруға тікелей ықпал жасайтындығы дәлелдене түсуде. Мәселен, Мелани М. Келлер, Анита Вулфолк Хой т.б. шетелдік ғалымдар өз еңбектерінде мұғалім белсенділігі мен энтузиазмының білім алушылардың білім сапасының танымдық, көңіл-күйлік, эмоциялық жағынан өте күшті позитивті ықпал етуші факторы ретіндегі дәлелдемелерін келтіреді[8, 762].

Яғни, бейнелеу іс-әрекетінде қалыптасатын эстетикалық сезімдер, эстетикалық сүйсіну жас ұрпақтың мінез-құлқына, көркемдік және танымдық іс-әрекеттеріне, біліміне, дүниетанымына оң ықпал жасайтындығы айқындалып, ең бастысы, сұлулық тәрбиесін қалыптастыруға тигізер зор әсері ерекше байқала түседі.

Білім алушылардың бейнелеу іс-әрекетіндегі танымдық белсенділігіне әсер етуші негізгі міндеттеріне мыналарды жатқызуға болады:

1. Ойша талдауды дамыту. Бұл жүйелі жаттығулар олардың заттардың құрылымдық негізін ашуына септігін тигізеді. Соның негізінде танып-білуге қажетті затты, нәрсені немесе құбылысты қиялы, ойы арқылы санасында бекітуі мәнді әрі сапалы болады.

2. Дүниедегі кез-келген затты немесе құбылысты қабылдау көлем, пішін, түс және олардың жарық арқылы қабылдануы. Көзге көрінетін барлық заттардың көлемі болады, соған сәйкес, іс жүзінде көлемдік ұғымдарды түсіндіре отырып, оларға заттарды көлемді етіп көруге, сол көргенін бейнелеуге үйрету қажет. Қараңғыда ешқандай зат көрінбейтіндіктен, оларды тек қана жарық арқылы бейнелей алатындығымызды саналарына сіңіруіміз керек.

3. Бейнелеу іс-әрекетіндегі тұтастықты сезіндіру қажет, себебі қандай да бейнеленген суреттегі салынған бөлшектер бір шешімге бағынуы керек. Яғни, бейнелеу іс-әрекетінде жалпыдан жекеге қарай бейнелеу, реңдік, түстік, көлемдік қатынастарды дұрыс сақтау шарттарды дұрыс меңгеруіміз қажет.

Бейнелеу іс-әрекеті алдындағы білім алушының қабылдай білуін дамытудың екі мақсаты бар: біріншіден, оның қоршаған ортамен танысудан алған танымдық және эстетикалық тәжірибесін байыту, екіншіден, әртүрлі заттар мен құбылыстар туралы түсініктерін нақтылау.

Білім алушының көркемдік танымдық іс-әрекеті, шығармашылық белсенділігі оның бақылауына негізделген. Ал бақылау - тұлғаның қоршаған әлемді тануының белсенді формасы екендігі белгілі. Психолог Л.С.Выготскийдің тұжырымдамасы бойынша жеке адам тұлғасы мен білімі тәрбие және оқыту барысында жетіледі, ал оқыту жеке адамның таным қабілетін, дүниетанымын, білімін мақсатқа сәйкес дамытады және тәрбиелей отырып жетілдіреді[9, 28].

Бейнелеу өнеріндегі танымдық іс-әрекеттегі образдар жасау, бейнелеу, суреттеу қызметі білім алушының қоршаған орта заттары мен құбылыстарын қабылдауын белгілі-бір дәрежеде жүзеге асыруына көмектеседі. Бұл ретте осы үдеріс бейнелеу міндеттерімен ғана шектеліп қалмайды, сонымен бірге білім алушының рухани өмірінің басқа жақтарын да қамтып, тұтастай түйсіну қабілетіне, біліміне, танымдық іс-әрекеті мен бүкіл дүниетанымына әсер етеді.

Бейнелеу өнері білім алушылардың білуге, тануға деген құмарлығын, эстетикалық сезімдерін арттыруға бағытталған, көркемдік танымдық мүмкіндіктерге ие әрі олардың тұлғасын дамытуда ерекше орын алады. Яғни, бейнелеу өнеріндегі танымдық іс-әрекеті де білім алушының білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекетін құрайтындығы анықтала түседі. Бұл жерде танымдық ізденімпаздықтың да орны бөлек. Танымдық ізденімпаздықты жеке адамның білім мен іс-әрекет тәсілдерін біреудің көмегінен игеруге, қоршаған өмір шындығын одан әрі өзгерту және жетілдіру мақсатымен танымдық міндеттерді шешуге ұмтылысымен және белсенділігімен сипатталатын қасиеті ретінде қарастыруға болады.

Сонымен, бейнелеу өнеріндегі танымдық іс-әрекеттер заттың, құбылыстың қасиеттерін анықтап, танып білуге бағыттанып, білім алушылардың қоршаған ортаның сан-алуандылығын эмоциялық түрде бейнелеуге қажетті ептіліктер мен дағдыларды қалыптастыруларына мүмкіндіктер береді. Танымдық іс-әрекетке негізделген бейнелеудің негізгі талабы саналылық әрі шынайылық болуы тиіс. Білім алушы бейнелеу іс-әрекетіндегі алғашқы сәттен бастап бейнелеудің көлемдік, кеңістіктік, сол сияқты, пішіндік, реңдік таным іс-әрекеттерін жүргізуі қажет. Яғни, бейнелей отырып танымдық іс-әрекеттерді жүзеге асыру дүниені танудың күрделі сатысына жол ашып береді.

Қорыта келгенде, бейнелеу өнеріндегі танымдық іс-әрекет білім алушылардың бойында адамның ішкі жай-күйін, оның сезімдері мен толғаныстарын дұрыс түсінуге, көркемөнер шығармалары негізінде салыстыру, көркем ойлау, сомдау, суреттеу, бейнелеу қабілетін, сол арқылы адамгершілік, ізгілік, дүниені сұлу қабылдау қасиетін дамытуға, білім алушылардың бүкіл көркемдік танымдық іс-әрекеттерін қалыптастыруға бағытталған күрделі әрі ауқымды үдеріс болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Ұлы Даланың жеті қыры». Егемен Қазақстан. Астана, 21 қараша, 2018.
2. Талызина Н.Ф. Формирование познавательной деятельности школьников. -М., Просвещение. -1988. -480 с.

3. Юсов Б.П. *Искусство и дети. Сборник /под ред. Б.П.Юсова, В.П.Шестакова. М., Искусство. 1969. 248 с.*
4. Жарықбаев Қ. Б. *Психология негіздері: Оқулық. Алматы: Эверо, 2010. - 462 б.*
5. Ақбаева Ш.Ә. *Көркем білім беруде өнер мен көркемдік дүниетанымның кейбір мәселелері. Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Көркемөнерден білім беру» сериясы, №3(48) 2016 ж. 141-бет.*
6. Камаков А.О. *Эстетическое воспитание учащихся 4-6 классов средствами декоративно-прикладного искусства. автореф... канд. дисс. пед. наук. -1982.*
7. Салауатов Б.С. *Өнер мен бейнелеу өнері арқылы білім мен тәрбие беру мәселелері. Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Көркемөнерден білім беру» сериясы, №1(42) 2015 ж. 22-бет.*
8. Melanie M. Keller, Anita Woolfolk Hoy, Thomas Goetz, Anne C.Frenzel. *Teacher Enthusiasm: Reviewing and Redefining a Complex Construct. Educ Psychol Rev (2016) 28:743–769. DOI 10.1007/s10648-015-9354-y. Published online: 23 December 2015, Springer Science+Business Media New York 2016. <https://link.springer.com/article/10.1007%2Fs10648-015-9354-y>*
9. Выготский Л.С. *Воображение и творчество в детском возрасте. 3-е издание. -М., Просвещение. -1991. -93 с*

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Ахмет Ясауи университеті). Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Бекзат Саттарханов даңғылы, 29. Университет қалашығы. 161200
 Әуелбеков Ержан Бураханұлы, «Өнер» факультеті, Бейнелеу өнері кафедрасының доценті, п.ғ.к.

Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави (Университет Ахмеда Ясави). Туркестанская область, Город Туркестан, проспект Бекзата Саттарханова, 29. Университетский городок. 161200
 Ауелбеков Ержан Бураханович, факультет «Искусство», доцент кафедры Изобразительного искусства, к.п.н.

УДК 13+37.0
МРНТИ

А.Г. Ильин¹, К.К. Бегалинова²

¹Кандидат филос.н., доцент, Елабужский институт К(П)ФУ, г. Елабуга, РФ

³Доктор филос.н., профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

НАУЧНОЕ И ВНЕНАУЧНОЕ ЗНАНИЯ: РАЗВИТИЕ ДИАЛОГА

Аннотация

С архаических времен человечество осознало, поняло, что не может быть целостного знания о человеке, это знание не может являться лишь прерогативой вненаучного опытного познания. Без естественнонаучных, технических знаний и других форм общественного сознания и познания немислимо это целостное знание. В данной статье речь идет о

необходимости синтеза между научным и вненаучным знанием. Авторы показывают, что теоретическое знание, оторванное от эмпирического, иррационального начала является всё-таки абстрактным, частичным знанием. И только через гармонию эмпирического и теоретического, рационального и иррационального, одностороннего и многостороннего, абстрактного и конкретного знаний возможно построение такой научной теории, которая стимулирует человеческий Дух, человеческую практику.

Ключевые слова: наука, вненаучное знание, иррациональное, мистическое, западная цивилизация, восточная культура, синтетическое знание.

А.Г. Ильин¹, К.К. Бегалинова²

¹*Философия ғылымдарының кандидаты, доцент, Елабуга Институты К(П)ФУ, Елабуга, РФ*

²*Философия ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан*

ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ЕМЕС БІЛІМДЕР: СҰХБАТТЫҢ ДАМУЫ

Аңдатпа

Архаикалық кезеңнен бері адамзат адам туралы бүтін, бірегей білім болуы мүмкін еместігін және осы білімнің ғылымдан тыс тәжірибелік танымның айрықша құзыреті болмайтындығы туралы түсініп келеді. Жаратылыстанулық, техникалық ғылымдар және қоғамдық сана мен танымның басқа формаларынсыз аталған бүтін білім мүмкін емес. Мақалада ғылыми және ғылыми емес білім арасында синтездің қажеттілігі туралы сөз қозғалады. Авторлар эмпирикалық, иррационалды бастамадан ажыратылған теориялық білім абстрактты, жартылай білімге айналатындығын көрсетеді. Эмпирикалық пен теориялық, рационалды мен иррационалды, бір жақты және көп қырлы, абстрактты мен нақты білімдердің гармониясы арқылы адамдық Рух, адамдық тәжірибені өрбітетін ғылыми теорияны құруға болады.

Түйін сөздер: ғылым, ғылымнан тыс білім, иррационалды, мистикалық, батыс еркениеті, шығыс мәдениеті, синтетикалық білім.

G. Ilin¹, K.K. Begalinov²

¹*Candidate of Philosophy, Associate Professor, Elabuga Institute K (P) FU, Elabuga, Russian Federation*

²*Doctor of Philosophy, Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

SCIENTIFIC AND EXTERNAL SCIENTIFIC KNOWLEDGE: DEVELOPMENT OF DIALOGUE

Abstract

From archaic times, mankind has realized, understood that there can be no holistic knowledge about a person, this knowledge cannot be only the prerogative of extra-scientific experimental knowledge. Without natural-science, technical knowledge and other forms of social consciousness and cognition, this holistic knowledge is inconceivable. This article deals with the need for synthesis between scientific and extra-scientific knowledge. The authors show that theoretical knowledge, divorced from the empirical, irrational principle, is nonetheless abstract, partial knowledge. And only through the harmony of empirical and theoretical, rational and irrational, one-sided and multilateral, abstract and concrete knowledge is it possible to build a scientific theory that stimulates the human Spirit, human practice.

Keywords: science, non-scientific knowledge, irrational, mystical, Western civilization, Eastern culture, synthetic knowledge.

В современном постиндустриальном обществе интерес к вненаучному, мистическому знанию не ослабевает, а все более усиливается. Думается, это связано с тем, что вненаучные формы познания направлены на постижение человека как целостного космического существа, его внутреннего мира, где доминирующая роль отводится раскрытию духовно-душевных феноменов, их смысла, понимания, а не объяснения. Вненаучное знание существовало до появления науки, опиралось на индивидуальный, житейский опыт, полученный на основе рецептурно-практической деятельности, который не отличался обязательной достоверностью и объективностью, отражал чисто описательную сторону предметов и явлений, выявляя их внешние характеристики. Возникнув в глубокой древности, оно продолжает существовать сегодня в форме паранаучного знания, которое включает в себя мистику, теософию, оккультизм, эзотеризм, герметизм, колдовство и т.д. Паранаучное знание не поддается объяснению с позиции здравого смысла, поскольку его существование связано с экстрасенсорными, сверхъестественными способностями некоторой категории людей – ясновидцев, колдунов, магов, шаманов и т.д. Поэтому, исследовать сущность таких явлений, как телекинез (передвигание предметов на расстоянии), телепатия (чтение мыслей на расстоянии), психокинез (управление силой мысли огнем) и т.д., на глубинном научном уровне не представляется возможным. В современное время сфера паранаучных знаний расширяется, что связано с интересом людей к мистическому знанию, обращением их взора к восточной медицине, астрологии, магии и т.д.

К ненаучному знанию относятся мифологическое и религиозное знания и искусство. Эти знания не претендуют на объективность, для них характерна недостаточная степень обоснованности и достоверности, им присущ иррационализм. Поэтому, они не могут считаться научными формами знания. Но, как показала современность, все они находятся в связи и взаимосвязи. История культуры показала, что в развитии вненаучного знания имелись такие моменты, которые не могли быть решены усилиями шаманов, колдунов, экстрасенсов и других представителей ненаучного знания. Постепенно возникала потребность в рациональном, научном знании. Как здесь не согласиться с хрестоматийным высказыванием К. Маркса, что наука есть «хитрость, имеющая целью подчинить природу человеческим потребностям». Наука – это конкретная форма деятельности людей, направленная на получение нового знания, которая «движется вперед пропорционально массе знаний, унаследованных ею от предшествующего поколения» (Ф. Энгельс). Как справедливо отмечал В.И. Вернадский, «ее (науки) содержание не ограничивается научными теориями, гипотезами, моделями, создаваемой ими картиной мира, в основе она главным образом состоит из научных фактов и их эмпирических обобщений, и главным живым содержанием является в ней научная работа живых людей» [1, с.428]. На протяжении многих веков до эпохи Возрождения научное и вненаучное знания шли рука об руку, дополняя друг друга. Затем произошел разрыв, основанный на том, что только научное знание выступает истинным, и формы ненаучного и донаучного знания стали игнорироваться. Современная ситуация XXI столетия требует пересмотра такой научной методологии, поскольку уже фактом становится синтез научного и вненаучного знания. Уже никого не удивляет тот факт, что фиксируется тупик научного знания.

Человек в поисках смысла жизни стремится к Истине. Долгое время он считал, что эту Истину может дать только наука и такая философия, которая основана на науке. Но жизнь опровергла такое представление. Наука завела современного человека в тупик. Она дала ему многое, она возвысила его, но, в то же время человек понял, что Истина ускользает от него. Дальнейший поиск человека пошел в направлении вненаучного знания, он ударился в мистические учения - мистику, колдовские, шаманские знания, пышным цветом расцвела экстрасенсорика, всякого рода паранаучные изыскания. Особенно эта ситуация видна в современной медицине, где кризис традиционной научной медицины

налицо. И врач, и пациент стали искать эту Истину в сфере парамедицинского знания и опять человека ждало разочарование.

Уже длительное время человек соединял Истину с Богом через религию. Библер В.С. в своей работе «От наукоучения - к логике культуры» пишет, что основу истинного знания составляет искусство. Но и здесь нас охватывает большое сомнение. Нам представляется, что эта Истина станет реальностью для человека через синтез науки и вненаучного знания, философии, религии и искусства, Истины, Добра и Красоты.

«Открытие современной наукой микролептонной природы человеческой мысли подтвердило одно из основных положений восточных философских систем о том, что мысль, как тончайшая из энергии, способна воздействовать на явления как планетарного, так и вселенского характера» [2, с.6-7]. Создание современной физикой единой теории поля или единой силы, управляющей всеми процессами во Вселенной, приводят физиков к выводу о единстве материи и сознания. Открытие нового уровня в строении материи, так называемых торсионных полей позволяет представить единство Космоса и человека, материального и духовного как научно-доказанный факт [3, с.5]. Физики считают, что торсионный уровень - это 6 структурный уровень материи (1.твёрдое тело, 2. жидкость, 3. газ, 4. элементарные частицы, 5. вакуум). Существуют вторичные торсионные поля, которые создаёт сам человек. Эти поля не обладают энергией и не переносят её. Они переносят только информацию и существуют во всех точках пространства и времени. Они обладают голографической структурой, что означает: вся информация об объекте содержится в маленькой области пространства. Существует и 7 уровень - некое Абсолютное Ничто (или Нечто) - источник всех остальных 6 уровней, некое сверхсознание, организующее начало, обладающее бесконечными творческими началами. Оно само из себя порождает весь мир. Оно содержит в себе матрицу всего остального мира, которую перенимают торсионные поля и переносят информацию без энергии. Затем торсионное поле рождает вполне конкретные частицы, определённую дискретную структуру возможных вариантов существования материи: атомы - молекулы - вещества. Итак, мир - предопределён, детерминирован. Но каким образом? Может быть, действительно, согласно буддистской философии - Великая Пустота? Или как утверждал А. Шопенгауэр - Мировая Воля - этот могучий творческий принцип, порождающий все вещи и процессы, но в котором изначально коренится нечто ущербное, негативное? Возможно, по Т. де Шардену, из точки омега возникла Вселенная?

Ответ на этот вопрос дан российским учёным В.Д. Плыкиным, который считает, что вода способна хранить любую информацию, в том числе и информацию о структуре Вселенной. В результате многолетних исследований он получил модель Вселенной, структура которой выглядит как пчелиные соты. В основе этих сот - вихревые структуры, каждая из которых происходит из основного ядра, и выходя на периферию, соединяется с другим ядром. Итак, два ядра: одно в основе, другое в центре этой вихревой структуры, пронизывающей все галактические слои [4]. Обратимся к историческим фактам, ведической философии. Ещё Древние Адепты в Манускриптах Комментариев сообщали: «Лха, вращающий 4-ое, слуга Лха 7, тех, которые вращаются, устремляя Колесницу вокруг Владыки своего, Единого Ока нашего Мира.. Дыхание Его дало жизнь 7. Оно дало жизнь Первому... Внимайте, вы, Сыны Земли, Вашим Наставникам - Сынам Огня. Познайте - нет ни первого, ни последнего, ибо всё есть Единое число, исшедшее из Не-Числа...» [2].

Информация - это следствие, это не материя, но она упаковывается, уплотняется в состояние материи, соответственно различают: материальное - плотноматериальное-сверхплотноматериальное. Ещё в Библии было сказано: «...И создал Бог твердь, и назвал Он её Небом...». Небо - плотноматериальное. Если посмотреть сверху на этот энергетический стояк из вихревых структур, то можно увидеть шестиугольник, эти шестиугольники складываются в те пчелиные соты, информацию о которых содержит вода. Мы не видим эту структуру в космосе, потому что мы смотрим под углом, и видим хаос.

Человек - существо Вселенной, а не случайное порождение бедствий на Земле. Он должен жить по законам Вселенной, а не по тем искусственным законам, которые он придумал сам. Необходимо понять, что Земля - это живое, это наша мать, но она вынуждена защищаться от нас, о чём свидетельствуют графики катаклизм, бедствия, землетрясений. Установлено, что частота и амплитуда их достигает максимума именно в те периоды, когда на Земле происходят социальные катаклизмы.

Общество является одной из сфер жизни человека, независимой от его воли и мыслей. Общество влияет на поведение человека, увлекая его во всё новые и новые социальные лабиринты, втягивая в коммуникацию, особенности которой уже кем-то прописаны. «Понятие коммуникации, ориентированное на различие и отбор, проясняет проблемы и границы коммуникативного поведения, наблюдаемые и описываемые уже столетиями. Однажды включившись в коммуникацию, уже не вернуться в рай простых душ...» [5; С.208]. Человек в обществе теряет свои первозданные устремления и задачи, возложенные на него Создателем. Если человек долгое время в социальной группе занимает определённый социальный статус, то первоначальное следование предписаниям и инструкциям спускается до уровня взаимодействия на основе личных симпатий, интересов, культуры и т.д. «Структура системы несёт в себе, таким образом, информацию, воспроизводящую собственную историю, равно как и структуру факторов внешней среды, воздействовавших на систему в ходе исторического движения. Всякая данная, ставшая социальной система обладает определённым запасом информации, приобретённой собственным опытом, а потому избавлена от того, чтобы заново согласовывать функции своих компонентов, целесообразные способы взаимодействия со средой, в условиях которой сформировалась и функционирует» [6; С.168]. Мы видим, что происходит всё большее удаление человека от Природы и его увлечённость в социальность. В Природе нет точных наук, там всё цельно и слитно, в обществе же, господствует Наука позитивная, «от-дифференцированная».

Последние открытия в науках подтверждают тот факт, что все явления природы и общества, человечества и Космоса взаимосвязаны. Солнце, планеты, Земля, природа, Человек и, наконец, общество существуют как единый механизм. Об этом говорили ещё древние Адепты. Согласно ведической философии общество представляет собой аналог живого организма. Человек, а значит и общество, вне какой-либо зависимости от территориальной, государственной, национальной принадлежности - часть Единого, Целого. Сам человек по ходу развития так называемой цивилизации разделил Единое на различные друг другу противоречащие образы. Необходимо осознать своё место в этой Великой Структуре. Было бы абсурдным нарушать эту закономерность: что сейчас и происходит, следствием чего и являются все социальные и экономические кризисы. Приведём несколько наглядных примеров. Сегодня чуть ли не каждый министр или депутат - бывший коммерсант, предприниматель или, на худой конец, зоотехник. Это значит, что «живот» неизвестно почему хочет стать «рукой», но не может понять, почему у него ничего не получается. Дело в том, что он не может выполнять никакой другой функции, кроме как продавать, покупать и выращивать, но это не дело «рук». Человек должен быть творческой личностью. Только поиск поможет человеку стать гармонизатором социально-природной эволюции, установить границы воздействия человека на природу.

Выводы синергетики как науки, логика универсального эволюционизма или коэволюция позволяют представить космос как живой сложный динамический организм и то, что на уровне мифа выступало вымыслом (закономерность хаоса и порядка) сегодня подтверждается наукой и единство самоорганизации и самодезорганизации, единство энтропии и нэгэнтропии выступает фактом, доказанным наукой. Следовательно, сами научные открытия доказывают правильность вненаучного знания. Деление на науку и ненауку условно, релятивно. Сама современная научная реальность приводят к выводу об искусственном разрыве между научным и паранаучным знанием. Говоря о развитии

современной математики, М. Клайн писал: «Утрата критериев абсолютности истины, всё возрастающая сложность математики и естественных наук, неуверенность в выборе правильного подхода к математике привели к тому, что большинство математиков оставили вопросы оснований. С проклятием «Чума на оба ваши дома!» они обратились к тем областям математики, где методы доказательства казались им надёжными. Они нашли также, что *проблемы, придуманные человеком, более привлекательны и легче поддаются решению, чем проблемы, поставленные природой*» (курсив авторов) [7; С.13]. Мы видим, что современные учёные, отрицающие определённую основу, первопринцип, становятся заложниками собственных изобретений и вынуждены решать те проблемы, которые ставит сама наука перед собой.

Современные данные свидетельствуют о том, что западная наука должна окончательно освободиться от механистического понимания Вселенной, от узких рамок ньютоново-картезианской модели мира, представления прогресса как бесконечного линейного развития, отрыва материального от духовного, разделения человека на телесное и душевно-духовное начала. Единство материи и сознания, единство человека и мира как единство макро- и микрокосмоса - характерная черта восточных философских систем, восточной науки. И, следовательно, западная наука сближается сегодня с восточной, сближаются и их философские системы.

При всём многообразии в современной отечественной философии трактовки этого сближения, общим для них выступает единство духовного и материального, в котором лидирующая, субстанциальная роль может принадлежать или любой форме духовного (Любовь, Красота, Нравственность, Бог, Абсолют и т.д.), или материальному (физическая реальность, биологическое поле, биоэнергия и т.д.). Но обязательным для всех этих концепций является взаимосвязь материального и духовного. Можно согласиться с тем, что принцип единства материального и духовного в понимании человека и Мира - прерогатива Востока. Это видно из отношения восточного человека к технике. В. Гейзенберг пересказывает историю, поведанную ещё Чжуан цзы, которая передаёт дух эпохи, не нуждающейся в науке. «Проходя севернее реки Хань, Цзы-гун заметил старика, трудившегося на своём огороде. Выкопав канавы для орошения, он сам спускался в колодец, поднимал вверх наполненной водой сосуд и выливал воду в канавы. Трудился неутомимо, но достигал немногого. Цзыгун сказал: «Есть устройство, с помощью которого можно за один день наполнить сто канав. Сил расходуется мало, а достигается многое. Не захотели бы вы им воспользоваться?». Огородник выпрямился, посмотрел на него и спросил: «Что это за устройство?». Цзы-гун сказал: «Берут деревянную перекладину, заднюю часть потяжелее, переднюю полегче. С её помощью можно черпать воду так, что она только клокотать будет. Это устройство называется журавлём». Гнев выразился на лице старика, и, усмехнувшись, он сказал: «Я слышал от своего учителя: «Кто использует машины, тот делает все свои дела машинообразно, кто действует машинообразно, у того сердце становится машинным. У кого в груди машинное сердце, тот утрачивает чистую простоту, а без чистой простоты не может быть уверенности в побуждениях собственного духа. Неуверенность в побуждениях собственного духа не уживается с истинным смыслом. Я не потому не пользуюсь этой машиной, что её не знаю, а потому, что стыжусь это делать» [8, с.71-72]. Дело в том, что созерцательный подход восточного человека к Миру, непривязанность его к собственности, когда сама свобода выступает богатством, диктует целостный подход, целостное, холистическое понимание человека и Космоса. Ментальность же западного человека иная - она ориентирована на материальное богатство, когда именно это богатство делало человека свободным.

Всё созданное человеком – предметы быта, технические средства, одежда и т.д. – являются, по выражению К. Поппера «третьим миром»[9]. «Первый мир» - это мир Природы, «Второй мир» - это субъективный психический мир человека, «Третий мир» - это мир

человеческих изобретений и всего, что человек делает, пишет, рисует, строит и т.д. «...Проблемы, которые мы открываем, возникают как незапланированные последствия наших изобретений, которые входят в третий мир. Так что они только косвенно являются продуктами нашего сознания» [9; С.57]. далее К.Поппер пишет: «На второй лекции я обсудил в главных чертах то, что я называю «автономией» третьего мира. Под этим я понимаю то, что когда мы начали что-то делать, - например, строить дом, - то не в нашей воле продолжать так, как нам нравится, если мы не хотим быть погребенными под обвалившейся крышей. Скорее, есть структурные законы, которые нами должны быть открыты, законы, которые мы не можем изменить и которые автономны»[9; С.82]. Автономия третьего мира, мира созданий человека, начинает всё больше влиять на поведение и мысли самого человека, что можно обозначить понятием «трансгуманизм» - перенесение центра принятия решений за пределы самого человека. Все желания, «хотелки» человека приходят к нему из интернета, телевизора, с экрана компьютера, планшета и т.д. При всей конкретности данного понятия в определённых научных кругах, авторы дают ему именно такое определение.

Но современный кризис западной цивилизации, те глобальные катастрофы, в которые втянут человек, приводят к необходимости обратить свой взор на связь и взаимосвязь, взаимозависимость всего существующего, снять Майю, которая заслоняла от него прошлое, переосмыслить многие принципы научного знания и прийти к выводу - духовное спасение человечества заключается в целостном, целом видении Мира и человека, его органической связи не только с другими, себе подобными, но и с Универсумом, с Космосом в целом. Речь идёт о возрождении мифологии, о переходе к новому синкрету, обогащённым тысячелетним развитием человеческого Духа. Это заставило Запад обратить серьёзное внимание на Восток, стремиться не только к реанимированию мифологического сознания, но и к синтезу с восточной культурой, с восточной духовностью.

В заключении хочется отметить, что восточная наука и философия имеют праксиологическую направленность, медитационный и рецептурный характер. Западная же философия и наука «развивала» знание ради самого знания. То сближение, которое между ними происходит, показало, что отбрасывается не содержание восточного знания, не содержание западного знания, а происходит их сближение, синтез, заключающийся в том, что это чистое знание наполняется практическим содержанием. Восточное практическое знание подтверждается западными научными открытиями, о чём шла речь ранее и подтверждается одной из гипотез происхождения Вселенной - теорией Большого Взрыва. По этой теории Вселенная возникла в результате колоссальной силы взрыва и развивается по определённому плану. Сближение научного и вненаучного знания, науки и религии, науки и философии западной и восточной, начавшись в недрах XIX века, происходит сложно, трудно, зигзагообразно. Наука идёт к синтезу методом проб и ошибок, через взлёты и падения.

Безусловно, сложность этого процесса имеет объективный характер. Но немаловажную роль играет и сам человек, его субъективные особенности, его психология. Тысячелетнее развитие дифференцированного существования науки, религии и философии сформировали в сознании и психологии человека на уровне аксиом целый ряд предрассудков, идолов, призраков, которые мешают такому синтезу, холистическому восприятию мира. Как говорил В.Библер, в культуре ничто не исчезает. И эта идея единства материального и идеального, духовного так же остаётся в культуре. И сегодня, в условиях цифрового XXI века мы хотели бы, чтобы эта идея актуализировалась, вышла бы из своего небытия и стала бы фактом не только мышления, но и чувства человеческого.

Список использованной литературы:

1. Вернадский В.И. О науке. – Т.1. Дубна, 1997. – С. 428

2. Васубандху. Абхидхармакоша.(пер.и ком.). Улан-Удэ, 1980. С.6-7.
3. Философские вопросы буддизма. Наука. Новосибирск. 1984, С. 5
4. Плыкин В.Д. В начале было Слово... След на воде [Электрон. ресурс]. – 2018. – URL:<https://vk.com/club16512240> (дата обращения: 24.03.2019).
5. Луман Н. Социальные системы. Очерк общей теории. Перевод с немецкого И. Д. Газиева. Под редакцией Н. А. Головина. - Санкт-Петербург, «Наука». 2007
6. Афанасьев В.Г. Социальная информация и управление обществом. Изд. Стереотип. М.: Книжный дом «ЛИБРОКОМ», 2018. – 408с.
7. Клайн М. Математика. Утрата определённости: - М.: РИМИС, 2007. – 640 с., ил.
8. Методология науки в контексте взаимодействия восточной и западной культур. Алматы, 1998, С.71-72.
9. Поппер К.Р. Знание и психофизическая проблема: В защиту взаимодействия. Пер. с англ./ Послесл. И.В. Журавлёва. – М.: Издательство ЛКИ, 2008.- 256с.

Абишева О.Т.¹, Құрманбек Ә.Е.²

*¹Өнертану докторы, қаум.профессор
Абай атындағы Қаз ҰПУ, Өнер,мәдениет және спорт институты
Алматы қ., Қазақстан*

*²«6М041600- Өнертану» мамандығының 1-курс магистранты
Абай атындағы Қаз ҰПУ, Өнер,мәдениет және спорт институты
Алматы., Қазақстан*

ЖАҢАРТЫЛҒАН МЕКТЕПТЕГІ ТӘРБИЕЛІК ІС – ШАРАЛАРДЫҢ РӨЛІ

Аңдатпа

Тәрбие – әрбір мұғалімнің рухани-практикалық қызметі болып табылып, оның кәсіби күшін тудыратын түрлі салаларды өзектен өтіп, шығармашылықпен, ізденіспен, қажетті дағдылармен, жаңа білімдермен қатар ілесіп келеді. Тәрбие тәжірибесін басшылыққа алса, білім беру саласын реформалау қисынында мектеп директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына бәсекеге қабілеттілік; прагматизм; ұлттық бірегейлікті сақтау; білімнің салтанат құруы; Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы; сананың ашықтығы деген заманауи критерийлерге сай тәрбиелік іс-шараны модельдеу мен әзірлеуде әдістемелік қажеттілік қажет.

Бұл дегеніміз, біздің міндетіміз тәрбиелік процес ұйымдастырушыларына осы саладағы зерттеушілік ізденісіне қосылуда көмек көрсету; педагог тәрбиеші айқындамасынан ұйымдастырылып отырған іс-шараны құруға шығармашылықпен келіп, оны түзетіп, нивелирлейтін жағдайына жетуі үшін, тәрбиелік іс-шараның критерийлер жүйесін сипаттауда екенін көрсетіп отыр.

Кілт сөздер: тәрбие, рухани жаңғыру, білім, Елбасы, эволюциялық даму.

Абишева О.Т.¹, Құрманбек А.Е.²

*¹Доктор Искусствоведения, Каум.профессор
Каз НПУ им. Абая, институт искусств, культуры и спорта
Г. Алматы, Казахстан*

²*Магистрант 1 курса специальности «БМ041600-Искусствоведение»
Каз НПУ им. Абая, институт искусств, культуры и спорта
Астана. Казахстан*

РОЛЬ ВОСПИТАТЕЛЬНЫХ МЕРОПРИЯТИЙ В ОБНОВЛЕННОЙ ШКОЛЕ

Аннотация

Воспитание-является духовно-практической деятельностью каждого учителя, актуализирует различные области, которые вызывают его профессиональную силу, наряду с творчеством, поиском, необходимыми навыками, новыми знаниями. Исходя из опыта воспитания, конкурентоспособность заместителей директоров школ по воспитательной работе в логике реформирования сферы образования; прагматизм; сохранение национальной идентичности; торжество знаний; эволюционное, а не революционное развитие Казахстана; необходима методическая потребность в моделировании и разработке воспитательного мероприятия в соответствии с современными критериями прозрачности сознания.

Это означает, что наша задача заключается в том, чтобы помочь организаторам воспитательного процесса присоединиться к исследовательскому поиску в этой области; педагог из позиции воспитателя описал систему критериев воспитательного мероприятия, чтобы творчески подходить к созданию, корректировать и нивелировать мероприятие.

Ключевые слова: воспитание, духовная модернизация, образование, Елбасы, эволюционное развитие.

Abisheva O.T.¹, Kurmanbek A.E.²

¹*Doctor Of Art History, Kaum.professor
KazNPU named after Abaya, Institute of arts, culture and sports
Almaty, Kazakhstan*

²*master's Student of 1 course of specialty "БМ041600-art History»
KazNPU named after Abaya, Institute of arts, culture and sports
Astana. Kazakhstan*

THE ROLE OF EDUCATIONAL ACTIVITIES IN THE RENOVATED SCHOOL

Abstract

Education-is the spiritual and practical activity of each teacher, actualizes the various areas that cause his professional strength, along with creativity, search, necessary skills, new knowledge. Based on the experience of education, the competitiveness of Deputy Directors of schools for educational work in the logic of reforming the education sector; pragmatism; preservation of national identity; triumph of knowledge; evolutionary, not revolutionary development of Kazakhstan; there is a need for methodological need for modeling and development of educational activities in accordance with modern criteria of transparency of consciousness.

This means that our task is to help the organizers of the educational process to join the research search in this area; the teacher from the position of the teacher described the system of criteria of educational activities to creatively create, adjust and level the event.

Key words: education, spiritual modernization, education, Elbasy, evolutionary development.

Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық және мемлекеттік-саяси түрлендірулер балалардың тәрбиесіндегі стратегиялық бағдарларға, мазмұнына, амалдары мен құралдарына елеулі әсерін тигізіп, ол 27.07. 2007 жылғы № 319- III «Білім туралы» Заңында, Қазақстан Республикасында білім мен ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған

мемлекеттік бағдарламасында, Тәрбиенің тұжырымды негіздерінде және нормативтік құжаттарда көрініс тапқан. Практикалық патриотизмнің негізі болатын тәрбиенің жаңа типін қалыптастыру ісі өзектендірілуде.

Елбасы Н. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында - «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» патриоттық сезімді меншікті ұлттық мәдени-генетикалық кодтың іргелі негізі ретінде тұжырымдайды [1].

«Білім туралы» Заңында тәрбиелік бағдарламалардың білім алушылардың, тәрбиеленушілердің патриоттық, азаматтық сезімдерін, интернационализмді, жоғары моральін және рухани дүниесін қалыптастыруға, сонымен қатар жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталатыны атап көрсетілген [2].

Заманауи мектепте қазақстандық патриотизмнің өткізуші құралы ретінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасының базалық жобалары шығады [3].

Балалар тәрбиесінде белгіленген түбегейлі міндеттердің шешімі тәрбиелік үдерістесініптан тыс және мектептен тыс тәрбиелік жұмысында кеңінен қолданылатын оның ұйымдастырушылық нұсқаларының бірі - тәрбиелік ісшарасымен салғастырылады.

Тәрбиелік іс-шарасы тәрбиелік жүйенің мәнмәтінінде оның мақсат, қызмет, әрекеттің субъектісі, қарым-қатынастар, басқару секілді құрамдастарының кірігуін қамтамасыз ететін мектепті басқарудың нысаны ретінде қарастырылады: (Л.И. Новикова, В.А. Караковский, Н.Л. Селиванова, М.Е. Демеуова, К.Ж. Кожаметова, Н.И. Хван и др.).

Білім мазмұнын жаңартуда оның функционалдық рөлі арта түседі. Дәл осы тәрбиелік іс-шара мектеп оқушыларына тек педагогикалық қана емес, сонымен бірге әлеуметтік фактор ретінде әсер етеді, өйткені олардың өзара әрекеттесуін, жас ерекшеліктері мен шығармашылық әлеуетін ескерумен шынайы мәнді процестердің қосылуын арта түседі.

Жалпы білім деңгейлерімен және бастауыш, орта және жоғары сыныптарда оқытудың білімділік, педагогикалық міндеттерімен сәйкестікте білім беру процесін іске асырып отырған әрбір білім беру ұйымында дерлік өзінің тәрбиелік жүйесі қалыптасқан. Оның тиімділігінің, яғни тәрбиелік ісшараның пәрменділігінің, нәтижелілігінің өлшемі ретінде сәйкес критерийлер шығады.

Инновациялар жағдайында практик-мұғалімге тәрбиелік іс-шараның оның сапасын арттыруды көздеп, оны бағалау көрсеткіштері мен критерийлерін әзірлеуді қажет ететінін түсінген маңызды. Нәтижелелік пен тиімділіктің мәселелері педагогтардың білім алушылардың тәрбиесін ұйымдастыру 4 процесіндегі сараптамалық жұмысының пән ретінде шығуы тиіс.

Тәрбие – әрбір мұғалімнің рухани-практикалық қызметі болып табылып, оның кәсіби күшін тудыратын түрлі салаларды өзектен өтіп, шығармашылықпен, ізденіспен, қажетті дағдылармен, жаңа білімдермен қатар ілесіп келеді. Тәрбие тәжірибесін басшылыққа алса, білім беру саласын реформалау қисынында мектеп директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына бәсекеге қабілеттілік; прагматизм; ұлттық бірегейлікті сақтау; білімнің салтанат құруы; Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы; сананың ашықтығы деген заманауи критерийлерге сай тәрбиелік іс-шараны модельдеу мен әзірлеуде әдістемелік қажеттілік қажет.

Бұл дегеніміз, біздің міндетіміз тәрбиелік процес ұйымдастырушыларына осы саладағы зерттеушілік ізденісіне қосылуда көмек көрсету; педагог тәрбиеші айқындамасынан ұйымдастырылып отырған іс-шараны құруға шығармашылықпен келіп, оны түзетіп, нивелирлейтін жағдайына жетуі үшін, тәрбиелік іс-шараның критерийлер жүйесін сипаттауда екенін көрсетіп отыр.

Қазақстан мектептерінің қазіргі кезеңдегі тән ерекшеліктерінің бірі – оның барлық сатыларда жаңартылып отырғанында.

Мектепте өтіп жатқан өзгерістердің ауқымы оның сыртындағы да өзгерістерге байланысты маңызды: өндірістердің және технологиялардың жаңартылуы, ақпаратты жолдау

мен пайдаланудың жаңа мүмкіндіктерінің шығуы, еңбек және іскерлік өмірдегі функционалдық өзгерістер, әлеуметтік шақырулар. Жаңартулар мектеп білімінің 12-жылдық үлгісіне ауысу шеңберінде өтіп отыр. Орта білім құрылымы қайта қарастырылған, білімнің жаңа мазмұны анықталуда, оқыту тәрбиелеудегі инновациялық көзқарастар мен әдістер зерттелуде, оқушылар жетістіктерін бағалаудың түбегейлі түрде жаңа жүйесі енгізілуде, педагог кадрларды заманауи әдістемелер бойынша даярлау ісі жүзеге асырылуда. Жаңа стандарт бойынша мектеп функционалды сауатты, яғни белсенді және шығармашылықпен ойлайтын, әрекет ететін, зияткерлігімен, рухани және дене бітімімен өз бетінше дамуға қабілетті мектеп бітірушісін дайындап отыр.

ҚР МЖМБС әзірлеуде мектеп білімін дамытудың халықаралық бетбұрыстары, PISA, TIMSS, PIRLS халықаралық зерттеулерінде жақсы нәтижелерге қол жеткізген Финляндия, Сингапур, Оңтүстік Корея, Жапония, Қытай және т.б. елдердің білім беру тәжірибесі ескерілген.

Республикамыздың орта білім жүйесіне, барлық үлгідегі мектептердің (гимназиялар, лицейлер) тәжірибесіне Назарбаев Зияткерлік Мектептерінің (НЗМ) инновациялық білім беру үлгісінің таңдаулы қазақстандық тәжірибесі ауыстырылуда.

Жаңарту ерекшеліктерінің бірі ретінде білімнің құндылықтары ретінде «Мәңгілік Ел» Патриоттық Актісінде белгіленген құндылықтары тұжырымы анықталды. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевпен «Болашаққа бастар жол - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы балалар мен жастардың бойында әлеуметтік жауапкершілікті, қазақтандық қоғамның игілігі және бірлік сезімі үшін еңбек етуге дайындықты тәрбиелеуге бағытталған [4].

Құндылықтарды табысты таратудың факторларының бірі ретінде мектеп жүйесіндегі тәрбиелік іс-шараларды сапалы түрлендіру шығады.

Тәрбиелік іс-шара дегеніміз бұл – оқушылар қызметін ұйымдастырудың оперативті, уақытша, модификацияларының алуан түрі бар амал, ол олардың қарым-қатынастары мен қоршаған ортасының белгілі жүйесін түзуге, мектеп оқушысының жан-жақты дамыған тұлғасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

А.А. Сухомлинскийдің пікірі бойынша, «сыныптан тыс іс-шаралар сабақтармен қатар оқу-тәрбие жұмысының нұсқалары болып табылып, оған қоса ерекше нұсқаларына да ие» [5].

«Іс-шара» термині қазіргі педагогикалық лексикон қатарынан тіпті шығып та кеткен, осы уақытта заманға сай сөздер, қысқартылған сөздер қолданылуда, мысалы: өз бетінше басты – «өткізу үшін» іс-шаралардың 6 тізбегінен бас тарту секілді мәселені шеше алмайтын «акция», ҰШЖ (ұжымдық шығармашылық жұмыс) деген сөздер.

Қарама-қайшылық заманауи білім үлкен тәрбиелік әлеуеті болатын тәрбиелік іс-шараларсыз ақылға сыйматынында. Мазмұны – тәрбиенің, тәрбиелік әрекеттердің анықтаушы қыры, оның құрылымына тәрбиелік ісшара енген.

Е.В. Бондаревскаяның пікірінше, тәрбиенің мазмұнын пәндік негізі ретінде тәрбиелік үдерістің және тәрбиелік әрекеттердің мазмұнының құрамдасы ретінде ажырата білу қажет [6].

Практикалық мақсаттармен тәрбиенің құрылымында адамның қалыптасуына қатысты түрлі функцияларды атқаратын шартты түрде бірнеше блоктарды ажыратады [6]. Біреуінің құрамына қоғамда «қазір және осында» бейімделуге мүмкіндік беретін тұрақты әлеуметтік-мәдени нормалар мен дәстүрлер (бейімделу функциясы) кіреді. Екіншісі тәрбиеленушінің өзінің өзінің адами бейнесіне қатысты шығармашылығын (креативті функция) қамтамасыз етеді. Үшіншісі тәрбиедегі ақаулықтарды толықтыруға бағдарланған (түзетуші функция). Төртіншісі уақыт шақыруларына және қоршаған ортаға қатысты жауапты қалыптастырып, тұлғаның болашаққа бағдар алған жеке идеалды қасиеттерін және жүріс-тұрыс сипаттамаларын дәріптеуге көмектеседі (прогностикалық функция). Осылайша, тәрбиенің

мазмұнында нормативтік және шығармашылық бастамалар тығыз байланысады. Құрылымдық блоктардың әрқайсысы тәрбие барысында белгілі бір мазмұндық құрамдастармен толықтырылады. Білім мазмұнының құрамдастары өзінің классикалық түсінігінде (М.Н. Скаткин, В.В. Краевский, И.Я. Лернер) білімдер, біліктер, дағдылар; қызмет пен құндылықты қатынастардың тәжірибесі шығады; оларды білім алушылар білім беру стандарттарының деңгейінде меңгеруі тиіс. Тәрбиенің жүйесінде олар оқыту барысынан өзге «түрі» мен мазмұндық-мағыналы толықтыруын алады.

Осылайша, тәрбие үшін қажетті ақпараттың шеңберіне кіретіндері: әлеуметте талап етілетін жеке тұлғалық сипаттамаларға және көріністерге, «тәбиелілік» ұғымымен байланысты эмоционалдық және жүріс-тұрыс реакцияларына қатысты қоғамның күтулері; өркениетті, ұлттық, туралы білімдер, аймақтық, «жергілікті» дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар деңгейінде мәдени нормалар мен жүріс-тұрыстың стереотиптері туралы білімдер.

Оларға осы білімдердің тәжірибеде көрініс табуын қамтамасыз ететін білімтекрдің және дағдылардың шеңбері, сонымен қатар адамның шынайы өмірге қатынасын білдіретін алуан түрлі – іс-әрекеттің тәжірибесі қосылады.

Бұл эмоционалдық, жүріс-тұрыс, рефлексиялық тәжірибе, күш-жігердің және әрекеттердің тәжірибесі, өнімді әрекеттің және ауқымы әртүрлі ұйымдардың және адами тұтастық құрамындағы қарым-қатынастың тәжірибесі.

Іс-шараның табысты өтуіндегі шарттардың бірі – сынып жетекшісінің барлық іске асырылып отырған өзгерістердің маңыздылығын ұғынуында, олардың өзінің әрекетін тәрбиелік процестің шеңберінде талдауы.

Тәрбиелік іс-шараларға тұтас мектептің тәрбиелік әрекеті мазмұнын жаңарту жолында беріледі.

Бұл контексте тәрбиелік іс-шараның негізгі функциялары мыналар:

- қоғам мен ортаның жаңғыруы, кәсіптің өзін-өзі тануы және үздіксіз білім беру жағдайында тұлғаның ойдағыдай әлеуметтенуі үшін педагогикалық жағдайлар жасалуы;
- жаңа әлеуметтік-экономикалық шарттар жағдайында тұлғаның өз қабілеттерін іске асыруға, ұлттық және әлемдік мәдениетке бағытталуы;
- білім беру кеңістігінің бірыңғайлығын қамтамасыз етуі;
- Тәрбиелік кеңістіктің мазмұнын жаңарту;
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасының платформасы арқылы балалардың «Мәңгілік Ел» базалық құндылықтарын меңгеруі болып табылады.

Мектеп тәрбиесі контекстінде жобалар белгілі бір мақсаттар мен міндеттерді орындайды.

Олардың біріншісі — қазақ тілінің біртіндеп латын графикасына көшу жобасы. Бұл жоба тілдің дамуына жаңа импульс беруге бағытталған және тілді әлемдік кеңістікке бейімдеуге, оқушылардың тілді меңгеруге қызығушылықтарын арттыруға бағытталған.

Екінші жоба — «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулықтар». Мектеп мұғалімдері алдында мемлекеттік тілді меңгерудегі сабақтастықты қамтамасыз ету, тәрбиелік кеңістікті оны кең қолдану үшін құру міндеттерін қояды.

«Туған жер» бағдарламасының басты мақсаты оқушыларда нағыз патриоттық сезім тәрбиелеу болып табылады, бұл сезім өз ауылына, қаласына, өңіріне, оның тарихына, мәдениетіне, дәстүрі мен тұрмысына, Отан алдындағы борышына деген сүйіспеншілігімен, мақтанышымен және адалдығымен түсіндіріледі.

Төртінші жоба «Қазақстанның қасиетті географиясы» болып табылады. Бұл жоба балалар мен мектеп оқушыларын мәдени жадын, қасиетті және мәдени-тарихи заттарды сақтауға тәрбиелеуге бағытталған..

«Жаһандық әлемдегі заманауи Қазақстан мәдениеті» жобасы шеңберінде мұғалімдер оқушыларды әлемдік қоғамдастыққа ұсынылған ең жақсы қазақ мәдениеті туындыларымен таныстыруы өте маңызды. Мақсат отандық шығармашылық зияткерлерге деген мақтаныш

сезімін тәрбиелеу, солардың тәжірибесі аясында талантты оқушылардың шығармашылық таланттарын көрсету болып табылады.

«Қазақстанның 100 жаңа тұлғалары» жобасы өзінің ойын, талантын, еңбексүйгіштігін Отанымыздың гүлденуіне арнаған тұлғалардың тарихына, өмірбаянына арналған. Олар Қазақстанның бет-бейнесі болып табылатын еліміздің түкпір-түкпірінен жинақталған қазақстандықтар, әр жастағы әртүрлі ұлт өкілдері, мектеп оқушыларының замандастары. Мұғалімнің міндеті өскелең ұрпақты осы нақты тұлғаларға бағыттай білуі, аса көрнекті замандастарды насихаттау болып табылады.

Жаңартылған мектептің жағдайында тәрбиелік іс-шараның рөлі әсіресе арта түседі, өйткені ересектер мен балалар бастамасы жағынан тең серіктестер ретінде танылып, бірлесе әрекет етеді. Бос уақыттағы-тәрбиелік іс-шараларға қатысу балалар және ересектер ұжымдарын біріктіруге көмектеседі. Осындай іс-шаралардың әлеуеті үлкен ағартушы, танымдылық, шығармашылық 8 мүмкіндіктеріне ие, олардың игерілуі бос уақыттың мазмұны мен құрылымын байытып, жалпы мәдениетті дамытады.

Іс-шаралардағы қарым-қатынастардың желісі:

- серіктестік,
- бірлескен шығармашылық,
- бірлескен әрекет.

Тәрбиелік іс-шаралар түрлі көзқарастардың және қағидалардың бағдарламалық-мақсатты көзқарастың, сфералық және проблемалық қағидалардың негізіндегі тәрбиелік бағдарламалардың үйлестірілген жиынтығына қосылуы мүмкін.

Басқарудағы бағдарламалық-мақсатты көзқарас дегеніміз – бұл басшының мақсаттар шежіресін құру, сайма-сай атқарушы бағдарламаны әзірлеу, басқарушы бағдарламаны іске асыру секілді кезеңімен жүрген әрекеттердің ақырғы нәтижесіне бағдар алған көзқарас. Бағдарламаның негізінде жүйені дамытудың белгіленген мақсаттары, оған жетудің түрлі нұсқаларын әзірлеу, анағұрлым тиімді нұсқаларын таңдау мен олардың негізінде мақсатты бағдарламаларды қалыптастыру жатыр.

Бағдарлама – бұл қандай да бір басымдылықтағы мақсатқа жетудің негізделген және қисынды байланыстырылған іс-шаралардың бірыңғай, мақсатты, аяқталған кешені.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Н. «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы модернизациялау» мақаласы. 12 сәуір, 2017. <http://www.akorda.kz/ru>.
2. Қазақстан Республикасының Заңы Білім туралы (11.07.2017 ж. Берілген өзгерістер мен толықтыруларымен). <http://www.satp.kz/index.php?catid>
3. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Тәрбие және білім» кіші бағдарлама бойынша жобалар мен іс-шаралар тізілімі. <http://stepnogorsk.akmoedu.kz/>.
4. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы. <http://www.akorda.kz/ru>.
5. Голубева Л.В., Г.П. Попова Справочник заместителя директора по воспитательной работе. – Волгоград: Учитель, 2007. -139 с.
6. Воспитательная деятельность педагога: Учеб. Пособие для студ. высш. учеб. заведений / И.А. Колесникова, Н.М. Борытко, С.Д. Поляков, Н.Л. Селиванова; Под общ. Ред. В.А. Слостенина и И.А. Колесниковой. –М.: Издательский центр «Академия», 2005. - 336 с.

*¹б.ғ.к., доцент, Өнер, мәдениет және спорт институты, Абай ат. ҚазҰПУ,
Алматы қ., Қазақстан*

*²студент, Өнер, мәдениет және спорт институты, Абай ат. ҚазҰПУ,
Алматы қ., Қазақстан*

СТУДЕНТТЕРДІҢ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ – ЖАСТАР ЖЫЛЫНДАҒЫ ИГІЛІКТІ ІСТЕРДІҢ БАСТАМАСЫ

Аңдатпа

Қоғамда студент жастар өмір сүру салты ерекше, өз ұстанымдары мен мінез-құлықтық эталондары бар топ ретінде қарастырылады.

Студент жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру - қазіргі уақыттағы ең өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Бұл мәселенің маңыздылығы - қоғамымыздың әлеуметтік жағдайына, экономиканың бүгінгі уақыттағы хал-ахуалына, экологияның нашарлауына, жастардың өз денсаулығына жауапкершіліксіз қарауы себептеріне байланысты да арта түсуде.

Соған орай, мақалада Үкіметіміздің қаулы-қарарларында, тұжырымдаларында да егемен еліміздің келешегі үшін дені сау, рухы биік, тәрбиелі және білімді жеке тұлғаны қалыптастырудың бүгінгі талабына сай барлық сала бойынша жастарға деген түбегейлі бетбұрыстардың көтеріліп отырғандығы сөз етіледі.

Мақалада, жасөспірімдер мен жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастырудағы халқымыздың ойшыл-данышпандары, ұстаздары мен емшілері және қайреткерлерінің еңбектеріндегі білімділікке, тәрбие мен саламаттылыққа жетелейтін озық тәжірибелік ойлары келтірілген.

Салауатты өмір салтын насихаттауда, салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру мәселелерін жетілдіретін, осы саладағы басымдықтарды анықтайтын ғылым да, өскелең ұрпақты оқыту, тәрбиелеу формалары мен жаңа әдістерді ұстанатын білім де қажет. Студент жастардың салауатты өмір салтын қалыптастыру туралы алған білімдері болашақ азаматтардың денсаулығын сақтап қалуға берік тірек болады.

Түйін сөздер: студент жастар, жастар жылы, салауатты өмір салты, денсаулық, салауаттану туралы білім, оқу-тәрбие үрдісі.

Р.Ж.Нарибай¹, А.Д.Жахангер²

*¹к.б.н., доцент, Института искусств, культуры и спорта при КазНПУ им. Абая,
г.Алматы, Казахстан*

*²студент, Института искусств, культуры и спорта при КазНПУ им. Абая,
г.Алматы, Казахстан*

ФОРМИРОВАНИЕ ЗДОРОВОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ СТУДЕНТОВ – НАЧАЛО ДОБРЫХ ДЕЛ ГОДА МОЛОДЕЖИ

Аннотация

В обществе студенческая молодежь рассматривается как группа с уникальным образом жизни, со своими собственными принципами и поведенческими стандартами.

Формирование здорового образа жизни среди студентов - одна из самых актуальных проблем современности. Молодые люди мало обращают на свое здоровье, в то время как значимость этой проблемы возрастает в связи с социальным статусом нашего общества, текущим состоянием экономики, ухудшением состояния окружающей среды.

В связи с этим в статье отмечается о своевременном решении правительства вопрос о поднятии на высокий уровень качества образования, духовного развития и здорового образа жизни нашей молодежи.

В статье представлены идеи и практический опыт ученых, педагогов, врачей для воспитания и формирования здорового образа жизни подрастающего поколения.

Знания, полученные студентами на основе обновленной программы обучения станут прочной основой для улучшения здоровья молодежи и граждан нашего государство.

Ключевые слова: студенческая молодежь, года молодости, здоровый образ жизни, здоровье, знание о здоровье, учебно-воспитательный процесс.

R.Z.Naribay¹, A.D.Jahanger²

¹*Ph.D., associate professor of the Institute of arts, culture and sport at Abai KazNPU,
Almaty, Kazakhstan*

²*student, of the Institute of arts, culture and sport at Abai KazNPU,
Almaty, Kazakhstan*

FORMATION OF HEALTHY LIFESTYLE OF STUDENTS – THE BEGINNING OF GOOD WORKS YEARS YOUTH

Abstract

In society, student youth is seen as a group with a unique way of life, with its own principles and behavioral standards.

The formation of a healthy lifestyle among students is one of the most urgent problems of our time. Young people pay little attention to their health, while the importance of this problem increases due to the social status of our society, the current state of the economy, the deterioration of the environment.

In this regard, the article notes the timely decision of the government to raise the quality of education, spiritual development and healthy lifestyle of our youth to a high level.

The article presents the ideas and practical experience of scientists, teachers, doctors for the education and formation of a healthy lifestyle of the younger generation.

The knowledge gained by students on the basis of the updated training program will become a solid basis for improving the health of young people and citizens of our state.

Key words: student youth, years of youth, healthy lifestyle, health, knowledge of health, the educational process

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев биылғы жылды жастар жылы деп атап, оның салтанатты ашылуында сөйлеген сөзінде «Тәуелсіздік рухымен өсіп келе жатқан бүгінгі жас буын - біздің ертеңгі үмітіміз, сенімді тірегіміз» - дей қолдау көрсете Қазақстан жастарына үлкен сенім мен жауапкершілік артатынын анық білдірді [1].

Иә, тәуелсіз жас еліміздің тізгінін ұстар болашағымыз - қазіргі балалар, жасөспірімдер, жастар. Олар егеменді елімізді әлемдік көштен қалдырмай дамытып, гүлдендіре түсетін санасы таза және дені сау, рухани-адамгершілігі жоғары және білімді де білікті ұрпақ болуы тиіс.

Жастар өміріндегі игі істердің ең маңызды бастамасының бірі - ол салауатты өмір салтын қалыптастыру болып табылады.

Салауатты өмір салтын дұрыс қалыптастыра алмау (күнделікті режимнің дұрыс сақталмауы, қимыл-қозғалыстың аз болуы, дұрыс тамақтанбау, жағымсыз жағдайлардың көп болуы, зиянды әдеттерге үйір болуы) қоғамымыздағы келеңсіз жағдайлардың таралуының басты факторы.

Салауатты сөзінің негізгі мағынасы - парасатты, байыпты, ақылды, ойлы, білімді, зерделі және сабырлы деген ұғымды білдіреді.

Ал, салауатты өмір сүру салты дегеніміз - әрбір жеке адамнан бастап, бүкіл қоғамның қалай еңбек етіп, қалай тұрмыс құрып, бос уақытында демалатыны, қысқасы, олардың қалыптасқан өмір тіршілігі, яғни, адамның өмір сүру салты қандай болса, өзі де сондай, өмір сүру салты тұлға мен қоғам деңгейінің прогресті даму көрсеткішінің категориясы. Сондықтан елімізде салауатты өмір салтының пайдасына пәрменді білім беретін және ақпаратты науқан үдетіле түсуі қажет.

Осындай игілікті істердің бастамасын қолға алған Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың “Қазақстан - 2030” Жолдауындағы ұзақ мерзімді басымдықтың бірінде - “Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты” тармағында “азаматтарының өз өмірінің аяғына дейін сау болуы және оларды қоршаған табиғи ортаны таза ұстауға тәрбиелеу үшін” салауатты өмір салтын қалыптастыру қажеттігі көрсетілген [2]. Барша азаматтардың денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтына бағытталған елбасының жолдауын - егемендіктің кілтін ұстар жастардың болашағына апаратын алтын сұрлеу десе болады.

Осы бағытты берік ұстанған еліміздегі барлық білім мекемелерінде жан-жақты, дамыған, денсаулығы мықты, салауатты өмір салтын мұрат тұтқан жеке тұлғаларды тәрбиелеу басты талап етіп қойылған.

Білім беру мекемелерінің алдында тұрған міндеттердің бірі - жас ұрпақтың салауатты өмір сүруге көзқарасын қалыптастыру, олардың денсаулығын сақтауға, қоршаған ортаны таза ұстауға және жоғары, сапалы білім алып, сол білімді келешектегі өмірінде пайдалана білуге тәрбиелеу. Адамның ақыл-ой интелектісін оның білімділік деңгейінен байқауға болады. Білім - ақыл-ойдың бастапқы түрткісі және негізгі құралы, әрі көрсеткіші болғандықтан, әрбір адам салауатты өмір сүру үшін біріншіден ақыл-ойын жетілдіру керек; екіншіден материалдық жағдайын түзеуі тиіс, ол үшін адал еңбек етуі қажет.

Бүгінгі жас ұрпақтың білімді де білікті, жоғары мәдениетті, парасат-пайымы мол, сапалы азамат болып жетілуі оқытып тәлім-тәрбие беретін ұстаздарға, ата-анаға, өскен ортасына тікелей байланысты. Сондықтан да білім саласын қазіргі заманның ұрпағын тәрбиелеуші орта ретінде орта мектеп оқушылары, колледждер мен жоғарғы оқу орындары студенттерінің бойына арнайы адамгершілік және мәдениеттілік құзіреттіліктерін, салауатты өмір салтын қалыптастыру мен жандандыру күн тәртібіндегі басты мәселе болып қарастырылады.

«Жастар - біздің болашағымыз. Оларды жаңа заманда өмір сүруге үйрету - біздің міндетіміз» - деген елбасының Жастар жылының салтанатты ашылуында сөйлеген сөзінен алдыңғы буынға да жүктеліп отырған жауапкершіліктің зор ықпалын айқын түсінуге болады.

Ежелден салауатты өмір сүрудің мәні, ұлт тағдыры екенін, ал оның болашағы келешек ұрпақ қолында екенін жақсы түсінген ата-бабамыз салауаттылық, парасаттылық, имандылық, адамгершілік, тәлім-тәрбие туралы жас жеткіншектерді еңбекке баули отырып, рухани-адамгершілік ізгі қасиеттерге тәрбиелеу мәселесін алғашқы орынға қойған.

Әлемге әйгілі Екінші ұстаз, ұлы философ, ұлы ғалым Әл-Фараби бабамыз тәрбие мәселесіне ерекше назар аудара, әрі бағыт-бағдар бере отырып, «Әлеуметтік-этикалық трактаттар» - атты еңбегінде бала денесін жетілдіруді, оның бойындағы асыл қасиеттерді тани біліп, мінез-құлқының жақсы сипаттарын тәрбиелеп, өзін-өзі үнемі дамыту керектігіне тоқталған. Ол «дененің саламаттылығы» ұғымын енгізе отырып, әр адамның тәрбиесінде мынадай үш қасиет болу қажет деп есептейді: дене күші, рухани және ақыл-ой, олар бір-

бірімен үйлесімді дамыған жағдайда ғана жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға болатынын дәріптейді [3].

XIV ғасырда өмір сүрген қазақтың әйгілі шипагер ғалымы, елдің әлеуметтік-саяси өміріне жүйрік тарихшысы, емші Ө.Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баян» атты еңбегі, ұлттық психологиядан болашақтың салауаттылығына, имандылығына арналған мол мағлұмат алуға болатын еңбек. Ол дене мен рухани дүние тұрғысында жас буынның сұлулықты түсіне білулеріне ерекше көңіл бөліп, адамның сыртқы пішіміне, көрінісіне аса назар аударған. Егер адамның сырт киімі таза, тартымды, сұлу келбетті болса, онда ол оның көңіл күйін жақсартып, жүрек жылуын оятады. Ойшыл-данышпан арақ-шараптан, нашақорлықтан аулақ болуға шақырады. Бала дені сау болуы үшін жас кезінен бастап оны шынықтыру керек, дене еңбегімен шұғылдандырып тәрбиелеу қажет дейді.

Қазақ халқын әлемге танытқан Шоқан, Ыбырай, Абай еңбектерінің ұрпақ тәрбиесінде алар орны ерекше. Бүкіл бір халықтың ұстазы Ұлы Абай өзінің қара сөздерінде жан мен тән тазалығы, имандылық қасиеттері «толық адам», дені сау адамның іс-әрекет нәтижелері, жалпы қауымның игілігіне айналады деп тұжырымдайды.

Әрбір халықтың өз болашағын өскелең ұрпақпен байланыстырудағы маңыздылығын жете түсінген Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, С.Торайғыров, Х.Досмұхамедұлы сынды алып қайраткерлер салауаттылық мәселелерін қазақ халқының дәстүрлері және халықтық мұралардағы тиімді тұстарын дәлелді дәйектеп, олардың құндылық бағытына ерекше тоқталып өткен [4].

В статье рассматриваются основные компетенции современного учителя музыки, которые помогают раскрыть индивидуальность и креативность, умения найти себя в творчестве, быть преобразователем себя, своей педагогической деятельности и окружающей действительности. Целью учителя музыки – показать, что современный урок музыки ориентирован на глубокие изменения в личности школьника в его духовном и культурном плане. И в этом подходе творческие задания по обновленной программе по музыке для

среднего образования – это творческий поиск на результативность самого процесса обучения.

Ключевые слова: урок музыки, музыкальные знания, навыки, компетенции, обновленная программа по музыке.

МЕКТЕПТЕГІ МУЗЫКА САБАҚТАРЫНДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК РЕТІНДЕ ОҚЫТУЫ

*Л.Ш. Какимова*¹

¹ *п.ғ.к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ, Өнер, мәдениет және спорт институты,
Алматы қ., Қазақстан*

*Ш. Нұрмуғанбет*²

² *«5B010600 – Музыкалық білім» мамандығының 3 курс студенті, Өнер, мәдениет және спорт
институты, Абай атындағы ҚазҰПУ, г. Алматы, Қазақстан*

Аңдатпа

Қазіргі заманғы мұғалімнің жаңа талаптары кәсіби біліктілік деңгейін меңгеру үшін жіберіледі. Бұл анықтамада педагогикалық қызметте туындайтын және нақты педагогикалық жағдайларда туындайтын кәсіби мәселелерді тиімді шешуге қабілеттілігін айқындайтын, тұлғаның интегралдық сипаттамасы және мұғалімнің кәсібилігі түсініледі. Ол үшін мұғалім өз білімдерін, дағдыларын, тәжірибесін, өмірлік құндылықтарын және оқушылардың моральдық бағыттылығын, қызығушылығын және бейімділігін пайдалануға тиіс.

Мақалада қазіргі заманғы музыка мұғалімінің жеке қасиеттері мен шығармашылығын анықтауға, шығармашылықпен айналысу қабілетіне, өзін реформаторға, білім беру қызметіне және айналасындағы шындыққа айналуға мүмкіндік беретін негізгі құзыреті қарастырылады. Музыкалық мұғалімнің мақсаты - заманауи музыка сабағының рухани және мәдени жоспарында студенттің жеке басының түбегейлі өзгеруіне бағытталғанын көрсету. Осыған байланысты орта білім берудің жаңартылған музыкалық бағдарламасына арналған шығармашылық тапсырмалар оқу процесінің өзіндік тиімділігі үшін шығармашылық ізденіс болып табылады.

Кілт сөздері: музыкалық сабақ, музыкалық білімдер, дағдылар, құзыреттілік, музыка үшін жаңартылған бағдарлама.

Kakimova L.Sh.¹, Nurmuganbet Sh.²

¹ *candidate of pedagogical sciences, the associate professor, Institute of Arts, culture and sport at,
KazNPU named after Abai, Almaty, Kazakhstan*

² *the student of 3 course of specialty "5B010600-Music education" of Institute of Arts,
culture and sport at KAZNPU of Abay, Almaty, Kazakhstan*

THE CREATIVE TASKS USED AT MUSIC LESSONS AT SCHOOL AS COMPETENCE- BASED APPROACH TO LEARNING

Abstract

The new requirements imposed to the modern teacher direct to mastering the necessary level of professional competence. This definition is understood as the integrated characteristic of the personality and professionalism of the teacher defining it ability productively to solve the professional problems arising in pedagogical activity and in concrete pedagogical situations. For

this purpose the teacher should use the knowledge, abilities, experience, vital values and moral guidelines, interests and bents of students.

The article discusses the core competencies of a modern music teacher, which help to reveal individuality and creativity, the ability to find oneself in creativity, to be a reformer of oneself, one's educational activity and the surrounding reality. The goal of a music teacher is to show that a modern music lesson is focused on profound changes in the student's personality in its spiritual and cultural plan. And in this approach, creative assignments for the updated music program for secondary education are a creative search for the effectiveness of the learning process itself.

Key words: music lesson, musical knowledge, skills, competencies, updated program for music.

Введение. Деятельность учителя музыки в школе направлена на практическую реализацию воспитательного потенциала искусства, на просвещение и музыкальное воспитание детей. Главное в деятельности учителя музыки – помочь каждому ученику в раскрытии его задатков и способностей, реализации творческого потенциала, привлечение к музыкальной деятельности с перспективой на формирование у них музыкальной культуры. Опыт учителя в применении различных методов и приемов в музыкально-педагогическом образовании, означает его профессиональную компетентность, методическую подготовленность и высокий уровень педагогического мастерства, которые включают в себя специальные знания: музыкально-педагогические, музыкально-теоретические, музыкально-психологические, музыкально-исполнительские [1]. Мастерство выражается в успешном решении разнообразных педагогических задач, в высоком уровне организации воспитательного процесса, но самое главное – содержится в личности педагога, его позиции, способности управлять и руководить продуктивно, творчески и профессионально деятельностью обучающихся.

В методологии музыкального образования принято считать, что «профессиональная деятельность учителя музыки – это совокупность специальных знаний, умений и навыков, организаторских способностей; это высокий уровень профессиональной подготовки, осознание себя в профессии, постоянное самосовершенствование, умение общаться и найти верный подход к каждому маленькому человеку. Это и огромный интерес к своему делу, понимание своего предназначения, своей роли в искусстве и культуре, высокий уровень личной культуры и профессиональная увлеченность» [1].

Основная часть. В научно-педагогической литературе выделяют несколько требований, каким должен быть современный учитель музыки XXI-го века [2]. По таксономии Блума, где выделяются знания и умения низкого и высшего порядка, к приоритетному направлению относят умения применять знания на практике. Ученые считают [3-5], во-первых, учителю необходимы, так называемые «аналитико-организаторские умения», что означает «обеспечивать оперативный контроль за деятельностью детей; своевременно ориентироваться и обоснованно осуществлять корректировку поставленных педагогических задач с учетом ответных реакций детей на педагогическое воздействие; осуществлять текущее инструктирование в целях достижения поставленных задач; регулировать взаимоотношения между детьми, стимулировать ход деятельности, учитывая успехи и достижения детей, находить наилучшую форму требований и варьировать их в зависимости от индивидуальных особенностей детей и конкретных педагогических условий (четко, лаконично и доступно объяснять детям задачи, требования, правила)».

Во-вторых, наличие аналитико-конструктивных умений позволяют учителю «анализировать полученные результаты в сравнении с исходными данными и поставленными педагогическими задачами; анализировать природу достижений и недостатков в музыкально-образовательной деятельности; соотносить свой опыт с

педагогической теорией, на основе анализа достигнутых результатов выдвигать и обосновывать педагогические задачи».

И в-третьих, необходимость в коммуникативных умениях помогают учителю музыки «устанавливать целенаправленные и целесообразные взаимоотношения с детьми и их родителями, находит контакт и правильный тон с разными людьми, располагает к себе детей, обеспечивает индивидуальный подход к каждому ребенку», где общение с детьми является основой музыкально-образовательной деятельности.

Исходя из сказанного выше следует, что работа учителя музыки, прежде всего, это поиск путей перехода от традиционной методики преподавания музыки в школе к личностно-ориентированному обучению, через использование современных образовательно-педагогических технологий. Ранее мы отмечали важную роль использования на уроках музыки интерактивных форм обучения [6; 7], благодаря которому, современный школьный урок музыки становится частью целостного образовательного процесса. Его содержание ориентируется на стандартах школьного музыкального образования и реализуется на основе обновленной программы среднего образования, которые определяют пути и способы освоения школьного предмета музыки [8].

В настоящее время школьный урок музыки содержит требования которые не только прививают школьников к миру искусства, любви к музыке, но и влияют на его духовно-нравственное развитие, формируют национальное сознание посредством национальной идеи «Мэнглік ел». В связи с чем, современный урок музыки приобретает статус урока, созвучного своему времени. В нем гармонично сочетаются приоритетные задачи образовательной среды и специфика восприятия музыки, где обязательным явлением является творческое начало. Творчество становится непременным условием педагогического процесса, объективной профессиональной необходимостью в деятельности учителя музыки, в котором отражаются его компетенции. А именно:

- обладать широкой и разнообразной музыкальной культурой (художественным интеллектом);
- владеть высоким художественным качеством музыкального исполнения;
- отличаться довольно широким музыкальным кругозором;
- быть многознающим музыковедом;
- быть педагогом-психологом [9].

Эти данные вытекают от общеизвестных основных компетенций современного учителя, указанные учеными, где «учитель должен:

- учиться вместе с учениками, самостоятельно закрывая свои «образовательные дыры»;
- планировать и организовывать самостоятельную деятельность учащихся;
- мотивировать учащихся, включая их в разнообразные виды деятельности;
- «сценарировать» учебный процесс, используя разнообразные формы организации деятельности и включая разных учащихся в разные виды работы и деятельности, с учетом их склонностей, индивидуальных особенностей и интересов;
- вести занятия в режиме диалога и дискуссии, создавая атмосферу, в которой учащиеся хотели бы высказывать свои сомнения, мнения и точки зрения на обсуждаемый предмет, дискутируя не только между собой, но и с учителем, принимая то, что собственная точка зрения может быть также подвергнута сомнению и критике;
- владеть компьютерными технологиями и использовать их в учебном процессе» [4].

Опираясь на исследования многих авторов, можно сделать вывод, что музыкальная компетенция – это комплекс музыкальных знаний, умений и навыков, позволяющий квалифицированно выполнять свою деятельность. А применение информационно-компьютерных технологий на уроках музыки позволяет создать электронный вариант плана-конспекта урока, показать презентацию, (фотографии, картинки, рисунки), прослушать

фрагменты музыкальных произведений, созданных с помощью нотных и звуковых редакторов, текстовые документы, видеофрагменты из опер и балетов, музыкальные клипы и т.д. Учителя музыки- методисты, отмечают в своих отчетах, о том, что включение в презентацию эффектов анимации и интерактивных тестов, придает динамичность и развитие раскрываемой темы урока. Информация, представленная на компьютерных дисках, позволяет проводить виртуальные экскурсии по музею музыкальных инструментов, путешествовать по странам и эпохам, знакомясь с образцами музыкального искусства, с лучшими исполнителями мира, с разнообразными стилями и направлениями в музыкальном искусстве. Все это помогает реализовать на практике те идеи, которые способствуют эффективному решению образовательных задач, достижению нового качества обучения, где современный урок есть поиск и открытие истины в творческой деятельности детей и учителя.

Небезызвестно, что творческие задания на уроках музыки способствуют общему творческому развитию личности, воспитывает отзывчивость, формирует художественное воображение, образно-ассоциативное мышление, активизирует память, наблюдательность, интуицию, развивает внутренний мир ребенка, влияет на мышление, речь, воображение, активность [1]. В свою очередь, творческие задания позволяют широко опираться на субъективный опыт ребенка, что естественно оправданно, так как новая парадигма педагогического образования построена на концепции личностно-ориентированного обучения, проблемного подхода к обучению, где методическим материалом являются ресурсы. Одним из таких ресурсов являются творческие задания, которые закрепляют и расширяют знания, научают их применять в практико-ориентированной среде, прививают компетенции, необходимые ему для своего дальнейшего саморазвития и самообразования.

Если рассматривать структуру творческих заданий, они из трех основных пластов:

- теоретической (предметной) базы задания,
- личностно-продуктивного пласта (предполагаемый вид продукта),
- методологического (предполагаемые способы решения) и выполняются в определенной последовательности.

В музыкальном творчестве ведущую роль играет синтез эмоциональной отзывчивости и мышления, абстрактного и конкретного, логики и интуиции, творческого воображения, активности, способности быстро принимать решение [10]. Творчество ребят связано с самостоятельными действиями, с умением оперировать известными им музыкально-слуховыми представлениями, знаниями, навыками, применять их в новых условиях, разных видах музыкальной деятельности. Процесс музыкального познания в атмосфере творчества приобретает развивающий характер, что и является основным приоритетом обновленной программы среднего образования.

Учитель должен уделять большое внимание творческому развитию учащихся в различных видах музыкальной деятельности: при слушании музыки, пении, игре на детских музыкальных инструментах, в музыкально-ритмических движениях. В качестве примера в данной статье мы хотели бы привести некоторые используемые на уроках музыки творческие задания. Младшие школьники успешнее справляются с творческими заданиями, связанными с движениями под музыку и игрой на простейших музыкальных инструментах. Свои действия они проявляют в свободной непринужденной обстановке: любят петь, рисовать под музыку, слушать, выразительно интонировать, танцевать, ритмически сопровождать пьесы, песни, народные попевки, характерными ритмическими движениями.

Так, на пример, в таблице 1 мы приводим образец подготовки задания для формативного оценивания, в котором расписываем критерии оценивания и пошаговые действия ученика 1-го класса (дескрипторы) при изучении темы «Моя семья и друзья».

Таблица 1 – Задание для формативного оценивания.

Раздел/Тема	Моя семья и друзья
Цель обучения	Исполнять песню в сопровождении музыкального инструмента
Критерий оценивания	-исполняет песню под сопровождении шумовых инструментов со всеми музыкально-выразительными средствами музыки -назвать шумовые инструменты
Уровень мыслительных навыков	Применение
Задание 1. Познакомиться с музыкальным произведением 2. Исполнить произведение со всеми выразительными средствами	
Дескриптор	<i>Обучающийся</i> - разучивает поэтапно мелодию песни(запев,припев) -отмечает все музыкально-выразительными средствами музыки -называет используемые в песне музыкальные шумовые инструменты -поет мелодию по фразам вместе с текстом -поет целиком песню под сопровожение шумовых инструментов

Для побуждения учащихся к творческим действиям, для активизации инициативы младших школьников учитель музыки предлагает им выполнить задание в форме игры. Игра же создает на уроке атмосферу непринужденности, эмоциональной отзывчивости, сотворчества. Это очень важно, потому что в таких условиях наиболее полно раскрываются творческие возможности детей. Они не только поют, но и играют на музыкальных шумовых инструментах, чеканят ритмический рисунок песни. При оценке выполненного задания необходимо учитывать степень понимания музыкального образа, приведение примеров музыкально-выразительных средств, стремление импровизации в процессе исполнения, способность выразительно повторить мелодию. Разнообразные и систематические творческие задания помогают учащимся успешно справляться с поставленными перед ними задачами.

Постепенное усложнение условий игр, их содержания способствует обогащению музыкального опыта и творческих возможностей учащихся. В творческих заданиях расширяется самостоятельность ребят, например, в игре «Испорченный телефон», «Угадайка», «Найти 7 нот», «Хорошее настроение», «Угадай погоду», «Звучание музыкальных инструментов» и других.

Например, интересное задание для развития у детей творчества и воображения предлагает педагог Е.И. Юдина в игре «*Времена года в цвете и звуке*», тем самым применяя межпредметную и междисциплинарную связь, которое заключается в следующем. Нарисовав четыре крупных прямоугольника, закрашенные акварелью одним цветом или сочетанием цветов, озаглавить их подходящим временем года: «*Зима*», «*Весна*», «*Лето*», «*Осень*». Школьники, посредством подручных предметов (маркеры, стикеры, наклейки и пр.) оформляют пустые квадраты. Они разрисовывают разноцветными линиями черточки, круги, цветовые пятна, проявляя свою фантазию; подбирают и поют знакомые песни, ассоциирующие с тем или иным сезоном года «зимний», «летний», «весенний» и «осенний». При этом допускается возможность аккомпанировать себе на каком-либо шумовом инструменте или просто ритмически отстукивать ритм мелодии, барабанить, щелкать пальцами, хлопать в ладоши т.д.

Школьникам старшего возраста следует задавать задания более усложненного характера. Например, «*Мозговой штурм*», «*Синквейн*» и другие, в которых проявляется смекалка, развивается память и связывается все это с определенным жизненным опытом учащихся. К примеру, в первом задании обучающиеся составляют осмысленное предложение, включающее в себя 3 заданных слова.

Например: а) музыка, литература, композитор (Композитор сочиняет музыку на основе литературного произведения);

б) Кұрманғазы, күй, степь (Кұрманғазы, путешествуя по просторной казахстанской земле, сочинил күй «*Сары-Арқа*»);

в) сюита, Бах, танец (И.С. Бах написал много сюит, состоящих из старинных танцев).

Во втором задании школьникам выдается одно слово, к которому подбираются в порядке очередности два прилагательных, три глагола, четыре связных слова и в конце одно обобщающее слово. Слова не должны повторяться, также нельзя использовать однокоренные слова.

Например: а) В.А. Моцарт – солнечный, праздничный – сочиняет, творит, вдохновляет – мы любим его музыку – классик;

б) оркестр – симфонический, камерный – играет, гастролирует, выступает – «Отрар сазы» казахских музыкальных инструментов – коллектив;

в) квартет – вокальный, инструментальный – импровизирует, гастролирует, музицирует – Иван Крылов написал басню – ансамбль;

г) барокко – изящный, вычурный – увлекает, вдохновляет, завораживает – перламутровая жемчужина неправильной формы – стиль;

д) күй – народный, инструментальный – играет, импровизирует, сопровождает – традиционное казахское музыкальное произведение – пьеса.

Считается, что различные по сложности творчества задания необходимо включать в урок систематически с I-го класса. Много готовых примеров приводятся на сайте образования [8]. Таким образом, на музыкальных занятиях важно создавать каждому обучающемуся условия для активного проявления себя в творчестве. Все дети должны испытать радость творчества, которое развивает эмоциональную отзывчивость на музыку. Чтобы творческие проявления детей на занятиях имели целенаправленный, активный и эмоциональный характер, педагогу необходимо следующее:

1) отбирать такой музыкальный материал для урока, который может являться основой формирования конкретных творческих навыков и в то же время отвечать дидактическим требованиям;

2) использовать различные приемы, методы и формы работы, способствующие созданию на уроке атмосферы творческой активности, заинтересованности, непринужденности;

3) выбирать приемы показа образцов творчества в различных видах музыкальной деятельности учащихся, различным образом импровизировать; разрабатывать и ставить

серии творческих заданий; устанавливать наиболее рациональные пути взаимодействия видов деятельности на каждом уроке, исходя из его темы.

4) подбирать творческие задания, имеющие развивающий характер, прививающие навыки к обучению; они должны применяться в проблемной форме, в поисковой ситуации, самостоятельному поиску ответов и способов деятельности [9].

Заключение. Новая парадигма школьного образования – это не только творческий подход к процессу обучения, но и требования к обновленному содержанию образования, в котором обучающиеся не пассивные исполнители, а активные участники всего процесса. Современные школьники ждут необычных форм знакомства с новым материалом, в котором могли бы воплотиться их активность, деятельность, работа в команде, сотворчестве, самостоятельность. Применение нестандартных форм уроков: урок – состязание, урок – музыкальная викторина, урок – лекция-концерт, интегрированный урок позволяют использовать различные виды творческих заданий, направленных:

- ✓ на развитие творческих способностей и творческого мышления;
- ✓ увлечение музыкой, привитие интереса и любви к ней, развитие эмоциональной и познавательной сфер учащихся, отзывчивости на исполняемое и прослушиваемое произведение;
- ✓ размышление о музыке, умения разбираться в закономерностях искусства;
- ✓ развитие музыкально-эстетического вкуса и потребности в общении с музыкальными шедеврами;
- ✓ активное участие каждого ученика в учебно-воспитательном процессе;
- ✓ развитие критического мышления;
- ✓ пробуждение к музыкальному самообразованию.

Резюмируя сказанное, можно отметить, что правильно подобранные творческие задания позволяют усвоить новый материал, предусмотренный темой урока, приобрести опыт созидательной деятельности, отработать навыки использования ранее полученных знаний. К тому же, творческие задания подразумевают эвристическую деятельность обучающегося, направленные на то, чтобы обучающиеся проявляли самостоятельность в процессе осмысления и выполнения задания, выбора наиболее оптимальных форм и методов для своего самореализации.

В целом, творческие задания на уроках музыки способствуют общему творческому и нравственному развитию личности. Они воспитывают нравственные и духовные качества, эмоциональную отзывчивость, развивают художественное воображение, образно-ассоциативное мышление, активизируют память, прививают наблюдательность, формируют интуицию, влияют на развитие мышления, речи, воображения, активизируют любознательность, учат быть активным в творческой деятельности, развивают созидательную и познавательную функции деятельности учащихся.

Использованная литература:

1. Абдуллин Э.Б. *Методология педагогики музыкального образования. Изд. 3-е, испр. и доп.* - М., 2010.
2. Зимняя И.А. *Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования // Высшее образование сегодня, 2003, № 5.*
3. Никитенко Н.А. *Компетентный подход в профессиональной подготовке педагога /Н.А. Никитенко // Завуч для администрации школ. - 2009.- №6.-С.112-116.*
4. Трунцева Т.Н. *К вопросу о деятельностных способах формирования профессиональной компетентности учителя /Т.Н. Трунцева // Профильная школа.- 2010.- №4.-С.33-36; №2.-С.48-49.*
5. Хуторской А. *Ключевые компетенции как компонент личностно-ориентированного образования // Народное образование. 2003. №2. С. 58–64.*

6. Какимова Л.Ш. Использование современных наглядных средств обучения на уроках музыки (соавторы Айтжанова Ж.Н., Касенова Ж.) // Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Педагогические науки» № 4(56) 2017г. – С. 168-174.

7. Какимова Л.Ш., Мукаман А. Оқытудың теориясы мен практикасының қазіргі заманғы көрінісі (музыка оқыту әдістемесі мысалында) // Абай ат. ҚазҰПУ-ң «Хабаршы» журналы, «Көркемөнердің білім беру: өнер – теориясы – әдістемесі» сериясы. – 2016. – №2 (47). – С. 96-101.

8. Сборники заданий формативного оценивания / Система критериального оценивания // <http://smk.edu.kz/>

9. Кан-Калик В.А., Никандров Н.Д. Педагогическое искусство. М.: Педагогика, 1990.

10. Общая психология: Учеб. для студентов пед. ин-тов /А.В. Петровский, А. В. Брушлинский, В. П. Зинченко и др.: Под ред. А.В. Петровского. -3-е изд., перераб. и доп. - М.: Просвещение, 1986. - 464 с. - С. 348.

ІІІ БӨЛІМ. СӘНДІК ҚОЛӨНЕР

РАЗДЕЛ ІІІ. ДЕКОРАТИВНО-ПРИКЛАДНОЕ ИСКУССТВО

ӘОЖ 347.787.5

Д.С.Болысбаев¹, Д.М. Оспанов², Т.М. Оспанов³, Қ.Д. Әбдіхадырұлы⁴

¹философия ғылымдарының кандидаты, доцент

²оқытушы

^{3,4}магистрант

^{1,2,3,4}М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

Шымкент, Қазақстан

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ ЗЕРГЕРЛІК ӨНЕРДЕ

Аңдатпа

Зергерлік өнер-халқымыздың ұлттық мұрасы. Қазақтың ұлттық зергерлік өнер тарихы көшпелі өмірдің салт-дәстүрімен тығыз байланысты. Ерте заманнан күні бүгінге дейін өзінің қадір-қасиетін жоймай, қолөнердің озық үлгісі ретінде ғана емес, әсемділігімен әрі ыңғайлылығымен де пайдаланудан қалмай келе жатқан бұйымдар - зергерлік өнер туындылары.

Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің "Ұлы даланың жеті қыры" атты жолдауында қазақ халқының ежелден келе жатқан дәстүрлі өнері жайлы көп ақпарат беріп оны одан ары дамытудың көптеген жолдарын ұсынып отыр. Сондықтан аталған мақалада Елбасының жолдауына сүйене отырып қазақ жерінде ежелден дамыған зергерлік өнердің қыр-сыры мен түрлері жайлы сөз болмақ.

Зергерлік өнер әр халықтың ұлттық мәдениетінің тарихи айғағы және мақтанышы екені баршаға мәлім. Асыл металдардың ғасырлар тезіне төтеп беріп, қазіргі ұрпақтың қолына жетуі баға жетпес мол мәдени қазына. Алтыннан, күмістен соғылған бұйымдар тарих қойнауынан сыр шертіп, зергерлік өнердің даму кезеңдерін айқын көрсетеді. Оның қайнар бастауын тас дәуірінен жеткен, сүйектен, тастан жасалған әшекей бұйымдарынан көреміз. Ендеше зергерлік өнерді кеңінен зерттеп жоғалып бара жатқан түрлерін қайта жаңғыртсақ тарихымыз үшін маңызды болмақ.

Кілтті сөздер: зергерлік өнер, ұста, әшекей бұйымдар, қару-жарақ, алтын, күміс, түсті металдар, қолданбалы өнер.

Аннотация

Д.С.Болысбаев¹, Д.М. Оспанов², Т.М. Оспанов³, Қ.Д. Абдіхадырұлы⁴

¹кандидат философских наук, доцент

²преподаватель

^{3,4}магистрант

^{1,2,3}Южно-Казахстанский Государственный университет им. М. Ауезова

СЕМЬ ГРАНЕЙ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ В ЮВЕЛИРНОМ ИСКУССТВЕ

Ювелирные изделия являются национальным достоянием нашего народа. История казахского национального ювелирного искусства тесно связана с традициями кочевой жизни. Ювелирные артефакты, с древних времен до наших дней, не только не лишают их достоинства, но и служат лучшим примером ремесленного искусства, но их нельзя оставлять в употреблении из-за их элегантности и удобства.

Президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев в своем выступлении «Семь граней Великой степи» предоставляет много информации о древне-казахском народном искусстве и предлагает множество способов его дальнейшего развития. Поэтому в этой статье мы поговорим об особенностях древнего ювелирного искусства в Казахстане на основе послания президента.

Общеизвестно, что ювелирные изделия - это исторический факт и гордость национальной культуры каждого народа. Бесценное богатство культурных сокровищ драгоценных металлов, которое переживает многовековую эпоху и достигает нынешнего поколения. Изделия из золота, серебра и бронзы можно найти в истории и наглядно показать этапы развития ювелирного дела. Это мы можем наблюдать из истоков каменного века, кости, орнаменты из камня. Для нашей истории важно иметь возможность пересмотреть ювелирные изделия и оживить исчезающие виды.

Ключевые слова: ювелирные изделия, мастер, украшения, оружие, золото, серебро, цветные металлы, декоративное искусство.

Abstract

D.S. Bolysbaev¹, D.M. Ospanov², T.M. Ospanov³, K.D. Abdyhadiruly⁴

¹candidate of philosophy sciences, docent

²lecturer

^{3,4}master student

^{1,2,3,4}M. Auezov south Kazakhstan state university

Shymkent, Kazakhstan

SEVEN GRANDS OF GREAT STEPPE IN JEWELRY ART

Jewelry is a national treasure of our people. The history of the Kazakh national jewelry art is closely connected with the traditions of nomadic life. Jewelry artifacts, from ancient times to the present day, not only do not deprive them of their dignity, but also serve as the best example of handicraft art, but they cannot be left in use because of their elegance and convenience.

The President of the Republic of Kazakhstan, Nursultan Nazarbayev, in his speech “The Seven Facets of the Great Steppe”, provides a lot of information about the ancient Kazakh folk art and offers many ways to further develop it. Therefore, in this article we will talk about the features of the ancient jewelry art in Kazakhstan based on the message of the president.

It is well known that jewelry is a historical fact and pride of the national culture of every nation. The priceless wealth of cultural treasures of precious metals, which is experiencing a centuries-old era and reaches the current generation. Products made of gold, silver and bronze can be found in history and clearly show the stages of development of jewelry. This we can observe from the origins of the stone age, bones, ornaments of stone. For our history, it is important to have the opportunity to revise jewelry and revive endangered species.

Key words: jewelry, craftsman, jewelry, weapons, gold, silver, non-ferrous metals, decorative art.

Зергерлік өнер-халқымыздың ұлттық мұрасы. Қазақтың ұлттық зергерлік өнер тарихы көшпелі өмірдің салт-дәстүрімен тығыз байланысты. Ерте заманнан күні бүгінге дейін өзінің қадір-қасиетін жоймай, қолөнердің озық үлгісі ретінде ғана емес, әсемділігімен әрі ыңғайлылығымен де пайдаланудан қалмай келе жатқан бұйымдар - зергерлік өнер туындылары.

Елімізде зергерлік өнер ертеден ақ дамығанын Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің "Ұлы даланың жеті қыры" атты жолдауында "Металл өндірудің амал-тәсілдерін табу тарихтың жаңа кезеңіне жол ашып, адамзат дамуының барысын түбегейлі өзгертті. Сан алуан металл кендеріне бай қазақ жері – металлургия пайда болған алғашқы орталықтардың бірі. Ежелгі заманда-ақ Қазақстанның Орталық, Солтүстік және Шығыс аймақтарында тау-кен өндірісінің ошақтары пайда болып, қола, мыс, мырыш, темір, күміс пен алтын қорытпалары алына бастады. Ата-бабаларымыз жаңа, неғұрлым берік металдар өндіру ісін дамытып, олардың жедел технологиялық ілгерілеуіне жол ашты. Қазба жұмыстары барысында табылған металл қорытатын пештер мен қолдан жасалған әшекей бұйымдары, ежелгі дәуірдің тұрмыстық заттары мен қару-жарақтары бұл туралы тереңнен сыр шертеді. Осының бәрі ежелгі замандарда біздің жеріміздегі дала өркениеті технологиялық тұрғыдан қаншалықты қарқынды дамығанын көрсетеді" [1,б.1]. Елбасы өзінің кезекті бұл жолдауында Қазақстандағы өнер мен мәдениеттің дамуына аса көңіл аударып үлкен қолдау жасап отыр. Себебі экономикасы мен тұрмыс жағдайы дамып әлем аренасына шыққан елдер өздерінің тілімен, білімімен, өнерімен, мәдениетімен, тарихымен, ұлттық дәстүрлерімен мақтанатыны айқын.

1948 жылы танымал палеолит танушы Г.П. Сосновский, кездейсоқ табылған тастан жасалған еңбек құралдары мен сүйектерді зерттей келе, "Қазақ КСР аймағында Азиядағы ең көне адамдар тұрағының қалдықтары табылуы мүмкін" - деген тұжырымға тоқталды.

Қазақстан археологтары бұл жорамалды дәлелдеп, күткен нәтижеден де асып түсті. Қазба жұмыстарынан табылған бұйымдар арасынан сол кезең адамдарының наным-сенімдеріне тұрмыстық қажеттіліктеріне арналған әшекей заттар көп кездеседі. Тас өңдеу жұмыстары үлкен шеберлік пен төзімділікті талап ететіндіктен бұйымдардың жасалу жолдары мен тастардың әр алуандылығы зор қызығушылық тудырады. Қазақ жерінің қойыны толған полиметалл кендері мен бағалы тастарға бай екені ежелден белгілі. Көне кен өндіру орындарынан металды тиімді өндіріп алу тәсілдерін меңгергендерін байқауға болады. Бұл жерлерде темір, күміс, мыс, т.с. металдар өндірілгені анықталғаны ата-бабамыздың сонау ерте заманнан-ақ металл өңдеу ісімен айналысқанын дәлелдеп тұр емес пе?! Сонымен қатар тілімізде алтын, күміс, мыс, қалайы, қорғасын сияқты металдардың төл атаулары мұны нақтылай түседі. Егер бабаларымыз металдардың қасиетін, ерекшеліктерін білмейтін болса, "Қорғасындай балқып тұрған", "Алтыннан ардақты, күмістен салмақты", "Алтын, күміс тас екен, арпа, бидай ас екен"-деген сияқты мақал-мәтелдерді дәл тауып айта аларма еді?! Тіпті мыс, жез, қоланы ажыратып түсін түстеп, атын атауы таңдандырмай қоймайды. Себебі жезді қорыту үшін, мысқа, мырыш, қалайы қоспаларын тиісті мөлшерде қосу арқылы алынатынын білетін халықтың сөз қоржынында осындай атаулардың болуы тегін емес.

Арада мыңдаған жылдар өтсе де сақ қорғандарынан табылған алтын бұйымдар әлемнің назарын аударуда. Көне заман шеберлерінің қылыш, айбалта, ат әбзелдерін құнды металдармен жасауға ерекше көңіл бөлгені таңдай қақтырады. Алтыннан, күмістен, түрлі металдардан осыншама қайталанбас ерекше бұйымдарды жасаушы зергерлердің асқан шеберлігіне қоса химия ғылымын меңгергенін анық байқаймыз. Ұсталық, зергерлік өнердің дәстүр сабақтастығы түрлі кезеңдерде көмескіленсе де, бүгінгі қазақ зергерлері ұмытыла бастаған ата-баба өнерін биікке көтеруге ұмтылуда. Осы жолы шеберлерге археологиялық жәдігерлер мен XVII-XIX ғасыр арасында қазақтардың тұтынған зергерлік бұйымдарының сақталып қалған үлгілерінің пайдасы тиюде. Бұл бұйымдардың өзгелерден ерекшеліктері ұлтымыздың дүниетанымы мен дәстүрінің тығыз байланыста жасалуында. Тарихи құнды

жәдігерлердің ішінде күмістен жасалған бұйымдар мол сақталған. Осы орайда халқымыздың күміске ерекше ден қойып қастерлегенін жақсы білеміз. Күміспен тазалықтың, ұстамдылықтың нышанын дәріптеген. Дегенмен, қазақ зергерлері алтыннан бұйым жасауды меңгермеген деген қате пікірден аулақ болған абзал. Кез келген от ұстаған зергердің анық білетіні алтыннан бұйым соғу, күміске қарағанда анағұрлым жеңілдірек. Себебі алтын мен күмістің балқу температурасы арасында біршама алшақтық бар. Күміс алтынға қарағанда жылдам ериді. Күмісті өңдеу кезінде аса сезімталдылық, сақтық, байқампаздық өте қажет. Олай болмаған жағдайда оттың қызуын ескермей бұйымды әп-сәтте бір тамшы балқымаға айналдырып алу қаупі бар. Зергерлер белгілі бір жаттанды тәсілді шиырлап, соға бермей, бірнеше әдісті қолданған. Өрілген сым, сіркелеу, түртіп өрнек салу, соғып өңдеу арқылы әшекей бұйымдармен қатар күнделікті тұрмысқа, соғысқа қажетті заттарды жасаған. Бұйымдардың осылай тұтыну тұрғысынан ескеріліп соғылуы төл өнеріміздің тағы бір қыры деп айтсақ болады [2, б.63].

Қолөнер қашанда заман, өмір ағымымен бірге туындап, дамып отырады. Қазақ қолөнерінің өсу жолы, өзіне тән даму тарихы бар. Ол тарих сонау көне замандардан басталады. Қазақ халқы кең байтақ республика жеріндегі ертеден қалыптасқан көне мәдениеттің тікелей мұрагері ғана емес, сол дәстүрлерді дамытушы, жаңғыртып байытушы. Зергерлік өнердің ерекшелігі-алғашқы қауым адамының мекенін қазған кезде табылған нәрселер секілді өнер шығармаларының қалай және не үшін жасалғанын айқын ұғынуға мүмкіндік береді. Бұған дәлел ретінде Елбасы атқа міну мәдениеті жайлы сөз қозғағанда " Ат үстінде жүрген көшпенділер тақымына басқан сәйгүлігіне неғұрлым еркін мініп жүруі үшін биік ер-тұрман мен үзеңгіні ойлап тапты. Бұл жаңалық салт атты адамның ат үстінде қаққан қазықтай мығым отыруына, сонымен бірге шауып бара жатып, қолындағы қаруын еш қиындықсыз және неғұрлым тиімді қолдануына мүмкіндік берді. Бабаларымыз шапқан аттың үстінен садақ тартуды барынша жетілдірді. Соған байланысты қарудың құрылымы да өзгеріп, күрделі, ыңғайлы әрі қуатты бола түсті. Масағына қауырсын тағылып, металмен ұшталған жебе берен сауытты тесіп өтетін көббұзарға айналды. Қазақстан аумағында өмір сүрген түркі тайпалары ойлап тапқан тағы бір технологиялық жаңалық – қылыш. Оның оқтай түзу немесе иілген жүзі – ерекше белгісі. Бұл қару ең маңызды әрі кең таралған соғыс құралына айналды. Сарбаз бен оның мінген атын қорғауға арналған сауытты да алғаш рет біздің бабаларымыз жасаған. Еуразия көшпенділерінің айрықша маңызды әскери жаңалығына баланған мұздай темір құрсанған атты әскер осылайша пайда болды. Отты қару пайда болып, жаппай қолданысқа енгенге дейін атты әскердің дамуы біздің дәуірімізге дейінгі I мыңжылдық пен біздің дәуіріміздің I ғасыры арасында көшпенділердің ұзақ уақыт бойы бұрын-соңды болмаған жауынгерлік үстемдік орнатуын қамтамасыз еткен жасақтың ерекше түрі – айбарлы атты әскердің қалыптасуына ықпал етті" [1, б.1] - деп қазақ халқының зергерлік өнер тарихының бастауы сонау ертеде екенін айқындай түсті.

Зергерлік өнерге біздің назарымызды тартатын мынадай екі жайт бар. Бір жағынан, зергерлік өнер адамзат мәдениетінің дамуында белгілі бір кезең болып табылады, осы мағынада алғанда ол біздің өткеніміздің жанды куәгері іспетті. Екінші жағынан, жалпы өнер атаулының бәрі сияқты, зергерлік өнер де қазір дүниежүзілік аренаға шыға бастаған бұрынғы отар халықтардың осы замандағы мәдениетінің елеулі белгілерін бейнелейді [3, б.8].

Қазақ зергерлері түсті металдардан сан алуан бұйымдар жасады. Атап айтатын болсақ, ұсталар: найза, қылыш, айбалта, семсер, сияқты қару-жарақ түрлерін әзірлеген. Әсіресе күмістен соғылған көптеген сәндік бұйымдар: сәукеле әшекейлері, сырға, шолпы, шекілік, шашбау, алқа, өңіржиек, бойтұмар, қолтықша, тұмарша, білезік, жүзік, белбеу, сақина, қапсырма, түйме, тана, тіс шұқығыш ертеден ақ кең тараған заттар. Сондай-ақ ерлерге арналған кемер белбеу, кісе, ер тұрмандарының күмістелген, алтындалған әшекейлері бар. Ал ағаш шеберлері киіз үйдің сүйегінен бастап, үй мүліктері: сандық, кебеже, асадал,

тостаған, ожау, астау және музыка аспаптары: домбыра, қобыз, шертер, т.б. даярлаған [4, б.34].

Қазақ арасында жалпы темір соғатын ұсталарды да, зергерлерді де "ұста" деп атаған. Ұста сөзі шебер, өнегелі, ісмер деген ұғымда ағаш ұстасы, темір ұстасы, күміс ұстасы, ақыл айтуға ұста деген сияқты тізбектерде айтыла береді. Бірақ алтын-күміс әшекейлі бұйымдарды жасаумен әуестенушілер өздерін темір ұстасынан бөлек санаған [5]. Осыған қарай оларды зергер деп атау бүкіл Орта Азия халықтарында ерте кезден-ақ қалыптасқан. Бұл туралы академик саяхатшы П.С.Паллас өзінің 1776 жылғы "Путешествие по разным провинциям Российской империи" деген кітабында: "... қазақтарда ұсталар да зергерлер де бар", - деп жазады [6, б.80].

1803-1804 жылдар қазақ арасында тұтқында болған Савва Большой қазақтарда зергерлік өнердің өте ертеден барын жазған. Ал революцияға дейін шығып тұратын санақ басқармасының "Обзоры Акмолинской области за 1904 год" деген жинағында "... у казахов существуют особые художники и золотых дел мастера" деп атап көрсетілген. Ақтөбе облысының батыс жағында тұратын А.К.Гейнс 1892 жылы "Литературный сборник" дейтін еңбегінде "қазақтар күмісті балшық тостағаншаға салып, жуан қаңбақ түбірінен жаққан көмірге қыздырып қорытады" деп жазды.

Зергерлік өнердің Қазақстан топырағында соншалық ерте заманнан-ақ болғандығы туралы "Социалистік Қазақстан" газеті 28 мартта былай деп жазды: Қазір совет археологтары белгілі бір тарихи дәуірлерден қалған мәдени және көркем өнер қазыналарын тапты. Солардың бірі Кеген ауданындағы (Алматы облысы) "Ақтас" қыстауынан табылған алтын сырғалар. Археологтар оның біздің заманымыздан бұрынғы I-II ғасырда Жетісу бойын мекендеген үйсін елінің зергер-шеберлерінің қолынан шыққандығын анықтады".

Зергерлік өнердің тарихында сирек кездесетін бағалы заттардың қатарына тарихи ғылымының кандидаты археолог М.Қадырбаев басқарған экспедицияның Орталық Қазақстандағы Шідерті өзені бойындағы ескі қорғандарды қазғанда шыққан алтыннан, күміс пен алтын қоспаларынан соғылған әшекейлі зергерлік бұйымдар да жатады. Олардың арасында Қазақстан археологтарының назарын аударып отырған жұқа алтын пластинкалардан қалыпқа салынып жасалған, арыстан, жолбарыс және аюдың берельеф-мүсіндері бар. Бұл асыл дүниелер де шамасы 2100-2300 жыл бұрын жасалған.

Осы деректерге қарағанда қазақстандық шеберлер зергерлік өнерін ертеден-ақ білгендігі даусыз. Бірақ олар алтын-күмісті өздері қорытып, өндіре алмаған. Сондықтан оларды көрші орыс мемлекеттерінен сатып, айырбасқа алып отырған. Кесек күміс пен алтын оңайлықпен табылмағандықтан ол кездегі қазақ зергерлері көбінесе алтын, күміс ақшаларды қайта балқытып немесе сол күйінде соғып пайдаланған. 1895 жылғы "Обзор сеппалатинской области" деген жинақта басылған "Қырға барған алтын, күміс теңгелер ақша болудан гөрі қазақтардың әшекей-өрнек жабдығына жарап жатыр" деген хабарламасы, тағы көптеген деректер осыны дәлелдейді. Сондай-ақ қазақтың көне әдебиет мұраларында көп кездесетін "зер" "зергер" сөздері де бұл өнердің еліміздің ежелгі мұрасы екендігіне дәлел.

Қазақ тілінде алтын, күміс, жез, мыс сияқты түсті металдардан жіңішкелеп суырылған жіптерді зер деп атайды да зерлі тон, зерлі шапан, зерлі кимешек және т.б. сөз тіркестері өте жиі кездеседі. Сондай-ақ зер, зерделі деген сөз, асыл, таза, жігер, намыс деген ұғымдардада коданылады.

Зергерлер сән-салтанат бұйымдарын, жүлдеге берілетін заттарды және әр түрлі әшекей жиһаздарын жасады. Алайда халық дарыны тек осы істердің төңірегінде шектеліп қалған жоқ. Халқының қамын ойлаған шеберлер ел сүйген ерлерді, маңдайлы батыр, таңдайлы шешен, еліне пана, жеріне тұлға ұл-қыздардың үлгі істерін зергерлік өнерде бейнелеп мұра етіп қалдыра білді. Сөйтіп қарапайым еңбекші бұқараның эстетикалық талғамын өсіріп, рухани мейірін қандыратын, еңбекке баулап, ерлікке бастайтын жаңа мазмұнды, жаңа нәрлі өнер тудырды [5, б.122].

Археологиялық қазбалар арқылы күні бүгінге дейін жетіп, мәдени мұраға айналған, қолөнер туындыларын халық мәдениетінің бастауы деп білеміз. Атадан балаға мирас болып жалғасып келе жатқан ұлттық қолөнер дәстүрінің тамыры тереңде болса, қазіргі көркем кәсіпшілік өндірісі де сол халықтық дәстүрлерден нәр алып отыр. Қазақ қолөнерін жіктеуде зергер, ұста, ағаш өңдеу, тері өңдеу, темір өңдеу мәселелерінің технологиялық ерекшелігіне бас назар аударған жөн. Бұл орайда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің соңғы жолдауында "«Ұлы дала» атты ежелгі өнер және технологиялар музейін ашуға толық мүмкіндігіміз бар. Оған озық өнер мен технология үлгілерін – аң стилінде жасалған бұйымдарды, «Алтын адамның» жарақтарын, жылқыны қолға үйрету, металлургияны дамыту, қару-жарақ, сауыт-сайман дайындау үдерісін көрсететін заттарды және басқа да жәдігерлерді жинақтауға болады. Онда Қазақстан жерінен табылған құнды археологиялық ескерткіштер мен археологиялық кешендердің экспозициялары қойылады. Бұл заттар тарихи дәуірлердің қандай да бір кезеңіндегі әртүрлі шаруашылық салаларының даму үдерісін көрсетеді [1, б.1].

Зергерлік-өте ерте заманнан келе жатқан өнер екенін ескерсек Елбасы ұсынып отырған «Ұлы дала» өнер және технология музейінің ашылуы болашақ ұрпақ үшін тарихтың бұлағы болары сөзсіз. Біз зергерлік өнер арқылы ата-бамыздың бізге мұра қылып қалдырған тарихымен болашағымыздың тіректерін, өскелең ұрпақты осылай таныстыра аламыз. Ұсынылып отырған мұражай ашылатын болса ондағы көптеген құнды жәдігерлермен оқушылар мен студенттерді зергерлік өнер немесе қол өнер сабақтарында таныстыратын болсақ бұл жастардың бойында тарихына деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімін оятатынына біз кәміл сенімдіміз. Себебі аса төзімділік пен ұқыптылықты талап ететін зергерлік өнер туындыларын барлық халықтар жоғары бағалап, ең қалаулы өнер етті. Тарихи этнографиялық музейлердегі археологиялық сәнді бұйымдар мен қарулар, ыдыс-аяқ, теңгемоншақтар, алтын мен күмістен және асыл тастардан жасалған қымбатты заттар әлгі шеберлер қалдырған халықтық мұра болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. *Оңтүстік Қазақстан №186 (20638), 2018 жыл.*
2. *Құмаров А., Ұзақбаев Б. Зергерлік ата кәсіп. Мәдениет. №4 (140), сәуір 2018 жыл. - 65 бет.*
3. *Мириманов В. Алғашқы қауымдық және дәстүрлі өнер, сер. "Өнердің ықшам тарихы" / Ауд. - Өнер, 1989. - 328 бет.*
4. *Болатбаев Қ., т.б. Өнер: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық / Қ.Болатбаев, Е.Қосбармақов, А.Еркебай. - Алматы: "Мектеп" баспасы, 2006. - 272 бет, суретті.*
5. *Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы, Қазақстан, 1995. – 240 бет.*
6. *Hasanova G. Activity of the national museum of azerbaijan of Azerbaijan Literature named after Nizami Ganjavi in the creation of memorials and statues in museums outside the country. // Bulletin.KazNPU named after Abai, Series of «Art education: art – theory – methods» №3(56), №4(57).*

Болысбаев Д.С. – Бейнелеу өнері және дизайн кафедрасының аға оқытушысы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Тәуке хан 5, Шымкент, Қазақстан. Тел.: +7(7252) 367-190. E-mail: daulet.bolysbaev.74@mail.ru

Оспанов Д.М. – Бейнелеу өнері және дизайн кафедрасының оқытушысы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Тәуке хан 5, Шымкент, Қазақстан. Тел.: +7(7252) 367-190. E-mail: tom_smail@mail.ru

Оспанов Т.М. – Бейнелеу өнері және дизайн кафедрасының магистранты, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Тәуке хан 5, Шымкент, Қазақстан. Тел.: +7(7252) 367-190. E-mail: tom_smail@mail.ru

Әбдіхадырұлы Қ.Д. – Бейнелеу өнері және дизайн кафедрасының магистранты, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Тәуке хан 5, Шымкент, Қазақстан. Тел.: +7(7252) 367-190.

Bolysbayev D.S. – Senior lecturer of the Department of fine arts and design, M.Auezov South Kazakhstan State University, Tauke Khana, city Shymkent, Kazakhstan. Tel.: +7(7252) 367-190. E-mail: daulet.bolysbaev.74@mail.ru

Ospanov D.M. – Lecturer of the Department of fine arts and design, M.Auezov South Kazakhstan State University, Tauke Khana, city Shymkent, Kazakhstan. Tel.: +7(7252) 367-190. E-mail: tom_smail@mail.ru

Ospanov T.M. – Master student of the Department of fine arts and design, M.Auezov South Kazakhstan State University, Tauke Khana, city Shymkent, Kazakhstan. Tel.: +7(7252) 367-190. E-mail: tom_smail@mail.ru

Abdyhadiruly K.D. – Master student of the Department of fine arts and design, M.Auezov South Kazakhstan State University, Tauke Khana, city Shymkent, Kazakhstan. Tel.: +7(7252) 367-190.

ӘОЖ 373

МРНТИ 18.31.51

Е.Б.Ауелбеков¹, Е.Б.Мамбетаев², М.Н.Абилдаев³

¹п.ғ.к., қауымдастырылған профессор Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Түркістан қ., Қазақстан

²магистр оқытушы, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Түркістан қ., Қазақстан

³магистр оқытушы, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Түркістан қ., Қазақстан

СӘНДІК-ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР - ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС- ӘРЕКЕТТЕРІН АРТТЫРУ ҚҰРАЛЫ

Аңдатпа

Мақалада халқымыздың ғасырлар бойы мәдениетінің, өнерінің ұйытқысы болған сәндік-қолданбалы өнерінің маңызды аспектілері қарастырылады. Еліміздегі көркемдік білім беру барысындағы сәндік-қолданбалы өнердің міндеттері қарастырылып, өзіндік тәрбиелік қызметтеріне талдаулар жасалады. Сәндік-қолданбалы өнердің оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудағы мәні мен маңыздылығы анықталып, оның өзіндік сипаттары айқындалады. Көркемдік білім беру жүйесіндегі көптеген ғалымдардың сәндік-қолданбалы өнер негізіндегі зерттеулеріне шолу жүргізіледі. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерінің негізінде көркемдік білім берудің шығармашылық қызметтері қарастырылады. Сәндік-қолданбалы өнер туындыларының композициялық шешімдегі

зандылықтары анықталады. Сәндік-қолданбалы өнерге баулу ерекшеліктері сипатталып, осы өнердің білім алушылардың шығармашылық іс-әрекеттерін арттыруға тигізер ықпалы айғақталып, талданады.

Түйін сөздер: сәндік-қолданбалы өнер, көркемдік білім беру, шығармашылық іс-әрекет, композиция, эстетикалық тәрбие.

Е.Б.Ауелбеков¹, Е.Б.Мамбетаев², М.Н.Абилдаев³

¹к.п.н., ассоциированный профессор Международного казахско-турецкого университета им. Х.А.Ясави

г. Туркестан, Казахстан

²магистр преподаватель Международного казахско-турецкого университета им. Х.А.Ясави

г. Туркестан, Казахстан

³ магистр преподаватель Международного казахско-турецкого университета им. Х.А.Ясави

г. Туркестан, Казахстан

ДЕКОРАТИВНО-ПРИКЛАДНОЕ ИСКУССТВО – СРЕДСТВО ПОВЫШЕНИЯ ТВОРЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧАЩИХСЯ

Аннотация

В статье рассматриваются значимые аспекты декоративно-прикладного искусства, как основа многовековой культуры и искусства нашего народа. Анализируются воспитательные функции и задачи декоративно-прикладного искусства в процессе художественного образования в нашей стране. Определяются специфические особенности, значения и значимость декоративно-прикладного искусства в формировании творческой деятельности учащихся. Проводится научный обзор исследованиям многих ученых по декоративно-прикладному искусству в системе художественного образования. Рассматриваются творческие задачи художественного образования вна основе декоративно-прикладного искусства казахского народа. Определяются закономерности композиционных решениях произведений декоративно-прикладного искусства. Описываются особенности обучения декоративно-прикладному искусству, раскрываются и анализируются положительные влияния этого вида искусства на повышение творческой деятельности учащихся

Ключевые слова: декоративно-прикладное искусство, художественное образование, творческая деятельность, композиция, эстетическое воспитание.

Е.В. Auelbekov¹, E.B. Mambetaev², M.N. Abildaev³

¹c. p.s., associate Professor International Kazakh-Turkish University named H.A.Yasawi

Turkestan, Kazakhstan

² master teacher of International Kazakh-Turkish University named H.A.Yasawi

Turkestan, Kazakhstan

³ master teacher of International Kazakh-Turkish University named H.A.Yasawi

Turkestan, Kazakhstan

DECORATIVE ARTS – A MEANS OF INCREASING CREATIVE ACTIVITY OF STUDENTS

Abstract

The article deals with the significant aspects of arts and crafts as the basis of centuries-old culture and art of our people. The educational functions and tasks of arts and crafts in the process of art education in our country are analyzed. The specific features, values and significance of arts and crafts in the formation of creative activity of students are determined. The scientific review of researches of many scientists on arts and crafts in the system of art education is carried out. Creative tasks of art education on the basis of decorative and applied art of the Kazakh people are considered. The regularities of the compositional solution to the work of decorative and applied art are determined. The article describes the features of teaching arts and crafts, reveals and analyzes the positive effects of this type of art to enhance the creative activity of students.

Keywords: arts and crafts, art education, creative activity, composition, aesthetic education.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы ретіндегі өзінің «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласы - еліміздің болашағы жастардың ұлттық мәдениетіміз бен өнерімізді білуге, оны осы жас ұрпақтың бойына дарытуға бағытталған тарихи маңызы бар құжат болып табылады. «Тәуелсіздік жылдарында халқымыздың өткенін зерттеуге қатысты ауқымды жұмыстар атқарылды. Еліміздің тарихи жылнамасындағы ақтаңдақтарды қайта қалпына келтіруге жол ашқан «Мәдени мұра» бағдарламасы табысты іске асырылды. Бірақ, бабаларымыздың өмірі мен олардың ғажап өркениеті жөніндегі көптеген деректі құжаттар, әлі де болса, ғылыми айналымға түскен жоқ. Олар әлемнің бүкіл архивтерінде өз іздеушісі мен зерттеушісін күтіп жатыр», - деп Елбасы өз мақаласында терең тарихтан бастау алып жарқын болашаққа ұмтылған еліміздің мәдениеті мен өнерін дәріптеудің маңыздылығын айқындап берді [1, 4].

Қазіргі қазақстандық білім беру кеңістігіндегі түбегейлі өзгерістерді тарихи объективті үдеріс ретінде тануымыз керек. Білім беру саласын реформалаудағы мақсат - білім беру жүйесін қайта қарап, жас ұрпақтың шығармашылық бейімделуіне қарай бағдарлы, сатылы білім алуларына жағдай жасау болып табылады. Бүгінгі таңда білім сапасын бұрыңғыдай білім білігі және дағдысымен өлшеу жеткіліксіз. Қазіргі талап білім сапасы алған білімін, жеке басын әрі қарай дамытуына, тұлға ретінде қоғамның өркендеуіне пайдалы болуымен тұжырымдалады. Еліміздегі білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білімді, білік-дағдыларды механикалық түрде беру емес, ақпараттық-зияткерлік ресурстарды өз бетінше тауып, талдап және пайдалана білетін, идеялардың қуат көзі болатын, жедел өзгеріп отыратын, әлем жағдайында дамиды және өзін-өзі ашып көрсете алатын жеке тұлғаны қалыптастыру басымдық болып табылатындығы көрсетілген [2].

Ұлттық мәдениеттің негізі болып табылатын этнопедагогикалық білім беру мен ұлттық тәрбие берудің ең басты құралдарының бірі ұлттық өнер болып табылады. Ата-бабаларымыздан ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан әрі санамыз бен рухымызда өзіндік ерекшелігі мен мазмұны бар өнер түрі де осы ұлттық өнеріміз екендігі де даусыз.

Сәндік өнерге үйретуде инновациялық технологияларды қолданудың педагогикалық қырларын дұрыс шешуді ұйымдастырудың әдістемелік мәселелерін зерттеген ғалымдар В.С.Кузин, Н.Н.Ростовцев, Е.В.Шорохов т.б. еңбектері негізге алынып отыратындығы да заңдылық болып табылады. Дегенмен де, жас ұрпақты ұлттық сәндік-қолданбалы өнер негізінде шығармашылыққа баулу тәжірибесінде халқымыздың көп ғасырлық мәдениеті мен өнерін зерттеген отандық ғалымдардың еңбегін бағалауымыз қажет. Халқымыздың сәндік-қолданбалы өнерінің қалыптасуы мен дамуына байланысты Ә.Марғұлан, К.Ақышев, Х.Арғынбаев, Ә.Тәжімұратов, С.Қасиманов, Ө.Жәнібеков, Т.К.Басенов, М.Мұханов, Б.Байжігітов, Г.Абдірахманова, Қ.Ыбыраева, С.Жолдасбекова т.б. өнертанушы және этномәдениет зерттеушілерінің еңбектері ерекше орын алады. Қазақстандағы көркемдік білім берудің мазмұнын, әдіс-тәсілдерін, әдістемелерін Қ.Е.Ералин, Қ.Ж.Әмірғазин, Б.А.Әлмұхамбетов, Ж.Балкенов, С.А.Аманжолов, Е.С.Асылханов, Д.Садығалиев, М.Жанаев,

А.О.Қамақ, Ұ.Ибрагимов, Б.Е.Оспанов, Р.Мизанбаев, Т.М.Қожағұлов, Б.А.Мұхаметжанов, Ж.С.Кенесарина т.б. қарастырған. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері арқылы тәлім-тәрбиелік мүмкіндіктерін этнопедагогика саласынан А.А.Қалыбекова, С.А.Ұзақбаева қарастырса, қазақ сәндік-қолданбалы өнері негізінде оқушыларды көркем еңбекке баулу Қ.Ж.Әмірғазин, О.С.Сатқанов, Е.Т.Кісімісов еңбектерінде зерттелді, ал жас ұрпақтың көркемдік талғамын, көркемдік қабылдауын қалыптастыру Ф.Ы.Жұмабекова, Қ.О.Жеделов т.б. ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылған. Сонымен бірге, көркемдік-эстетикалық тәрбие беруді барынша дамытуға, оқушылардың өнерге деген қызығушылығын қалыптастырудың мәселесіне назар аударған ғалымдар Ұ.М.Әбдіғапбарова, Қ.К.Болатбаев, И.С.Сманов, Т.Қ.Мұсалимов, Б.И.Ижанов, Д.А.Кемешов, М.Ж.Тәңірберген, С.Қ.Бейсенбаев, З.Ш.Айдарова, С.Р.Матаева, Б.А.Айдарбек, Ж.С.Көшенов, М.Мирзаканов, Б.Ө.Құрбаналиев т.б. өз еңбектерінде ұлттық өнер негізінде оқушыларға эстетикалық тәрбие беру теориясы мен көркемдік білім беруді зерттеп, маңызын ашып көрсетті.

Жас ұрпақты қазақтың сәндік-қолданбалы өнеріне баулуда инновациялық технологияларды қолданудың әдістемелік мәселелері туралы тұжырымдар жасауға педагог-ғалымдардың, өнертанушылардың, шығармашыл әдіскерлердің ой-пікірлері, қорытындылары негіз болады. Атап айтқанда, Ж.Балкеновтың ғылыми әдістемелік монографиясында ұлттық сәндік-қолданбалы өнеріміздің негізгі әсемдеуші құралы болып табылатын ою-өрнек шығармашылығының тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастырудағы орны мен мүмкіндіктері айқындалған[3]. Қ.Ж.Әмірғазиннің зерттеулерінде мектеп үйірмесінде оқушыларды сәндік-қолданбалы өнерге баулуда өзіндік технологиясы бар теріні көркем өңдеу әдіс-тәсілдерін айқындауға арналған[4]. А.О.Қамақ еңбектерінде сәндік-қолданбалы өнер арқылы оқушыларға эстетикалық тәрбие беру мәселелері қарастырылған[5]. Қ.Е.Ералиннің еңбегінде болашақ мұғалімдерді ұлттық сәндік-қолданбалы өнер арқылы педагогикалық қызметке даярлау мәселелері айқындалады[6]. Б.Әлмұхамбетовтың «Ұлттық бейнелеу өнері арқылы эстетикалық тәрбие беру» атты зерттеуінде қазақ сәндік-қолданбалы өнер шығармалары арқылы оқушыларға әсемдік тәрбиесін берудің мүмкіндіктері ашып көрсетілген[7]. С.Жолдасбекованың зерттеулерінде сәндік қолөнер арқылы оқушылардың оқуға қызығушылығын қалыптастыру мәселелері айқындалса, К.Құдабаеваның еңбектерінде оқушыларды тәрбиелеуде қазақтың ою-өрнек өнерін тиімді пайдалану мәселелері зерттелінген[8].

Сәндік-қолданбалы өнер халықтық өнер ретінде еңбекшіл адамдардың көркем шығармашылық қызметін білдіреді және сәндік-қолданбалы өнер өзіндік ерекше ой түйіндейтіндіктен, мұнда өнер туындысының сапалық ерекшелігі, композициялық құрылымы мен колориттік шешімі, форманың әдемілігі де қарастырылады. Сәндік-қолданбалы өнер адамдардың рухани байлығы болуымен қатар, материалдық өндіріске де өз ықпалын тигізеді. Бұл ықпалдарға көркемөнер ошақтарындағы мәдени еңбек дағдылары және түрлі материалдарды көркем өңдеулер (жүн, киіз, маталар мен тері, түбіт, ағаш, металл, сүйектер және түрлі аңдардың мүйіздері, тістері мен тұяқтары т.б.) кіргізіледі. Көркем бұйымдарды жасаушы тәжірибелі шеберлер халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігінде өзіндік талғампаздық қасиеттерінің оянуына да зор ықпал жасап отырады. Сәндік-қолданбалы өнердің бай мұраларындағы сомдалған түрлі бейнелер мен формалар, қайталанбас әсем дүниелер халықтың мәдени эстетикалық идеалдарын жетілдіре түсуге де қызмет жасап отырады. Сондықтан да адамдар жасаған барлық еңбекті шығармашылық тұрғысында орындалған еңбек деп те тануға болады. Мәселен, Hyungsook Kim өз еңбектерінде өнер мен шығармашылық іс-әрекеттер жас ұрпақтың өмірге бейімделуімен қатар, мінез-құлықтарын тәрбиелеуге, өз-өзіне деген сенімділіктерін күшейтуге көмектесетіндігін дәлелдеп, анықтап жазады[10, 196].

Сәндік-қолданбалы өнер бастаулары терең тамырлардан нәр алатындығы белгілі. Яғни, ежелгі дәуірлердің өзінде адамдар тұрмыстық қажеттіліктерін қанағаттандырумен бірге,

эстетикалық талғампаздыққа да назар аударылып, бұйымдарды жасаудың техникалық функцияларына да көңіл бөлінген. Сәндік-қолданбалы өнер ғасырлар бойы өмір сүріп келеді. Оның тәжірибелері халық шеберлерінің шығармашылық жұмыстары арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келеді. Қазақ дәстүрлі өнерінің көркемдік өнер мен ұлттық мәдениеттегі өзіндік орнын қарастырған Ш.Ә.Ақбаева, Р.С.Баканев сынды ғалымдар өз еңбектерінде сәндік-қолданбалы өнер туындыларының композициялық шешімі, түстік үйлесімділігі, жасалған материалы – барлығы олардың көркемділігі мен мәнділігін аша түсетін өлшемдер екендігін айқындай түседі [10, 74]. Сол сияқты М.Джанаев: «Композициялық шығармашылық пен педагогикалық іс-әрекет, қызмет оқу-тәрбие үдерісі мен композициялық қызмет үдерісінің үйлесімі, білім алушының танымдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Білім алушы субъектінің білімге, композициялық шығармашылыққа құштарлық қатынасын арттырып, білім алуға деген мотивациясын тудырып композициялық, көркем танымдық қызмет үрдісіне енуін қамтамасыз етеді. Композициялық шығармашылық пен педагогикалық іс-әрекет, қызмет үйлесімін басшылыққа алу білімгерлердің кәсіби педагогикалық даярлығының негізі», - деп, білімгердің позитивті қуатын ояту, шығармашылық еркін шыңдау, дағдысын дамыту, өзіндік шығармашылық түпкі ойын жүзеге асыруға тәрбиелеу композициялық білімнің еншісінде екендігін айқындай түседі [11, 41].

Кез-келген елдің жасалған сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарына қарап, сол халықтың өміріндегі еңбегін бағалап, салт-дәстүрлеріндегі мәдени дамуды да байқауға болады. Халық шебері жасаған әрбір бұйым шығармашылық тұрғыдан ойластырылып орындалатындықтан, сәндік-қолданбалы өнердегі әдемілік пен әсемдік жасалған бұйыммен, оның безендірілуімен тығыз байланысты болып келеді. Сол себепті адамдар өздерінің күнделікті тұрмыс-тіршілігінде, салт-дәстүрлерінде қолданылатын көркем дүниелерді бейнелеу тілімен әрлеп, безендіріп, көрікті етіп пайдаланған. Сөйтіп, сәндік-қолданбалы өнерде өзінің даму жолындағы ескі нұсқадағы стилизациялық, композициялық шешімдері жаңарып, олардың көркемдік жағына қойылатын талаптары күшейе түсті. Л.Ж.Аденова өз еңбегінде: «Қазақ қолөнеріндегі бояу мен түстерді таңдап пайдаланудың символдық мәні болған. Ондағы қолданылатын бояу түстерінің мазмұнындағы ой мен идея халықтың болмысын көрсетуге өзіндік шешім тауып отырған. Біз дәстүрлі қолөнердегі бояу түсінің танымдық, тәрбиелік белгілері туралы сөз қозғағанда, қазақтың өзіне тән колориті, танымдық ерекшеліктері бар екендігіне көз жеткіземіз», - деп сәндік-қолданбалы өнердің ұлттық нақышы мен тәлім-тәрбиелік маңыздылығын аша түседі [12, 10].

Сәндік-қолданбалы өнердің тарихи даму кезеңдеріне сүйене отырып, ғалым-зерттеушілер оның тарихы ғасырлардың терең қойнауынан бастау алатындығын айтады. Ертедегі скиф және сақ дәуірінен бері қазақтар өздерінің бойындағы барлық көркем мәдениеті мен сәндік-қолданбалы өнерін, рухани идеясын түгелдей өз ұрпақтарына мирас етіп қалдырып отырды. Соның нәтижесінде сәндік-қолданбалы өнердің кілем тоқу, үй бұйымдарын көркем безендіру, құрал-жабдықтар мен қару-жарақтарды сәндеу, музыкалық аспаптарды көркемдеу өнері сияқты көптеген түрлері гүлдене түсті. Әсіресе, Оңтүстік Қазақстанның көптеген қалаларын аралап өтетін Ұлы Жібек жолы ерекше ықпал етті. Осы Ұлы Жібек жолының сауда-саттық жасап, ұлттық мәдениет пен қолөнердің өзара байланысын арттыруда маңызы зор болғандығы өнер тарихынан белгілі.

Сәндік-қолданбалы өнер туындысын дайындауда композициялық шешімі айқындалған эскиздер мен сюжеттік суреттер салу – шығармашылық ізденістің негізін құрайтындығын ұмытпаған жөн. Көркем композициялық туындының алғашқы үлгісі тақырыптың мазмұнына сәйкес болуы керек. Сәндік-қолданбалы өнер туындысын дайындауда композициялық шешімді табуда қайталанып, реттеліп, талданып отыратын: композициялық құрылымды анықтау; жобалық суреттің нақты шешімін табу; бояу үндестігін үйлестіру сияқты талаптар да маңызды орын алады.

Сәндік-қолданбалы өнер туындыларындағы көлемді-кеңістікті композиция ерекшеліктері оны игерудің мақсатты тәсілдері және практикалық жүзеге асыру дағдысын қалыптастыруға тікелей байланысты болады. Композиция бұл шығармашылық іс-әрекетпен ғана өрбіп, дамып отырады. Композицияға тәжірибе болмаса, оны қолдануға болмайды. Композицияға жеке шешім жасағанда жеткізу деңгейіндегі табиғи қасиеті бар эмоционалдық компонент немесе құрылым бөлігі қатысу керек. Сәндік-қолданбалы өнердегі көлемді-кеңістікті форманың негізгі қасиеттері шығармашылық туындының геометриялық түрі, кеңістікте орналасуы, көлемі, салмағын анықтайды. Ал, қосымша қасиеттерге оның фактурасы немесе тегі, түс және түрді жатқызуға болады. Әртүрлі жағдайдағы сәндік-қолданбалы өнер шығармасының қасиеттерін салыстыру олардың түрлілігіне әкеледі.

Сәндік-қолданбалы өнердегі ырғақ – туындының композициялық шешімін байыта түсетін өте маңызды көрсеткіш болып табылады. Бұл күнге дейін шынайы өмірдің заңдылығын бейнелеу арқылы ырғақ өнердің барлық түріне ене отырып, көркем форманы ұйымдастырудың қажетті әрі шығармашыл құралына айналып отыр. Сонымен қатар, ырғаққа тәртіп, байланыс, көркем туынды элементтерінің барлық қатары бағынады. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерінің табиғатын, тарихи даму жолын, қоғамдағы көркем-эстетикалық мәнін зерттеген еңбектерден халқымыздың көркем шығармашылық іс-әрекеттерінің ғасырлар бойы дамуы барысында шындық болмысының сұлулығы мен әсемдігін бейнелеуде өзіне тән жүйесі, сонымен қатар жас ұрпақты сәндік көркем өнерге баулу тәжірибесінде қомақты әдіс-тәсілдерінің қалыптасқаны байқалады. Халқымыздың дәстүрлі сәндік-қолданбалы өнер туындыларын түрлері мен бағыттарына қарай талдай отырып, бұл өнердің халық өміріндегі орнын, мәнін, маңызын игерумен бірге, ол туындылардан халық шеберлерінің өзіндік қолтаңбаларын, стилдерін, орындау техникаларын, түр-түстік композициялық шешімдерін біліп танимыз. Сонымен бірге, сәндік-қолданбалы өнер халқымыздың өткен тарихынан, озық мәдениетінен, ауқымды көркем дүниетанымдық деңгейінен, шаруашылық кәсібі мен тыныс-тіршілігінен, ұлттық салт-дәстүрлерінен, ең бастысы, композициялық шешімдерге бай шығармашылық қабілет-шеберліктерінен таусылмас құнды ақпараттар береді.

Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері табиғатын жасөспірімдерге бірізділікпен игерту мақсатында оқу-тәрбие ісінде қолдану олардың көркемдік білімі мен талғам деңгейін көтеруге мүмкіндік беруімен қатар, ұлттық тәрбиенің мазмұндық жүйесіндегі халқымыздың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін, дүниетанымын, адамдар арасындағы әдептілік және мінез-құлық қағидаларын, өнердегі көркемдік дәстүрлерін жас ұрпақтың эстетикалық тәрбиесінде ықпалды құрал етіп пайдалану қажеттілігін арттыра түседі.

Қорыта келгенде, қазақтың халықтық сәндік-қолданбалы өнерінде ертедегі көшпелілерден қалған өнер белгілері сақталып қазіргі ұрпаққа дейін жетуі бұл өнердің терең тамырлы өнер екендігін айғақтай түседі. Қазақ көркем мәдениетін зерттеушілердің зерттеу нәтижелері негізінде алынған Қазақстанда ата-бабамыздан қалған жиырма бес мыңға тарта заттық-мәдени ескерткіштер бар екен. Бұлардың өзі ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениетіміздің жетістіктері әрі халқымыздың ұлттық мақтанышы деп есептеледі, сонымен бірге жас ұрпақтың көркем шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастырып, арттыруға септігін тигізетін мол рухани қазына, сұлулық тәрбие беру құралы болып табылады. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері - барынша дамыған, бағалы, әрі мол мұра болғандықтан, жас ұрпақ үшін оның танымдық әрі тәрбиелік мәні өте зор. Қоршаған өмір шындығының сұлулығын халықтың сәндік-қолданбалы өнері арқылы танып білудің құндылығын арттырады, яғни бұл өнер туындылары адамның материалдық дүниені қабылдау мәдениетін қалыптастыру мен дамытуға зор мүмкіндік береді. Сонымен бірге басқа өнер түрлерінің көркем бейнелілік құралдарын терең түсінуіне және ұлттық көркем мәдени мұраларды қадірлей білуге тәрбиелейді. Халқымыздың сәндік-қолданбалы өнері туралы көркем білімдік мағлұматтармен қарулану, өнердің қоғам және адам өміріндегі мәнін, өнер табиғатының

элеуметтік маңызын түсінуге жетелейтін көркемдік талғамның сапасын арттырады. Сол себепті көне заманнан халқымыздың эстетикалық талғамын, сұлулық сезімдері мен көркем шығармашылық танымын қалыптастыруда игі әсер еткен осы бай мұрамен келешек ұрпақты таныстыра отырып, оны шығармашыл жас ұрпаққа үйрету теориялық әрі практикалық жағынан өте тиімді әрі қоғамымыздағы рухани жаңғыруды жүзеге асыруда кезек күттірмейтін маңызды міндет болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

10. Назарбаев Н.Ә. «Ұлы Даланың жеті қыры». TURKYSTAN.KZ. Астана, 21 қараша, 2018. <https://turkystan.kz/article/72793-ly-dalany-zheti-yry>
11. ҚР Білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана. 2010. <https://www.enbek.gov.kz/ru/node/319018>
12. Балкенов Ж. Өрнек өнері арқылы болашақ мұғалімдерді көркем шығармашылыққа даярлау (Монография). -Алматы. Ғылым. -2001. -372 б.
13. Әмірғазин Қ. Қолданбалы көркем өнер. –Алматы: «РИК», 1995. -125 б.
14. Қамақов Ә. Ұлттық мектеп оқушыларын имандылық-эстетикалық бағытта тәрбиелеу жүйесі. -Тараз. -2002. -130 б.
15. Ералин Қ., Айменов Ж. Қазақтың сәндік-қолданбалы өнері. –Түркістан, 2005. 116 б.
16. Альмухамбетов Б.А. Ұлттық бейнелеу өнері арқылы эстетикалық тәрбие беру. Алматы: Абай ат. ҚазМПУ баспасы. 1999. -142 б.
17. Құдабаева К.І. Сәндік-қолданбалы өнерді оқыту теориясы мен технологиясы. –Қарағанды. Санат-полиграфия. ҚарМУ. -2005. -110 б.
18. Hyungsook Kim. *Community and Art: Creative Education Fostering Resilience Through Art.* Asia Pacific Educ. Rev. (2015) 16:193–201. DOI 10.1007/s12564-015-9371-z. Published online: 24 April 2015. This article is published with open access at Springerlink.com. <https://link.springer.com/article/10.1007/s12564-015-9371-z>.
19. Ақбаева Ш.Ә., Баканев Р.С. Қазақ дәстүрлі өнерінің көркемдік өнер мен ұлттық мәдениеттегі өзіндік орны. Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Көркемөнерден білім беру: өнер – теориясы – әдістемесі» сериясы, №2(43) 2015, 74-б.
11. Джанаев М.Б. Композиция – тұлғаны дамыту шығармашылығы. Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Көркемөнерден білім беру: өнер – теориясы – әдістемесі» сериясы, №1(46) 2016, 41-б.
12. Аденова Л.Ж. Шым ши өнерінің Орта Азия мен Қазақстандағы шығу тарихы. Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Көркемөнерден білім беру: өнер – теориясы – әдістемесі» сериясы, №3-4(32-33) 2012, 10-б.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Ахмет Ясауи университеті). Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Бекзат Саттарханов даңғылы, 29. Университет қалашығы. 161200

Әуелбеков Ержан Бураханұлы, «Өнер» факультеті, Бейнелеу өнері кафедрасының қауымдастырылған профессоры, п.ғ.к.

Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави (Университет Ахмеда Ясави). Туркестанская область, Город Туркестан, проспект Бекзата Саттарханова, 29. Университетский городок. 161200.

E-mail: Aron-2005@mail.ru

Ауелбеков Ержан Бураханович, факультет «Искусство», ассоциированный профессор кафедры Изобразительного искусства, к.п.н.

МРНТИ 14.01.85

А.Б. Накбаева

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Түркістан қаласы, Қазақстан)

АКСЕССУАР ЖӘНЕ ЗЕРГЕРЛІК БҰЙЫМДАРДЫҢ КИІМ ФОРМАСЫМЕН ҮЙЛЕСІМДІЛІГІ

Аңдатпа

Мақалада қазіргі сән әлемінде аксессуарларды таңдай білу үлкен шеберлік. Стиль мен моданың күн санап дамуымен қатар аксессуарлардың да сан алуан түрлері бар. Көпшілік оларды ұсақ-түйек деп, ескере бермейтіндігі анық. Бірақ, киімде жалт-жұлт ететін әшекейлердің болмауы оны тартымсыз, көз тартарлықсыз етіп көрсетеді. Ал киімге сәйкес келмей жатса, онда оны арзан, тіпті кейде талғамсыз көрінуіне түрткі болады.

Сондықтан да құрбыларыңның арасында түсініксіз жылтырауық заттар жаппай ілінген жаңа жылдық шырша сияқты емес, талғамы зор, стильді ханым болып көрінгісі келгендерге арналған аксессуарларды таңдау ережесі бар.

Аксессуарларға мыналар жатады: сырғалар, моншақтар, сақиналар, браслеттер, яғни бижутериялар, құнды заттар, сағат, шарф пен мойынға тағатын орамал, бас киім, белдік, қолғап, қолшатыр және сөмке.

Аксессуарлардың көмегімен бір киімді іс жүзінде адам танымастай кейіпке түсіріп, мүлдем жаңа бейнелер жасауға болады.

Жалпы алғанда Қазақ халқының сән әлеміне деген көзқарасы ерте заманнан ақ қалыптасқанын осы бір мәліметтерден ақ білуімізге болады. Сонымен қатар әшекей бұйымдарды тек әсемдік үшін ғана емес қыз баласының нәзіктігін бейнелеу үшін де таққан. 21 ғасырда аксессуарлардың сан түрі сән әлемінде қалықтауда. Қазіргі уақытта киім стильдеріне түрліше аксессуарларда қолданылады.

Кіліг сөздер: Өнер, оқыту, ғылыми- әдіснама, әлем, дизайн, дизайнер, ою өрнек, костюм

Накбаева А.Б.

*Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмета Ясауи
(г. Туркестан, Казахстан)*

АКСЕССУАР И СОВМЕСТИМОСТЬ ЮВЕЛИРНЫХ ИЗДЕЛИЙ С ФОРМОЙ ОДЕЖДЫ

Аннотация

В данной статье рассматриваются отличное мастерство выбрать аксессуары в современном мире моды. Наряду с развитием стиля и моды с каждым днем существуют различные виды аксессуаров. Большинство их мелкие, четко и с учетом бермейтіндігі. Но отсутствие в одежде украшений, делающих глянцевого, показывает его несправедливым, несправедливым глазом. А если не совпадает с одеждой, то он будет толковать ее недорогим, а иногда беззаботным.

Поэтому среди сверстников есть правила выбора аксессуаров для тех, кто хочет выглядеть элегантной, стильной дамой, а не как новогодняя елка с массовым завесом непонятных блестящих предметов.

Из этой информации видно, что казахский народ имеет давнюю историю моды. Также украшения предназначены не только для красоты, но и для демонстрации женственности девушки.

В XXI веке количество аксессуаров в мире моды растет. В настоящее время одежда используется в разных стилях аксессуаров.

Ключевые слова: Искусство, образование, научная методология, мир, дизайн, дизайнер, резьба, костюм

Nakbaeva A.B.

*International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasavi
(Turkestan city, Kazakhstan)*

THE ACCESSORY AND COMPATIBILITY OF JEWELRY WITH THE SHAPE OF THE GARMENT

Abstract

In the article excellent skill to choose accessories in the modern world of fashion. Along with the development of style and fashion every day there are different types of accessories. Most of them are small, clear and given bermand. But the lack of clothing jewelry, making glossy, shows his unfair, unfair eye. And if it does not coincide with the clothes, he will interpret it inexpensive, and sometimes carefree.

Therefore, among peers there are rules for choosing accessories for those who want to look elegant, stylish lady, and not as a Christmas tree with a massive veil of obscure shiny objects.

The accessories include: earrings, beads, rings, bracelets, i.e. jewelry, valuables, watches, scarves and scarves for the neck, headdress, belt, gloves, umbrella and bag.

With the help of accessories you can make a completely new images that do not really know the person

It is clear from this information that the Kazakh people have a long history of fashion. Also, the jewelry is not only for beauty, but also for the display of the girl's femininity.

In the 21st century, the number of accessories is rising in the fashion world. At present, clothes are used in different styles of accessories

Keywords: Arts, education, scientific methodology, world, design, designer, carvings, costume

Зерттеу әдістері XX ғасырдың соңы қазақтың зергерлік өнерінің дамуы үшін ауқымды өзгеріс жылдары болды, яғни бұл жылдары Қазақстандағы өнер саласында кәсіптік білім беру ұйымдары құрыла бастады.

1980 жылдары Алматы, Семей, Шымкент және Қазақстанның басқа да қала-ларында қолданбалы-сәндік өнер саласында шеберлерді арнайы кәсіптік дайын-даудың базасын жасау үрдісі бастау алған еді. Көркем металл өңдеу бұл қатарда айтарлықтай орынға ие болды. Ең маңызды зергерлерді дайындау орталығы бо-лып Алматы мемлекеттік театрлік-өнер институты саналды (Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы).

Металл суретшілерін кәсіптік дайындау зергерлік өнерді аумақтық дәрежеде емес, сондай-ақ жоғары дәрежеде де өрлетуге мүмкіндік берді. Көркем металл өң-деуді өз өмірінде кәсіп тұтқан жас өнерпаздар 70 жж. өзінде-ақ Алматы қаласын-дағы Н.В. Гоголь атындағы

Өнер училищесінде тәлім алғанын айтып өткен жөн. Олардың қатарында Шоқпаров Дәркембай да бар, ол сонау жас шағында алғашқы дәрістерін атақты зергер әкесі Шоқпар және ағасы Ахметтен алған шеберлер.

Қазіргі таңда өнердің бұл түрі толықтай басқа дәрежеге көтерілді және өнер саласында кәсіби статусқа ие болды. Кәсіптік өнер шеңберінде жаңадан дәстүрлік бағыттар, жаңа сала түрлері пайда болды, зергерлік бұйымдар көрмелерде, өнер салондарында, заманауи өнер мұражайлары экспозицияларында ғажайып өнер туындылары деген мәртебеге ие болды.

Заманауи қазақтың суретші-зергерлердің шеберліктері мен туындылары дүние жүзіне таныс. Олардың бұйымдары әлемдік деңгейде көрініс тапты және Еуропа, Америка және Азия мемлекеттерінің әлемдік мұражайларындағы топтама-лары мен коллекциялары да орнықты, өзінің лайықты орнына орналасқан.

Заманауи суретші-зергерлер қарқынды түрде пішінді, материалдарды, техно-логияларды іс жүзінде сынап көруде, сонымен қатар олар платина, алтын және күміспен жұмыс істейді, бағалы және жасанды тастар мен эмальдарды қолданады. Жұмыс барысында олар «архаика» мен «модерн» стильдерін есте сақтайды. Бүгінде зергерлік өнері қазақтың қолданбалы-әшекейлік өнерінде ең сәтті бағыт-тың бірі болып саналады.

Заманауи зергерлік бұйымдар Еуразия өнерінің мәдени дәстүрінің айқын жалғасы болып табылады. Шеберлердің жұмыстары өткен салт-дәстүрге деген адал-дықты көрсетеді. ХХІ ғасырдың басында республикада өзінің шығармашылықтарында дәстүрлер мен жаңартпаны байланыстыратын суретші-зергерлер «үркері – шоқ жұлдызы» пайда болды.

Өздерінің шығармаларының техникалық кемеліне жету, әшекейлік безендіруге деген жаңа көзқарас заманауи зергерлік өнердегі төл белгілеріне шығармашылық мағына берудегі динамика жайлы сөз қозғауға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда Қазақстанның зергерлік өнерінде екі бағыттың, яғни дәстүр мен инновацияның үйлесімі көрініс тауып отыр. Зергерлік индустрияда шеберлер қағиданы есте сақтай отырып, бір жағынан тұрақты пішінді және орнаменттік әсемдікті ұстанушылық, басқа жағынан – олардың жаңа үйлесімділігі байқала-тын зергер өнеріндегі қайталанбас туындыларды дүниеге әкеледі. Мұндай қағидалар суретші-зергерлер С. Бәшіров, С. Рысбеков, С. Оразов, Б. Әлібай, О. Өміров, И. Сүлейменов, А. Қадырбаев, К. Тасов, И. Рафиқов туындыларында көрініс тапқан.

Әшекейден басқа, бүгінде зергерлер сан түрлі бойтұмарлардың, кіші мүсіндік пішіндер, кәдесыйлар, батырлар сауыт-сайманының, билік белгілерінің тарихи реконструкцияларына зор мән береді. Және бұл Қазақстанның заманауи зергерлік ісінің жаңа бағыттарының толық тізімінің әлі де толық еместігін айта кеткен жөн.

Петроглифтер сарыны А. Мұқажанов, С. Рысбеков, С. Бәшіров, З. Юлдабаев, С. Таскин секілді суретшілердің ескерткіштік туынды жасауына түрткі болды.

Зерттеу әдістері Қазақтың зергерлік өнері ежелгі дәстүрлердің сабақтастығы мен көрші халықтар мәдениетінің өзара ықпалы арқылы қалыптасқан. Зергерлік өнердің өзіндік жасалу ерекшелігіне тән кәсіптік мінездемесі бар. Қазақ зергерлері (зер – зар парсы тілінде алтын ұғымын білдіреді) көбіне жеке – дара жұмыс істеп, өз өнерінің қыр – сырын ұрпақтан – ұрпаққа үйретіп отырған. Зергерлердің басты жұмысы – қоғамның барлық әлеуметтік топтарының сұранысына ие болған - әйелдердің әшекей бұйымдарын жасау. Ол тек эстетикалық сұраныстан ғана емес, сондай – ақ діни – идеологиялық, әдет – ғұрыптық, салт – дәстүрлік қажеттіліктен де туындап жатты. Негізгі материал ретінде тіл – көзден, пәле – жаладан сақтайтын тылсым күші, қасиеті бар деп танылған алтын, көбінесе күміс пайдаланылды.

Ата – бабаларымыздан мирас болып қалған зергерлік бұйымдар Сырым Датұлы атындағы тарихи - өлкетану музейінде де сақтаулы.

Алқа – омырауға тағатын, көбіне күмістен соғылатын әйелдердің сәндік, әсемдік бұйымы.

Білезік – білекке салатын күмістен, алтыннан соғылатын әйел бұйымы, жасалуына қарай алтын білезік, күміс білезік, құйма білезік, сағат білезік, тоспалы білезік, бұрама білезік, қос білезік, тағы басқа атаулары бар.

Бес білезік – алтын, күмістен, асыл тастардан, көз орнатылған, күміс шынжыр, арқылы бес сақина бекітілген аса қымбат білезік.

Балдақ – алтыннан, күмістен соғылған, жұмыр сақина.

Жүзік – қымбат тастардан, көз орнатылған жалпақ сақина оның еркектер де, әйелдер де салатын түрлері болады.

Моншақ – түрлі тастар тізілетін моншақтар.

Тұмарша – сәндік үшін омырауға тағатын үшбұрышты салпыншақты күміс бұйым.

Маңдайша – сәукеле, тағы басқа тағатын, көз орнатылған күміс бұйым.

Сақина – саусаққа салатын, әр түрлі үлгіде күмістен, алтыннан, тағы басқа металдан соғылатын бұйым.

Танакөз – шар тәрізді күміске тастан көз орнатылғын түйме тәрізді сәндік бұйым.

Өңіржиек – салпыншақтар тағып, үзбелеп жалғаған, омырауға сән беретін, түрлі түсті тастардан, көз орнатылған әсемдік алқалар тізбесі.

Үкіаяқ – үкі тұяғына ұқсатып күмістен соғатын, төменгі жағына бірнеше салпыншақ тағылған бұйым.

Көз ортаға – күміске орнатылған бармақтай асыл тас. Бас киімге, батырлар дулығасына қадалған.

Кемер белбеу – негізі былғарыдан тігіліп, алтын, күміс әшекейлермен шетеуленген аса қымбат белбеу.

Қын – кемер белбеумен бірге тұратын, пышақ салынатын, әшекейлі былғары бұйым.

Оқшантай – ішіне шағын зат салынатын, кемер белбеуге өткізілген әшекейлі былғары қалта.

Қапсырма – әйел камзолына тағылатын, түйме қызметін атқаратын жалпақ күміс бұйым.

Шекелік – сәукеле, тақия, тағы басқа бас киімге тағылатын бұйым.

Шаштеңге – қыздардың өрілген шаш ұшына тағылатын, жібек бау өткізілген күміс бұйым.

Шолпы – шашқа тағатын, қымбат бағалы, сылдырмақты, бұрым сәнін келтіретін алтыннан, күмістен жасалатын бұйым.

Шашбау – шашты күннен, шаң-тозаңнан қорғайтын, қымбат матадан жасалып, сырты түрлі моншақ жапсырмалармен безендірілген бұйым.

Сырға – құлаққа тағатын, сәнді асыл бұйым. Оның сапасына сай көптеген түрлері болады

Атгарақ – жылқының жіліншегін жарып, жұқалап, оны егеп, тіс салып жасаған ағаш сабы бар тарақ.

Білезік – сиыр мүйізінен жасалатын, сырты жылтыр, түрлі ою-өрнекетер салынған бұйым.

Колты – самайлық әшекей салпыншақ-«құлақшалар». Полихром стилі. Алтын, анар тас, альмандин. Бүршіктеу, бедерлеу, инкрустация. Актасты моласы. Шығыс Жетісу өңірі. А.Ақышевтың қазба жұмыстары. Б.д.д. V-IIIғғ.

Полихром стилі орталықтарының бірі Орта-лық Қазақстан болып табылған. Бұл жөніндегі деректерге Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданындағы Қарағаш ауылының маңынан, Сарысу өзенінің жағасындағы



қорғаннан табылған ескерткіш те негіз болып отыр.

Ертедегі көшпенділер өнерінің

ескерткіш-үлгілері сол кезде полихром стилінің жақсы дамығандығын көрсетеді. Тарихи деректер бойынша, мал шаруашылығы мен суармалы егін егуден тыс, осыкезде экономиканың маңызды бөлігін алтын мен күміс өндіру және оларды өңдеу жұмыстары құраған. Темір өндіру жөніндегі алғашқы ақпараттар V ғасырға жатады. Қытай дереккөздерінде Алтай тауларының етегіне қоныстанған түрік-тердің жужандар үшін темір өндіргендігі туралы жазылған

Қазіргі кезде негізгі алтын мен темір өндіретін кеніш орындарының Орталық, Солтүстік Шығыс Қазақстанда және Жетісуда орналасқандығы белгілі болып отыр. Көптеген кеніш орындарының жұрты әлі күнге дейін сақталып келген.

Зерттеу нәтижелері. Аксессуарларды таңдау ережесі айта қоярлықтай көп те емес және олар барынша қарапайым. Негізгілері мыналар:

Барлық аксессуарлар киім үлгісімен үйлесімді болуы тиіс. Яғни, блузканың, кофтаның немесе көйлектің жырықтарына назар аудару қажет. Қайықша түріндегі жырыққа төртбұрышты немесе асимметриялы жырыққа келе беретін аксессуарлар жараса бермейді.

Өзіңнің түріңді (тері түсі, шаш), мүсін пішініңді, бойыңды, бет-әлпетіңді ескерген жөн. Егер қыз кіп-кішкентай эльфке ұқсайтын болса және «тауықтың жұмыртқасындай» әшекей тағып алатын болса, онда ол үйлесімсіз гоблин сияқты көрінеді. Керісінше, денелі әрі бойшаң қыздарға ұсақ әшекей жараспайды, оны тақса алып адам болып көрінеді. Қандай жағдайда болмасын бұл әр уақытта да күлкілі көрінеді.

Аксессуарлар таңдап алынған киімнің стиліне сай болуы тиіс. Сонымен қатар матаның құрамын да ескерген жөн. Кешкі көйлекке сайтта көрсетілгендей ашық түсті пластмасса браслеттен гөрі нәзік алтын сырға мен оған сай келетін алқа үйлесімді.

Барлық аксессуарлар бір-біріне сипаты бойынша сай келуі тиіс. Бижутерия мен зергерлік заттарды бірдей образда алмастырған жөн. Алтын мен күміс те бір-бірімен үйлесе бермейді.

Жаңбырлы күні қалпақ кию қисынсыз – аксессуарлар ауа райы жағдайына және маусымға үйлесімді болуы қажет.

Аксессуарларды таңдау барысында бір кейіпте үштен артық түстің болмағаны жөн екендігін қаперде ұстаңыз. Классикалық нұсқада бірінші түс негізгі, ал екіншісі біріншісін күшейте түседі, үшіншісі ашық түсті акцент саналады. Әшекей де үштен артық болмағаны жөн. Екі қолға да екіден сақина, алқа, сырға, браслет және шашқа түйреуіш киіп алу да жақсы көруге талпыныстың барлығын әп-сәтте құрдымға жібере алады.

Аксессуарлардың үйлесімділігі маңызды рөл ойнайды. Еш уақытта да қайда және не үшін олардың таңдап алынатындығын және соңғы нәтижесін кімдердің көретіндігін қаперден шығармау керек. Жұмыстағы бастығыңыз іскерлік костюм киіп рубині бар сақина тағып алсаңыз, түсінбеуі мүмкін. Жалт-жұлт еткен көйлекке жалт-жұлт еткен аксессуарлар да үйлеспейді – кейіпіңіз ауыр әрі өрескел көрінеді.

Барлық ақшаны аксессуарға жұмсау да міндетті емес, бірақ олар киімнен қарағанда арзанқол көрінбеуі де өте маңызды. Табиғи теріден тігілген әдемі тонға дермантин сөмке сатып алу жақсы идея емес.

Талқылау. Бұның барлығы да қолайсыздау көрінгенімен, іс жүзінде жүзеге асыру тез әрі жеңіл. Олар тамаша әсер сыйлайды, кейіпіңіз қызықты, жеңіл бола түсіп, көңіл-күйді көтереді, стиль береді. Өйткені, сән әлемнің барлық трендтері қалтаңызға, талғамыңызға немесе табиғи келбетіңізге сай келе бермейді. Бірақ, стиль оның иеленушіні есте қалуға және барлық уақытта да өзекті болуға көмектеседі.

Қорытынды. Жағдаятты түсінуге көмектесетін бірыңғай ақпарат комплексі түрінде болуы. Ұсынылған мәселені шешуге түрткі болатын сұрақтар жиынтығының болуы. Жақсы құрастырылған кейс белгілі бір іскерліктер комплексінің қалыптасуына немесе олардың одан ары қарай дамуына негіз болуы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Тохтабаева Ш.Ж.* Қазақтың зергерлік өнері / Алматы: Алматыкітап, 2011 - 384 бет, суретті.
2. *Усманова Э.Р., Логвин В.Н.* Женские наконные украшения Казахстана: (эпоха бронзы). Караганд. гос.ун-т им.Е.А.Букетова, Кустан. гос. ун-т им.А.Байтурсынова, Лисаков.музей исто-рии и культуры народов Верх. Притоболья. - Лисаковск.1998. - 64 с.
3. *Шаханова Н.* Мир традиционной культуры казахов (этнографические очерки). - Алматы: Казакстан, 1998.- 184 с.
4. *Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д.* / Қазақтың қолданбалы өнері / Көпшілік-танымдық / Алматы: Алматыкітап, 2007

IV БӨЛІМ. ӨНЕРТАНУ

РАЗДЕЛ IV. ИСКУССТВОВЕДЕНИЕ

УДК 347.787
МРНТИ 18.18.01

¹Д.Т.Тебеген, ²Е.Дәрменшеев

¹«6М041600 – Өнертану» мамандығының 1курс магистранты
Абай атындағы ҚазҰПУ, Өнер,мәдениет және спорт институты
Алматы қ., Қазақстан

²«6М041600 – Өнертану» мамандығының 1курс магистранты
Абай атындағы ҚазҰПУ, Өнер,мәдениет және спорт институты
Алматы қ., Қазақстан

КӨРКЕМӨНЕРДІҢ ДАМУ ЖОЛЫ – ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ГРАФИКАЛЫҚ ТАРИХИ- КӨРКЕМДІК НЕГІЗІ

Аңдатпа

Мақалада әлем өркениеті тарихындағы көркемөнер салаларының сабақтастығы (сәулет өнері, мүсін өнері, живопись, музыка, әдебиет) тарихи-танымдық тұрғыда бағаланған. Бейнелеу өнеріндегі қондырмалық шығармалардың және монументальды кескіндеменің эстетикалық қызметі, көркемөнер дамуының тарихындағы ежелгі дәуірдегі және кейінгі ғасырлардағы мәдени мектептердің (Вавилон, Ассирия, Египет, Эгей, Крит-Миккен, Грекия, Рим, Қытай, Корея, Жапония, Италия, т.б.) классикалық бейнелеу өнері бағыттарын дамытудағы ықпалы жүйеленген. Классикалық көркемөнер тарихының бастауындағы графикалық тәсілмен салынған өнер туындыларының қазіргі заманғы ғылыми-техникалық, инновациялық технологиялары бағыттарына да бағалаулар жасалған.

Түйін сөздер: бейнелеу өнері, көркемөнер, графика, ежелгі дәуір.

¹Тебеген Д.Т., ²Дарменшеев Е.

¹Магистрант 1 курса по специальности «6М041600 – Искусствоведение»
КазНПУ им. Абая, Института искусств, культуры и спорта
Республика Казахстан, г.Алматы

²Магистрант 1 курса по специальности «6М041600 – Искусствоведение»
КазНПУ им. Абая, Института искусств, культуры и спорта
Республика Казахстан, г.Алматы,

ПУТЬ РАЗВИТИЯ ИСКУССТВА – СОВРЕМЕННАЯ ГРАФИЧЕСКАЯ ИСТОРИКО- ХУДОЖЕСТВЕННАЯ ОСНОВА

Аннотация

В статье представлен историко-познавательный подход к преемственности художественных сфер в истории мировой цивилизации (архитектура, скульптура, живопись, музыка, литература). Эстетическая деятельность надстройных произведений в изобразительном искусстве и монументальной живописи, в истории развития искусства культурных школ древнего и позднего веков (Вавилон, Ассирия, Египет, Эгей, Крит-Миккен, Греция, Рим, Китай, Корея, Япония, Италия, др.)б.) систематизировано влияние на развитие направлений классического изобразительного искусства. Разработаны оценки и направлений современных научно-технических, инновационных технологий произведений искусства, построенных графическим способом в начале классической художественной истории.

Ключевые слова: изобразительное искусство, искусство, графика, древняя эпоха.

¹Tebegen D.T., ²Darmensheyev E.

*¹Student of master's course in the specialty «6M041600 – Art History»,
Kazakh National Pedagogical University named after Abay,
Institute of Arts, culture and sport, Kazakhstan, Almaty.*

*²Student of master's course in the specialty «6M041600 – Art History»,
Kazakh National Pedagogical University named after Abay,
Institute of Arts, culture and sport, Kazakhstan, Almaty.*

THE PATH OF ART DEVELOPMENT – MODERN GRAPHIC ART-HISTORICAL BASIS

Abstract

The article presents a historical and cognitive approach to the continuity of artistic spheres in the history of world civilization (architecture, sculpture, painting, music, literature). Aesthetic activity of superstructure works in fine arts and monumental painting, in the history of art of cultural schools of ancient and late centuries (Babylon, Assyria, Egypt, Aegean, Crete-Mikken, Greece, Rome, China, Korea, Japan, Italy, etc.) the influence of classical fine arts on the development is systematized. Estimates and directions of modern scientific and technical, innovative technologies of the works of art constructed in the graphic way at the beginning of classical art history are developed.

Keywords: fine arts, art, graphics, ancient era.

Адамзат тарихының ежелгі дәуірлерінен бастап қазіргі біздің заманымызға ұласқан көпғасырлық даму жолы көркемөнердің де қалыптасу кезеңдерінің сипатын танытады. Адамзат ұрпақтарының алғашқы қауымдық құрылыс кезеңінен бастап өздері қоршаған табиғат құбылыстарын зерттеуі зерделеуі нәтижесінде көркемөнердің алғашқы үлгілерінің пайда болғаны байқалады. Яғни, көркемөнердің алғашқы қарапайым үлгілерінен бастап кейінгі кемелденген көрсеткіштерінің бәрі де адамдардың қоршаған ортаның барлық құбылыстарын, қасиеттерін тануға арналған көңіл құштарлығының тағылымын, ұлағатын көрсетеді.

Көркемөнер үлгілерінің қалыптасу даму жолындағы алғашқы кезеңі қауымдық өнер немесе тас дәуірі өнері екендігі аңғарылады. Ол кезеңдегі Неандертальді адамдар жасаған алғашқы еңбек құралдары әуелде тас пен ағаштан жасалып, кейіннен неше түрлі сүйектерді, аңдардың мүйіздерін пайдаланып, құрал-саймандарды, әшекей заттарды жасау жүзеге асырылған. Одан кейінгі палеолит дәуірінің соңғы кезеңімен неолит дәуірінде жартастағы суреттер кеңінен өрістей бастаған. Бұрын жабайы хайуанаттардың бейнеленілуі ғана болса, енді біртіндеп нақты тақырыптарға құрылған адамдар мен аңдардың қарым қатынастарын бейнелейтін суреттер пайда бола бастаған. Бұлайша бейнелеу арқылы пиктограммалық жазу үлгісіне көшу де жүзеге асырылған. Осылайша бейнелеу өнерінің жаңа кезеңдеріндегі жартастарға таңбаланған суреттерден тайпалар арасындағы қарым-қатынастардың реалистік сипаты да бейнеленген. Осы тәсімдік әдіс үлгісі аясында стилизациялы бейнелеу өнерінің де қалыптасуы жүзеге аса бастаған. Түрлі тәсімді суреттер нақты белгілерге, одан пиктограммалық әріптерге машықтануға жол ашты. Ал стилизациялы бейнелеу өнері негізінде адам қолдарының ырғақты иірім-сызықтарынан бейнелі ой туындатуға деген икемділігін қалыптастырды. Осы арада бейнелеу өнерінің осы алғашқы үлгілері аясында саз балшықтан жасалған қыш көзелердің жиектерін, қабырғаларын түрлі белгілермен (нүкте, сызық, т.б.), өрнектермен көркемдейтін графикалық бейнелеудің алғашқы негіздері жасалғанын байқаймыз.

Әлем өркениетінің тарихындағы ежелгі мәдени ошақтар өркендеген мемлекеттердің (Шумер, Вавилон, Ассирия, Мысыр, Этрис, Қытай, Үндістан, Грекия, Рим, Ғұн, Сақ (массагет), т.б.) мәдениеті дамуының аясында көркемөнер салаларының да қалыптасу, даму жолдарынан өткендігін танимыз. Алаштың ғалым-ағартушысы Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиеттантқыш» атты еңбегіндегі «Көрнек өнерінің тараулары» атты бөліміндегі ғылыми жүйеленген көркемөнер салалары – қазіргі заманғы өркениет кеңістігіндегі ғылыми тұжырымдармен үндестігімен маңызды. Ғалым-ағартушының осы жүйелеу арқылы сөз арқауындағы көркемөнер даму жолының классикалық қалыптасқан үлгілерін назарға аламыз:

«Көрнек өнері бес тарау болады:

Бірінші – тастан, кірпіштен, ағаштан, яки басқа заттан сәнін келтіріп, сәулетті сарайлар, мешіт, медресе, үй, там сияқты нәрселер салу өнері. Бұл **сәулет өнері** болады (Еуропаша - **архитектура**).

Екінші – балшықтан я металдан құйып, тастан, ағаштан жонып, нәрсенің тұлғасын, тұрпатын, сын-сымбатын келтіріп сүгірет жасау өнері. Бұл **сымбат өнері** болады (Еуропаша - **скульптура**).

Үшінші – түрлі бояумен нәрсенің ісін, түрін, кескін-келбетін келтіріп, сүгіреттеп көрсету өнері **кескін өнері** болады (Орысша - **живопись**).

Төртінші – әуездің түрлі орайын, шырайын, сазын, сайрамын келтіріп, құлаққа жағып, көңілді әсерлейтін ән салу, күй тарту өнері. Бұл **әуез өнері** болады (Еуропаша - **музыка**).

Бесінші – нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері. Бұл **сөз өнері** болады (Қазақша – **асыл сөз**, арабша – **әдебиет**, еуропаша - **литература**)» [1, 6-7-бб.].

Қазіргі заманғы энциклопедиялық анықтамалар бойынша бейнелеу өнеріне берілген классикалық анықтаманы негізге аламыз:

«Бейнелеу өнері (ағылш. figurative art, франц. art figuratif, нем. bildendr Kunst) – дүниені көзбен көріп, түйсіну негізінде бейнелейтін пластикалық өнердің бір саласы. Бейнелеу өнеріне негізінен кескіндеме, мүсін, графика жатады. Бейнелеу өнерінің белгілері *архитектура, безендіру және қолданбалы өнерде көрініс табуы мүмкін*. Сондықтан шартты түрде оларды да бейнелеу өнері қатарына жатқызады» [2, 239-б.]. Бейнелеу өнерінің жалпы ерекшеліктерін қамтитын театр, кино, теледидардағы безендірулерді, көркем дизайндық өрнектеулерді де бейнелеу өнері қатарында бағалау қалыптасқан.

Бейнелеу өнерінің негізі – адам табиғат және заттық әлемді тұтастықта бірлікте қарастыру ұстанымы. Бейнелеу өнерінің туындыларында тіршілік дүниесіндегі құбылыстарды, қасиеттерді байқау, бақылау, көру нәтижелерінің көркем бейнесін жасау негізгі орын алады. Адамзат тарихының көпғасырлық қалыптасу даму жолында бейнелеу өнерінің туындылары өзіндік көркемдік жинақтаудың, көркемдік үндесудің сан алуан типтерін құраумен ерекшеленеді. Өмір құбылыстарын көркемдік жинақтауына қарай адам мен оны қоршаған ортаның әлеуметтік-қоғамдық қарым-қатынас қызметі айқындалады.

Көркемөнердің салаларының өзара сабақтастығы жүйесі (әдебиет, музыка, театр, кино, т.б.) аясында бейнелеу өнері туындыларында уақыт пен кеңістік ауқымының орасан көлеммен жинақтаушылық сипаты айқын байқалады. Суретшінің өзіндік дүниетанымымен сезінген, түйсінген шындығы реалистік сипатымен бейнеленеді. Өмірдің сан алуан құбылыстары типтендіріле жинақталып, тақырып арқауына арналған, заманның, дәуірдің болмысы көркемдік жинақтаумен өрнектеледі.

Бейнелеу өнерінің көркемдеу құралдарының қатарында суреттердің алуандығы түрлі түстердің тоғысуы пластикалық өрнектер, жарық пен көлеңке, ырғақ, композициялық құрылым, т.б. мәселелер пайдаланылады. Философиялық тұрғыдан қарағанда бейнелеу өнерінің туындылары заттық материалдан дайындалатындықтан оның сипатынан пәндік

заттық болмыс ерекшелігі даралана айқындалады. Бейнелеу өнерінің жанрлары адамдарды қоршаған тіршілік әлемінің бейнеленуін әр түрлік әдіс-тәсілдермен суреттейді:

- кескіндеме түрлі түсті бояуды қолданады;
- графика түрлі сызықтардың қиылысуын, көлеңке мен жарықтың астасуын жүзеге асырады;
- мүсін пластикалық үш өлшемді (биіктік, ендік және аумақтық) пайдаланады.

Бейнелеу өнері туындыларының барлық жанрлық үлгілерінің шығармалары мазмұнына қарай екіге бөлінеді:

1. *Қоныдырмалық шығармалар* музейлерді, галереяларды немесе үй интерьерлерін безендіреді, сол орналасулары арқылы көрермендерінің эстетикалық-көркемдік қабылдауына ықпал етеді.
2. *Монументальды кескіндеме* үлкенді-кішілі ғимараттардың ішкі қабырғаларында, жалпы интерьерлік ауқымда және экстерьерде бейнеленіп орналасады. Монументальды мүсін архитектуралық кешендерде, қала көшелері мен алаңдарда, мекеме ғимараттарының қасбеті мен интерьерлерінде орналасуымен халықтың көз алдында көбірек көрінуімен байқалады.

Бейнелеу өнерінің дамуы барысындағы қалыптасқан, шығыс және батыс мәнеріндегі портрет, пейзаж, натюрморт сынды жанрлары да адамзатқа ортақ көркемдік таным аясында суреттелген.


Бейнелеу өнерінің тарихы бүкіл адамзат тарихымен қатар басталғандығы – дамудың шындығы. Себебі, көне дәуірлерден бастап б.з.д. жер бетінде болған талай өркениеттер мен мәдениеттердің сипаты бейнелеу өнері туындыларында таңбаланған, біздің дәуірімізге жеткен. Сөз арқауындағы жалпы көркемөнер дамуының аясында бейнелеу өнері дәстүрінің де даму жолын шартты түрде бірнеше кезендерге бөлім қарастырамыз:

- алғашқы қауымдық өнер;
- ежелгі дәуір өнері;
- орта ғасыр өнері;
- қайта өркендеу дәуірі өнері;
- жаңа дәуір өнері;
- қазіргі заманғы өнер.


Осы жүйелеу бойынша Жер планетасының әр түрлі аймақтарындағы ежелгі адамдар мекендеген өңірлерден бейнелеу өнерінің алғашқы үлгілері табылғандығы мәлім. Атап айтқанда, Альтамир (Испания), Ляско (Франция), Кимберли (Австралия) үңгірлері; Қазақстан өңірлеріндегі алғашқы қауымдық құрылыс өнерінің көрнекті кешенді үлгілері Тамғалы (Таңбалы), Ертіс аңғарында, Орталық Қазақстанда сақталғандығы табылды.



Альтамир (Испания) үңгіріндегі петроглифтер



Ляско үңгірі



Тамгалы (Таңбалы) шатқалындағы петроглифтер

Ежелгі дәуірдегі бейнелеу өнерінің ірі орталығы – Алдыңғы Азиядағы Тигр мен Ефрат өзендерінің аралығындағы екендігі мәлім. Б.з.б. 3-1 мыңжылдықтарда бұл өңірде шумерліктер мен аккадтықтардың және одан кейін бабыл, мидтани және ассирия мемлекеттерінің мәдениеттері дамығандығы белгілі. Көбінесе бұл өңірлерде мүсін және кескіндеме туындыларымен көркемделген сарайлардың және ғибадатханардың ғимараттары халықтық тәлім-тәрбие қызметі үшін елеулі ықпалды орын алған. Әсіресе, шумерліктер биік сатылы мұнара-зигурат (Құдай үйі), т.б. көптеген ескерткіштерді көркемдеп безендіріп соларға табынатын болған. Ал Аккад патшалығы уақытындағы бейнелеу өнерінің үздік үлгісі қатарында 2 метрлік қызыл қыштан жасалған Нарамсин патшаның жеңіс тұғырындағы

әскерімен тауға көтеріліп бара жатқан сәті қозғалыс пен кеңістік тұтастығы тұрғысындағы философиялық ой мен суреттелген. Сонымен бірге, шумерлер мен аккадтықтар мәдениеті дәстүрлерін тұтастырған *Бабыл* мәдениеті де көрнекті жетістіктерімен адамзат тарихында сақталды. Онда патша Хаммурапидің (б.з.б. 1792-1750 жж.) заңдар жинағын оқып тұрған сәті романтикалық-мифологиялық тұтастықпен қамтылған. Онда патшаның Жаратушымен байланысы, патшалық биліктің Жаратушының тікелей қолдауымен жүзеге асып отырғанын символдық мағыналы мегзеулерімен бейнелеуі өнердің осы саласына көркемдік негіз болды. Осы мәдениеттер дамуының жүйесінде Ассирия өнерінің де байырғы шығыстық мәдениеттер секілді діни дүниетаныммен тығыз байланыстылық тұрғысында байқалады. Сонымен бірге, көркемөнердің мағыналық астарлары арқылы тіршілік философиясын жан-жақты ұғындырумен маңызды. Мысалы, Ашшурбанипал патшаның (б.з.б. 668-26 жж.) кезеңінде кемелдену сатысына көтерілген рельефтер билеушінің ерлік-қаһармандық істерін, аңшылық-саятшылық салтанатының әсерлі көріністерін бейнелеген суреттерімен осы дәстүрдің реалистік негізін қалыптастырды. Осы патша Ашшурбанипалдың Ниневиядағы сарайын безендірген рельефтер көркемдік әсерлі сипатымен, мейілінше ықшамдылығымен, шынайы қозғалыстағы динамикалық ырғақтағы танытуымен, шиеленіскен драмалық мазмұнды болмысымен әлемдік бейнелеу өнерінің тарихындағы үздік туындылар қатарында бағаланады.




Ашшурбанипал патшаның аңшылықта жүрген көріністері

Бабыл патшалығында қанат жай бейнелеу өнері Вавилондағы Навуходоносор II патша сарайларының орасан зәулімдігі және сән-салтанаты арқылы дүниежүзілік көркемөнер тарихында әйгілі болған. Атап айтқанда, оның құрамында Ассирия патшайымы Семирамида салдыртқан атақты «аспалы бақтар», қабырғаларында арыстандар, жабайы бұқалар, фантастикалық жануарлар, қаракөк фонға ашық ақ, сары түспен қашалған ғажайып суреттері салынған атақты «Иштар қақпасы» бейнеленген.




Иштар қақпасы

Ежелгі заманғы Мысырда да (б.з.б. 4-мыңжылдықтың соңы, б.з.б. 341) серпінді дамуымен адамзат тарихында ерекше орын алады. Мысырдағы бейнелеу өнерінің сипатында Құдай дәрежесінде дәріптелген перғауындарға (фараондарға) табыну ғұрпы діни наным-сенімдер тұрғысында дәріптеле бейнеленген. Осы ежелгі Мысыр мәдениетінің классикалық, канондық үлгілерінің қатарында адам тұлғасының тегістік кеңістігіндегі мүсінделуі, олардың монументальділігі, сымбаттылығы, зәулімділігі айрықша дара көрінеді. Гизадағы пирамидалар, Карнак Луксордағы кешені, т.б. – бәрі де ежелгі заманғы көркемөнер туындылары салаларының өзара тұтастықпен бейнелену дәстүрін толық таныта алады.



Луксор кешені

Эгей мәдениеті (б.з.б. 3000-1200 жж.) Жерорта теңізінің шығыс бөлігінде Эгей теңізінің жағалаулары мен аралдарында өркендеп дамыған. Бұл мәдениеттің негізгі орталықтары: Крит, Киклада аралдары, Микен, Пилос, Тиринф қалалары.




«Бұқамен ойын» атты фрескасы.

Крит-Микен мәдениетінің маңызды сәулет ескерткіші болып саналатын әйгілі Кнос сарайы бейнелеу өнерінің сан алуан жанрлық ерекшеліктерін жинақтап тоғыстырған туынды ретінде бағаланады. Онда бояулары өте мол, түрлі-түсті суреттер фрескалары көп үлгілері көрнекті сарайлардың, қоғамдық ғимараттардың, үйлердің қабырғаларын безендірумен халыққа кең танылған. Бұл арада Кнос сарайының фрескалардың мазмұнынан Криттіктердің тұрмыстық-шаруашылық өмірі діни, мифологиялық дүниетанымы бейнеленуі жеке фрескалармен («Акробаттар мен бұқа») көрсетілген. Осы тектес фрескалар қатарында «Көгілдір киім киген әйелдер», «Көк түсті дельфиндер мен түрлі-түсті балықтар», «Абыз балық», т.б. ерекшелене көрінеді.

Ежелгі дәуірдегі Грекияның бейнелеу өнері мынандай кезеңдерге бөлініп бағаланады:

- гомерлік кезең;
- ежелгі өнер кезеңі;
- классика және эллинизм кезеңдері.

Грекия бейнелеу өнеріндегі шығармалардан мифологиялық түсініктер басым байқалады. Грек туындыгерлерінің шығармаларында болмыс шындығы, фәни мен бақи дүние үйлесімділігі, адамдардың рухани кемелденуі мәселелері тұтастықпен қамтылған. Ежелгі Грекияның бейнелеу өнеріндегі көркемөнер салаларын тұтастыра қолдануды айқын аңғарамыз. Әсіресе, мүсін өнері бойынша қола статуэткалардың, жалаңаш бозбалалардың (куростардың), ұзын киім киген қыздардың (кор) мүсіндері көп таралған. Сонымен бірге, қыш құмыраларды безендіру өнері дәстүрі де айрықша өркендеген. Нақтылап айтқанда, Грекия көркемөнерінде адамның мүсіні мен сымбатын сомдау айрықша орын алған.



Жалпыәлемдік бейнелеу өнерінің дамуы арнасында Ежелгі Римнің (б.з.б I ғасырдың соңы) бейнелеу өнері байырғы және кейінгі заман мәдениеттерін тоғыстырумен ерекшеленді. Рим көркемөнері байырғы этрусс мәдениетінің негізінде қалыптасқан болатын. Этрусс мәдениетіне тән шығармалар қатарында қайтыс болған адамның мүсіндері бейнеленген саркофаг-құлыптастарды, Римнің негізін қалаған Ромул мен Ремді асыраушы Капитолий қаншығының мүсіні бейнеленуін айрықша атаймыз. Сонымен бірге, Римдік бейнелеу өнеріндегі портрет жанрындағы шығармалар жетекші орын алды. Ол дәстүрдің пайда болуы жерлеу рәсіміне байланысты дамыды. Марқұмның бет-бейнесін балауызға түсіріп, оны құдайлар мүсіндерімен бірге үйде салты бойынша қайтыс болған адамның кескін-келбетін дәл көшірудің қатаң дәстүрі қалыптасты.

Әлем өркениетінің тарихында қабырғаларға салынған мозаикалар (Александр Македонскийдің Парсы патшасы Дариймен соғысы бейнеленген мозаика, т.б.) салу дәстүрі де көркемөнер тарихындағы осы үлгінің қанат жаюына негіз болды. Аталған мәдениеттер қатарында Солтүстік Қаратеңіз жаңалауындағы мәдениет, Урарту мелмекетінің, Қытайдың, Орталық Азия мемлекеттерінің, Соғда, Бактрия, Ахемендер патшалығының, т.б. дәстүрлерінің бейнелеу өнері тарихындағы ықпалды тағылымын атап айтамыз.



Александр Македонскийдің Парсы патшасы Дариймен соғысы бейнеленген мозаика

Қиыр Шығыстағы халықтар тарихындағы бейнелеу өнері жүйесінде тушыпен жібек және қағаз орамалдарына сурет салу өнері өркендеді. Қытайда, Кореяда, Жапонияда көркемөнердің жаңа дәстүрлі салалары дамыды. Қазіргі өнертану зерттеулері бойынша берілген бағалаулар (Р.Ерғалиева мақаласы) Жапония өнерінің жаңашылдығын атап көрсетеді:

«Жапон өнерінің кемелдікке жеткен саласының бірі ағашқа гравюра салу – ксилография болды. Классикалық жапон гравюра өнерінің майталман шеберлері – Китагава Утамаро, Кацусика Хокусай, Андо Хиросигэ, Сидзуки Харунобу және басқалар» [2, 242-б.]. Демек, тақырыбымыздың арқауындағы графикалық бейнелеу өнерінің қалыптасуы мен дамуы бастауларындағы осындай өнер ошақтарының дәстүрін тану, зерделеу жұмыстарының қазіргі заманғы маңыздылығын атап айтамыз.



Куниёси.

***Асахина Есихидэнің крокоильді аулауы
(1845—1846)***



Кунитика

***Обоси Юраносукэ «КанадэхонТюсингура»
XIX ғасырдың соңы***

Әлем өркениетінің тарихында бейнелеу өнерінің айрықша күрт қарқынмен, қуатты өрлеумен, жанр түрлерінің молаюымен, көрнекті бейнелеу өнері тұлғаларының молаюымен ерекшеленетін кезең – Қайта өркендеу-Ренессанс дәуірі. Бұл дәуірде Батыс, Орталық және Шығыс Еуропа елдері қамтылды. Бұл кезеңде ежелгі Грекияның байырғы мәдени мұраларына қайталап назар аудару, жаңғырту үрдісі етек алды. Қайта өркендеу-Ренессанс дәуірінде суретшілер, мүсіншілер, миниатюрашылар шығармашылығы ерекше қарқынмен дамыды. Шығармаларда өмір шындығының жасампаздығы сұлулық пен шынайы өмір

келбетінің үйлесімі, адамдардың биік тұлғасы табиғат құбылыстарының тіршіліктегі ұлағаты айрықша бейнеленді. Осы кезеңде Еуропалық бейнелеу өнерінің классикалық үлгісі Италияның суретшілері арқылы (XIII-XVI ғғ.) айрықша дамыды. Қайта өркендеу бейнелеу өнерінің көрнекті өкілдері (Мазаччо, Андреа дель Кастаньо, А.Мантенья, А.де Мессина, Фра Анжелико, Филиппо Липпи, Сандро Боттичелли және т.б.) туындылары классикалық туындыларымен әлемге әйгілі болды. Бұлардан басқа көрнекті суреткерлер Леонардо да Винчидің, Микеланджело Буонароттидің, Рафаэль де Сантидің туындылары драматизм мен қаһармандық рух сарындарын, лиризм мен психологизмнің тұтастығын бейнелеген туындыларымен өнер эстетикасының тағылымын танытты. Жинақтап айтқанда, Қайта өркендеу-Ренессанс дәуіріндегі басқа да елдердің (Нидерланд, Германия, Франция, т.б.) бейнелеу өнері салаларында адамдар мен олардың тұрмыстық әлеуеттік ортадағы шынайы іс-әрекеттері еңбек ету сипаты өнер жанрлары (миниатюралар, кескіндемелер, портреттер, т.б.) бойынша жаңашылдық жүйесін қалыптастырды. Жаңа туындылардың стильдік сипаттарына ортақ көркемдік тәсілдер қалыптасты.



Леонардо да Винчи

«Мона Лиза портреті», 1503—1519



Рафаэль

«Сикстиндік мадонна», 1513—1514

Көркемөнер тарихындағы жаңа кезеңде XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырда реалистік және модернистік ағымдар пайда болды. Бұл кезеңдердегі өнер туындыларында бейнеленген адамның ішкі жан дүние әлеміндегі күрделі өзгерістерді барлық құбылыстарымен қамтып көрсетуге бағыттаған жасампаздық дәстүр қалыптасты. Осылайша XX ғасырдың екінші жартысы мен соңғы кезеңдерінде бейнелеу өнері туындыларында концептуалдық, кинотекалық, перформанс өнері, трансавангард ағымы сипаттары байқалды. Осылайша әлем өркениетінің тарихындағы бейнелеу өнерінің классикалық дәстүрлері қазіргі заманғы графикалық тәсілмен бейнелеудің жаңа бағыттармен сабақтасып отыр.

Көркемөнер даму жолының тарихи-мәдени кезеңдерінде кескін-бейнелеу өнерінің көркемдік желісінде графикалық тәсілмен салынған өнер туындыларының ежелгі заманнан қазіргі заманға ұласқан көркемдік жалғастығын сезінеміз.

Қорыта айтқанда, қазіргі заманғы әлем өркениетінің ғылыми-техникалық жетістіктері қатарындағы көркемөнер туындыларын графикалық тәсілмен бейнелеудің кең қолданыста болып келе жатқаны – планетамыздағы барлық адамзат ұрпақтарының ортақ жетістіктерді

игеруінің дәнекер құралы. Материалдық және рухани мәдениет салаларының қазіргі және болашақтағы жаңа жетістіктерін жалпыадамзаттық ортақ мұраттар үшін игеру жолында компьютерлік құралдармен көркемөнер туындыларын жобалаудың, жасаудың жаңа бағыттарын игеру жұмыстары белсенді жүргізілуде. Бұл орайда, Тәуелсіз Қазақстан Республикасының жаңа тарихындағы көркемөнер мұраларын жасаушы суретшілер қатарының да уақыт талабына сәйкес инновациялық технологияларды игеру жұмыстары жалғаса беретіні ақиқат.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш: Зерттеу мен өлендер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.; 6-7-бб.
2. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Ә.Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1999. – 2-том: Ә-Г. – 720 б.; 239-242-бб.
3. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Б.Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2003. – 5-том: К-Қ. – 720 б.

УДК 347.787

МРНТИ 18.18.01

М.Жаксыгарина¹, А.Байганова², А.Мамбеталина³

*¹ мәдениеттану кандидаты, профессор, ^{2,3} дизайн мамандығының 5 курс студенттері
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Ақтөбе қ., Қазақстан*

МОДЕРН СТИЛІНДЕГІ ҚАЙТА ӨРКЕНДЕУ ДӘУІРІНІҢ КЕЗЕҢІ

Аңдатпа

Мақалада Қайта өркендеу кезінен-ақ қалыптасқан еуропа өнерінің дәстүрін күрт өзгертуді өз мақсаты ретінде қойған өнердің ерекше түрі болып табылатын модерн стилі қаралады. Модерн — өзін: сәулет өнерінде, өнерлер синтезінде, сәндік-қолданбалы қолөнерді жаңартуда белсенді көрсеткен стиль. Бүгінгі күнгі дамудағы адамның қол жеткен жетістіктері өндіріс күштері арқылы әлемдік мәдени құндылықтар жүйесін құруда, тұлғаның озық рухани келбетін қалыптастыруда көркем еңбек пен ізденіс арқылы адам қолынан шыққан шығармашылық өнім ең жоғары жетістіктерінің бірі саналады. Мәдениетті өнер мен ғылымды кезең-кезеңмен дамыту, тұлғаның көркем және эстетикалық тәрбиесі ретінде әлеуметтік өзара әрекеттесу саласы ретінде, сондай-ақ «мәдениет жүйесіндегі» басқа көптеген түсіндірулер ретінде түсіну бізге «көрнекі» мәдениетке қатысты көзқарасты нақтылауға мүмкіндік береді.

Негізгі сөздер: декадент, өнерлер синтезі, неоренессан, необарокко, оюлау.

Аннотация

М.Жаксыгарина¹, А.Байганова², А.Мамбеталина³

ПЕРИОД ЭПОХИ ВОЗРОЖДЕНИЯ СТИЛЯ МОДЕРН

¹ кандидат культурологии, профессор кафедры дизайна, ^{2,3} студенты 5 курса

В статье рассматривается стиль модерн, который является особым типом искусства, поставивший своей целью перевернуть сложившуюся еще со времен Возрождения традицию европейского искусства. Модерн — стиль, который активно проявил себя: в архитектуре, в синтезе искусств, в обновлении декоративно-прикладных ремесел. Все достигнутое на сегодняшний день человечеством в развитии производственных сил, в создании мировой системы культурных ценностей, в формировании духовного облика лучших своих представителей является продуктом человеческого творчества, воплощения живой творческой мысли людей в огромной совокупности направлений художественного труда и самодетельности. Понимание культуры как поэтапного развития искусств и наук, как художественно-эстетической образованности личности, как области социальных взаимодействий, а также другие многочисленные осмысления «культуры как системы» дают нам право уточнить угол зрения на культуру «визуальную».

Ключевые слова: декадент, синтез искусств, неоренессанс, необарокко, орнаментация.

Abstract

M.Zhaksygarina¹, A.Baiganova², A.Mambetalina³

PERIOD OF THE EPOCH OF REVIVAL STYLE MODERN

¹ PhD of Cultural Studies, professor, ^{2,3} 5th year Design students of the Aktobe Regional State University after K.Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan

The article discusses the modern style which is a special type of art, which has set itself the goal of turning over the tradition of European art since the Renaissance. Modernity is a style that has actively manifested itself: in architecture, in the synthesis of arts, in the renewal of decorative and applied crafts. All the current achievements in the development of mankind production forces in the creation of the world system of cultural values, in shaping the spiritual aspect of its best representatives is the product of human creativity, the living incarnation of the creative thoughts of the people in the vast set of areas of artistic work and initiative. The understanding of culture as a step-by-step development of the arts and sciences, as an artistic and aesthetic education of the individual as a field of social interactions, as well as other numerous comprehensions of "culture as a system" give us the right to clarify the angle of view on culture "visual".

Keywords: decadent, art synthesis, neo-renaissance, neo-baroque, ornamentation.

XIX ғ. 90-шы жылдары Еуропада жаңа стиль – модерн қалыптаса бастады. Жаңа өнер бағдарламасы анықталды. Оның идеологі А.Ван де Вельде 1894 ж.: «...осы күнге дейін «декаденттер» болып белгілі болған суретшілер, жаңа, көп үміт күтерлік дінге ұмтылған балуандарға айналды» деп жазды [1].

Модерн стилі қолданыстағы өнерге терең қанғаттанарлықсыз атмосферада туды. Бір кездері өте көп үміт берген романтизм керемет эстетикалық құрғақ қиял болып қалды: шын мәнінде теорияшылдар ынтамен айтқан болашақтағы өнерді тудырудың орасан зор жобаларының өмірге нақты іске асырылғаны шамалы. Осы жәйтті бірте-бірте ұғыну әсіресе ғасырдың ортасында байқаларлықтай болған романтикалық идеялардың дағдарысына апарды. Суретшілерге басқа мүмкіншіліктер ашылды: бейнелеу өнері мен әдебиетте дәуірлей бастаған шынайылық та, натурализм де, импрессионизм де өте дарынды шеберлердің назарын аудартты. Алайда бұрынғыдай хаос сәулет өнерінде үстем болды, терең құлдырау

қолданбалы өнер облысында байқалды және өнерлер синтезі де толық шешімін таппаған күйде қалды. Сәтсіздік сезімі көпшіліктен жырақ кетпеді, және «Ревю женераль де л'Аршифектор» 1868 жылы: «Өнерімізді, олар терең одан сайын терең батып бара жатқан ұйықтан қалай шығаруға болады?» деген сұрақтың соңына бекерден түскен жоқ.

Осындай «рухани» климатта романтизмнің уәде еткенін жүзеге асыруға шақырылғандай болған модерн – стилі туды; және ол өзін романтизмге қол жетімсіз болған облыстарда: сәулет өнерінде, өнерлер синтезінде, сәндік-қолданбалы қолөнерді жаңартуда белсенді көрсетті. Болашақ өнер міндеті қарапайым көрінді: эстетикалық бағдарламаларды өнеркәсіптік жүз жылдықтың тәжірибелі жаулап алулармен байланыстыру. Дегенмен осындай міндетті іске асыру таңқаларлықтай қиын бола бастады, және оны шешу мүмкіндіктері де көбінесе күдік келтірді [2].

Модерн — Қайта өркендеу кезінен-ақ қалыптасқан еуропа өнерінің дәстүрін күрт өзгертуді өз мақсаты ретінде қойған өнердің ерекше түрі. Модерн стилінің көптеген жетекші теоретиктерінің ойы бойынша Ренессанс және өнердің одан кейінгі кезеңдері қате болды, одан кейін көркемөнер мәдениеті «жалған» жолмен кетті. Олар осындай өнер мен мәдениеттің «өлімін» ресми түрде жариялады, ескі «жалған» Ренессанстың орнын басуы тиіс меншікті «Ренессанс» туралы айтып, барлығын басынан бастауға шақырды. Кей уақытта тек кекесін күлкіні келтіретін олардың позициясы егер олардың неоренессанстың да, необарокко және неоклассицизмнің де және «екінші» рококо куәгерлері болғанын еске түсірсек, түсінікті бола бастайды. Қайта өркендеу дәуірі стиль қалыптастырушылыққа әуестенуді тудырғаны немесе өткен ғасырды құрта алғаны айтылды. Демек, шынайы тарихи процессті елемеген өнердің ең «органикалық» дамуын іздеу топшыланды. Осыны жүзеге асыру үшін идеялар мен шығрамашылық күш-жігердің зор шоғырлануы қажет болды.

Қалыптасқан модерн дәстүрі бойынша көбінесе оюлау жүйесі ретінде өте немқұрайлы, немесе А. Бергсон, З. Фрейд, Ф. Ницше, Т. Липпс, орыс «философиялық Ренессанс» идеяларына кескін ретінде өте «философиялық» қарастырады. Қай-қайсысы да дұрыс емес. Модерн декоративизмге немесе ойшылдардың біржақты таңдалған есімдерінің қатарына апарылмайды. Оның өзгешелігі өзінің символизмнің біршама шырмалған тілімен байқалатын «көркемөнер философиясы» болғанында немесе болғысы келгенінде. Модерннің қысқа дәуірі «өнерді жаппай жаңартуға» шақыратын теориялық үндеухаттарға бай болды. Модерн туындылары бай мағыналық фонға ие болды, бұл «семантикалық» түбі, мұнда нысан тек оны ғана көрсетті. Сондықтан модерн – «сөйлейтін» нысандар жүйесі; және әрбір арабеск, көмкерілген жазықтық, бояу таңбасы – алып сөздіктегі әріп қана. Модерн осындай жағдайда не айтқысы келді? – деген сұрақты еріксіз қойғың келеді. Алға көз жүгіртіп, модерннің сол күндердегі әлеуметтік табиғатта болмаған және қазір біз түсініп отырғандай болуы да мүмкін емес адамның ерекше түрін тәрбиелеуді жобалады. Осы жәйттен модерннің бағдарламалығымен және үйлесімсіздігімен, «оғаштығымен» және қиялдылығымен барлық мәні туады [3].



Сурет 1. Модерн стиліндегі интерьер

Модерн өнерді орасан зор «қайта құруды» ұсынды. Алайда көп нәрсе іске асырылмаған күйде қалды және ең маңыздысы осы стиль бар болғаны 10-15 жылға жуық аз уақыт қолданылды. Жаңа стиль жеңіп шығуды армандаған қоғам дамуының объективті себептерімен туындаған қарама-қайшылықтар оның жақын арадағы құлдырауына апарып соқтырды. Өздігінен шешілмеген осы қарама-қайшылықтар ғасырдың соңына қарай күшейді, ал эстетикаға күшейтілгендері оларды мәмілелестіруге барлық талпыныстардың жалған, нәтижесіз болып шығуына апарды.

Сондықтан модерн өнер тарихында, әдетте, қарама-қарсы сипатқа ие бірегей үлгілер сериясы болып қалды. «...Жаңа өнер әуелден бастап жасанды және өзімшіл болды. Ол дарашылдықтың жүгенсіздігі туралы, карнавал туралы ұғымды 30 жылдан астам уақыт өткеннен кейін тудыратын асыра көтеру, үйлеспеушілік пен оғаштықтың әр түріне апаруы сөзсіз», - деп жазды Х. К. ван де Велде [4].

Модерн стилі романтизм дәуірінен бастап жалпы ұлттық көркемөнер процесіне тартылған Еуропа елдерінде дамыды. Бұл елдердің экономикалық және әлеуметтік құрылымдары әртүрлі көрінді. Буржуазия қоғамының берік дәстүрі бар елдер болды (мысалы, Англия); кейбір мемлекеттер қайтадан даму жолына жуырда ғана тұра бастады (мысалы, Бельгия); ақырында, капиталистік қарым-қатынастардың толық дамымауынан «зардап шеккен» елдер болды (Ресей, Испания, Италия). Әлеуметтік құрылымдардың осындай алуан түрлілігі, сөзсіз, әрбір елдегі модернге өзгеше із салды, бірақ оның туындауын тікелей анықтаған жоқ.

Басым әңгіме болып отырған модерннің алғашқы және негізгі кезеңі, «коммерциялыққа дейінгі» кезең, ал одан кейінгісі – «коммерциялық» кезең деп аталуы мүмкін. Көркемөнер нарығы, заманауи индустриялық техника стильдің кең таралуына, оның оюларына кеңінен тұтынылатын заттарды ендіріп, мүмкіндік туғызды. Өзінің коммерциялық түрінде ол ұзақ уақыт қолданылды, тіпті 20-шы ғасырға дейін, бірақ бұл бірте-бірте азған кезең болған еді.

Модернде болғанның ең тірісі, 1890 жылы – 1900 ж. басында жасалды. Содан соң, тұрақты дағдарысты сезіне отырып, ол өз-өзінен айнып, іштей жаңартылғандай эволюция жолымен бірте-бірте дамыады. Ең белсенді бағыт ұстаушылар жаңа ізденістерді дамыта отырып, оны биіктетті... Заттардың осындай қалпы өткен ғасырдың аяғында қалыптасқан нысандар мен үлгілердің онсыз да өте шиеленіскен кешенін одан сайын қиындатты. Модерн тарихы – оның алғашқы қадамдарынан басталған дағдарыстардың қандай да бір дәрежесіндегі тарих. Ван де Велде сөздері бойынша «ол өзіне аяқталу ұрығын салатынына

сендіріп туған өнер». Модерн алғашқы туындылары стильдің өзіндік дағдарыстылығына әкеп соқтырады.

Модерннің қарама-қайшылықтарынан шығу жаңа өнердің бастамасы бола бастады. Дағдарысты ұғына және жеңе отырып, модерн құлдырады. Ол XIX ғ. Өнердің қарама-қайшылығын, XIX ғ. өзінің беталыстарына сүйеніп, шешуге талпынды. XX ғ. қарсаңындағы осы жанкешті талпыныста «құлдырап жатқан жүз жылдықтың дем алуы» бар. Алайда модерн «жаңғыртыла» алды [5].

Модерн мәдениет пен өнер облысындағы қоғамның жетістіктеріне сыни қарады. Өнердегі күні кешегі мысалдар ретінде эстетикадағы позитивизм мен өнердің түрі мен көркемөнер ойлау қағидасы ретіндегі эклектика болды. Осы мысалдарға бейнелеу өнерінде позитивизмге теңестірілген тәрізді шынайылықты да қосты. Шынайылықты бейнелеуде аңғал эмпиризм үшін сыналды. Сондықтан модерн позитивизмді, эклектиканы, шынайылық пен импрессионизмді «жеңіп шықты», және тіпті, шындығында, оның күресі неоакадемизм, стильді қалыптастырушылық, натурализмді мойындамауда ең нәтижелі бола отырып, кең болды.



Сурет 2. Модерн стиліндегі декор

Және модерн өкілдері, тіпті түгелдей болмаса да, өмірдің жаңа: әлеуметтік, ғылыми, техникалық, көркемөнер мүмкіндіктеріне толы екенін түсінді. Адам еркін ойлап шығара алатын жаңа әлемдер қиялданды. «Тарихи дамудың барлық процесі болашақ қоғамның біздің қоғамға қарағанда өте ерекше болатыны туралы айтты. Айтпақшы, бұған өзінің анықтығымен жетілген белгілер нұсқайды. Және осы қорытындыларды мен бәрінен бұрын жаңа қоғамға жатқызамын. Өнер осы жаңа қоғамға ауысудың нұсқаушысы бола бастады»; - деп XX ғ. басында сәулетші Х.П. Берлаге жазды. Және бұдан әрі: «Біздің уақытымызда қоғамның қоғамдық құрылуына, өмірдің заманауи салтына деген жаппай жақсартуға жету талпыныстары жасалатына осындай бір көңіл толмаушылық пайда болады», - деп жалғастырды. Алайда тек қазіргі күнге қарсы бағытталған кейбір модерн өкілдерінің анти әлеуметтілігіне әрине, келешек туралы арман болып қала бергені тән және мұнда мінеки олар өз уақытының, өз ортасының шынайы балалары. Модерн – рухани ауру, келешек үшін, келешектегі ерекше жүзеге аспайтын, келешектегі қоғам өзіне тән қарама-қайшылықтардан тазартылатын «өмір сүрудің ең жақсы тәсілі» үшін қажу [6].

Модерн, егер қазіргі қоғам әлеуметтік жетілдіру жолымен жүретін болса; бірақ өнер арқылы қоғамды қайта жасауға болмайтындықтан, ол модернді «келешек үлгісі» ретінде, тек ішінара қолданып, қабыл алмаса, өзекті болатындай көрсеткісі келді. Көркемдік білім беру саласындағы магистр Жанпейсова А.К. өркендеу кезінен-ақ қалыптасқан Еуропа өнерінің

дәстүрін күрт өзгертуді өз мақсаты ретінде қойған өнердің ерекше түрі болып табылатын стилін көрсетеді [7].

Модернде ерекше белсенді болып экспрессионистік беталыс қалыптасты, оның бастамасын символизммен байланысты, жеке жасалатын қиялды жасаған, экспрессионистік нысандарының мысалдарын өзінің ағашқа жасалған өрнегінде берген, шығармашылық бостандық пен «экзотизмге» үйреткен, пластика біріктірушілігі мен ырғақтықты ұйымдастыруды жаулаған Ван Гог. Гоген бастады. Гротескке талғам Тулуз-Лотректен келді. Э.Мунк пен Дж.Энсордың тылсым-философиялық өнері адамдардың ішкі қобалжуын тануға жаңа жолдарды ашты. Г.Климт стиль қалыптастыруынан Вена мектебінің дамуы Э.Шиле желісінің күйгелектігіне, ал содан соң - О.Кокошка экспрессионизміне органикалық бет алды. Протоэкспрессионистік белгілер «Ворсведе мектебінен» П.Модерзон-Беккер шығармашылығында байқалды, онымен ақын Рильке жолдастық қарым-қатынас ұстады. Модерзон-Беккер «өзінде нысанның тербелуін...» сезінгісі келді. Түс түрлеріндегі түстің жоғары эмоционалдық қызметін ашқан көркем суреттің түстілігіне қызығушылық символист Г.Морода және К.Моне «протофовистік көркем суретте» 1880-ші жылдары байқалды. Сюрреалисттер О.Редонның «Көркем суреттегі Малларме» жұмысын бағалады, ол жаңғырту сағымында фантастикалық бейнелерді көрсетті. «Табиғатты еркін түсіндіруші», өзін осылай атаған суретші, реңші және бейнелі метафоризмге үйретті. Сюрреалисттер, оның ішінде С.Дали, модерн оюларын, әсіресе Э.Гимара мен А.Гауди сәулеттерінде бағалады. Ә.Ә. Сағымбаев және Б.М. Моменов ізденушілердің ойынша, бүгінгі күнгі дамудағы адамның қол жеткен жетістіктері өндіріс күштері арқылы әлемдік мәдени құндылықтар жүйесін құруда, тұлғаның озық рухани келбетін қалыптастыруда көркем еңбек пен ізденіс арқылы адам қолынан шыққан шығармашылық өнім ең жоғары жетістіктерінің бірі саналады [8].

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. В.С. Турчин. *Жиырмасыншы ғасырда өткен және осы шақтағы бейнесі.* – М., 2003. – 648.
2. Кантор А. М. *Бейнелеу өнері ХХ ғ.* – М., 1978.
3. *Модернизм. Талдау мен сын.* Виктор Владимирович Ванслов, Юрий Дмитриевич Колтинский. – М., 2006.
4. Полевой В. М. *Жиырмасыншы ғасыр.* – М., 1989.
5. Сарабьянов Д. В. *Модерн стилі.* – М., 1989.
6. Турчин В. *Вена жолы ХХ ғасырда // Шығармашылық, № 3.* – М., 1991.
7. Жанпейсова А.К. *Бейнелеу өнері оқыту әдістемесі барысында инновациялық технологияларды қолданудың тиімділігі // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Көркемөнерден білім беру: өнер - теориясы - әдістемесі» сериясы, № 1(54), 2018.* – С.21-25.
8. Сағымбаев Ә.Ә., Моменов Б.М. *Өнер арқылы білім алу // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, серия «Көркемөнерден білім беру: өнер - теориясы - әдістемесі» сериясы, №1(54), 2018.* – С.25-29.

Абишева О.Т.¹, Б.Б.Бейсенғали²

*¹Доктор искусствоведения, асс.профессор
КазНПУ им.Абая*

*²Магистр 1-курса по специальности «бМ041600 – Исствоведение»
КазНПУ им. Абая*

ИСТОРИЯ ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОГО ИСКУССТВА КАЗАХСТАНА

Аннотация

В годы независимости Республики Казахстан художники стали переосмысливать направления своего творчества, вливаясь в развивающиеся направления изобразительного искусства Казахстана: символический, концептуальный, реалистический. Искусство современного Казахстана можно охарактеризовать как творческий поиск, отказ от стереотипов, развитие новых стилей изображения, которые интерпретируют вопросы современной эпохи. Обращение к обычаям и истории казахского народа, жизненному укладу стало характерной особенностью современной живописи Казахстана, выражающей память национальной истории, цепь ее событий, легенды о подвигах героев и сцены повседневной жизни поколений на великих просторах казахской степи. Воспринимаемое почти сакральным причащением этнической, национальной культурной памяти выводит нашу культуру к новому витку самопознания, к философскому, интеллектуальному, осознанному пониманию своей самости, своего духовного вклада в сокровищницу общечеловеческой культуры.

Ключевые слова: культура, искусство, современный, национальный, память.

Абишева О.Т.¹, Бейсенгали Б.Б.²

¹өнертану докторы, қауымд., профессор

Абай атындағы ҚазҰПУ

² «6M041600 – Өнертану» мамандығының 1-курс магистранты

Абай атындағы ҚазҰПУ

ҚАЗАҚСТАН БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ ТАРИХЫ

Аңдатпа

Қазақстанның бейнелеу өнерінің қалыптасуы, даму үрдісі оның геосаяси жағдайына, қазақ халқының көшпелік мәдениеті мен тарихи кезеңдердегі көркемдік гүлдену кезеңдерімен тікелей байланысты. Бейнелеу өнері ұзақ уақыт бойы дамуы жағынан басқа ұлттық мәдениет түрлеріне қарағанда айтарлық артта қалып отырды. Бұл қазақ халқының революцияға дейін қондырғылы (станокты) өнерден хабардар болмауы сияқты әр түрлі себептер еді. Ғылыми еңбектеріне байланысты этнографиялық сипатқа ие болғанмен, өзінің көркемдік деңгейі жағынан кәсіптік өнерге жатпайды. Қазақ халқының көшпелі өнері, құлдық пен кедейшілік, діни ұйымдар бай мен патша саясатын қолдап, халықты өз уысында ұстауға қолайлы еді. Осының бәрі де бейнелеу өнерінің кәсіптік даму мүмкіндіктерін шектеді.

Түйін сөздер: мәдениет, өнер, заманауи, ұлттық, жады

Abisheva O.T.¹, Beisengali B.B.²

¹Doctor of art, professor

Kazakh National Pedagogical University named after Abay

² Student of master's course in the specialty «6M041600 – Art History»,

Kazakh National Pedagogical University named after Abay

THE HISTORY OF FINE ARTS OF KAZAKHSTAN

Abstract

Kazakhstan's fine arts have passed through all the stages of its development, starting with formation up to international recognition, within a historical short period. In essence, the environment, which is a non-traditional factor from the historical point of view, fostered the birth of a new concept and national school of art. Analyses and studies of this cultural phenomenon will continue, but one fact remains indubitable: its emergence was the result of the fruitful interaction of European and Central Asian arts. It was here, the cultural sphere, that the Eurasian idea found a fertile ground to germinate on. The political and social changes that generously fill Kazakhstan's 20th century history, certainly, constituted the internal potential for the development process. However, in this country the fight against complete ideological oppression, avantgrade ideas and personal artistic credos had its own peculiarities and was not as acute as Russia's struggle with its long history of schools, trends and ideas.

Keywords: culture, art, contemporary, national, memory

Изобразительное искусство Казахстана берет свое начало со времен палеолита, создаваемое народами, жившими на территории современного Казахстана. В пещерах гор (в ущелье Танбалы тас в Жамбылской области; Бугытас в Восточно-Казахстанской области) сохранились наскальные изображения людей, сцен охоты; встречаются памятники андроновской культуры. Существовал в культуре саков, хуннов, уйсуней «звериный стиль», отличительной чертой которого были стилизованные изображения отдельных животных, частей их тела или сцен борьбы зверей.

К предметам материальной культуры средневековья относились археологические находки, в котором были использованы растительные краски для изображения интерьера юрты, одежды и других предметов: блюдо с изображением льва (X—XII вв.), найденное в Таразе, и керамика с изображением павлина (XI—XV вв.), обнаруженная в Сарайчике.

Первым казахским профессиональным художником-живописцем был Ч. Валиханов, в работах которого нашли отражения жизнь и быт казахского народа. Много путешествуя, изучая историю и культуру казахов и других народов, в своих научных и путевых дневниках он делал отличающиеся яркостью жизненных наблюдений зарисовки людей и природы («Казахи Большой Орды», «Сартай из рода Сары Багиш» и др.).

Особое место в развитии казахской живописи принадлежит творчеству Н.Г.Хлудову, оставивший огромное количество рисунков и полотен с изображением здешней природы, жанровых сцен, в которых были запечатлены жизнь и быт казахов конца XIX и начала XX столетий. Он был первым учителем известного казахстанского художника А.Кастеева и известного живописца С. Чуйкова. Он также руководил первой художественной школой в Алма-Ате. Когда Николай Хлудов приехал в Казахстан в составе этнографической экспедиций, казахи все еще были кочевым народом с богатыми устоявшимися традициями; их искусство создавалось для нужд кочевого общества. Но также нужно отметить, что каждая юрта представляла собой передвижной музей прикладного искусства. Таким образом, под воздействием русской культуры стала формироваться национальная школа живописи.

В истории профессионального казахстанского искусства, а именно изобразительного, можно выделить несколько этапов:

- 20-40-е годы XX века – закладывались основы профессиональной школы;
- 50-е годы – сложился казахстанский советский академизм;
- 60-е годы – появился казахстанский вариант "сурового стиля";
- 70-80-е – сложилась собственная "исполнительская школа";
- современная эпоха изобразительного искусства.

Первый съезд, прошедший 1940 году, показывал наиболее затрагиваемую тему среди художников Казахстана. Некоторые находили собственное решение образно-пластических задач освещения исторических событий (Н. Нурмухаммедов, М. Кенбаев, К. Шаяхметов, К.

Тельжанов и другие), в то время когда другие уделили внимание портретному жанру (Н. Нурмухаммедов, Г. Исмаилова),

В 50-е годы в Казахстан вернулись молодые художники, получившие образование в Москве, Ленинграде. Они были призваны творить искусство «национальное по форме и социалистическое по содержанию», однако их работы вовсе не соответствовали полученной установке. Тем не менее «национальную форму» стали искать художники 60-х годов, шокировав предыдущих вольностями, противоречащими законам академической школы. Европейские виды изобразительного искусства в республике появились лишь в начале XX века, однако вся информация пропусклась через фильтры советской цензуры, насаждая советскую схему бытования искусства. В 60-е появлялись плоскостные, построенные на локальном пятне картины Айтбаева и Сариева, крупно-модульная графика Сидоркина. Их работа отличалась от работ предыдущего поколения и от них веяло новшеством. Начиная с 80-х в Казахстане начало перерабатываться, так называемые, «запрещенные» идеи. Первая выставка неформального искусства, открывшаяся в 1988 году в Алматы под названием «Перекресток» практически продемонстрировала все направления в искусстве XX столетия. Развал Союза художников, закрытие массовых журналов в Москве, укрепление дипломатических отношений, способствовавших появлению иностранных покупателей, открытия художественных и картинных галерей и выставочных залов дали возможность казахстанским художникам, сформировавшимся в эпоху «перестройки» открыто заявлять о себе, познавать не только мир, но и себя. В поисках самовыражения и индивидуальности среди художников резко возросло конкурентоспособность. Это, в свою очередь, повлияло на переосмыслению мастерами искусств художественных процессов и поискам собственной идентичности, появлению множественных работ, обхватив все направления в искусстве путем самовыражения, тем самым, давая возможность небывалым потокам посетителей посещать выставочные залы.

За годы независимости современное изобразительное искусство развивается, ярко выражая черту культурной идентичности, в котором сочетаются традиционные виды и инновационные технологий. В 90-е годы началось возвращение к национальным истокам. Появились многочисленные издания, новые материалы ученых. В их работах были затрагиваемы богатейшие кочевые традиции, мифо-поэтические наследия, обычаи. В живописи А.Сыдыханова произошла раскрепощение художественного сознания и переход в абстракцию. Современные художники стараются сочетать разные стилевые элементы искусства, не ограничивая себя монотонным существующим стилем: творческая переработка стилистических мотивов и отдельных элементов традиционного искусства для воплощения собственного замысла, этнодизайн, оригинальное авторское искусство и др.

В формате европейской художественной школы главной особенностью современного искусства Казахстана стало обретение свободного самовыражения в творчестве художников, поиск новых направлений, что привело к понятию полистилизма, основанных на совокупность национальных традиций и опыта современного мирового искусства. Из всего разнообразия жанрово-стилистических позиций развитие национальной школы живописи привело к формированию нового сегмента визуальной культуры, как контемпорари.

В развитии живописи отчетливо видны особенности, оригинальные средства для выражения философских и поэтических смыслов. Просматривается поиск художников, где проступает эмоциональная свобода в качестве преодоления внутренних запретов, освобождения от дидактики и императива прошлых лет. Наследие предков, мифология, мировоззренческие представления кочевников о вселенной, связь человека с природой нашли отражения в работах художников путем перехода в абстракций и символов. Так переосмысливались пройденный путь в работах известных живописцев А. Аканаева, Е. Тулепбая, Т. Тогусбаева. Кочевой архетип оживал в произведениях Б. Бапишева, А. Есдаулетова, А. Бектасова, А. Менлибаевой, К. Хайрулина, А. Ахата, А. Бекеева, позже -А.

Муратбаева, Б. Тургынбая, Ж.Болеева в виде символа, таив в себе что-то неведомое, таинственное и напряженное. Эти художники шли путем поисков стыковки кочевого наследия и пластических основ европейского модернизма. Также этот мифопоэтический символизм отмечается и у художников В. Симакова, М. Наримбетова, А. Атабекова, Е. Мельдибекова, Д. Кожахметова, К. Ибрагимова, Ю. Сорокиной. А вот формирование концептуального искусства, выражающего альтернативного подхода ко многим явлениям, происходило сложно. Его существование отражал динамику процессов модернизаций в Казахстане. Утверждаясь как свободное и радикальное, оно имело большую поддержку среди молодежи, галерей, различных фондов. Другой характерной стороной процесса поиска объединения новых тенденций с инокультурными традициями, открытием собственных пластов древнейших, архаических традиций, которые в этом концептуальном контексте выступали обновленными, потенциально интересными. Многие перформансы, объекты, инсталляций таких представителей, как Р. Хальфин, Г. Маданов, А. Атабеков, М. Наримбетов, Е. Мельдибеков является не только самовыражением, но и поиском ответа на многие жизненные вопросы, поиском этических и нравственных ценностей, осознанием духовного опыта прошлого. Проекты и видеоарты С. Атабекова («Дорога в Рим», «Битва за квадрат»), Е. Мельдибекова («Памятник герою», «Пастан»), выражая социальную идею, провоцируя острую дискуссию, напоминают о реальной экологической угрозе, опасности мифологизации сознания, глобализации и региональных конфликтов. О. Шаталова, Д. Кожахметов, Н. Дю, А. Угай, А. Менлибаева в своих работах иронизируя по поводу архаизации, варварских обычаев и патриархальных комплексов, в то же время призывают к открытию в наследии истинных ценностей, строя свои концепции на контрасте вековых традиционных идеалов народа и современного цинизма и равнодушия.

Список использованных литератур:

1. *Болысбаев Д.С., Кунжигитова Г.Б., Сайнанов Б.С., Сахов А.С. ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОЕ ИСКУССТВО НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2017. – № 4-3. – С. 591-593;*
2. *Живопись // Казахстан. Национальная энциклопедия. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005.*
3. *Мустафаев Н.И. Из истории науки и научной интеллигенции Казахстана (1920-1932 гг.) //Известия АН КазССР. Серия общественных наук. 1990. №5*
4. *Казахская ССР. Краткая энциклопедия. В 4 т. Алма-Ата, 1989-1991. Т.3,4*
5. *Флоренский П.А. Анализ пространственности в художественно-изобразительных произведениях//Декоративное искусство. - 1982. - № 1.*

Е. Қайранов¹, А. Орынғалиқызы², М. Тохсанбаев³

¹*Т. Журғенов атындағы ҚазҰӨА доценті, философия докторы (PhD), Алматы қ., Қазақстан, er.kb.oner@mail.ru*

²*Т. Журғенов атындағы ҚазҰӨА-сы, бМ041300-«Кескіндеме» мамандығының 2-курс магистранты, Алматы қ., Қазақстан, aig_94@mail.ru ;*

³*Т. Журғенов атындағы ҚазҰӨА-сының аға оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан.*

ЖҰМАҚЫН ҚАЙРАМБАЕВТЫҢ ҰЛТТЫҚ РОМАНТИЗМ БАҒЫТЫНДАҒЫ КЕСКІНДЕМЕСІНІҢ ҚАЗАҚСТАН БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕГІ ОРНЫ

Аңдатпа

Мақалада ұлттық тарихи тұлғалардың портреттік образдарын романтикалық реализмде ерекше қолтаңбасымен бейнелейтін белгілі суретші-кескіндемеші Жұмақын Қайрамбаевтың шығармашылық жолына шолу жасалынады. Сол арқылы, қазіргі аға буын өкілі болып келетін суретшінің ұлттық романтизм бағытындағы кескіндемесінің Тәуелсіз Қазақстан бейнелеу өнеріндегі орнын анықтау жүргізіледі. Және де, қылқалам шеберінің ұстаздық қызметі кезіндегі шәкірттерін шабыттандыру үшін бірлескен шығармашылық көрмелерінің тиімділігі қозғалады.

Түйін сөздер: ұлттық романтизм, кескіндеме, портрет, бейнелеу өнері, шығармашылық туындылар, тарихи тұлғалар, ұстаз, шәкірт.

Е. Қайранов¹, А. Орынғалиқызы², М. Тохсанбаев³

¹*Доктор философии (PhD), доцент КазНАИ им. Т. Журғенова, г. Алматы, Казахстан, er.kb.oner@mail.ru*

²*Магистрант 2-курса специальности бМ041300-Живопись КазНАИ им. Т. Журғенова, г. Алматы, Казахстан, aig_94@mail.ru*

³*Ст. преподаватель КазНАИ им. Т. Журғенова, г. Алматы, Казахстан*

МЕСТО ЖИВОПИСИ НАЦИОНАЛЬНОГО РОМАНТИЗМА ЖУМАКЫНА КАЙРАМБАЕВА В ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОМ ИСКУССТВЕ КАЗАХСТАНА

Аннотация

В статье проводится обзор творческого пути известного художника-живописца Жумақына Қайрамбаева, изображающего своим особым почерком в романтическом реализме портретные образы национальных исторических личностей. Тем самым, выясняется место в изобразительном искусстве Независимого Казахстана живописи национального романтизма художника, являющегося сегодня представителем старшего поколения. А также, рассматриваются положительные стороны совместной творческой выставки в период педагогической деятельности мастера кисти для вдохновения своих учеников.

Ключевые слова: национальный романтизм, живопись, портрет, изобразительное искусство, творческие произведения, исторические личности, педагог, ученик.

THE PLACE NATIONAL ROMANTICISM PAINTING OF ZHUMAKYN KAIRAMBAEV IN THE FINE ARTS KAZAKHSTAN

Abstract

Ye. Kairanov¹, A. Oryngalikyzy², M. Tohsanbayev³

¹Doctor of philosophy (PhD), assistant professor of T. Zhurgenov KazNAA, Almaty, Kazakhstan, er.kb.oner@mail.ru

²Master student of 2-course speciality 6M041300-Painting, T. Zhurgenov KazNAA, Almaty, Kazakhstan, aig_94@mail.ru

³Senior lecturer of T.K.Zhurgenov KazNAA, Almaty, Kazakhstan

The article reviews the famous artist, Zhumakyn Kairambayev creative path, depicting in his special hand writing in romantic realism, national historical figures portrait images. Thereby, it turns out the place in the visual arts of an Independent Kazakhstan painting the national romanticism of the artist, who is the older generation representative today. Also, the positive aspects of the joint creative exhibition in the period of the pedagogical activity of the master brush for inspiration of his students are considered.

Key words: national romanticism, painting, portrait, visual arts, creative works, historical personality, teacher, student.

Жұмақын Қайрамбаев - шығармашылығы Қазақстан бейнелеу өнерінде өзіндік қолтаңбасымен қалыптасқан жоғары кәсіби деңгейдегі майталман кескіндемеші. Оның шығармашылық туындыларында қазақылыққа тән философиялық мағынасы бар композициялар, қазақ елінің тарихи тұлға-батырларының образдары мен қазақ елінің кең алқапты пейзаждарына сан түрлі бояуларды үндестіре отырып жаңа дем бергендей. Осылай суретші шығармашылығында кескіндеме әлемінде заманауи бет бұрыстар болса да реализм бағытынан қол үзбей, қазақылыққа тән нақышты жоғалтпай, қайта соны заманауилықпен үйлестіре білді. Туындыларына көз жүгіртсек, қазақстандық бейнелеу өнеріне жаңаша кескіндемені жазу үлгісін енгізгендей. Себебі, дәл қазірде осы Ж. Қайрамбаевқа еліктеп, оның жазу мәнерін өз туындыларына қайталап жатқан жас суретшілер жетерлік.

1953 жылдың 8-ші наурыз күні Қытай Халық Республикасының Құлжа өңірінде дүниеге келген қазақ ұлтының заманауи танымал суретшісі Қайрамбаев Жұмақын Қожакынұлы орта мектептен кейін 1975 жылы Н.В.Гоголь атындағы Алматы көркемсурет училищесінде алғашқы суретші білімін алып шығады. Кейін, Ресейге оқуға жолдама алған соң, Санкт-Петербург қаласындағы И.Е. Репин атындағы Мемлекеттік академиялық көркемсурет институтына «Кескіндеме» мамандығы бойынша түсіп, 1981 жылы сәтті аяқтап шыққан. Елге оралған соң, сол 1981 жылдан бастап шығармашылықпен қатар оқытушылық қызметті де атқарып келеді. 30 жылдан бері ұстаздық қызмет жасап, бүгінгі күні Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының профессоры болып келеді. 1985 жылдан бері ҚР Суретшілер одағының мүшесі, 2006 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, 2008 жылы «ҚР білім беру ісінің үздігі». 2011 жылы ҚР Тәуелсіздігінің 20-жылдығына арналған көркемсуреттік туындылар конкурсының бірінші сыйлығы иегері. 2013 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағын алды. 2014 жылы Ә. Қастеевтің 110-жылдығына арналған көркемсуреттік туындылар конкурсының алтын медаль иегері болды.

Бейнелеу өнерде Ж. Қайрамбаевтың өзінен бұрынғы суреткерлердің жолын қайталамай, өзінше із қалдыруы ізденімпаздық пен еңбекқорлықтың белгісі. Ж. Қайрамбаевтың қыл қаламынан шыққан туындылар қазіргі таңда Ә.Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер мұражайында, Ресейдің, Австрияның, Германияның, Бельгияның, Италияның, Венгрияның, АҚШ-тың, Жапонияның және Түркияның мұражайлары мен галереяларында және жеке өнер туындыларын жинаушылардың қорларында сақтаулы. Аса жоғары маңызға ие болған жеті туындысы ҚР Президентінің резиденциясына қойылған [1, 29].

Суретші өзінің жеке шығармашылық көрмелерін өнер сүйер қауымға арнап 2002 жылы өткізген, соның ішінде, Астана қаласында Президенттік мәдениет Орталығында өткізсе, Алматы қаласында Ә. Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейінде өткізген. Оның көптеген кескіндемелік туындылары халық ілтипатына ие болып, Қазақстанның негізгі мәдени мекемелерінде ұлттық мұра болып сақтаулы тұр. Атап айтсақ, Ә. Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейінде – 6 жұмысы, республиканың облыстық музейлерінде – 35 жұмыс, Алматы қаласындағы ҚР Президенті Резиденциясында – 6 жұмысы, Астана қаласының Президенттік мәдениет Орталығында – 4 жұмыс, ҚР Президенті Резиденциясы Ақордада – 4 жұмыс, Тәуелсіздік сарайында – 1 жұмыс, және ҚР Тұңғыш Президентінің музейінде – 8 жұмысы бар [2].

Ж. Қайрамбаевтың шығармашылығында портрет жанры маңызды орында болып келеді. Кез келген өнерде бір адамды бейнелеу үшін оның сырт келбетін, түр түсін ғана емес оның психологиясын, қоғамдағы орнын көрсету қажет. Ж. Қайрамбаев портрет жанрын ең қарапайым әрі ең күрделі деп есептейді. Ол портретті жәй ғана ұқсатып салудан гөрі оның образын, сипатын тауып бейнелегенді жөн көреді. Суретші қылқаламынан туындаған алғашқы портреттер галереясы тарихымыздағы танымал тұлғаларды сомдауға бағытталған. Оның шығармашылығындағы негізгі туындылары қазақ халқының ұлы тарихи тұлғаларына арналған. Осы тұрғыдан қарағанда, ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылы жолдаған «Ұлы даланың жеті қыры» [3] мақаласындағы – «ІІ. Тарихи сананы жаңғырту» тарауының «2. Ұлы даланың ұлы есімдері» тараушасында аталып көрсетілген - бейнелеу өнеріндегі ұлы ойшылдар, ақындар және ел билеген тұлғалар бейнесінің маңызды галереясын жасауды қолға алу қажет, - деп қойылған мақсаттарға сәйкес Ж. Қайрамбаевтың еңбектерін насихаттау өзекті деп санаймыз. Сол арқылы да ұлт қаһармандарының өмірі мен қызметі жөнінде тек еліміздегілер ғана емес, сондай-ақ шет елдегілер де білетін болады деп сенеміз.

Көп шәкірттерінің бірі суретші-кескіндемеші Ұлан Даубайдың жариялаған мақаласында ұстазының отандық мәдениетте алатын орны жәйлі айқын көрсеткен десе болады: «Тәуелсіздікке қол жеткізген Қазақстанның алдында тұрған ең басты міндеттердің бірі - халықтық өнерді сақтап қалу. Дәл осы еліміз егемендігін алып, тәуелсіздікке қол жеткізген тұста сақталған өнерді кескіндемеші Жұмақын Қайрамбаев өзінің кереметтей тарихи тұлғаларымен қайта жаңғыртты. Ж. Қайрамбаев шығармашылығының алғашқы сатысында портрет жанры орын алды. Суретшінің қылқаламынан туындаған алғашқы портреттер топтамасы қазақ халқының белді де беделді тұлғаларын сомдауға бағытталды. Ол еркіндік жолында күрескен соңғы хандардың бірі «Кенесары ханның» (1991 ж.), ел тыныштығын қорғаған батыр «Райымбектің» (1991 ж.), қазақтың ұлы ақыны «Абайдың» (1992 ж.), қазақ хандығының бірлігін паш еткен «Абылай ханның» (1994 ж.) және т.б. портреттік образдарын жасады. Бұл тәуелсіздікке қол жеткізген уақыттың алғашқы жылдарында жазылған кереметтей тарихи тұлғалар елдің рухы мен жанын көтеруге маңызды роль атқарды» [4].

Мысалы, қара сөздің атасы, ұлы ақын «Абай» образы философиялық терең мазмұнға бай (сурет № 1). Ол суретшінің өзіндік философиясын паш етеді. Жасыл түсте шешім тапқан ақынның иыққа дейін бейеленген портреті рамаға сыймай тұрғандай. Суретшінің пікірі бойынша, мұндай шешім ақын Абай тұлғасының қазақ халқының маңдайына сыймайтын, таланты мен дарыны өлшемге келмейтін ұлы даралығын меңзейдіплакаттық негізде шешім тапқан. Ал, «Абылай ханның» бейнесі образдық ерекшелігімен ішкі үндестікке толы (сурет № 2). Плакат жүзінде миллиондаған тиражбен басылымдардан шығып елге тараған Абылай ханның осы образдық портреті ең алғашқы болып Ж. Қайрамбаев шығармашылығынан көрініс тапты. Плакаттың бір данасы Қазақстан Президентінің кабинетінде де ілініп тұрған. Абылай ханның дәл осы суретші сомдаған образы өскелең ұрпақтың жадында монументалды, сом әрі асқақ бейнесімен сақталған еді [5].

Белгілеп кету керек, 1994 жылы шыққан Абылайханның шынайы образы ұлттық рухты көтеретін мықты құрал ретінде көптеген сұранысқа ие болғандықтан, мемлекет басшысы сол егемендіктің алғашқы қиын жылдары отандық суретшілерді қолдауға бел буып, тарихи плакаттың авторымен арнайы кездескен екен. Тар шеберханада үш суретші болып еңбек ету барысында, Қазақстан Президенті шығармашылықтарымен танысып, республиканың тәуелсіздігі қалыптасуындағы тарихи тұлғалардың рөлі жөнінде айтқан сөздері, осындай кескіндемелік туындылардың патриоттылық пен руханилықты тәрбиелеудегі маңыздылығы туралы бөліскен ойлары олардың болашақта көбірек қызығушылықпен жұмыс жасауға септігін тигізген екен.

Шығармашылық жолын 1990-жылдары бастаған шәкірті, Қазақстанның белгілі заманауи суретшісі Талғат Тілеужановтың тарихи жанр шебері болып қалыптасуына ұстазы Жұмақын Қайрамбаев ерекше әсер етіпті. Оның айтуынша: «Ж. Қайрамбаев – Абылайханның образын жасап шығарған ұлы суретші, себебі, бүгінгі заманауи суретшілердің барлығы сол портреттік туындыға қарап салады. Мен де Абылайханды сомдағанда халықтың санасына сіңіп қалған осы образды пайдаландым», - дейді суретші [7].

Тәуелсіз Қазақстанның бейнелеу өнерінде өте танымал болып келетін станоктік кескіндеме саласының кәсіби әрі заманауи суретшісі, қылқалам шебері, абыройлы ұстаз Ж. Қайрамбаевтың шығармашылығы туралы арнайы ғылыми зерттеулер, соның ішінде диссертациялар немесе күрделі ғылыми еңбектер кітапханалардан кездесе қоймағанменде, төмендегідей мақалар әр түрлі газет, журнал және интернет жүйесінде баршылық. Соның ішінде, мысалы, отандық өнертанушылардың: Р.А. Ергалиева, Х.Х. Труспекова, Д.С. Шарипова «Мастера изобразительного искусства Казахстана», Қ.С. Оразқұлова «Қиял әлеміне саяхат», Н. Митчинова «Он писал пассионария. К 300-летию Абылайхана», Б. Ади «Бейнелеу өнеріндегі дәстүрлі бағыт», М. Қалиұлы «Жарық пен көлеңкенің үйлесімі», З.

Ыдырыс «Бояулар нұры» және «Қылқалам шеберінің дара жолы» сияқты бірнеше зерттеулері бар.

Сонымен қатар, әріптес суретшілерден: Ж. Кәкенұлының «Телқоңыр», «Жұмақын жазған Абылай», «Пайым мен Парасат» мақалалары, Қ. Ахметжановтың «Жарасым мен қарсылық сыры» және Б. Өмірбековтың «Қылқалам шеберінің дара жолы» мақалалары кездеседі.

Шәкірттерінде де суретші еңбегіне қызықты мақалаларын арнаған: Б.Әсемқұл «Рембрандттың әйгілі «Даная» атты туындысын қайта тірілткен қазақ суретшісін білесіз бе?», Ә. Оразхан «Жұмақын Қайрамбаевтың бояу дүниесі», Даубай Ұ. «Тарихи суреттерге арналған суретші Ж. Қайрамбаевтың шығармалары» секілді т.б. ізденістерді айта беруге болады.

Әрине, суретшінің ерекшелігі көптеген журналист тілшілердің назарында болып жазылған сұхбаттары жарияланған, оның ішінде біз білетініміз: И.Н. Кенжалиев «Бізге Махамбеттің ісі керек өзі керек», Р. Сейілхан «Қазақ халқы өнерден кенде қалып көрген жоқ - Жұмақын Қайрамбаев», Н. Сәрсек «Шетелдіктерді кубизм немесе сюрреализммен таңғалдыра алмайсың».

Ал, кәсіби жазушылардан жеке өмірбаянын зерттеген: Ж. Қайрамбаев «Өнермен өрілген өмір» және Н. Манаш «Жұмақын Қайрамбаевтың көркемдік әлемі» еңбектерін атай аламыз. Жалпы, Ж. Қайрамбаевтың туындылары көптеген басылымдардан жарық көрген, атап айтсақ: 1) Жұмақын Қайрамбаев. Альбом – Алматы: «Өнер» баспасы, 2008 ж.; 2) «Мастера изобразительного искусства Казахстана» 4-ші шығарылым, 2009 ж.; 3) Қазақстан бейнелеу өнері. XX ғасыр - Изобразительное искусство Казахстана. XX век- Fine arts of Kazakhstan. XX century – Алматы, 2001 ж.; 4) Жұмақын Қайрамбаев, Вернисаж: Астана. Президент мәдениет орталығы, каталог, 2002 ж.; 5) Қазақстан кескіндемесі. Живопись Казахстана. Painting of Kazakhstan. Фотоальбом, I-том, Алматы: Тау-Қайнар 2016 ж.; 6) Үшқоңыр: Фотоальбом, Алматы: Тау-Қайнар 2017 ж.; 7) Қазақстан бейнелеу өнері. Кескіндеме/Живопись/ Painting, каталог, Алматы: Ә. Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейі, 2017 ж., I том. Және де, ел арасында танымалдылығының арқасында көптеген телеарналарға түсіп сұхбат берген, соның ішінде: «Қазақстан ұлттық» арнасы, сұхбат - Ж. Қайрамбаев, 06.10.2013 ж., интернет сілтемесі - <http://www.kaztrk.kz> <http://kaztrk.kz/>, «Білім және Мәдениет» арнасы, “Қылқалам” сұхбат- Ж.Қайрамбаев, 20.02.2014 ж. - <https://www.youtube.com/watch?v=Fe50QAt--sw>, «Қазақстан ұлттық» арнасы, «Таңшолпан» бағдарламасы, сұхбат- Ж.Қайрамбаев, 15.01.2014 ж. - <http://tankaz.kz>.

Отандық кәсіби өнертанушылардың пікірінше, Ж. Қайрамбаев туындылары реалистік бағытта жазылып, суретші сезімімен терең ұштасып жатады. Олар символдық сипаттарға толы, әрі кең мағыналы. Шығармаларының сыртқы көрінісі сюжетінің қарапайымдылығымен, нәзіктігімен ерекшеленсе, ішкі құрылымы терең философиялық мазмұнға негізделген [1, 32 б.].

Сонымен қатар, жазушы Н. Манаштың «Мәдени мұра» журналында жариялаған «Көркемдік әлемі» мақаласында жазып кеткендей: «Әркім өз жанына жақын дүниені іздейді. Қаланың тас көшесінде жүргенмен ауыл баласы кең даланы, боз жусанды сағынады. Сол сияқты, Қайрамбаев - табиғатқа етене жақын суретші. Қазақы ортада өскендіктен оның картиналарында ауыл тіршілігі, дала суреттері жиі бейнеленеді. Оның шығармаларынан қазақтың барлық ауылына ортақ дүниелерді байқайсың» [8].

Өнертанушы Қ. Оразкулова «Қиял әлеміне саяхат» тақырыбымен жариялаған өз мақаласында Ж. Қайрамбаевтың философиялық көзқарасын келесідей баяндайды: «Суретші жеке ойындағы сауалдарды жалпы адамзаттық деңгейге дейін көтереді. Сондықтан суретші шығармалары тылсымдыққа толы. Табиғаттағы адам көре бермейтін мәнді сұлулықты суретші көңіл көзімен көре біледі. Шығармасында түстердің композициялық шешімімен симметриялы түрде қараңғы және ақ болып екіге бөлінеді [9]. Дәл осыны «Қыран» (сурет № 3) туындысынан көре аламыз. Ең бірінші көзге түсетін қыран бүркіт, биікте қанаттарын жая еркін ұшқаны Тәуелсіз еліміздің еркіндігі деп есептеуге болады. Өзіне деген нық сенімде алға ұмтыла ұшуы болашаққа деген ұмтылысының нәтижесі.

Осы туынды туралы өнертанушы Ади Батизаның мақаласында да жақсы сипатталып ашылған: «Қазақ кескіндемесіндегі «реализм» стилінің белді өкілдерінің бірі Жұмақын Қайрамбаевтың «Қыран» деп аталатын көркем туындысынан дала рухын асқақтатқан, ерлік пен еркіндікті бойына сіңіре қалықтай ұшқан құс келбетін көріп еріксіз назар аударарсың. Кең дала төсіндегі мамыражай сәт пен киіз үйлер сұлбасы көшпелі мәдениет өмірін ерекшелей түскендей. Композициядағы түстік үндестік керемет кескіндік колорит қалыптастырып, ішкі құрылымы терең философиялық мазмұнға негізделген. Тылсым табиғат әлемінің тұңғыық сыры мен шынайы болмысын кенеп бетінде суреттеуі авторлық мәнердің өзіндік қырлары деуге болады» [10].

Ж. Қайрамбаевтың 2011 жылы мемлекеттік тапсырыспен орындаған «Абылайды хан көтеру» монументалды панносында әйгілі қазақ ханының бетбейнесі өзіндік жалғасын тауып, дара көркемдік шешімге ие болады (сурет № 4). Көлемі 2,5х5 метр болатын кенепте суретші «Абылай ханның» 1771 жылы Түркістан қаласында үш жүздің ханы сайланған сәтін барынша сән-салтанатымен бейнелейді. Қардай аппақ ақбоз ат үстіне шеру құрып келе жатқан хан бейнесі бүкіл қазақ халқының рухани жебеуші іспеттес. Ж. Қайрамбаев – өз кенептерінде тарихи тұлғалар бейнесін қайта жандандырумен айналысқан, тәуелсіздік алған жылдары оған деген сұранысты айқын сезінген суретші [11, 35 б.].

Бүкіл өмірін өнерге арнаған суретші шығармашылығын ұстаздықпен де кеңінен табыстыра білді. Сөйтіп, 2003 жылы Ж. Қайрамбаевтың 50-жылдық мерейтойына орай ұйымдастырған «Іздер-І» шәкірттер тобында (сурет № 5) бүгінгі белгілі заманауи суретшілер болғанын атап кетуге болады. Олар: Досбол Касымов, Талғат Тлеужанов, Өмірбек Жұбаниязов, Орынбасар Жаңбыршиев, Мұқан Сүлейменов, Ербол Хамиров, Ерлан Қожабаев, Мейіржан Нұрғожин, Дәрия Қайрамбаева. Ұстазбен бірге алғашқы бірлескен шығармашылық екі көрмесі Алматы қаласында Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы мен ҚР мемлекеттік Ө. Қастеев атындағы өнер музейінде өткен соң, көпшіліктің қалауымен сол жылы-ақ Астана қаласындағы Президент музейінде де үшінші рет өтіп, жалпы республикалық деңгейдегі қоғамдық іс-шара болып отандық мәдениеттің дамуына елеулі септігін тигізді.


Кейін, он жылдан соң, суретшінің 60-жылдық мерейтойына арнап 2013 жылы жас буын шәкірттерінен құралған «Іздер-2» тобы ұстазымен бірлескен көрмесін Ә. Қастеев атындағы өнер музейінде жасап, көрермендерге ерекше әсер қалдырған болатын (сурет № 6). Жаңа топта: Құралай Үмбетова, Құмар Омархан, Оралбек Қабөке, Бейбіт Әсемқұл, Ұлан Даубай, Алмас Нұрғожаев және тағы басқа жас қылқалам иелері тәрбиеленіп, шығармашылыққа қанат қақты.

Осылай, суретші өзінің шәкірттерімен бірге «Іздер-I» және «Іздер-II» топтарын жинау арқылы шығармашылық көрмелер ұйымдастырып, оларды шабыттандырды, күш қуат беріп өлшеусіз үлгі көрсетті. Олардың басым көпшілігі бүгінгі күні өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан белгілі кәсіби суретшілер болып еңбектенуде. Жұмақын Қожақынұлының шәкірттері бүгінгі күні Қазақстан кескіндемесінің тарихына өзіндік үлестерін қосып, расында да шынайы іздерін қалдырып жатыр. Ж. Қайрамбаевтың кескіндемелік өнерінен сусындаған олардың әрқайсысының үні өзінше шығып, басқан іздері бір-біріне мүлде ұқсамайды. Сондықтан болар, ұлттық бейнелеу өнер шебері өзінің шәкірт суретшілерін әркез мақтан тұтып жүреді.

Қорытындылай келе айтатынымыз, Ж. Қайрамбаев алғашқы тәуілсіздіктің жылдарындағы Қазақстан кескіндемесіндегі тарихи жанрға ностальгиялық-романтикалық сарынды әкелуімен ерекшеленді. Ұлт құндылығы мен рухани қазынаны қайта қалпына келтіру, жандандыру мақсатында жазылған портреттер галереясы отандық бейнелеу өнеріне өлшеусіз үлес қосты. Тарихтан халқымыздың еркіндігі мен елдігіне зор үлес қосқан ата-бабалардың бейнесін тәуелсіздік идеясы тұрғысында қайта қарастырған суретшілердің бірі ретінде еңбегі ұшаң-теңіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. *Мастера изобразительного искусства Казахстана: сб. науч. стат., 4 вып. / Ергалиева Р.А. Труспекова Х.Х, Шарипова Д.С., МОН РК, Ком. науки, ИЛИ им. М. О. Ауэзова. - Алматы: Жибек жолы, 2009. - 198 с.;*
2. *Қайрамбаев Жұмақын. «Кескіндеме, мүсін және дизайн» http://www.kaznai.kz/kz/departments/jivopis_skulptura_i_dizaynn/head25/ ;*
3. *Нұрсұлтан Назарбаев: Ұлы даланың жеті қыры 21.11.2018 <https://egemen.kz/article/178090-nursultan-nazarbaev-uly-dalanynh-zheti-qyry>*
4. *Даубай Ұ. Тарихи суреттерге арналған суретші Ж. Қайрамбаевтың шығармалары. - Алматы: «Хабаршы» ҚР ҚМ әскери институтының ғылыми зерттеулік журналы. 2010 ж., №3(9), 57-60 бб. ;*
5. *Өмірбеков Б., Ыдырыс З. Қылқалам шеберінің дара жолы. – Алматы: «Егемен Қазақстан» газеті, 19.09.2018 ж.;*
6. *Митчинова Н. Он писал пассионария. [К 300-летию Абылайхана](http://apgazeta.kz/2013/10/05/on-pisal-passionariya/), 05.10.2013, <http://apgazeta.kz/2013/10/05/on-pisal-passionariya/> ;*
7. *Азаров А. «Ұлы дала жаңғырығы» көрмесіндегі тарих бейнесі. 05.07.2015. https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_almaty_great_steppe_echo_exhibition_of_paintings/27110870.html ;*
8. *Манаш Н. Жұмақын Қайрамбаевтың көркемдік әлемі // «Мәдени мұра» журналы, 2012 ж., №5. - С. 83-90 ;*
9. *Оразқұлова Қ. Қиял әлеміне саяхат, «Ана тілі» газеті, 3.07.2014 ж.;*
10. *Батиза АДИ, Бейнелеу өнеріндегі дәстүрлі бағыт. Алматы: Ана тілі газеті, 7.12.2017 ж. <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=46118> ;*
11. *Қарымсақов А.Ж. Қазақстан бейнелеу өнеріндегі тарихи жанрдың қалыптасуы мен дамуы: Қысқа курс: Оқу құралы. - Алматы: Т.Жүргенов ат. ҚазҰӨА, 2016. – 120 б.*




Сурет № 1,
«Менің Абайым»,
1992 ж.



Сурет № 2,
«Абылайхан»,
1993 ж.



Сурет № 3, «Қыран», 2000 ж.



Сурет № 4, «Абылайды хан
көтеру», 2011 ж.



Т № 5, «Іздер-І» тобы, 2003 ж.,
50-жылдық мерейтойы

Суре



Сурет № 6, «Іздер-II» тобы, 2013 ж.,
60-жылдық мерейтойы

М.Ж.Тәңірбергенов¹, Л.М.Умралиева², Ж.Балкенов³, Г.Камалова⁴

¹ п.э.д., профессор, ОҚМПУ, Шымкент қ., Қазақстан

² докторант, ОҚМПУ, Шымкент қ., Қазақстан

³ п.э.к., профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды МУ, Қарағанды қ., Қазақстан

⁴ магистрант, Сырдария университеті, Жетісай қ., Қазақстан

ТАСТАҒЫ БЕДЕРЛЕРДІҢ СТИЛЬДІК ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.

Аңдатпа

Мақалада алғашқы қауымнан бастап бейнелеу өнері түрімен бірге пайда болатын бірден-бір сапалық жағынан ерекше археологиялық материал - мүсінделген графикалық бейнелер (мүсін тас, таңбалы тас, құлыптастар, түрлі образдағы бейнелеу тер) кескін іспеттес геометриялық таңбалар, тас бетіне бедерлер, сондай-ақ табиғатта бір затқа ұқсатылып жасалған суреттер, бейнелер туралы мәліметтер қарастырылған.

Түйінді сөздер: Бейнелеу өнері, мүсін тас, таңбалы тас, құлыптастар, бедер, көркемдік, стиль, әсемдеу, көріктеу, сәндік.

М.Ж.Танирбергенов¹, Л.М.Умралиева², Ж.Балкенов³, Г.Камалова⁴

¹ д.п.н., профессор, ЮКГПУ, г. Шымент, Казахстан

² докторант, ЮКГПУ, г. Шымент, Казахстан

³ к.п.н., профессор, Карагандинский ГУ им.Е.А.Бөкетова, г. Караганда, Казахстан

⁴ магистрант, Университет Сырдария, г. Жетісай, Казахстан

ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ СТИЛЯ ГРАВЮРЫ НА СКАЛАХ

Аннотация

В материале рассматриваются археологические материалы созданные изобразительным искусством возникшие в древнем сообществе в виде графических рисунков(каменные скульптуры, меченые камни, гравюры на скалах и т.п.) а также геометрические узоры, рельефы на поверхности камня и картины изображающий формы природных материалов.

Ключевые слова: изобразительное искусство, каменные скульптуры, меченые камни, гравюры на скалах, рельефы, искусство, стиль, декоративные.

M.Zh.Tanirbergenov¹, L.M.Umralieva², Z.Balkenov³, G.Kamalova⁴

¹ doctor of pedagogical sciences, professor, of the SKSPU, Shymkent, Kazakhstan

² PhD student, SKSPU, Shymkent, Kazakhstan

³ Ph.D., Professor, Karaganda State University named after E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan

⁴ master student, University of Syrdariya, Shymkent, Kazakhstan

FEATURES OF THE DEVELOPMENT OF STYLE ENGRAVING ON THE ROCKS

Abstract

The material deals with archaeological materials created by the visual arts in the ancient community in the form of graphic drawings (stone sculptures, labeled stones, rock engravings, etc.) as well as geometric patterns, reliefs on the surface of the stone and paintings depicting the forms of natural materials.

Keywords: visual arts, stone sculptures, labeled stones, rock engravings, reliefs, art, style, decorative.

Адам баласының бейнелеу өнері түрімен бірге пайда болатын бірден-бір сапалық жағынан ерекше археологиялық материал - мүсінделген графикалық бейнелер (мүсін тас, таңбалы тас, құлыптастар, түрлі образдағы бейнелеу тер) кескіндеме іспеттес геометриялық таңбалар, сондай-ақ табиғатта бір затқа ұқсатылып жасалған суреттер, бейнелер болып табылады. Адам баласының біз шартты түрде көркем шығарма деп атай алатын қызметтің осы түрімен шұғылдануын өзінің мүмкіндіктері жағынан алғанда тарихта, бәлкім теңдесі жоқ асқан ұлы жаңалық болды деп бағалау керек. Әлбетте, бұл мүмкіншіліктердің өзінен-өзі дереу жүзеге асуы оп-оңай еместі.

Алғашқы қауым адамының дәрежі қашауынан бастап, тас бетіне бедерлеп алғашқы суреттерді түсіруге пайдаланған көркемдік ойға дейінгі жолдан өтуіне жүздеген мың жылдар қажет болды. Тастағы бейнелеу өнері бізге көркем материалдарды нақты тарихи этнографиялық контекстсіз, фрагмент ретінде ғана беретін болғандықтан, негізінен көркемдік дамудың ертеректегі сатысына жаңынырақ тұрған дәстүрлі тастағы бейнелерді қарастырдық. Тастағы бейнелеу өнеріндегі айқын мақсаттылық сипаты кез-келген көркемдік ой өзінің атқаратын қызметі жағынан бірдей емес. Тастағы бейненің пайда болуынан бастап көркемдік ойды жалғастыру, бейненің өзге формаларына көшу байқалады. Жануарлардың суреттерін тарихи деректермен салыстыру әдісі Сахараның жартас өнерін үлкен төрт дәуірге бөлуге мүмкіндік береді.

1. Ежелгі енеке дәуірі (біздің эрамыздан бұрынғы VIII-VII мыңжылдықтар) Аңшылар заманы.

2. Үй өгіздер дәуірі (біздің эрамыздан бұрынғы 3500 жыл шамасында) Бақташылар заманы.

3. Жылқы дәуірі (біздің эрамыздың бұрынғы 1500 жыл шамасында).

4. Түйе дәуірі (біздің эрамыздан II ғасыры шамасында). Сахараның жартас өнерінің стилдік жағынан дамуын дәуірлер бойынша шолып шығатын болсақ, оның өз дамуына бір көркемдік сатыдан екінші көркемдік сатыға біртіндеп өтіп отырғанын көреміз және бейнелеу өнеріндегі көркемдік стильдер ауысуының кейбір жалпы заңдылықтарын байқаймыз. Сахараның жартас өнерінің стилдік дамуын, кейбір жергілікті ерекшеліктері ескерілген жағдайда, бейнелеу өнері формаларының даму тенденциясын білдіретін үлгі ретінде қарастыруға болатындықтан, оған ерекше көңіл бөлдік.

Жартас өнерінің бір ерекшелігі - монументальдығы. Оның екінші бір сипаты жеке объектілерді немесе олардың біртұтас нәрсе (жұп жануарлар, табын) ретінде қабылданатын жиынтығын дәл беру болып табылады. Екінші жағынан, қимыл-қозғалысты көрсетуге ұмтылушылық.

Адам баласы бейнелеу идеясына жалғыз ғана жолмен емес, толып жатқан жолдармен келуі мүмкін, Олардың ішінде біздің қаперімізге де кірмейтін жолдар болуы да ықтимал. Бірден айталық, жартас бейнелеу өнері қызметіне толық анықтама беру мүмкін емес, мұның себебі - ол бейнелеу идеясының көптігінде ғана емес, сонымен бірге өнер қызметінің құрамы ұдайы тұрақты бірқалыпты болмайтындығында.

Сондықтан өнердің даму проблемасына байланысты «әсемдеу», «көріктеу», «бейнелеу» деп аталатын көркемдік қызметтердің белгілі бір байланысы бар екенін көрсетеді.

Қазақ халқының байырғы бейнелеу өнерінің шығу тегі ежелгі тас дәуіріне саяды. Өйткені, соңғы полеолит дәуірінің ескерткіштерінен-ақ жануарлардың толық бейнесінің

қатарында алғаш рет онша айқын емес, бірақ символдық мағынасы біздің заманымызға дейінгі адамның ойлауын көрсете алатын әр түрлі белгілерді байқауға болады [1].

Неолит дәуірінде қаракүңгір үңгірінің тұрғындары керамикалық ыдыстарды қолмен жапсырып жасау әдісін игерген. Көбінесе ыдыстардың жоғарғы жартысы тісті қалыппен түсірілген сызықшалар, ойықтар, мүсіндер түріндегі бейнелеп ажарландырылған [1]. Демек қазақтың байырғы бедерлі бейнелеу дүниеге келе бастаған.

Келесі қола дәуірінде (XVIII-XII) «Андронов мәдениеті» [2] деп аталатын айшықты ескерткіш қалдырған тайпа мекендеген. Олар өздеріне дейінгі тайпаның өнерін дамыта түскен. Мұндағы қола бұйымдарда есеп жоқ және олар түрліше болып келеді. Айталық, материалдық мәдениет жабдықтары: алтын жалатқан қола әшекейлер, түрлі үлгідегі жүзіктер, күрек тәрізді түйреуіштер, табан, ромб секілді сопақша алқаулардан тұрады. Сол көздің өзінде қазақтардың ата-бабасы моншақ жасайтын шыны пасталарын жасай білген, Қола адамдары табынған қола пұт мүсін сол кезеңнің тамаша рухани ескерткіші болып табылады.

Қола дәуіріндегі Қазақстан аймағында тұрған тайпалар еңбек құралдарын, қарулар, сәндік заттар, тұрмыстық бұйымдар жасауда құю, қақтау, тегістеп жылтырату техникасын жақсы меңгерді, заттарға бейнелеу сала білді.

Міне сол кезеңдегі бұйымдарда бейнеленген белгі-таңбалардың XVII-XIX ғасырдағы қазақ халқының қолөнерінде кездесетін ою-бейнелеу терге өте ұқсас екендігі Ә. Марғұланның, Қ.Ақышевтің, М.Мұқановтың, Қ.Ибраеваның т.б. ғалымдардың еңбектерінде көрсетілген [4].

Қола дәуіріндегі жартастар бетіне салынып, кілегей қоңыр қабыршақпен жабылып қалған суреттердің өзіндік ерекшеліктері бар, ертедегі адамдар жартастың бетіне қатты да үшкір тас құралдарымен жануарлар, күн бейнелі адамдар суреттерін, соғыс арбалары мен шайқас көріністерін салған.

Зерттеушілердің айтуына қарағанда, Қазақстанда бүгінгі күнде ата-бабаларымыздан қалған 25 мыңға тарта заттық мәдени ескерткіштер бар. Олар негізінен Сыр бойына, Отырар алқабына, Маңғыстау мен Үстіртте, Ұлытау төңірегінде, Талас-Шу аңғарында, Жетісу мен Ертіс сыртында шоғырланған. Көкше өңіріндегі бұдан бес мың жыл бұрынғы қоныстың орны, Ботай, Іленің оң жақ қанатындағы Бесшатыр қорымдары (б.з.д. VII-IV ғ.), Қаракеңгірдегі Домбауыл ғибадатханасы (VII р.), Жошы хан кесенесі (XII-VII ғ.), Ежелгі Таразға іргелес Бабаша қатын, Айша бибі күмбездері (X-XII ғ.), Көне Түркістандағы «Өзірет-сұлтан» қорығындағы XII-XVII ғасырларға жататын ғимараттар, Маңғыстаудағы Шақпақ Ата мешіті (X ғ.), Ақүйік, Омар мен Түр, Сенек зираттары (XIX ғ.) халқымыздың ұлттық маңтанышы, оның ғасырлар бойы қалыптасқан құрылыс мәдениетінің жетістіктері болып табылады.

Бұл адамның рухани мәдениеті және оның дүниетанымы жөніндегі аса бағалы хабарлар бастауы болып табылды. Жартастардағы суреттер петроглифтердің саны және әр алуандығы жөнінен Қазақстан әлемдегі мұраға бай мемлекеттің бірі. Қола дәуірінің тасқа қашалып салынған қайталанбас суреттері Сарыарқаның кең аймағындағы қойтастарда тұнып тұр. Ғұлама. ғалым Ә.Марғұлан басқарған ғылыми экспедиция Орталық Қазақстанның кең байтақ көлемінде «Беғазы-Дәндібай мәдениеті» атты ауқымды өркендеу кезеңінің болып өткендігін бұл тартпас айғақтармен дәлелдеп шықты. Ашық аспан астындағы ғажайып галерея, бір ғана Қошқарда - 2221, Жылыкөлде - 2000-нан, Құсшыда - 4000-нан астам суреттер бар. Бизон тәріздес алып өгіздер, қанатты пырақтар, сілеусіндер мен аюлар, сүңгі сермеп, садақ кезенген адамдар бейнелері. Тіпті Айыртастың Үкілі тауында тасқа ойылып салынған қазіргі тоғыз құмалақ тақтасынан аумайтын бедерлі бейне де кездеседі. Ақтоғай, Ақсу-Аюлы, Атасу өңіріндегі біздің заманға дейінгі XIII-III ғасырларға сәйкес келетін ірі тарихи мұралар (обалар, зираттар кешені, таңбалы тастар, бейнелі мүсіндер) сол кезеңнің өзінде-ақ бұл аймақта металл өндіру мен қолөнердің, егіншілік пен мал шаруашылығының, сәулет пен

құрылыстың жоғары сатыда өркендегеніне айғақ болып отыр. Беғазы бейіттеріндегі өңдеуден өткен, ұзындығы үш құлаштай гранит тақталар қалай түсіріліп, бейіт басына немен жеткізілді, салмағы үш тонналық тастарды қалай көтеріп қиюластырып қалады. Осының бәрі әзірге жұмбақ.

Батыс Қазақстандағы дәстүрлі мәдениеттің айырықша көзге түсерлік ерекшелігі, негізінен, орта ғасырлық және кейінгі кезеңдегі молалар мен бейіттерде кездесетін зираттық сәулет ескерткіштерінің кең әрі өзіндік бейнелеу кешендерінің дамуы.

Ескерткіштердің бітімінде көшпелі елдің тұрмысы мен эпиграфикасының әсері бар. Міне, осының бәрі өткен қоғамның терең қойнауында қалыптасқан ерекше тарихи мұра.

Бұл салада Т. Басеновтың, М. Меңдіқұловтың, П. Агапов пен М. Қыдырбаевтың еңбектері ерекше. Күрделі рельефті жерлердегі кешендердің түп негізі сопылық, тақуалық, әулиелік қызметпен байланысты. Маңғыстау мен Үстірттің (Шопан ата, Сұлтан әке, Шақпақ ата, Масат ата т.б. зираттары) сондай-ақ Солтүстік үстірттің (Жыбысқы, Ақсай) сияқты ескерткіштері. Ашық түсті, көк түсті бояу бұл кешендердің бөлінбес бір бөлігі бола отырып оған көркемдік көрініс береді әрі оны өзіндік өрнегі бар сәулеттік ландшафты ескерткіштерге айналдырып отырады [5].

Өзіне тән белгі-ескерткіштердің жиынтығы Батыс Қазақстандағы сәулет пен тас қашау өнері ескерткіштерінің екі тобын белгі көрсетуге мүмкіндік береді: біріншісі, оңтүстік батыстың (негізгі) молалар басында жыпырлаған белгілері бар, кескін-келбеті архаизмдік Маңғыстау-Үстірт жазығының бейіттік ғимраттары, екіншісі, Орталық Қазақстан сәулет дәстүрлерінің ықпалы байқалатын зираттық кешендері. Дегенмен, бұл екі аймақтағы зираттық ескерткіштерге тән ортақ нәрсе - екі негізгі стильдік бағыттағы: дәстүрлі (Маңғыстау мен Үстірттегі) және жаңа «әсем нақышты» (Арал-Каспийдің солтүстігіндегі) тас қашау өнері мектебінің жоғары дамуы болып табылады.

Бұл сол заманның өзінде бабаларымыздың тас қашау, одан керемет құрылыстар салу ісін тамаша меңгергендігін көрсетеді. Металл өңдеу өзінің шырқау шегіне жеткен тәрізді, қорғандардан табылған қару-жарақтардың, тұрмыстық бұйымдардың әсемдігін суреттеп жеткізу қиын.

Сүйек пен тастан жасалған бұйымдар да сондай. Қыштан ыдыс жасаудың жөні тіпті өзгеше. Беғазы кезеңіне жататын қыш құмыралардың бір-бірінің бейнелеу түрі екінші рет қайталанбайды.

Ең ғажабы - осыншама материалдық айғақтардың безендірілуі мен түр-тұлғалары өзге өңірлерден кездеспейтіндігінде.

Ал, Ұлытау өңірін шарлаған адам бейне бір тарихи мұражайды аралағандай күй кешеді. Ұлытау - халқымыздың ел болып қалыптасуына, бірлік-тірлігіне ұйытқы болған, үш жүздің айналып соғар түп қазығындай, қасиетті мекен, қойнауы толған қазына-кең. Көне замандардан үзілмей жалғасып келе жатқан қайнаған өмірдің, өркен жайған бейнелеу пен мәдениеттің отаны болған бұл аймақ жөнінде дәйекті деректерді Геродоттан бастап, Плато Карпини, Гильком де Рубрук, Марко Поло тәріздес әлемдік тарихта үлесі зор ержүрек тарихшы-саяхатшылардың жазбаларынан көптеп кездестіреміз. 1672 жылы жарық көрген «Үлкен кітап сызығы» атты картада Ұлытау белгіленіп, тұсына «бұл жерден қалайы шығады» деп жазылған екен.

Бәлкім, артына ғылыми маңызы зор еңбек қалдырған капитан Н. Рычковтың бұл өлкеге 1771 жылы сапар шегуінің негізгі себебі де осында жатқан шығар...

Таңбалы мен Ешкіөлместің, Қаратау мен Маймақтың, Тарбағатай мен Бөкентаудың байлығы жағынан таңғажайып тамаша суреттерін археологтарымыз әбден байыптап, зерттеді, олар дүниежүзі мәдениетінің қорына қосылды. Ал, Алан Медоев «Тасқа бедерленген суреттердің мағынасын ашу әлі де болса ғылымнан гөрі өнерге жақын. Мұнда интуиция және сондай-ақ ассоциациялар жүйесі басты роль атқарады...» деп жазды. Бұл көрсетілген пайымдаулар бізге сақ дәуіріне жақандауға мүмкіндік береді. «Бір жазықтыққа

келтірілген түрлі заман пайымдауларының анализі, бәдіз-деушілердің көне дәуір иелігіне, ілкі мәдени дәстүрді қымбат бағалағанына, ең бастысы парасатты пайымдағанына көзімізді жеткізді. Қола дәуірдің «Арпа, өзен» композициясындағы аттар мен түйелердің, таутеке мен иттердің суретінің үстіне скифтің жабайы сымбат үлгісіндегі бұғылардың нар тұлғасы салынған», Жартастар бетіне неолит пен қола дәуірлерінің адамдары ғана емес, тіпті кейінгі ХІХ ғ. дейінгі замандар адамы да бәдіздеп, қашап өз суреттерін салып кеткен [6,7].

Бұл суреттер, бір жағынан, сан ғасырлық тарихы бар адамзат ұрпақтарының рухани өмірінің түрлі жақтарын көрсететін өзінше бір өнер туындысы болса, екінші жағынан кейбір дәуірлер мен кезеңдер тарихы үшін баға жетпес дерек көзі болып табылады.

Осындай көп ғасырлық тарихы бар тастағы бейнелердің, соның ішінде ең көп тараған бейнелердің бірі - әр түрлі әскери рәміздермен бейнеленген салт атты сарбаз бейнесі. Бұл бейне жылқыны алғаш рет қолға үйретіп, мініс көлігі ретінде пайдаланудан бастап, әскери көсемдер басқарған ертедегі көшпенділер қоғамы мен орта ғасырлық дәуірлерде және көптеген қазіргі халықтардың өткен өмірінде стратегиялық үлкен роль атқарғандығын керсетумен бірге өрі өзін мифологияда да қалдырды. Оған дәлелді алыстан іздемей-ақ қазақ жерінде бұрын-соңды жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарды жартастарға және Қазақстандағы мазарлардың өн-бойына салынған бейнелеу терді, сондай-ақ халық ауыз әдебиетіндегі Алпамыс пен Қобыланды бейнелерін және кешегі қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрескен Қабанбай мен Бөгенбай батырларды мысалға алуға болады. «Ер қанаты - ат» деп қазақ атамыз айтқандай, суреттерде қөбіне ерекше мән беретін бейне - сарбаздардың астындағы аты. Ол кішірек басты, қамыс құлақты, қаз мойынды, бота тірсекті, құйрық-жалы күзелген немесе түйілген, яғни қазақ ауыз әдебиетінде кездесетін «тұлпар», «арғымақ» сияқты эпикалық сөйгүліктер көріністеріне өте ұқсас етіп бейнеленген. Осы суреттердің түп-тұлғасы болып дүние жүзілік ипологияда сұлулық пен гармонияның, пропорция мен экстерьердің ең жоғары теңеулеріне өте жақын келеді.

Суреттерде адам көбінесе қарапайым түрде, яғни бет-әлпеті өңсіз, бос болып, кеудесі жай сызықтармен және тік бұрыштармен алмастырылып бейнеленсе, ал аяқ-қонышы ұзын, биік өкшелі саптама етік түрінде қалыптан тыс ұлғайтылып көрсетілген. Бұл жерде айта кететін бір жағдай, қазақтың бейнелеу өнеріндегі (ХХ ғасырдың бас көзіне дейінгі) адамның бет-әлпетінің өңсіз бос болуы мұсылман әлеміндегі бейнелеу өнерінің жалпы бағытымен тығыз байланысты болуында.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мириманов В. *Алғашқы қауымдық және дәстүрлі өнер*. – Алматы: Өнер, 1989. – 328 б.
2. Медоев А.Г. *Гравюры на скалах Сары Арки, Мангышлак*. – Алма-Ата: Жалын, 1979. – 175 с.
3. Жетібаев Ж. *Салт атты сарбаз бейнесі // Қазақ тарихы*. – 1994. – № 4. – Б. 74.
4. Арсланова Ф. *Погребение тюркского времени в Восточном Казахстане // Культура древних скотоводов и земледельцев Казахстана*. – Алма-Аты, 1969. – С. 57.
5. Тереножкин А.И. *Казахские фрески XIX в // Искусство*. – 1938. – № 2.
6. Самашев З.С. *Народные рисунки казахов Устурта и Мангыстау // Северная Евразия от древности до средневековья*. – Спб., 1992. – С. 236.
7. Самашев З.С., Жетібаев Ж. *Маңғыстау мазарлары // Мәдениет*. – 1993. – № 3. – Б. 6